

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы

Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбакова

**Н. НҰРМАҚОВ — ТАРИХИ ТҮЛҒА:
ДЕРЕКТІК ЖӘНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Монография

Қарағанды
2020

ӘОЖ 930.1:94(574)
КБЖ 63.3(2К)
Б38

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
Ғылыми кеңесімен ұсынылған*

Пікір жазғандар

Қ.С. Алдажұманов, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының профессоры, т.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер;

С.Б. Жұмағұлов, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, фил.ғ.д.;

А.З. Жұманова, PhD доктор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының меңгерушісі

Бейсенбекова Н.А.
Б38 Н. Нұрмақов — тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау: моногр. / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбакова. — Қарағанды: Гласир, 2020. — 213 бет.

ISBN 978-601-7921-02-6

Н. Нұрмақовтың 125 жылдығына және тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдығының қарсаңында жазылған осы монографияда тұлғаның өмірі мен қызметі дерекнамалық және тарихнамалық талдаулар негізінде жазылған.

Монография тұлғатану мәселелеріне қызығушылық танытатын көпшілік оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 930.1:94(574)
КБЖ 63.3(2К)

ISBN 978-601-7921-02-6

© **Бейсенбекова Н.А.,
Смағұлова Г.М.,
Шотбакова Л.К., 2020**
© **ТОО «Гласир», 2020**

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары тарихтың күрделі әлеуметтік және қоғамдық саяси қайшылықтар мен рухани азаттық пен демократиялық-ағартушылық идеяларға және ленинизм іліміне мүлтіксіз сенумен ерекшелінеді. Әсіресе кеңестік билік тұсындағы большевиктік идеологияны Қазақстанды қоғамдық дағдарыстан жағымды өзгерістер жолына алып шыға алатын басқа әлеуметтік-саяси күш болған емес деп санады.

Сонымен қатар большевиктер Қазақстандағы азаттық қозғалысты екі ағымға: халықтық-революциялық және буржуазиялық-ұлтшылдық деген ағымдарға бөлді және Алаш элитасының халық үшін жасаған қызметін бірінші ағымға қарсы қойды. Сол себепті кеңестік дәуірдің алғашқы жартысы халқымыздың тарихында азапты күрделі қарама-қайшылықты кезең болып есептеледі. Сол саясаттың нәтижесінде ұлттық интеллигенция Алаштықтар және қазақ большевиктері болып екіге бөлінді. Солай болса да, олардың түпкі мақсаттары қазақ халқының дербес мемлекеттігін құру болды. Бұл үрдісті зерделеп, ой елегінен өткізіп жұртшылыққа жеткізу оңай емес екендігі бүгін анық көрінді. Жүріп өткен, тар жол тайғақ кешу жолымызды бұрмалаусыз көрсету, дұрыс ой қорытудың жалғыз жолы – өз заманында қазақ халқының болашағы үшін, өмірлерінің соңына дейін адал қызмет еткен ұлт зиялыларының бүгінде бізге жеткен рухани мұрасын талдау негізінде ғана еңбектер жазып, оны жас ұрпақтың қолына жеткізуге болады.

Осы тұрғыдан алғанда халқымыз үшін ардақты тарихи тұлғалардың бірі – Нығмет Нұрмақов болып саналады. Оның большевиктік платформада болуының басты себебі социалистік ұлт, жаңа советтік жұмысшы табы, колхозшы шаруа табы, социалистік интеллигенцияның қалыптасуы туралы теориялық тұжырымдамасына және большевиктер партиясына шексіз сенуінде болды. Сонымен қатар В.И. Лениннің мәдени мұраға «қамқорлық» көрсетіп, ескі интеллигенцияға қысым, зорлық-зомбылық жасауға қарсы болып, оларды қайта тәрбиелеуге шақырды. Бұл көптеген қазақ зиялыларының Кеңес үкіметіне деген көзқарасын іс жүзінде өзгертті. Осындай жұмыстардың нәтижесінде Қазан төңкерісі және азамат соғысы кезінде баррикаданың арғы бетінде тұрған ескі және жаңа қалыптасқан интеллигенцияның кейбір өкілдері кеңестік платформаға көшті. Сөйтіп олар, іс жүзінде, халқымыздың азаттығы үшін белсенді күресті. Бірақ бүгінде тарихи деректердің қолжетімсіздігінен олар аймақтық қайраткерлер деңгейінде қалып келе жатқан тарихи тұлғалар.

Солардың бірі және бірегейі Қазақстанда Кеңес үкіметін және Қазақ автономиясының құрылуы мен дамуына өз үлесін қосқан Нығмет Нұрмақов. Тарихымызды қайта қарауда және толықтыруда мұндай тарихи тұлғаның ұлтжандылық қызметін ашып көрсетуге арналған еңбектер мен деректердің маңыздылығын талдап көрсету қажет. Сонда ғана тарих ғылымындағы тұлғатану бағыты толыққанды сипат алып өзінің шеңберін кеңейте түседі.

Мұнда тағы бір назар аударатын мәселе – ірі мемлекет және қоғам қайраткері болған тарихи тұлға Н. Нұрмақовтың қызметіне оның өмір сүрген дәуірі, оның айналасындағы адамдардың да іс-әрекеттерінің де ықпалы болғандығын жан-жақты зерттей отырып жазылған жұмыстардың маңыздылығын да ашу. Сондықтан осы ұстанымды өзіміздің жұмысымызда басшылыққа алдық.

XX ғ. 20-30-шы жж. кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе саяси репрессияға ұшыратқан қазақ ұлттық интеллигенциясының және олардың еңбектері еліміз тәуелсіздік алған бергі уақытта ғана зерттеліп келеді. Ол жұмыс 1993 жылғы «Саяси репрессия құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен 1997 жылды Ұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы; 1998 жыл Халықтар бірлігі және тарих жылы деп жариялағаннан кейін мемлекеттік қайраткерлер, тарихи тұлғалар жайлы зерттеулер жазу тез қарқынмен жүре бастады. Бүгінде ұлттық құндылықтарды ерекше қастерлеуге бағыт алған уақытта қазақ халқы үшін қызмет атқарған ұлт зиялылары-тұлғаларының еңбектерінің деректік мәні және олар жайлы жазылған еңбектерге тарихнамалық талдау жасаудың практикалық маңызы бар дей тұрсақта, олардың қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметін зерттеуде көп қиыншылықтар кездеседі. Өйткені зерттеу объектісінің ауқымына кірген кеңестік жүйе аса қайшылықты.

Зерттеу барысында Н. Нұрмақов өмір сүріп қызмет еткен кезеңдегі күрделі тарихи процестер мен саяси оқиғалардың сырына терең үңілу арқылы оның большевиктік және адами ұстанымын талдап жазылған еңбектер ғана бүгінгі ұрпақтың тарихи дүниетанымын кенейтеді, тарихи тұлғалар туралы білімді толықтыра түседі. Өйткені қазақ зиялыларының еңбектерінде тарихи оқиғаларға байланысты тың көзқарастар, маңызды тұжырымдамалар және бүгінде өзектілігін жоймаған қорытындылар жетерлік. Олар жаңа тарихи тұжырымдамалардың және салыстырмалы ой-пікірлердің тууына ықпал жасауы мүмкін. Сонымен қатар кезінде кеңестік жүйе қудалаған зиялылар еңбектері бүгінде тарихи ұлттық сананы қалыптастыруға және рухани жаңғыруға үлкен ықпалын тигізері даусыз. Сондықтан да саяси аренаға, қазақ елі үшін азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына түсіп, артына өшпес мұра қалдырып, халықты әлеуметтік прогреске шақырған ірі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың туғанына 125 толу құрметіне арнап және Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында жазылған осы ғылыми еңбекте тұлғаның рухани мұраларының Қазақстан тарихының «ақтаңдақ беттерінің» бірі кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің алғашқы кезеңін оқып түсінуде маңызды дерек ретінде зерделеумен қатар, ол туралы жарық көрген зерттеулерге тарихнамалық талдау жасалды.

Монография авторлары талдау жасаған деректер мен еңбектерден Нығмет Нұрмақов большевиктер партиясының көрнекті өкілі ретіндегі рөлін емес, ең алдымен мемлекет қайраткері, саяси элита ретінде күрескер болғандығын дәлелдеген пікірлерге ерекше көңіл аударды. М.В. Фрунзе,

В.И. Ленинге жазған хатында жергілікті қайраткерлердің ұлтшылдығын көрсете келе, Т. Рысқұлов пен оның төнерегіндегі қайраткерлер туралы былай деп жазады: «Олар белгілі бір коммунистік емес элементтерден құралған және тек объективті жағдайдың ықпалымен ғана коммунистік туды көтеруге мәжбүр болған адамдар». Нығмет Нұрмақов та осындай адамдар қатарында болды.

Монографияның бірінші тарауында бүгінгі дейінгі ғылыми зерттеулердегі тарихтағы тұлғаның орны мен рөлі туралы әртүрлі көзқарастар мен пікірлер жүйеленді. Соның негізінде қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы өзекті бағыттың бірі ретінде тарихи тұлғатану туралы теориялық және методологиялық авторлардың ұстанымы көрсетілді.

Архив қорларындағы әлі ғылыми айналымға түспеген деректерді тауып, монография мақсатына сәйкес талдап зерделеуге, әлемдік пандемия кедергі болғанына қарамастан, қолжетімді деректерді талдау арқылы Нығмет Нұрмақовтың саяси элита тобының жоғарғы деңгейіне көтерілгендігін тұлғатану теориясы негізінде дәлелденді.

Бұл монография мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды саралау және арнайы ғылыми зерттеулерді талдаумен қатар, Нығмет Нұрмақовтың кеңестік үкіметтің саяси-әлеуметтік, экономикасының қалыптасып даму барысындағы Қазақстанның жағдайына байланысты жазылған еңбектерінің деректік маңызы талдау негізінде отандық тарихтағы нығыметтану тарихнамасын жүйелеу мақсатында жазылды.

Осы монографияны жазу туралы идея ұсынған, тарихтағы тұлғалардың рөлін бағалай білетін азамат, Қарағанды облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Бейсембайұлы Құсайынға рахмет айтамыз.

Зерттеу тақырыбы бойынша деректік материалдарды жинау барысында бізге көмектескен Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінің қызметкерлеріне ризашылығымызды білдіреміз. Үлкен алғысымызды Н. Нұрмақовтың туыстарына – медицина ғылымдарының докторы, профессор Аман Нұрмақов және еңбек ардагері Тамара Смағұловаға рахмет айтамыз. Аталған азаматтардың қолындағы құжаттар РСФСР ФСБ қорынан алынған архивтік материалдардың кейбірін осы жұмыста пайдаландық. Ол деректер түпнұсқа негізінде берілді.

Бүгінгі күні осы тақырыпты ғылыми тұрғыдан тұңғыш рет жүйелі зерттеген нұрмақовтанушы тарихшы-ғалым, Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі Болат Жоламанұлы Қабдөшев мырзаға өзінің жеке қорынан біраз архивтік құжаттар бергені үшін рахмет айтамыз.

Ғылыми монографияны дайындау барысында материалдар жинақтаумен өздерінің көмегін көрсеткен Н. Нұрмақов атындағы №2 облыстық мамандандырылған дарынды балалар мектеп-интернатының директоры Сейфулмәлік Сұлтанов мырзаға, Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының өлкетану әдебиеті бөлімінің басшысы Сандуғаш Орынбайқызы Телпекбаеваға, академик Е.А. Бөкетов

атындағы Қарағанды университетінің кітапхана директоры Әбдіғұлова Гаухар Қуанышқызына және № 4 оқу корпусының кітапханашысы Оразбике Жәлелқызы Дүйсембековаға алғысымызды білдіреміз.

Монографияның жарық көруіне қаржылай қолдау көрсеткен Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына ерекше алғыс айтамыз.

Оқырманға ұсынылып отырған бұл монографияда кеңестік дәуірдегі қайшылықты тарихтың бір беті – жас қазақ коммунистерінің ұлт үшін жүргізген күресін ғылыми тұрғыдан зерттеудің барысын көрсетуге арналды. Бұл үрдіс академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығында тұлғаларға арнап жазылған еңбектердің жалғасы.

Осы еңбек жайлы оқырмандар мен әріптестер тарапынан айтылатын сын-пікірлер мен ұтымды ойлар болса, ризашылықпен қабылдаймыз, тұлғаларға байланысты келешекте жазылатын еңбектерде ескереміз.

Авторлар

1 Отандық тарихтағы Нығмет Нұрмақовтың тарихи тұлға ретіндегі орны

1.1 Тарихи тұлға: теория және методология

Адамзат тарихының барысын ұғыну кезінде қоғамдық ортадағы тұлғаның рөлі туралы сұрақтар туындамай қоймайды: ол тарихтың бағытын өзгертті ме; мұндай өзгеріс сөзсіз болды ма, жоқ па; егер бұл тұлға болмаса, не болар еді т.с.с. «Тарихты тұлғалар жасайды» деген айқын шындықтан тарих философиясында табиғи және кездейсоқ қатынастар туралы маңызды проблема туындайды, бұл, өз кезегінде, жеке тұлғаның рөлі туралы мәселемен тығыз байланысты.

Тарихтағы тұлғаның рөлі мәселесі әр ұрпақ үшін әрқашан да өзекті болып табылады. Бұл мәселе бір адамдардың бүкіл әлемге әсерін күшейте алатын жаһандану заманында тіпті өзекті. Яғни, бұл сұрақтарға жауап алу үшін тұлғатану теориясы және методологиясын жазумен қатар, тарихи тұлға – саяси элита туралы батыстық ғалымдар-ойшылдар, зерттеушілердің еңбектеріне қысқаша шолу жасау арқылы біздің еліміздегі осы проблеманың отандық ғылымдағы теориялық және методологиялық негіздемесінің қалыптасуының кезеңдерін көрсету де осы тараудың мақсаты болды.

Теория мен методология - бір-біріне ұқсас ұғымдар түрлі энциклопедияларда теория туралы «белгілі бір құбылыстың, шындықтың заңдылықтары мен байланыстары жайлы жан-жақты, толық мағлұмат беретін тұжырым. Теория өзінің ішкі құрлымы жағынан логикалық байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды» [1; 42], ал методология «1) белгілі бір ғылымда қолданылатын танымдық әдіс-тәсілдің жиынтығы; 2) танымның принципін, формасы мен әдіс-тәсілін құру жөніндегі ілім.

Методология адамның теориялық және тәжірибелік қызметін ұйымдастыру мен түзеудің түпкілікті қағидалары мен тәсілдерін жүйелі түрде сұрыптап, жан-жақты талдап, оларды қолданылу аясын, мүмкіндіктерін, өзара байланысын, шындықтың өз қасиеттері мен заңдылықтарына сәйкестігін анықтап, философиялық-логикалық, танымдық, теориялық тұрғыдан негіздеп, таным мен қоғамдық тәжірибенің әрі қарай дамуына жол ашады» деген анықтама берілген [2; 493-494].

Осыған сәйкес, монографияның негізгі ұстанымы тәуелсіздікпен тарих ғылымы да теория туралы белгілі табыстарға жетіп өзгергендігін көрсету. Ол өзгерістің басты себебі белгісіз деректер мен құжаттардың табылғандығында ғана емес, олардың жаңа методологиялық тұрғыдан ғылыми айналымға қосылғандығына ерекше назар аударылды.

Тарихтағы тұлғаның орны мен рөлі мәселесі теориялық және методологиялық тұрғыдан шетелдерде біршама жақсы зерттелген. Тұлға мәселесімен философия, әлеуметтану, саясаттану ғылымдарымен бірге тарих ғылымы да айналысуда. Осы тұрғыдан, алдымен шетелдік, содан кейін

отандық зерттеушілердің тарихи тұлға мәселесі жайлы ұстанымдарын қарастырып көрейік.

Адам өзінің іс-әрекетімен ғана емес, сонымен қатар әрекетсіздігімен де, тікелей болмаса да, жанама түрде өзінің өмір сүру кезінде немесе өлгеннен кейін де елеулі әсер етеді. Қоғам тарихының дамуындағы байқалатын адамның ізі тек жағымды ғана емес, сонымен қатар жағымсыз да болады. Соған қарамастан, адам тұлға болып қалады. Тұлғаның орнын және рөлін бағалау әр елдің тарихында саяси және ұлттық ұстанымына байланысты.

Зерттеуші Л.Е. Гринин «провиденциализм тұрғысынан, яғни белгілі бір тарихтан тыс күшті (Құдай, тағдыр, «темір» заңдар және т.б.), шынайы деп танитын болсақ, жеке адамдарды тарих құралы ретінде қарастыру өте дұрыс, соның арқасында белгілі бір алдын ала белгіленген бағдарлама іске асырылады», - деп жазады [3].

Тарихта көптеген оқиғалар тұлғалармен байланысты, сондықтан жеке тұлғаның рөлі өте маңызды екендігін танымал француз зерттеушісі Р. Аронның мына пікірінен байқауға болады: «Тарихи оқиғалардағы тұлғалар мен кездейсоқтықтың рөлі бірінші және маңызды элемент болып табылады» [4; 287].

Л.Е. Гринин алып сипаттағы адамдардың сәтсіздікке ұшырағанда, оған мүсәпірлік жағдай үлкен әсер ететіндігін айта келіп, тұлғаның рөлі, өкінішке орай, әрқашан осы тұлғаның интеллектуалды және адамгершілік қасиеттеріне тең емес дейді. Өзінің осы ойын К. Каутскийдің пікірімен көрсетеді: «... мұндай көрнекті тұлғаларға ең ұлы данышпандар қажет емес. Орташа адамдар, тіпті ол деңгейден төмен адамдар, сондай-ақ балалар мен ақымақтардың да қолына үлкен билік тисе, тарихи тұлға бола алады» [3].

Зерттеушілер тарихтың әр кезеңінде тұлғаның рөлі қалай айқындалып, қаншалықты дәрежеде бағаланғандығын көрсетеді.

Антикалық дәуірде тұлғаның дербес рөлі туралы мәселе қарастырылмаған. Тарихнама, ең алдымен, билеушілер мен батырлардың ұлы істерін сипаттау қажеттілігінен туындады. Ежелгі гректер мен римдіктер көбіне болашаққа фаталистік көзқараспен қарады, себебі олар барлық адамдардың тағдыры алдын-ала шешілген деп санады. Сонымен қатар грек-рим тарихнамасы негізінен гуманистік сипатта болды, сондықтан тағдырға деген сеніммен бірге, көп нәрсе адамның саналы қызметіне байланысты деген ой басым болды. Бұған, атап айтқанда, Фукидид, Ксенофонт және Плутарх сияқты ежелгі авторлар жазып қалдырған саясаткерлер мен әскери басшылардың тағдыры мен істерін суреттеу дәлел болады.

Белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның рөлі туралы мәселе *ортағасырлық тарих* теологиясында шешілді. Бұл көзқарас бойынша, тарихи үдеріс адамдық емес, құдайлық мақсаттарды жүзеге асыру ретінде біржақты қарастырылды. Тарих Августиннің және одан кейінгі христиан ойшылдарының түсініктері бойынша және Джон Кальвин тәрізді тұлғалар бастаған XVI ғасырдағы Реформация кезеңі бастапқыда болған құдайлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Міне, сондықтан да тарихтағы тұлғаның

рөліне деген қызығушылықтың белгілі бір қыры ерекше маңызға ие болды әрі адамдардың тілектері мен құмарлықтарынан гөрі тереңірек себептерді іздеу тарих философиясының дамуына ықпал етті [5].

Қайта өрлеу дәуірінде тарихтың гуманистік аспектісі алдыңғы қатарға шықты, сондықтан жеке тұлғаның рөлі туралы мәселе таза теорияның проблемасы ретінде болмаса да гуманистердің ой-пікірінде көрнекті орын алды. Ұлы адамдардың өмірбаяны мен істеріне деген қызығушылық өте жоғары болды. Құдіреттің рөлі (роль Провидения) тарихта жетекші деп танылғанымен, көрнекті адамдардың қызметі де маңызды қозғаушы күш ретінде көріне бастады. Мұны италяндық ойшыл Н. Макиавеллидің «Государь» еңбегінен көруге болады. Онда ол өзінің саясатының табысы мен жалпы тарихтың жүруі билеушінің саясатының мақсаттылығына, оның қажетті құралдарды, оның ішінде тіпті ең әдепсіздерді де қолдана білуіне байланысты деп санайды. Н. Макиавелли алғашқылардың бірі болып тарихта батырлар ғана емес, көбінесе принципсіз қайраткерлер де маңызды рөл атқаратынын көрсеткен ойшыл [6; 178-179].

XVI-XVII ғғ. кезеңінде жаңа ғылымға деген сенім күшейді. Нәтижесінде, адамның еркі туралы мәселе деизмнің* негізінде бірте-бірте шешіле бастады: Құдайдың рөлі толығымен жоққа шығарылмайды, бірақ шектеулі болды. Алайда XVII ғ. тұлғаның рөлі мәселесі маңызды проблемалардың қатарына кірмеген.

XVIII ғ. екінші жартысынан *ағартушылық кезеңінің* басталуымен Еуропа жерінде білімді адамдар көбейіп, ұлттық зиялы қауым қалыптаса бастады. Осы кезде қарапайым халық арасынан ағартушы элита бөлініп шықты. Олар құнды идеяларды туғызды. Ағартушылар көрнекті билеуші немесе заң шығарушы тарихтың барысын қатты, тіпті түбегейлі өзгерте алады деп сенді. Дәл осы ағартушылық кезеңнен бастап тұлғаның рөлі маңызды теориялық мәселелердің біріне айналған.

Ағартушылық кезеңнің қазақ даласындағы өкілі Шоқан Уәлиханов болды. Ол да тұлғалар туралы алғаш рет ғылыми тұрғыдан жазған қазақ ғалымы.

XIX ғ. алғашқы онжылдықтарында *романтизм* үстем болды. Осы кезде жеке тұлғаның рөлі туралы мәселені түсіндіруге көп көңіл бөлінді. Жеке тұлғаның рөлін көрсету үшін француз романтик-тарихшылары Ф. Гизо, О. Тьерри, А. Тьер, Ф. Минье - ұлы тарихи тұлғалар сөзсіз және қажетті нәрселердің басталуын тездетеді немесе баяулатады деп санады [3].

«Тарихи орта» теориясының негізін салушы Г.Гегельдің айтуы бойынша, «әлемдік-тарихи тұлғалар әмбебап рухтың сенімділері болуы керек» [7; 30]. Сондықтан ол ұлы тұлға тарихи шындықты өздігінен жасай алмайды, тек болашақ дамуын сөзсіз ашады деп санады.

Ағылшын философы Томас Карлейль - тарихтағы тұлғалардың, «батырлардың» көрнекті рөлі туралы идеяларды айтқандардың бірі. Оның ең танымал шығармаларының бірі «Герои и героическое в истории» деп аталды. Т. Карлейльдың пікірінше, дүниежүзілік тарих - бұл ұлы адамдардың

өмірбаяны. Ол өз шығармаларында белгілі бір тұлғаларға және олардың рөлдеріне назар аударады, жоғары мақсаттар мен сезімдерді уағыздайды, бірқатар тамаша өмірбаяндар жазады [8].

«Тұлға» ұғымына байланысты марксистік көзқарас Г.В. Плехановтың «Тарихтағы жеке тұлғаның рөлі туралы» еңбегінде тұлға оқиғалардың еріксіз жүруіне жеке із қалдыруы, тарихи заңды жүзеге асыруды жеделдетуі немесе баяулатуы мүмкін, бірақ ешқандай жағдайда тарихтың бағдарламаланған бағытын өзгерте алмайды. Егер бұл бір тұлға болмаса, онда оның орнын басқа тұлға алмастырар еді, ол дәл сол тарихи рөлді атқарған болар еді [9; 210].

Философ Х. Раппопорт XIX ғ. аяғында тұлға туралы былай деп жазды дейді зерттеуші Л.Е. Гринин: «Тұлға - тарихи дамудың себебі де, жемісі де ... бұл шешім жалпы түрінде ғылыми шындыққа ең жақын болып көрінеді ...» [3]. Тұтастай алғанда, бұл дұрыс тәсіл болды.

Танымал орыс социологы Н.И. Кареев «Сущность исторического процесса и роль личности в истории» деген еңбегінде тұлға мәселесін және оның тарихтың даму кезеңіндегі рөлі жайлы жазды [10; 28-31].

Жалпы шетелдік зерттеушілер тұлғаның рөлін әр ғылымнан іздестірді. Мысалы, американдық философ У. Джеймс және социолог Ф. Вудс биология заңдарын, әсіресе дарвинизм мен генетиканы, тұлғаның рөлі туралы мәселені шешуге пайдалануға тырысты [11].

Жеке адамдардың күші көбінесе олар ұсынатын ұйымдар мен топтардың күшімен тікелей байланысты, ал ең үлкен жетістікке өз жақтастарын ең жақсы жинайтын адам қолжеткізеді. Сондықтан лидердің осындай шешуші сәттегі рөлі (шайқас, сайлау және тағы басқалар), дәрежесі маңызды деп айтуға болады [12; 13].

Тұлғаның рөлі туралы заманауи көзқарастарды бағалай отырып, ең алдымен, американдық философ С. Хуктың «Герой в истории. Исследование пределов и возможностей» деген монографиясы [13; 72] туралы айту керек. Аталған еңбек тұлға мәселесін зерттеуді дамытуда айтарлықтай алға қарай басқан қадам болды. Бұл монография әлі де біз зерттеп отырған тақырып бойынша ең маңызды жұмыс болып табылады. Атап айтқанда, С. Хук жеке тұлғаның рөлі әртүрлі жағдайда неге ауытқуы мүмкін екенін түсіндіретін маңызды қорытындыға келеді. Ол, бір жағынан, тұлғаның белсенділігі шынымен де қоршаған ортаның жағдайларымен және қоғамның табиғатымен шектелетіндігін, ал екінші жағынан, жеке тұлғаның рөлі қоғамның дамуында баламалар пайда болған кезде (ол дербес күшке айналатын деңгейге дейін) едәуір артады деп атап көрсетеді.

XX ғ. басында қазақ жерінде «рухани ояну» үрдісіне байланысты тұлғатануға арналған ғылыми мақалалар жарық көрді. Ол Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, С. Торайғыров тәрізді зиялылар еңбектерінде айтылды.

XX ғ. 30-жж. Батыс Еуропада жас интеллектуалдардың – философтардың, суретшілердің, жазушылардың, журналистердің қозғалысы пайда болды. Қозғалыс мүшелері тұлғаның даралығын жойып, әлеуметтік

куыршаққа айналдыруды көздеген қоғамның орнауының қауіптілігін түсінген персоналистер болатын.

Персонализм – халықаралық философиялық қоғам. Бірақ әлемдегі персоналистердің «бас штабы» Еуропаның Франция мемлекетінде болды. Оның көрнекті француз өкілі Э. Муньенің пікірінше, «тұлға» ұғымы антикалық әлемде пайда болған, өйткені гректер адамның қадір-қасиетін өткір сезінген. «Өзіңді өзің таны» персоналистік мазмұны ең алғашқы үндеуге жатады. Оның тағы бір ойы «мемлекет тұлғаға қызмет етеді, керісінше емес». Бұл мемлекеттің тұлғалануының мақсаты және оны билік тізгінін ұстағандар жүзеге асыруы тиіс. Э. Муньенің философиялық ой пікірлерінен тұлға мәселесін кең қарастырған философ-персоналист екені дәлелденеді [14; 294-301]

XX ғ. екінші жартысында - XXI ғ. басында тұлға мәселелерін зерттеуде бірнеше негізгі бағыттар бар:

1. Тұлға мәселелерін зерттеуде *пәнаралық бағыттардың әдістері мен теорияларын қолдану*. Осының негізінде XX ғ. 50-60-жылдарында жүйелік тәсіл қалыптасты, ол жеке тұлғаның рөліне жаңа көзқараспен қарау мүмкіндігіне жол ашты. Бірақ мұнда синергетикалық зерттеулер маңызды болып шықты. Синергетикалық теория (И. Пригожин, И. Стенгерс және басқалары) қоғамдық жүйедегі екі басты жағдайды ажыратып көрсетеді: тәртіп және хаос. Бұл теория тұлғаның рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [15].

2. *Тарихтың заңдылықтары мәселенің немесе зерттеудің кейбір бағыттары мен тәсілдерінің шеңберінде* тұлғаның рөлі.

Осы сұрақтарға қатысты көптеген авторлардың арасында философтар В. Дрей, К. Хемпель, Э. Нагель, К. Поппер, экономист және философ Л. фон Мизес тағы басқалар бар. Аталған авторлардың арасында 1950 жылдардың аяғы - 1960 жылдардың басында детерминизм* мәселелері мен тарих заңдары төңірегінде қызықты пікірталастар жүрді. Олардың арасында жеке тұлғаның рөлі туралы бірқатар ойлар айтылды. Олар С. Хуктың редакциясымен шыққан жинақта жарияланғандығы туралы жазылған [16]. Осы пікірталастардың тағы бір бөлігі «Философия и методология истории» деген орыс тіліндегі басылымда берілді [17].

Жеке тұлғаның рөлі туралы теорияны дамытуда поляк философы Л. Новактың «Класс и личность в историческом процессе» [18; 63-84] деген мақаласында жеке тұлғаның рөлін талданған. Сонымен қатар ол жеке тұлғаның, тіпті көрнекті тұлғаның тарихи үдерістегі рөлі ерекше үлкен емес, онымен келісу қиын деп санайды. Оның жеке тұлғаның өзі тарихи үдерістің барысына айтарлықтай әсер ете алмайды, егер бұл тұлға кейбір басқа факторлармен - тарихи процестің параметрлерімен қабыспайды деген ойы тұлғатануда қызық тудыратын тұжырым.

3. Соңғы кезде *альтернативті* немесе *қарама-қарсы фактілер* деп аталатын тарих дамып келеді. Бұл бағыт тұлға болмаған жағдайда не болар еді деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы, Германия мен Гитлер қандай

жағдайда Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетуі мүмкін, Наполеон Ватерлоо шайқасында жеңіске жетеді және т.б. мысалдарды келтіреді.

Қоғамның әртүрлі жағдайындағы тұлғалардың ықпал етуші күшінің айырмашылықтары туралы кейбір қызықты ойларды А. Грамши, А. Лабриола, Дж. Неру, А.Я. Гуревич және басқалардың еңбектерінде ортақ екендігін көруге болады: қоғам неғұрлым берік және тұрақты болса және ескі құрылымдар қаншалықты қираса, жеке тұлға оған соғұрлым көп ықпал ете алады.

Тұлғатану теориясын зерттейтін қазіргі қоғамдық ғылымда *жағдай факторы* деген арнайы ұғым бар. Ол мыналардан тұрады:

- тұлға әрекет ететін ортаның ерекшеліктерінен (қоғамдық құрылыс, дәстүрлер, міндеттер);
- белгілі бір сәтте қоғамда болатын жағдай (тұрақтылық, тұрақсыздық, көтерілу, құлдыру және т.б.);
- қоғамды қоршаған ерекшеліктер;
- тарихи кезеңнің ерекшеліктері;
- оқиғалар әлемдік жүйенің орталығында немесе оның перифериясында болуы
- іс-қимыл үшін қолайлы сәт;
- тұлғаның өзіне тән ерекшеліктері және дәл сол қоғам талаптарына сай қасиеттерінің болуы;
- бәсекеге қабілетті қайраткерлердің болуы.

Осы аталғандар тұлғаға неғұрлым жақсы әсер етсе, соғұрлым оның рөлі маңызды бола алады.

Қоғамдағы «жағдай факторының» әсерінен үлкен топтың арасынан алға озып шыққан, бәрінен озық тұратын тұлғаны ұлттық элита деп айтуға негіз бар. Осы жерде «элита» деген кім?, «Олардың қандай түрлері бар?», «Тарихи тұлғалардың барлығы элита бола ала ма?» деген заңды сұрақтар туындайтындықтан, «элита» ұғымына тоқталғанды жөн көрдік.

Шетелдік тарих, саясаттану, әлеуметтану ғылымдарында элита мәселесі, біздің отандық тарихнамаға қарағанда, біршама жүйелі зерттелген. Ресейлік ғылыми элитологияның негізін салушы Г.К. Ашиннің еңбектерінде элита терминінің шығу төркіні былайша түсіндіріледі: «Элита» латынның «*eligerе*» деген сөзінен шыққан, мағынасы «таңдау» дегенді білдіреді. Бірақ «элита» термині кейіннен француз тіліндегі «*elite*» «ең жақсы», «таңдаулы», сөзімен байланысты кең көлемде танымал болды. Бұл ұғым XVII ғасырдан бастап үнемі өзгеріп отырды және оны қолдану аясы кеңейе түсті. Алғашқыда тауарлардың сапасына байланысты, кейіннен «таңдаулы адамдар» - қоғамның ең жоғарғы өкілдері, аксүйектер; таңдаулы әскери бөлім, бұдан басқа өсімдіктер мен жан-жануарларға байланысты – ең жақсы тұқым деп қолданыла бастады. 1823 жылғы Оксфорд сөздігі бойынша Англияда бұл термин әлеуметтік иерархия жүйесіндегі жоғары әлеуметтік топтарға байланысты қолданылған» [19] Г.К. Ашин осы еңбегінде өзіне дейінгі шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі «элита» ұғымына талдау

жасайды және олардағы ең маңызды деген анықтамаларды таңдап көрсеткен: Дюпре - қоғамда жоғары позициясы бар және соның арқасында әлеуметтік процеске әсер ететін адамдар; Г. Лассуэлл - жоғары басқарушы топ, қоғамдағы ең үлкен беделі, мәртебесі, байлығы бар адамдар; А. Этциони билік позицияларына ие адамдар; М. Вебер - харизматикалық тұлғалар және басқалары [19].

Осы ой-тұжырымдар тарихтағы тұлғаның алатын орны мен рөлі сонау антикалық дәуірден бері зерделеніп келе жатқан мәселе екенін көрсетті.

Тұлға мәселесі XVIII ғ. бастап ғылыми айналымға енді. Жоғарыда аталған тарихи фактілер шетелдік ғалымдардың тұлғатану мәселесіне терең көңіл бөлгендігінің бір себебі, Батыс қоғамында ғылыми мектептердің ертерек қалыптасуында деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде ғылымда заманауи әдістер арқылы зерттейтін персоналистика бағыты дамып келеді.

Тұлғатану ғылым ретінде Қазақстанда XX ғ. 40-жж. жаңа сатыға көтерілді. Бірақ та тұлғаны тану, дәріптеу, ол жайлы ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде Ұлы дала елінің ерте заманнан бастап қалыптасқан өзіндік мектебі болған. Ол далалық тарихнама негізінде қазіргі күнге дейін жетті.

Тұлға жайлы теория мен методология тұрғысында Ұлы дала елінің өткен тарихындағы осы мәселе туралы жазып қалдырған тарихи тұлғалардың ой пікірлерін негізгі ұстаным ретінде алған жөн. Бұны біз 552-745 жылдар арасында өмір сүрген Түрік қағанаты дәуірінен бастаған дұрыс деп есептейміз. Бұл үрдісті шартты түрде мынадай кезеңдерге бөліп көрсетуге болады. *Соның біріншісі - түркі дәуірі.* Бұл кезеңде тарихта есімі қалған тұлға-көсемдер - Бумын, Істеми, Күлтегін тәрізді қағандар болғаны белгілі. Олардың тұлғалық істері дастандар ретінде тасқа жазылып бүгінге жетті. Тастағы жазулардың негізгі идеясы - бірлік, ынтымақ. Сол арқылы «Мәңгілік Ел» болудағы тұлғаның іс әрекеті. Яғни, елді басқаратын қағандар түрік халқын оятып, біріктіріп, түрік қағанатын орнату жолындағы ұлы жорықтар жасап, ортақ мақсатқа елді жұмылдыруға арналған үндеу-манифест жазды. Манифесте түркі халқын азат болу үшін күреске шақырып, өзге елге кіріптар, бағынышты болмауға, көрші қуатты мемлекеттің шығарған тұрмыстық заттарына қызығып, олардың арбауына түсіп қалмауды айтты. Түріктердің еш елден кем емес, қайта артық екендігін мәлімдеп, оларға өздерінің құқықтарын қорғауға шақырады. Осының бәрін іске асыратын тұлға-басшының ерлігі мен міндеттерін жазып қалдырған. Жаһандану заманындағы бүгінгі жас ұрпақты тұлға ретінде тәрбиелеуде «Күлтегін» жырларындағы мына өлең жолдарының тұжырымдамалық мәні зор. Онда билікте отырған саяси элита сабақ алатын өсиет, ұстаным бар:

...Түнде ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым.

Қызыл қанамды төктім,

Қара терімді ағыздым.

Күш-қуатымды аямадым...

Тізеліні бүктірдік,

Бастыны еңкейттік, - деп өз елі, жері үшін түркі қағандары жеңістің оңай келмегендігін жазып қалдырғаны бүгінгі мемлекеттің қауіпсіздігін сақтауда билік басындағы тұлғаның мықты болуының айқын дәлелі. Сонымен қатар, ел басқаратын тұлғаның тарихи миссиясын көрсеткен:

... Бүкіл түркі халқына

Қарулы жау келтірмедім,

Атты әскер жолатпадым.

...Кедей халықты бай қылдым,

Тату елге жақсылық қылдым.

Төрт бұрыштағы халықты

Бәрін бейбіт қылдым.

...Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды ... [21; 26]. Демек, қазақ халқының сонау V-VIII ғғ. басталған тұптамасы Түрік қағанатының қоғамдық-әлеуметтік өміріндегі ел басқарудағы тұлғаның рөлін танып білу, саяси элита, тарихи тұлға туралы методологиялық білімнің дамуының негізін қалайды.

Біздің пікірімізше, *тарихи тұлғаның қалыптасуының екінші кезеңі* орта ғасырда қазақ хандығы дәуірінде жетіле түсті. Оны әл-Фарабиден басталған тұлға ерекшеліктері тәрізді теорияның қалыптасуынан көруге болады.

Тұлғаның мінез-құлықтарын, ой-танымының дұрыстығын бағалауды әл-Фарабидің ұстанған парасатты адам туралы моралдық-этикалық танымынан көруге болады. Оның еңбектерінде адамның арын түзейтін ілім негіздерінің әрқайсысы өз заманына сай тарихи жағдайға, уақыт талабына байланысты қоғамның рухани қажеттілігіне орай пайда болған дәстүрлі жалғасы бар, қайталанбас рухани құбылыстар болатын. Оның тұлға жайлы методологиялық ұстанымдары, «Бақытқа жету жайында», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деп аталатын еңбектерінде де айтылған. Сонымен қатар «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деп аталған еңбегінде тұлғаның қасиеттері талдап жазылған. Мұндағы «қала» деп отырғаны – мемлекет. Ол қала әкімдеріне жамандықтан жиіркенетін, батыл, жомарт, парасатты өнер мен әдебиетті сүйетін адам болу тиіс деп мемлекет басқаратын тұлғаға қажетті биік адамгершілік қасиеттерді талап етіп қояды.

Әл-Фараби қала-мемлекет басшысы болатын тұлға туралы былай дейді: «Нағыз әкім - ол бірінші басшы, сондықтан оның бойында ұштасқан алты қасиет болу керек: даналық асқан пайымдағыштық, көреген, өз ісінің әділдігіне халықты қалтқысыз сендіруші, соғысты жүргізе алатын қабілетті және ел қорғаудағы сыртқы саясатта кемшілігі болмауы керек; басшылар заң бойынша қойылуы керек; әділетті заңдар болса, онда мемлекетті басқарудың ісін жетілдіруге мүмкіндік туады; заңға лайық билеуші, ал оның басқаруы заңды басқару деп аталады; ел басқарушы әкімдер өздерінің жұмысында алдымен халық үшін игі істерді көп жасаса, қала-мемлекеттің өркендеуіне

жол ашылады. Мұның бәрін өз бойында ұштастырған адам болса, оларды жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы ең қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады» [22; 527]. Сонымен қатар, оның ойынша адамдарда кейде ардан аттап кететін, адамгершілікке мүлдем жат, жаман мінез-құлықтары да кездеседі:

... Зиялы аз біртұтам тіршілікте

Әкімдікке күллісі жүгіреді.

Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,

Жаным менің түршігіп, түңіледі..., - деп зиялы тұлғаға жат қылықтардың өмірде көп болатындығына ренішін білдіреді [23; 126]. Сонымен, оның шығармаларында парасатты зиялы қауым-тұлға дегеніміз - ұлтжандылық, отансүйгіштік, туған жерді құрметтеу, адалдық сияқты адами қасиеттері бар жандар.

Ұлы дала елінде өмір сүрген тұлғалардың рухани мұраларында тұлғалар туралы тұжырымдамалық ұстанымдарда сабақтастық бар.

Орта ғасырларда өмір сүрген Қожа Ахмет Яссауидың «Ақыл кітабы» («Диуани хикмет») деген еңбегінде хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты - нәпсіні тыю, өзін халқына арнап, кемел жан болу. Ал кемелдікке жету үшін білімді, адамдық сезімі жоғары, өз ұлтының, қоғамының, Отанының алдында жауапты, қара басының қамын ғана ойламайтын жан болу керек дейді. Яссауи хикметтерінің негізі – адам. Адам тұлға болып кемелдікке жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Парасаттылық, қарапайымдылық, яғни, Яссауи дүниетанымында халқына жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға жөн сілтейтін дана әулие ол - тұлға.

Әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды ғұлама-ақын әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді көрсетіп, халық мүддесін ескергісі келмеген тақаппар жандарды сынайды.

Әділетсіз залым патша болғаны-ай,

Ордасына өңшең құдың толғаны-ай.

Бірін-бірі жиналысып, қолпақтап,

Су төгілмес жүр зой бәрі жорғадай ..., –

дей келе, ол ғалымдар мен жағымпаз жандар туралы былай дейді:

Білгірі заман ақыр залым болды,

Жағымпаз жан алғыштар ғалым болды,

Сойқанды елге ашық айта алмаудан

Ішіме менің дертті жалын толды.

Сонымен қатар ақын өмірде ақиқаттан артық қасиет жоқ деген қорытынды жасайды:

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,

Ақиқатты ары таза сүйе біл.

Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен

Халық қана дүниеге ие бұл.

Арыңды сақта, болсаңда малға кедей.

Яғни, ол адам бойындағы ізгі қасиеттерді мадақтап, оларды әділ, мейірімді, сабырлы, жомарт, кішіпейіл болуға шақырады. Олай болса Қожа Ахмет Яссауи шығармаларында үнемі насихатталатын кемел адам туралы ой толғаныстар - ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін айқын бағдарлама. Оның пікірінше, әрбір адамның тұлғалық қасиеті оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшенеді. Осы тұрғыда оның 20, 21, 23, 51-ші хикметтері Мұхаммед пайғамбарды ерекше тұлға ретінде халыққа, елге сіңірген еңбегі және жетім, кедейлерге көмектесу пайғамбардың сүйікті ісі болғандығын ол мадақтап жырлайды [24; 53-54, 57, 62]. Ғұламаның негізгі адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы этикалық-дидактикалық ойлары одан кейінгі ойшылдардың еңбектерінде өз жалғасын тапқан. Оның жырлары бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ мұра, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, рухани қазына ретінде өмір сүріп келеді.

Уақыт талабына сай мемлекетті қалай басқару керек, оның ішкі және сыртқы тәртібін сақтап отыру үшін қандай заң-ережелер қажет, елді басқаратын қаған мен сарай қызметшілері, оларға бағынышты қоғамның басқа азаматтары арасындағы өзара қарым-қатынас қандай болуы керек деген қоғам тудырған сұрақтардың жауабын XI ғасырдың аса көрнекті ойшылы, ақын Жүсіп Баласағұн өзінің есімін тарихта мәңгілік өшпестей қылып жазып қалдырған еңбегі – «Құтты білік» дидактикалық дастанында береді.

«Құтты білік» («Құдатғу білігі») – әлем өркениеті тарихынан мәңгілік орын алған түркі тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Мұнда ақын «қандай адам «ұлы хас хажип» болып істеуі мүмкін деген сауал қойып, өзі оған егжей-тегжейлі жауап айтады:

*Ұлы Хажип адам болсын, ақ болсын,
Дінге берік, ақиқатқа жол болсын!..
Тегі асыл боп, ізгі жаны ашылсын,
Күн мен айын елін ойлап батырсын...*

*Сыншыл, сара болу керек ел бегі,
Көңіл, тіл – түзу, дара, зерделі!
Шыншыл, сара басшы керек халыққа,
Халық үшін, түсіп шығар тамұққа!*

Бұдан шығатын ұстаным: хан - тарихи тұлға. Ол уәзірлерімен, басқа да қоғам қайраткерлерімен, әскерлермен, елшілермен адамгершілік, саясат және мемлекет мәселелері туралы кеңесіп саяси-құқықтық міндетті атқарады.

«Құтты біліктің» 29-тарауында уәзір болатын адамның қандай болуы керектігі баяндалып, ел билігінде патша мен уәзірлердің бойынан табылу керек адами қасиеттер туралы айтылады.

*... Уәзір – бектің сүйеніші, тірегі.
Бекке уәзір керек, істің ұйтқысы
Жақсы болса - тыныш бектің ұйқысы.
Көтерді ол, бектің ауыр жүгін де,
Бекітетін бектікті өзі түбінде.
Уәзір ізгі, болса - ел бағзы ашылар,*

Құтты халық бектің даңқын асырар.

Уәзір-бектің кеңесшісі, сырласы,

Кеңесші - тең болар, бейне құрдасы.

Баласағұнның пікірі бойынша, ел билігіндегі тұлғалар туғаннан Алланың мейірімі төгілген жан болатын, сондықтан олар қасиетті, ақылды, саналы, жомарт, бір сөзді турашыл болуы керек:

Он нәрсе бар хажиптыққа керекті,

Ақыл, ажар, тіл, бой, білік, зеректік.

Жіті жанар, сақ құлақ һәм кеңпейіл,

Құлық-қылық осыларға тең келер»

Заңды Хажып бұлтартпаса басынан,

Ел алдынан құт қақпасы ашылар.

Ұлы Хас хажип тарихи тұлға-әмірші-қағанға ақыл қосатын кеңесші, ол мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалап отырады. Сондай-ақ ұлы уәзір – қазына ісін басқарушы адамға, сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан әмір береді, елшілерді қабылдап шығарып салып отырады, ресми түрдегі салтанатты жиындардың заңға сәйкес өтуін қадағалады, әрі кедейлер мен жетім-жесірлердің арызын тыңдап, оны ханға жеткізін отыруы тиіс.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында төрт символдық тұлға бар. Біріншісі - Әділ (Әділет), екіншісі Дәулет (Бақыт, құт), үшіншісі - Ақыл, төртіншісі - Қанағат (тағдыр). Олардың әрқайсысына жеке-жеке ат берген. Әділетке «Күнтуды елік» атын беріп, хан орнына қойған. Дәулетке «Айтолды» деген ат беріп, уәзір орына қойған. Ақылға «Өгділміш» атын беріп, уәзір ұлының атын берген. Қанағатқа «Одғұрмыш» атын беріп, уәзірдің туыс-ағасы деп санаған.

Осы төрт символдық кейіпкерлердің бір-бірімен сұхбатынан ел басқарудағы тұлғалардың рөлі айқын көрінеді.

«Құтты білікті» билік құрған патшалар - тұлғалар үшін жазылған құнды еңбек ретінде және мемлекет басшыларына саясат өнерін дәріптеп жол көрсетуші, басқарудағы кемшіліктерді жою мақсатындағы саяси және моральдық үгіт-насихат беретін, мемлекет билігін ізгілік тұрғысынан дәріптейтін тұжырымдамалық мәні үлкен еңбек деуге болады. Дастанда ел билеуші тұлға - патшаларда болуы тиіс қасиеттер мен мемлекетті басқарудың негіздері сипатталады. «Құтты біліктің» негізгі мазмұны - қаған мен оның айналасындағы адамдармен елді билеуі, яғни дамыған мемлекеттің, идеалды тұлғаларының және мемлекет басшысы бектің қандай болуы керектігі туралы айтылған сұхбаттардан тұрады.

Шығармада сөйлестірілген төрт негізгі кейіпкерлердің бірі - билеуші Күнтуды Елікті әділ де кемеңгер ханның бейнесін көрінеді. «Құтты біліктің» 28-тарауында «Бектікке лайық бектің қандай болуы керек» деген ұстаным айтылады:

Бұл бектікке асыл текті ер керек,

Қүшті, батыл, епті, қайсар, ержүрек...

*Бек халықты тек білікпен басқарар,
Халық ісін ақылымен атқарар,
«Бек» дегенің «білікпен» бір берік тұр,
«Ләмі» кетсе – «бек» болып қалар «білек» құр...
Ақыл, білім һәм ес керек орасан,
Білімдінің жауы да көп, қарасаң!
«Бек Білімді», зерек болсын – қырғағы,
Тосын қырсық сонда ығып тұрады.*

«Құтты біліктің» 51-тарауында ел басқаратын тұлғалардың – кемел адамдардың ғалым адамдармен қалай сөйлесіп, қалай ақыл-кеңес алу керектігі жайлы айтылады.

*Тағы бір топ ғалымдар мен даналар,
Ілім беріп, халық жолын саралар.
Құрмет қылып қадірле сөз, түйгені,
Көп пе, аз ба білімдерін үйренгін.
Солар жарар-жарамасты парықтар,
Пәк турашыл жолды тұтып, анықтар.
Олардан сен үйрен, тырыс, білім біл...*

Мықты тұлға басқарған, әділ заңы болған елде экономикалық, рухани жағынан жақсы дамиды және ол мәңгі өлмейтін ел бола алады. Ол жайында Жүсіп Баласағұн былай деді:

*... Біл, әділ заң-басқарудың тұғыры,
Бегі әділ ме?! Берік елдің жұлыны!
Бек елінде тура заңды ұстаса,
Бар тілекке жетер қолы қысқасы...*

Сонымен қатар дастанда елдің (халықтың) әкімдерге (яғни саяси элитаға) қоятын және әкімдердің елге қоятын талаптары көрсетіледі. «Әкім, халықтың сенде үш түрлі ақысы бар: сен ақысын төле. Бұл ақының бірі - ақшаның нарқын көтеру, ақша құрамындағы алтын мен күмістің үлесін арттыру әрі оның төмендеп кетпеуін қадағалап отыру. Тағы бірі: ел үшін сенімді, берік және әділ заңдар шығар, мұны елдер сенен күтеді. Үшіншісі: жолдарды қарақшылардан, адам өлтірушілерден тыныш етіп, сақтай біл». Ақынның осы ұстанымы тарихи тұлға - саяси элитаның ел билеудегі жоғарғы миссиясы бар екенін айқындап тұр.

Біздің пікірімізше, дастандағы тағы бір концептуалды ұстанымды мына пікірлерден түсінуге болады: «Елдің көсемі, халықтың өзіне қойған үш талабын орындағаннан кейін, өзінің халықтан төмендегі үш нәрсені талап етуге құқықты боласын: бірі – сен қандай жарлық шығарсаң да жұрттың бәрі оны сөзсіз орындауы керек (заңға бағыну). Екіншісі – мемлекет салықтарын өз уақытында жомарттықпен мемлекет қазынасына тапсырып тұрсын. Үшіншісі – бүкіл халық досыңа дос, дұшпаныңа дұшпан болу керек». Бұдан шығатын қорытынды: мемлекет басындағы саяси элитаның тарихи беделінің өсуі халықтың қолдауымен болады [25; 215-216, 232, 405].

Ендеше, «Құтты біліктің» негізгі мақсаты - жер бетінде тарихи тұлғаның әділетті басқаруы арқылы адамгершілікке негізделген мықты тұтас бір мемлекет жүйесін қалыптастыру. Бұл дастан түркі халықтарының орта ғасырлық қоғамдық-саяси өмірінің тарихынан және тарихи тұлғаның қандай болатыны туралы теориялық мол деректер беретін шығарма және өз заманында елдегі Ата Заң -Конституция қызметін атқарған деседі болады.

Ел тағдыры шешілер кезеңде билік кемеңгер, білімді жанның қолында болуы өте маңызды. Осы тұрғыдан алғанда XVI ғасырда өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и-Рашиди» еңбегінде өз елін аздырмайтын, тоздырмайтын көшбасшы – тұлға қандай болу керектігін және ел басқаруда қажетті он рухани, пендешілік, әкімшілік негіздері мен шарттарын ұсынады.

Ол мыналар:

«Бірінші шарт: Кез келген істі шешер кезде мемлекет басшысы өзін бағынышты кісінің орнына қойып, ол адамды өзіне әмір жүргізуші деп есептесін, әміршінің үкімі олай болмаса екен деп тілегенін мемлекет басшысы ретінде өзгеге де бұйырмасын.

Екінші шарт: Мемлекет басшысының ең басты мінәжаты - мұсылмандардың мұң-мұқтажын орындау болуға тиіс.

Үшінші шарт: Мемлекет басшысы ас ішу мен киім киюде халифалардың қарапайымдылығын қабылдап, мәртебелі басын аста төк тамақ пен әлем-жәлем киімге үйір қылмасын.

Төртінші шарт: Орынсыз қаталдыққа, бос сөзге бой алдырмай алдына келген кісімен жұмсақ сөйлессін, әлсіздер мен кедейлердің кеңесін тындаудан арланбасын.

Бесінші шарт: Мемлекет басшысы жұртқа жағамын деп шешім қабылдаған кезде әлсіздік, екіжүзділік танытпасын және әркімнің көңілін табамын деп әділет пен шариғаттан аттамасын.

Алтыншы шарт: Мемлекет басшысы еліне төнетін қауіп-қатерден қаперсіз болмасын және ол әміршінің әділ билігі халықты бақытқа кенелтіп, артына мәңгілік жақсы атын қалдыратынын есіне мықты ұстансын.

Жетінші шарт: Мемлекет басшысы көзі ашық құдай жолындағылармен қарым-қатынас жасауға һәм кеңесіп отыруға үйір болсын және олардың кеңесін тындауды бақытым деп есептесін. Ол арамза, өтірікші, бұзақы пенделермен кеңес құрудан бойын аулақ ұстасын, өйткені ондайлар діни сенімді тұншықтыруға құмар келеді.

Сегізінші шарт: Мемлекет басшысы өркөкіректік пен паңдыққа басып халықты өзінен үркітпесін, керісінше, мейрімділік пен әділеттілік танытып, бағыныштылары мен әлсіздерге қамқор болсын, халықтың махаббатына ие болсын.

Тоғызыншы шарт: Мемлекет басшысы қатыгез басшылардың қылмысты істеріне және қарауындағыларды қасқырдай талайтын безбүйректерге немқұрайлы қарамасын. Қандай да бір жөнсіздік пен әділетсіздікке жол берген басшыны дереу жазаласын, өйткені соған қарап

басқалары аяқтарын тартады. Мемлекет басшысы ел басқару ісіне аса жауапкершілікпен қарап, ел тізгінін сеніп тапсырған адамдардың кеңесе білу мен жазалай білуге тәрбиелесін.

Оныншы шарт: Көрегендік. Мемлекет басшысы ел өміріндегі әрбір оқиғаға тереңнен үңілуге және оның себептері мен салдарын біліп отыруға міндеті. Біліп қой, мемлекет басшысы қарамағындағы мұсылмандарының құқықтарымен санасуға міндетті» [26; 378-380]. Мұхаммед Хайдар Дулатидің ел басқаруда тарихи тұлға – басшыға қажетті деп көрсеткен осы шарттары «Мәңгілік Ел» болуға апаратын әдістердің бірі деуге болады.

Себебі ғұлама тарихшының «Мәңгілік Ел» болып қалуға арналған ой-пікірлері бүгінде ел басқаруда жүрген тұлғалардың теориялық-методологиялық ұстанымы және күнделікті өмірде пайдаланатын әдістемелік нұсқаулық сипатқа ие, зор мәні бар шығарма.

XV-XVIII ғғ. басында ұлттық элитаның қалыптасуы, өсуі мен қызметі табиғи-тарихи негізде жүрді. Сұлтан-төрелер мен би-батырларға, жырауларға тиесілі құқықтар мен өкілетті міндеттер «Қасым ханның қасқа жолымен», «Есім ханның ескі жолымен», «Жеті Жарғымен» реттеліп отырды. Алайда, осы Ұлы дала еліндегі әділ төре ел басқарған, аға жігіт қол басқарған, шешен адам сөз бастаған табиғи тарихи үрдіс Ресей империясының жүргізген отаршылдық саясатының нәтижесінде түбегейлі өзгеріске ұшырады. Қазақ даласындағы табиғи-тарихи даму динамикасының бұзылуы, ел ішіне ірікті салған отаршылдықтың салдарынан күшейе түсті.

Отаршылдыққа дейін де дәстүрлі қазақ қоғамында қақтығыстар болып тұрған. Оны Марғасқа жырау мұрасынан көруге болады:

*Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың,
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есігінде келіп тұр,
Алғалы тұр жаныңды,
Шапқалы тұр қаныңды!, -*

деген жолдардан көруге болады [27; 56]. Мұндай талас-тартыстар қоғамға зиян келтіргенде ұлттық дәстүрлі элита өкілдері, тұғырлы тұлғалар мәселені шешуде елеулі рөл атқарған.

XV ғасырда қазақ халқының мемлекеттігін құрған Керей, Жәнібек сұлтандар өз заманының ойшылдары Асан мен Қазтуған жырауды ғана емес, олардан алдындағы даналардың мұрасына сүйеніп, ел басқарды. Осы екі тұлғамен бірге ел қамын ойлайтын басқа да тұлғалар тарих сахнасына шықты. Сонымен бірге жыраулар, сал-серілер, ақындар, билер, батырлармен бірге әлеуметтік-кәсіби топтарға бөлінген ұлттық элитаның жаңа тобы қалыптасты. Қазақ қоғамындағы тәуелсіздігінен айырылғанға дейінгі уақыттағы осы элитаны тарихшылар ұлттық дәстүрлі элита деп атаған дұрыс дейді [28].

Қазақ даласында мемлекеттік билік басшылары «ақсүйек» деп атанды. XV-XVIII ғғ. саяси элитаның қатарынан төре-сұлтандар, билер, қиын-қыстау кезеңде батырлар да орын алған. Элитаның осынау тобын «жақсылар», «хан ием, сұлтан ием», «ел иесі» деген атау-түсініктермен ерекше бөліп айтқан. Осының өзі ел тағдырындағы олардың орнының жоғары болғандығын көрсетеді.

Асан қайғы: «Жақсыларға айтпаған, асыл шырын сөз ғаріп» десе [27; 25], Доспамбет жырау: «Кет Бұғадай билерден кеңес сұрар күн қайда» деп кешегі мен бүгінгі арасын жалғастыруға ұмтылады [27; 33]. Ақтамберді жыраудың: «Білімді туған жақсылар аз да болса көппен тең... Білімді туған жақсыға залал қылмас мың қарға» деген – тұжырымы тұлғалардың орнын анықтайды [27; 65-66].

Қазақ зиялысы қашан пайда болып, қалай қалыптасты? Ол кешегі дәстүрлі қоғам перзенті ме, жоқ, әлде отарлаумен келген құбылыс па? Қазіргі әлемдік тарих ғылымында, қазақ жерінде ертедегі сақтардан бастап, ежелгі түркі халықтары мекендеген замандардың өзінде-ақ тегі бір этностардың жақындасу үрдісі болғандығы дәлелденген. Солардың заңды мұрагері – бүгінгі қазақ халқы. Орхон-Енисей жазуларынан қағандарды, тархандар мен бектерді «білгіш кісілер», «алып, батыл кісілер», әскербасылар мен қол бастаған батырларды «соғыс иесі, әскер иесі» деп атаған. Бұдан басқа, «хабаршы, көргіш, тілді» деген ұғымдар кездеседі. Яғни, сол заманда тарихи тұлғалардың қоғамда өзінің ерекше орны болғандығын дәлелдейді. Ал ортағасырлық Қазақстанда әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Мұхаммед Хайдар Дулати ғұламалар, Керей мен Жәнібек тәрізді батырлар - нағыз тарихи тұлға ретінде қазақ халқының қалыптасуында үлкен рөл атқарғаны даусыз. Мұндай қорытынды Шалкиіз жыраудың жырларында кездеседі:

*Ғадыл төре ел бастар,
Батыр жігіт жау бастар,
Аға жігіт қол бастар,
Шешен адам сөз бастар* [27; 49].

Осы жырдың әр жолында тарихи тұлғалардың әлеуметтік-кәсіби топтары айқын көрініп тұр.

Саяси элитасы бар қоғамда халықтың белсендігі артады. Ол туралы Жиенбет жырау:

*Көруші едім, Есім хан,
Ханымды күнім, сізді айымдай,
Сырым саған түзу-ді,
Садаққа салған бұлыңдай,
Жұмыскерің мен едім,
Сатып алған құлыңдай.
Жүруші едім араңда...* [27; 53].

Ал, Бұқар жырау ондай ойды былайша қорытады:

... *Тоғызыншы тілек тілеңіз,*

Төреңіз тақтан таймасқа...

Жаулаған ханын қара оңбас,

Хан қисайса, бәрі оңбас... [29; 80].

XIX ғасырда бұрынғы қазақ саяси элитасы биліктен біржолата айрылды. Тарихи тұлғалардың қалыптасып дамуындағы өзгерістердің басталуы бұл мәселедегі жаңа кезеңін көрсетеді. Оны Мұрат Мөнкеұлының сөзімен сипаттауға болады: «Аузы басын түк басқан, ащы суға үйренген, ұрпақ келе ма деп қорқамын» [30; 49].

Енді олардың орнына патша үкіметі дайындаған шенеунік қазақтар ресми қызмет атқара бастады. Олар империялық заңдар аясында халқына білімімен, беделімен, ресми өкілеттігімен қызмет көрсетті. Бірақ ұлттық саяси элитаның негізгі міндеті - елдің азаттығы мен тұтастығын сақтап қалу олар үшін қиын болды. Себебі олардың қоғамдағы қызметі патша үкіметі тарапынан қатаң бақылауда болды. Олар жергілікті басқарушылардың, патша үкіметінің берген нұсқауларын ғана орындауға міндетті болды. Әрине, бұл жағдай ұлттың рухани тұтастығын сақтап қалуды қиындатты. Соған қарамастан, халық арасынан шыққан шығармашылық элита ата-бабадан жеткен рухани мұраны сақтап, халықтың рухын көтеруге ұмтылды. Олар Құрманғазы, Тәттімбет, Ақан, Біржан, Абай тағы басқалар еді.

XIX ғ. аяғы - XX ғ. басында әлемдегі түбегейлі өзгерістер және қазақ қоғамының капиталистік қатынастарға енуімен байланысты ұлттық элитаның жаңа топтары өсіп шықты. Ұстанған саяси позициясы, әлеуметтік-таптық бағдары жағынан бұлар әртүрлі болды. Оларды былайша топтастыруға болады:

- діни-конфессионалды құндылықтар жақтаған консервативті ұлттық элита;
- большевизм жағына шыққан революцияшыл ұлттық элита;
- Алаш қозғалысын ұйымдастырған прогрессивтік демократиялық элита;
- тұтас Түркістан идеясын насихаттаған түркішіл ұлттық элита.

Олардың ұстанымдары мен құндылықтары әр түрлі болғанмен, бәрінің көздеген түпкі мақсаты қазақ халқының азаттығы болды. Сондықтан да олар ұлттың саяси-азаттық элитасы болып саналады. Халықтың өзі оларды «оқығандар», «зиялылар» деп құрметтеп атады. Солай бола тұрса да оқығандар мен зиялылардың барлығы элита бола алмағандығы туралы пікірлер көптеген тарихшылар еңбектерінде кездеседі.

Кез келген адамның тұлға ретінде қалыптасып, ізгілік жолында еңбек етіп, тағылымды ғұмыр кешуіне оның өмір жолында кездескен адамдардың айтарлықтай ықпалы бар. Бұл туралы хакім Абайдың «Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына оның ата-анасы, достары һәм ұстазы әсер етеді. Егер біреуі дұрыс болмаса, тәрбиесі шала болады», деген тағылымды сөзі бар.

Абай дүниетанымының қалыптасуында шығыстық рухани қазына үлкен рөл атқарған. Соның бірі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы жуанмәрттілік ілімі. Жуанмәрттілік ілімінің негізінде Ж. Баласағұн әділет, дәулет (қайрат), ақыл, рахым (қанағат) деген ұғымдарды алады. Осы ілімге Абай шешуші мән беріп, сол дәстүрді жалғастырған. Оны Абай «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінде былай айтады:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шафқат (рахым) кімде бар,

Сол жарасар туғанға... [31; 157].

«Құтты біліктегі» ой мен Абайдың осы өлеңдеріндегі негізгі кейіпкер – ол адам, тұлға. Сонымен қатар әл-Фарабидің парасатты адам туралы идеясы, Жүсіп Баласағұнның жуанмәрттілік пікірі және Қожа Ахмет Яссауидің кемел адам туралы танымы Абайдың шығармаларында сабақтастығын тапқан. Біздің пікірімізше, нағыз тұлға – Абайдың толық адам ілімінде анық көрінеді. Оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адамның бойында қалыптасатын мінез-құлықтың ең басты сипатына жауап береді:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой... [31; 149].

Бұл өлеңінде Абай адамды аздыратын жанның зиянды қылықтарын көрсетеді. Осы ойын ол «Он жетінші қара сөзінде» жалғастыра келе, адамның бойындағы қайраты, ақылы, жүрегі бірге адалдыққа бағытталғанда ғана, адам нағыз толық адам. Біздің ойымызша, бұл нағыз тұлға.

Абай шығармаларында нағыз тұлға – рухани бай, сенімді бағыт-бағдар ұстаған, адамшылық қасиеті жоғары жан. Ақынның ойынша, толық адам болу үшін, қоғамда ғасырлар бойы ата-бабалар ұстанған озық тұрмыстық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ізгілік-кісілік негізінде тәрбие жұмысы жүру керек.

«Единица нөлсіз-ақ, өзі басымдық болар сол. Единица кеткенде, не болады өңкей нөл» [31; 149]. Бұл арада Абайдың «единица» деп тұрғаны – жеке тұлға. Сонымен тұлғатану теориясының негізіне Абайдың «отыз сегізінші қара сөзіндегі» келтіретін жуанмәрттілік ілімі және Абайдың жеке адамды жамандықтан арылтатын толық адам ілімін алуға болады. Абайдың еңбектерінде жиі кездесетін «пенде, адам, жарым адам, толық адам, суық ақыл, нұрлы ақыл» деп аталатын мағынасы терең термин – ұғымдардың бәрі толық адам ілімімен ұштасып жататындықтан, оның да мағынасын ескерген дұрыс.

Ұлы Абайдың тұлғаға байланысты тұжырымдамаларын Алаш зиялылары толықтырған.

Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы» деген мақаласында оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін ұлттық зиялы қатарына қоса беруге болмайды дейді. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Оқыған жастар халықты ұлт деңгейіне көтеру үшін халық бұқарасын біріктіріп, олардың санасын біртұтас саяси-әлеуметтік санаға жеткізуде үлкен міндет атқаруы керек. Мұстафа Шоқай дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси-әлеуметтік халық бұқарасының бірлігі ешқашан болған емес деп көрсетеді [32; 174-179] және мақаласында батыс тәрбиесін алған зиялыларының өз халқына өгей болуынан сақтандырады. Батыс тәрбиесі жастарымызды жан дүниесіне сіңген шығыс зердесінен айырады деп қауіптенеді. Батыс тәрбиесін алған жастар басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен бірлестіре алмайды дей келе, орыс халқының бір өкілінің мына пікірін жазады: «... осы бір бұратана өкілі көз талдырар биікке көтерілгеннен кейін, кенет өз халқының тағдыры хақында үрейленіп, іркіліп қалуы, өз халқына жат адамға айналып қалудан қорыққаны оның өзін-өзі қорғау түйсігінің әсерінен болғанын көрсетеді», - деп Шоқан Уәлихановтың өз халқынан алыстай бастағанын мысалға келтіреді [32; 174-179].

М. Шоқай Ш. Уәлихановтың трагедиясын «Батысшылдығы» пұшайман жағдайға душар еткен Шоқан трагедиясының қайнар көзі жат адамға айналып қалам деп қорқуында емес, жат адамға айналып қалуында еді» [32; 155]. деп тұжырымдайды. Бұл тұжырымның танымдық маңызы кеңестік қоғамда ескерілмеді. Таптық идеяға иланып, ұлттық құндылықтардан қол үзіп қалған тұлғалар көп болуы - соның дәлелі. Тарихи үдерістегі ұлттық мүдденің іске аспауы осының салдарынан болғаны анық.

Кеңестік кезеңдегі ұлттық интеллигенцияның іс-әрекеттерін М. Шоқай еңбектерінен көруге болады. Ол XX ғ. еуропалық ғылым мен өркениеттерінің жетістігі жағдайында таза ұлттық интеллигенцияның болуы мүмкін емес екендігін мойындайды. Сонымен бірге, оның көзқарасы бойынша еуропалық рухани құндылықтар ұлттық мәдениетке күштеп таңылмауы тиіс. Ол сондықтан да еуропалық мәдениеттің өрісіне тәуелді болған дүбәрә қазақтарды қолдаған жоқ. Мұстафа Шоқай осыған байланысты батыс тәрбиесін алған Шоқанның өмір сабақтарын ұмытпаған дұрыс дей келе, «еліміздің болашақ иесі жастарымыздың көпшілігі ұлттық бағыттың бастауында бола алмай, мәскеулік диктатураның зұлымдығын көріп, өсіп келеді. Соған қарамастан, Түркістан жастарының басым көпшілігінің ұлттық рухы жоғары», - деп ой қорытады. Ал, біздің пікірімізше, Шоқан өз заманында орыс халқының рухымен өз халқын бақытты ету мүмкіндігін іздеген тұлға.

XX ғ. басындағы Ресейде либералдық қозғалыстың басталуы және «Азияның оянуы» қазақ даласындағы зиялылардың рухани оянуына түрткі болды.

Большевизм тұсында биліктегі қазақ саяси элитасының орнына жоғарғы лауазымды басшылар келді. Ең бастысы бұлардың арасындағы айырмашылық үлкен болды. Егер дәстүрлі саяси элита мен XX ғасыр басындағы саяси элита халық мүддесін білдіріп, соған қызмет атқарса, кеңестік саяси-басқарушы ұлт интеллигенциясы тоталитаризмнің кадрлық сұрыптауы мен өктемдігінен қорқып, жақын мен алыстың мәнін түсінуде қателесті. Олар Мәскеудің жетегіндегі бағыныштылар болды. Солай бола тұрсада, бұлардың арасында Смағұл Сәдуақасовтай, Тұрар Рысқұловтай, Нығмет Нұрмақовтай тұлғалар бар еді. Бірақ олар Мәскеудің күшіне қарсы мыңмен жалғыз алысқандай болды. Олардың тұлғалық бейнесі тек бүгінде ғана Отан тарихынан лайықты орнын ала бастады [33].

Тұлғатану теориясын зерделеуде өз заманында қоғамдық-саяси бағыт-бағдары мен таптық позициясы үйлеспеген, бірақ халқы үшін адал қызмет атқарған қазақ зиялылары большевизмнің нағыз түпкі мақсатын кеш түсінгеніндігіне еске алған жөн. Бұл туралы белгілі тарихшы, тұлғатанушы Х. М. Әбжанов былай дейді: «Революция аласапыранында баррикаданың екі жағында тұрған С. Сейфуллин мен М. Жұмабаевтың 1929-1931 жылдардағы репрессиядан кейін, 1931-1933 жылдарғы аштықтан кейін бір-бірін іздеуі, сырт көзден жасырын кездесуі терең жағадан бас шығарып ұйысуға, ұйымдасуға мүмкіндік бар мезгіл өтіп кеткен еді. Өз ырқы өзінен кеткен зиялыларымыздың тағдыры Орталықта қалды» [28; 25].

Кеңестік заманғы ұлттық элитаның қалыптасуы өте күрделі даму жолынан өтті. Ұлт зиялыларының алғашқы тобы отарлық билік жағдайында еуропалық өркениеттің ықпалында болған жағдайда қалыптасты. Сондықтан олардың кейбірі өз халқының мәдени-рухани құндылықтарынан орыс мәдениетін жоғары қойды. Осыған байланысты С. Сәдуақасов Ы. Алтынсариннің тағдырын мысалға алады. Ол «өлерінің алдында өзіне бірде-бір орысты, тіпті достарын да жақындатпауды тапсырады. Осы атеист жаназасын шығаруға 99 молда шақыруды өсиет етеді. Иә, бұл білімді қазақтың бізге мүлдем түсініксіз қасіреті еді» дей келіп, Ш. Уәлихановтың да Алтынсарин тағдырын қайталағандығына тоқталып, Түркістанды бағындырған генерал Черняевтің қосынында офицер болып қызмет істеген өмірінің соңында орыс достарынан бастартып, елеусіз қазақ ауылында дүние салғандығын, ал Ядринцевтің Шоқанның қайғылы өлімі еуропалықтарға қатаң ескерту болды деп жазғанын айтады [34; 351-352]. Элиталық тұлға ретінде танылған Ш. Уәлихановтың қазақ жерін басқару жүйесін жетілдіру туралы ойлары, аға сұлтандық қызметке сайлануға әрекет жасауының билік тарапынан қолдау таппауы көп жайды білдіреді. Осы мәселеге элиталық көзқараспен баға берер болсақ, онда дәстүрлі қоғамның қазіргі заманғы қоғаммен кірігу үдерісінде жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық элита өкілдерінің осындай қасіретті тағдыры тарихтан сабақ алуға үйретеді.

Тұлғатанудың әдіснамалық ұстанымдары тұлғалардың ақиқат болмысын танып білуге және танытуға қызмет жасайды. Айталық, көптеген тұлғалардың қызметі белгілі бір адамдар тобының, таптың, партияның

мүддесін іске асыруға арналды. Міне, осыған байланысты, «жеке тұлға кімдердің мүддесін, неге олардың мүддесін және қандай тәсілдермен қорғады?» деген сұраққа жауапты сол замандағы тарихтың үрдісінен іздеу керек. Осындай жағдай кейбір зерттеулерде тыс қалып, тарихи тұлғаның есімі аталып, біржақты зерттеледі. Сонымен қатар кейбір ұлт зиялыларының бойында болатын жағымсыз қылықтар мен заңдылықтар, рушылдық, атаққұмарлық, таққұмарлық, ымырашылдық қасиеттері бар болғандығы ескерілмей қалады.

Тарихта кейбір тұлғалар бір идеяның, бір қоғамдық-саяси құрылыстың жолымен ғана жүрмеген. Осы жағынан алғанда тұлға туралы еңбек жазу қиындай түседі. Сондықтан қоғамдық ғылымдардағы қарама-қайшылық теориясы да тұлғатанулық зерттеулердің ұстанымдары болуы керек.

Қазіргі Қазақстан тарих ғылымында тұлғаны зерттеуге арналған бірнеше ғылыми орталықтар бар. Тарихи тұлғатануда ғалымдар әлемдік лидерлер, дәстүрлі элита, алаштық элита, партиялық-мемлекеттік номенклатура және қазіргі саяси элита деп жіктеп, оларды зерттеу үшін гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Сондықтан да тұлғаларды зерттеуде ұсынған тұжырымдары әртүрлі. Мысалы, кеңестік тарихнамада саяси элитаның қызметі коммунистік идеяға берілгендігі, интернационалдық құндылықтарға адалдығы сияқты өлшемдер тұрғысынан сипатталады. Соның нәтижесінде 1990-жылдардың басына дейінгі тарихнамада тарихи тұлға «жақсы» мен «жаман» деген ұстаныммен зерделенді.

Жазба деректер мен ауызша тарихнамадан қазақ қоғамындағы өмір сүрген хандардың, сұлтан-төрелердің, билердің, батырлар мен әскербасылардың, жыраулар мен сал-серілердің бүгінге жеткен шығармаларынан олардың өз заманындағы тұлғалық қасиетін көреміз. Олар мемлекеттің күш-қуаты болған. Сондықтан ежелгі түркі өркениеті қазақ мәдениеті мен зиялыларының қалыптасуына негіз болды. Осы үрдістің сабақтастығының нәтижесінде қазақ хандығы тұсында қалыптасқан дәстүрлі саяси элита пайда болды.

XX ғ. басындағы зиялылардың тағдыры туралы зерттеу барысында мына мәселені есте ұстаған жөн. Мысалы, ұлттық буржуазияның байлығы мен қолдануына қазақ зиялылары ие болған жоқ. Ал XX ғ. басында қазақ оқығандарының арасында бірлік болмады. Ұлттық буржуазияның қалыптасуы кеш жүрді. Ал кейбір батыс елдерінің зиялылары ұлттық буржуазиясының қолдауының нәтижесінде өз халықтарының көшбастаушысы дәрежесіне көтеріліп, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялай алды. Міне, осы тарихи фактіні методологиялық тұрғыдан арнайы зерттегенде тұлғалардың тарихи рөлін ашуға мүмкіндік береді.

Осындай тұжырымды XX ғ.басында ақын С.Торайғыров айтады:

*Дулатов, Байтурсынов; Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,*

*Бірі күн, бірі шолтан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек май [35; 147].*

XX ғ. басындағы сол саяси элита – қазақтың арыстары қуғын-сүргінге ұшыраған соң елдің рухы құлдырады. Оның үстінде саяси элита көппартиялы қоғамда, демократиялық құндылықтарға сүйенген, заңы әділ ортада ғана қалыптасатынын ескерсек, кеңестік замандағы қазақ зиялыларының «қателіктерін» түсінуге болады және олар туралы еңбек жазғанда осыны дәлелдейтін әдіснама керек. Тоталитарлық жүйенің қыспағына шыдай жүріп нағыз ұлтжандылар биік саяси элита дәрежесіне көтерілді.

XX ғ. ортасындағы қазақ зиялыларының тарихы мен тағдырын зерттеу барысында «интеллигенция», «зиялылар», «мамандар» деген ұғым-терминдердің мән-мағынасына қатысты методологиялық тұжырымның мәні мынада.

«Интеллигенция дегеніміз – ой еңбегімен кәсіби түрде айналысушы адамдар қауымы. Біздің ойымызша, интеллигенция әлеуметтік қауым ретінде зиялылардан (интеллектуал) және мамандардан тұрады. Зиялылар деп интеллектуалдық ізденісі арқылы таным мен тәжірибенің жаңа көк жиегін ашқандарды атасақ, мамандарға әртүрлі деңгейдегі ой еңбегі міндетін терең ізденусіз-ақ, кезінде алған кәсіби білімі ауқымында атқарушыларды жатқызуға болады» [36; 178-180]. Аз ғана қазақ зиялыларының қызметі өз халқын әлемге таныта білді. Мысалы, Әлмұхан Ермеков, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Евней Бөкетов тәрізді тұлғалар болды. Олардың әрқайсысы, Мұхтар Әуезов айтқандай, «бір өзі бүтін - бір мекеме». Оның осы айтқаны ғылымдағы тұлғатану бағытындағы теорияның негізі бола алады деп санаймыз.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (2017 ж.), «Ұлы даланың жеті қыры» (2018 ж.) мақалаларында халықтың санасында тарихи үрдістер тұлғаның есімімен айқындалып сақталады деген ойы тұлғалар туралы теорияны толықтыратын идеялар.

Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздіктен ұлттық интеллигенцияның Отан алдындағы миссиясын орындаудың жаңа кезеңі басталды.

Бүгінде саяси элитаның жаңа буыны қалыптасып келеді. Олардың басты ұстанымы рухани құндылықтарды қадірлеу, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын тұлғауы болуы керек.

Алдыңғы қатарлы саяси элитаның үлгі-өнегесі, ой-пікірі, өмір салты қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына әсер етеді. XX ғасыр басындағы саяси-азаттық элитаның қызметіне таптық-идеологиялық келіспеушілік қазақ қоғамының ұлттық бірегейлігіне кедергі болды. Бүгінгі элита да біріге алмай келеді. Оның себебі олардың - бірде шығыстық, бірде батыстық, бірде еуразиялық, бірде америкалық өркениетке басымдық беруінде. Ал нағыз қазақ ұлттық ерекшелігін сақтайтын, қазақ өркениетін жетілдіруге шақырған элитаның халық алдындағы беделі төмен. Тұлғатану бағытындағы ғылыми еңбектерді жазу барысында осындай субъективтік факторлардың да орнын

дұрыс бағалау керек. Ел тағдырына шешуші әсері бар элитаны қалыптастыру қоғамдағы басты міндеттің бірі. Олардың саяси элитасы дәрежесіне жетуі Қазақстанның жан-жақты дамуына үлкен ықпал етері сөзсіз. Сондықтан да отандық гуманитарлық ғылымда осы мәселеге көңіл аударыла бастады.

Қазақстандық ғалым Р.Б. Әбсаттаровтың еңбегінде элитаның бірнеше түрі бөліп көрсетіліп, ерекше түрде «саяси элита» ұғымы арнайы қарастырылған. Олар қоғамды басқаратын, стратегиялық маңызды шешімдер қабылдайтын және оларды жүзеге асыруда мемлекеттік билік ресурстарын пайдаланатын тұлға деп көрсетеді [37; 254-269].

Сонымен, интеллигенция қоғамдық-экономикалық дамудың жемісі. Интеллигенция – әлеуметтік құрылымның бір мүшесі, халықтың рухани мәдениетін құрушы және оны сақтаушы. Сондықтан тарих сахнасына шыққан халық интеллигенциясыз болмайды. Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде халықтың, мемлекеттің тағдыры көбінесе басқарушы, әскери, дипломатиялық және басқа интеллигенция топтарының іс-әрекетіне байланысты шешіледі. Яғни, жасампаздық әлеуеті мол интеллигенциясы жоқ халық тарих сахнасынан түсіп қалады немесе мәңгүрттікке ұшырайды.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы отандық тарихымыздың, тарихнама ғылымының дамуына мол мүмкіндік берді. Соның ішінде зиялылар, интеллигенция, тарихи тұлға туралы концепция мәселесі жаңаша зерделене бастады. Атақты тарихшы, академик Манаш Қозыбаев интеллигенция - тұлғалар жайлы көптеген еңбектер жазды. Солардың ішінде «Өркениет және ұлт» деген еңбегінде «еліне елеулі, халқына қалаулы жандар» зиялылар ел жұртына қызмет етуді бақыт санайтын «ұлттың ұяты мен мияты» болып табылады дейді [38; 238].

Отанжандылық, ұлтжандылық - ұлтшылдық емес. Ұлтын сүю, оған табыну ғана емес, ұлтына еңбек ету дей келе, автор тәуелсіздік алған замандағы ұлтжандылықтың бірнеше түрінің байқалатындығын көрсетеді. Олар:

1. Ұлтжандылықты сөзбен емес, іспен дәлелдеп жүргендер.
2. Ұлтжандылықты сөз жүзінде көйітіп, іс жүзінде Отан мерейін, тәуелсіздік қасиетін түсіріп жүргендер.
3. Ұлтжанды либералдар - отандық кәсіпшілер, отандық капитал, мұнын мұндап, шетелдік капиталға, «жаңа отаршылдыққа» наразылар.
4. Солшыл-патриоттық күштер. Олардың идеалы -әлеуметтік әділеттілік.

Бұл күштің негізі - кедейленген халық, әлеуметтік әділетті күштеп болса да тездетуге тырысушы оппозициядағылар жұмыссыз қалған, болашақтан үмітін үзген люмпендер. Олар Отан мүддесін әлеуметтік санадан гөрі, құлқын, тамақ, күнкөріс арқылы түсінетіндер. Сонымен қатар ол интеллигенция туралы да ой қорытады. Оның пікірінше, «интеллигенция - қоғамның айнасы, әр таптың көзқарасы оған әсер етпей қоймайды. Әсіресе ол билік жүйесіндегі зиялы тұлғалардың іс-әрекетінен байқалады, олар белгілі бір таптың мүддесін қорғайды, соның қорғаны болып бой көрсетеді», - дей

келе, М.Қ. Қозыбаев «зиялы қауым кім?» деген сауал қоя отырып, оған өзі былай жауап береді:

«интеллигенция - ұлттың ұйытқысы, қамқоршы қорғаны;
интеллигенция - ұлттың тірегі, рухани білегі;
интеллигенция - ұлттың шам-шырағы, қайнар бұлағы;
интеллигенция - ұлттың ой-арманының биігі, асылдар иығы;
интеллигенция - ұлттың жасампаз батыры қиын қыстаудағы жанашыр жақыны;
интеллигенция - ұлттың сарқылмас қоры;
интеллигенция - ұлттың бір қанаты, әлем таныр санаты;
интеллигенция - ұлттың айбыны, әлемдік кеңістікке жүзер айдыны», - деп тұжырым жасайды [38; 236].

Батыс ойшылдары мен ғалымдарының идеяларын тұлғаның ұлттық ерекшелік тұрғысынан сипаттай отырып, тұлғатану теориясын толықтыратын қазақстандық ғалымдардың еңбектері ХХ ғ. 90-жылдарында зиялы қауым өкілдерінің тарихын теориялық-методологиялық жағынан зерттеген еңбектер жарық көре бастады.

Бүгінгі тұлғатану ғылымының барлығына ортақ тұжырымдар бар:

- тұлға дегеніміз - өзінің өмір жолын белгілей алатын, қайталанбас даралық ерекшелігін білетін субъект. Белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды-көпті білімі, өмірлік тәжірибесі, дүние танымы мен сенімі бар адамды тұлға деп атайды;

- тұлғалық белгілер теориясы негізінде «тұлғаның ерекшелік белгілері» деген ғылыми анықталған термин қолданылатын болды;

- тұлғаның ұстанымы оның мүдделері, бейімдері, мұраттары арқылы адамның дүние танымы анықталады;

- саяси-азаттық элитаның тарих сахнасына шығуымен жергілікті басқарушы элитаның да, шығармашылық элитаның да қоғамдағы орны мен әлеуметтік практикасына өзгерістер болды.

Қазақ элитасының тарихына арналған Х.М. Әбжановтың еңбегіндегі элитаның қалыптасу кезеңі былайша жүйеленген: «Жергілікті басқарушы элита қауымы енді негізінен екі лагерьге жіктеліп, бірі ресми отарлық жүйенің іс-әрекетін қолдауымен тарих алдындағы өз үкімін өзі шығарды. Екіншісі саяси-азаттық элитаның жанына жақын санаған тобына қосылып, 1917 жылдың ақпаны мен қазанында басты таңдауын жасады. Ал шығармашылық элита романтизм, сыншыл реализм, діншіл мазмұн мен бағыттағы кейде саналы, кейде стихиялы түрде қай саяси-азаттық тобын қолдайтындарын білдіріп тұрды. Ғасырлар тоғысындағы толқу мен интеллектуалдық ізденістер Шәкәрім қажының, Сұлтанмахмұттың, Бейімбеттің туындыларында анық көрінді. Осылайша, ұлттық мемлекеті мен идеологиясы, біртұтас ақпараттық кеңістігі мен байланыс жүйесі жоқ ортада да барша элитаның алдыңғысы болып саяси элита қала беретіні тағы дәлелденді. 1905 - 1907 жж. бірінші буржуазиялық революция жылдарында, 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысында, 1917 ж. қос революция тұсында халық

жергілікті басқарушы немесе шығармашылық элитаның соңынан емес, негізінен саяси-азаттық элита топтарының соңынан ерді. 1916 ж. көтерілісте жер-жерде хан сайлауының өткені, ондаған хандардың пайда болуы тарихи дәстүрдің жалғасының дәлелі болып табылады» [28; 52-53].

Қазақ тарихында саяси элитаның айырмашылықтары бар:

- біріншіден, Қазақ хандығы кезіндегі элита елдің нығаюы мен қауіпсіздігі үшін күресті;

- екіншіден, отаршылдыққа түскен күннен бастап қазақ зиялылары ел мен жердің аман сақтап қалуының жолын іздеді.

Ал XX ғ. басындағы саяси-азаттық элитасы - Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқайлар - әлемдік өркениеттен артта қалған қазақты оятып, өркениетке шақырды. Бірақ оларға әлемнің ірі мемлекеттері өздерінің «Үлкен ойын» саясатына қажетті құрал ретінде қарап, соңында олардың тарих сахнасынан кетуіне өз үлестерін қосты.

1917 ж. қазаннан 1991 ж. желтоқсан айына дейінгі аралық ұлттық элитаның мың өліп, мың тірілген кезеңі. Оларды большевизм өздерінің жалған ұрандарына сендірді. Алайда, олардың социализм идеясын қабылдаған-қабылдамағанына қарамастан, қуғын-сүргінге ұшыратты.

Тұлғатану теориясында осындай саяси іс-әрекеттердің маңыздылығын ескере отырып, кеңестік дәуірдегі тұлғаларға баға беруде объективті болу керек. Сондықтан тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін бағалау және олардың тарихи үрдістердегі іс-әрекетін зерттеуде ұлттық мүдде қаншалықты қорғағанын бағалау өзекті болып саналады.

Себебі тарихи тұлға, ұлттық элита тағылымы, оның құрылымы өте күрделі болды. Сонымен қатар, оларда бірін-бірі қайталамайтын, әрқайсы айрықша құбылыс болатын тұлғалар екендігін ескеру маңызды. Яғни, ерен еңбегімен ұлтынның өсуіне елеулі үлес қосқан кісі, Шәкәрім қажы айтқандай, «ең жақсы адам» деген пікірі тұлғатану теориясының негізі болады.

Қазіргі отандық тарихтың тұлғатану бағытында ұстанатын тұжырым мемлекеттік мүдде тұрғысынан тұлғаның ұлттың тұтастануына, ұлттың рухын көтеруге, ұлтжандылық пен отансүйгіштік идеяны насихаттауға қосқан үлесін көрсететін өлшемдер тұрғысынан жазылу керек. Жекелеген тұлғалардың қызметін бағалауда еліміздің тарихындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарда олардың қосқан үлесіне объективті тұрғыдан бағалау. Осы ұстаным тұлғатанудың объективтік өлшемдерін қалыптастырып, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды тұлғаландыруға қатысты ғылыми тұжырымдамаларды күшейтті. Соған сәйкес қазіргі тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық дамуындағы «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағытында тұлғатану ғылымында жаңа теориялық-әдіснамалық негізге сүйеген еңбектер жарық көруде. Міне, тұлғатанудағы ұлттық мүдденің мәнісі осы.

Тарихтан тағылым алумен адамдар өзін де, өзгені де таниды. Адамның пайда болуы жайлы Шәкәрім қажы 1912 жылы «Айқап» журналында қойған

бес сұрағының бірі - «Ең жақсы адам не қылған кісі?». Дәстүрлі қазақ қоғамында жақсы адам – ол адал, шыншыл, ала жіпті аттамайтын иманды, обал мен сауапты білетін жан. Сондай қасиеті бар жандардың тұлғалық қасиетін көрсеткен еңбектер жазған Ұлы дала елінің ойшылдары - Рашид-ад-дин, Захираддин Бабыр, Дулат Мұхаммед Хайдар, Әбілғазы Баһадүр-хан, Ұлықбек, Жалайыр Қадырғали би, Өтеміс қажы, Шәкәрім қажы, Құрбанғали Халид және XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының өкілдері. Олардың бәрі де жеке тұлғалар өмірі арқылы тарихты зерделеп, әр қоғам дамуының ерекшеліктерін түсіндірген [39; 3].

Тұлғатану теориясын зерделеген кезде қазақ шежіресін де ескеру керек. Себебі шежірелік зердеде этнос тарихы жеке адамнан тыс қарастырылмайды. Осы қазақ шежіресін таратудың әдістемесін, тұлғатанудағы тарихты танудың қазақи мектебі дейміз. «Мұның өзі тарих ғылымында мойындала бастаған «жаңаша әлеуметтік тарих», «тарихи антропология» деп аталатын соны ізденістермен (әсіресе, француз тарихшыларының арасында) үндес екенін атап өткен жөн» [39; 3].

Тарихымызды объективті тұрғыдан бағалап ол туралы жаңаша жазудың мәселелері өте күрделі. Оның ішінде тарихи тұлға туралы жазу ерекше қиын. Тарихтың қай дәуірінде болмасын, тағдыр анықтағыш позиция адамға, адамдар қауымдастығына, солардың интеллектуалдық қарымы мен әрекетіне байланысты. Тарихтың жолы қайшылықтар мен қиыншылықтарға толы. Осынау қайшылықтар мен қиыншылықтардан алып шығатын адам. Сол қиындықты шешетін адам - тұлға. Соның мысалы өткен тарихтан белгілі Парсы әскерін шөл далада адастырған Шырақ, күй атасы Қорқыт, ғылым іздеген әл-Фараби, елінің азаттық жолын іздеген Махамбет, Кенесары және басқалары халықты соңынан ерте білген көшбасшы тұлғалар. Тұлғатану теориясында танымдық маңызын жоймайтын көшбасшы-тұлғалардың іс-әрекетін өз заман талабына сәйкес зерттеуде әдісін табу өзекті болып қала береді [40; 13].

Қоғамдағы объективті де шынайы сұранысқа жауап берген тұлға ретінде ресми ұлықталмаған, солардың артында қалған мұрасымен танысқан сан ұрпақ өз санасын байытты, қиялына қанат бітірді, тіпті бүгінгі таңда да қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ісіне қызмет етіп тұр. Осы тұрғыдан алғанда тұлғаның тұлғаға лайық миссияны орындауы объективті және субъективті заңдылыққа қалай байлаулы болса, кездейсоқ және стихиялы факторларға да соншалықты қатысы бар екендігі де методологиялық мәселе. Мысалы, 1937 ж. сталиндік «үлкен террордан» Мұхтар Әуезовтің аман-сау қалғаны - нағыз кездейсоқтық. Алаш зиялыларының өкілдері мен жас коммунист қазақтарға қарсы сыртқы күштердің арнайы ұйымдастырған істері оларды өліміне себепші болды. Сондықтан да тұлғатану теориясында мемлекеттік саясаттың шешуші фактор екенін есте сақтау керек. Әсіресе бұл мәселеде кеңестік тоталитарлық жүйенің ерекше рөл атқарғанын тұлғалар туралы еңбек жазғанда ерекше көңіл аударып, сараптап, талдау қажет.

Тұлға - нақты этностың, халықтың, ұлттың өкілі. Тұлға тұғырының биік әрі көрнекі өлшемі халқының санымен, оның халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттағы бәсекеге қабілеттілігімен, азат немесе отар күй кешуімен анықталатыны тарихта дәлелденген. Саны көп халықтан ғана емес, аз халықтан да әлемдік өркениетке өз үлесін қосатын тұлға шығады.

Тұлғалар өмірінде қателіктер де болады. Бірақ ұлты үшін адал еңбегі барысындағы кемшіліктеріне қазақ қоғамында әрқашан кешіріммен қараған. Халық даналығының «алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» дегені соған дәлел. Тарих адал тұлғаларын жаңсақ басқанына қарамай-ақ өзі-ақ оларды ақтап алады.

Сондықтан тұлғатануға қатысты ой-тұжырымдарымыз бүгінде ғана дұрыстала бастады. Бұған негіз болған бірнеше себеп бар.

Бірінші. Елбасы Н. Назарбаевтың тәуелсіз жас мемлекетті құрған практикалық және теориялық жаңашылдығы еліміздің әрбір азаматының тағдырын анықтап беруі.

Екінші. Әлемдік саяси картада тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің орнының анықталуы және Қазақстан Республикасын дүние жүзі елдерінің тануы.

Үшінші. Алаш зиялыларының ақталуы және олардың мұрасының танылуы, Алаш тағылымынан сабақ алу.

Төртінші. Болашағымызға бағдар беретін рухани құндылықтарымызды қайта жаңғырту, Ұлы дала елінің жеті қырының қасиетін түсіну.

Бүгінде тұлғатану ғылымы арқылы тарихтағы жеңістер мен жеңілістердің себеп-салдарын білуге болады. Онда халықтың даналығы, тарихтың сабағы, қоғамның болмыс-бітімі, уақыт пен кеңістіктегі мәңгі қозғалыстың ізі, идея мен нәтижедегі даму тәжірибесі жатыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Қазақстан Совет Энциклопедиясы. Бас редакторы М.Қ. Қаратаев. – Алматы: Қазақстан Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1977. – 632 бет

2 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6-шы том / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 696 бет.

* *Провиденциализм – әлемдік оқиғаларды, тарихты, адам әрекетін құдай басқарады деген көзқарастар жүйесі (ортағасырлық гносеологиялық принцип)*

3 Гринин Л.Е. Роль личности в истории: история и теория вопроса / [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/lektsiya-rol-lichnosti-v-istorii-istoriya-i-teoriya-voprosa> [17.08.20].

4 Арон Р. Этапы развития социологической мысли. М.: Прогресс, 1993. - 506 с.

5 Гринин Л.Е. Личность в истории: современные подходы // История и современность. - 2011. - № 1.

6 Макиавелли Н. Государь / пер. с ит. Г.Д. Муравьевой. - М.: Эксмо, 2014. – 224 с. (Запрещенные книги).

**Деизм – әлемді құдай жаратқан, бірақ күнделікті қоғам өмірі мен табиғатқа құдай әсерінің қатысы жоқ дейтін дінишіл философиялық ағым*

7 Гегель Г. В. Ф. Философия истории. Соч. Т. VIII. - М.; Л.: Соцэкгиз, 1935.

8 Карлейль Т. Теперь и прежде. Герои и героическое в истории. - М.: Республика, 1994.

9 Плеханов Г.В. К вопросу о роли личности в истории. Избранные философские произведения: [в 5 т.] - Т. 2. - М.: Гос. изд-во полит. лит-ры, 1956.

10 Кареев Н. И. Сущность исторического процесса и роль личности в истории. 2-е изд., с изм. СПб.: Типогр. Стасюлевича, 1914.

11 James W. Great Men and Their Environment. Kila, MT: Kessinger Publishing, 2005; Woods, F. A. 1913. The Influence of Monarchs: Steps in a New Science of History. - New York, NY: Macmillan.

12 Лабриола А. Очерки материалистического понимания истории. М.: Наука, 1960.

13 Hook S. The Hero in History. A Study in Limitation and Possibility. - Boston: Beacon Press, 1955.

14 Әлемдік философиялық мұра. Батыс философиясы: оқу құралы. - Алматы: «Жазушы», 2009. – 480 б.

15 Гуцин А.А. Роль личности в истории / [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-lichnosti-v-istorii> [дата обращения: 17.08.20].

** детерминизм - адамның тіршілігі мен іс-әрекетінің бәрі қоғамның тарихи дамуының нақты жағдайларымен байланысты, әрбір құбылыс белгілі себептен туындайды деп қарайды*

16 Гринин Л.Е. Личность в истории: эволюция взглядов / [Электронный режим]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/lichnost-v-istorii-evolyutsiya-vzglyadov> [дата обращения: 17.08.20].

17 Логинова Н.Е. Влияние сильной личности на вариативность развития общества в различные исторические эпохи / [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-silnoy-lichnosti-na-variativnost-razvitiya-obschestva-v-razlichnye-istoricheskie-epohi> [дата обращения: 17.08.20].

18 Nowak L. Class and Individual in the Historical Process. In Brzechczyn, K. (ed.), Idealization XIII: Modeling in History (Poznan Studies in the Philosophy of the Sciences and the Humanities, vol. 97) (pp. 63–84). Amsterdam; New York, NY: Rodopi, 2009.

19 Ашин Г.К. Элитология: история, теория, современность: монография / Г.К. Ашин. Моск. гос. ин-т междунар. отношений (ун-т) МИД России, каф. философии. - М.: МГИМО-Университет, 2010. - 600 с. /

[Электронный ресурс]. - Режим доступа: <file:///C:/Users/%D0%BF%D0%BA/Downloads/elitologiya.pdf> [дата обращения: 11.09.20].

20 Ашин Г.К. Элита: история термина и его применение / [Электронный ресурс]. –Режим доступа: <http://www.elitarium.ru/jelita-ponjatie-termin-pareto-jelitarnyj-vlast-obshhestvo/> [дата обращения: 11.09.20].

21 Бейсенбекова Н.А. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасына арналған әдістемелік нұсқау. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2020.-70 б.

22 Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. - 656 б.

23 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: жоғарғы оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тіл, 1991. - 264 б.

24 Яассауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) Жинақты баспаға әзірл. қазақ. аудар.: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи.- Алматы: «Мұраттас» ғылыми –зерттеу және баспа орталығы, 1993. - 262 б.

25 Баласағұн Жүсіп Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.

26 Мұхаммед Х. Д. Тарихи-и Рашиди. - Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2006.- 616 б.

27 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық / Құрастырғандар. М. Мағауин, М. Байдилдаев. - Алматы: Жазушы, 1989. - 384 бет.

28 Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. - Астана: «Ана тіл - Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС, 2007.- 272 б.

29 Бұқар жырау тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы. - Қарағанды, 2015. – 464 б.

30 Мөңкеұлы М. Үш қиян / [Электрондық ресурс]. Қолжетімді тәртібі: <https://bilim-all.kz/olen/4478-Ush-qiyan> [қаралған күні 7.11.2020].

31 Абай Ибраһим Құнанбайұлы. Шығармаларының 2 томдық жинағы.- Алматы: «Жазушы». -Том 1: Өлеңдері мен аудармалары. – 2016. -296 б.

32 Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. - Алматы: «Қайнар». -Т.1. - 1998. - 512 бет.

33 Бейсенбекова Н.А., Жумашев Р.М. Қазақстан тарихының тарихнамасы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. - 275 бет.

34 Сәдуақасұлы С. 3 томдық шығармалар жинағы. I том. - Астана: «Нұр-Астана», 2013.-360 бет

35 С.Торайғыров екі томдық шығармалар жинағы. - 1-т. - Алматы, 1993. – 250 бет.

36 Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. - Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС, 2003. - 296 б.

37 Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. - Екі томдық. 1-том.-Алматы: Қарасай, 2011. - 422 б.

38 Қозыбаев М. Ұлт және өркениет.-Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.- 369 б.

39 Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы / М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек. – Астана: «KUL TEGIN» баспасы, 2001. - 357 б.

40 Түкі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап: ұжым. моногр. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. - 456 б.

1.2 Нығмет Нұрмақовтың тарихи тұлға болып қалыптасуы

Нығмет Нұрмақұлы 1895 ж. 25-сәуірде Семей облысы Қарқаралы уезі Қу болысында (қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралының Егіндібұлақ жерінде) қарапайым отбасында туған.

Нығмет Нұрмақовтың өміріндегі білім алып, оны жетілдіру кезеңдері келесі белестерден тұрады: - 1906 ж. біржылдық ауылдық мектепте сауат ашқан. Содан кейін 1911 ж. Қарқаралы қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін, 1915 ж. Омбы мұғалімдер семинариясын, 1929 ж. Мәскеудегі БК(б)П ОК жанындағы Коммунистік университетінде оқып, оны 1931 ж. бітірген.

Нығмет Нұрмақов тұлға болып қалыптасуы барысында: 1915-1918 жж. мектеп мұғалімі, Қарқаралы Кеңес хатшысы; 1919-1922 жж. - Қарқаралы уездік революциялық комитетінің және Уездік атқару комитетінің мүшесі, бөлім меңгерушісі, Семей губерниялық әскери революциялық комитетінің мүшесі, басқарма бөлім меңгерушісінің орынбасары, РК(б)П Семей губерниялық комитетінің аз ұлттар бөлімінің меңгерушісі, Семей губерниялық атқару комитеті президиумының мүшесі және хатшысы, 1922 ж. «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторы; 1921-1923 жж. - ҚАКСР Жоғарғы Революция трибуналының төрағасы; 1923 ж. мамырынан 1924 ж. қыркүйегіне дейін ҚАКСР әділет халкомы әрі прокуроры, әрі «Қызыл Қазақстан» журналының редактор, содан кейін БК(б)П Қазөлкеком үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі; 1924 ж. қыркүйегінен қарашасына дейін ҚАКСР Халкомкенесі төрағасының орынбасары; 1924 ж. қарашасынан 1929 ж. сәуіріне дейін Төрағасы; 1931-1937 жж. - Бүкілресейлік ОАК хатшысының орынбасары және Бүкілресейлік ОАК президиумының ұлттар бөлімінің меңгерушісі әрі 1935 ж. есеп-ақпарат бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Соған байланысты Н. Нұрмақовтың өткен өмір жолдарының белестері туралы тарихи деректер мен түрлі зерттеулерге сүйене отырып, оның тұлға болып қалыптасуын шартты түрде бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады: - *1895-1915 жж. – есею жылдары; 1916-1920 жж. – саяси күрес мектебі; 1920-1924 жж. – үлкен бетбұрыс; 1924-1929 жж. – биік тұғырға шығу; 1929-1937 жж. – салтанат және қасірет.*

Біздің пікірімізше Н. Нұрмақовтың тарихи тұлға болып қалыптасуының алғашқы кезеңін *есею жылдары – (1895-1915 жж.)* деп

атауға болады. Осы жылдары ауыл мектебінде сауат ашып, училищеді оқыған Н. Нұрмақов жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ ұлттық буржуазиясының бірі Ақайдың Қасенімен [1] 1913 жылы тілмаш ретінде Омбыдағы Романовтар әулетінің үш жүз жылдығына арналған көрмеге барады. Көрмеде оның орыстың атакты ағартушы демократтары Г.Н. Потанин және А.Н. Сидельниковпен танысуының нәтижесінде оған Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқуға мүмкіндік туған. Талантты баланың оқуына жәрдем берген Ақайдың Қасені болды деген пікір барлық зерттеулерде кездеседі.

Нығмет Нұрмақовтың көзқарасының қалыптасуына 1905-1907 жж. Бірінші орыс буржуазиялық революциясы, атакты Қарқаралы петициясының негізгі талаптары [2; 99-104] және М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» азаттық манифесі үлкен ықпал еткені даусыз. Сондықтан да ол Омбыдағы алғашқы қазақ жастарының рухани-саяси ұйымы «Бірлікте» Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев және басқаларымен қазақ халқының бірлігі, мәдениеті жайлы алғашқы пікірсайыстарға қатысып, тұлғалық қасиеттерге ие бола бастады.

1909 ж. қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі А. Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», үшіншісі М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» публицистикалық-лирикалық жинағы. Көрнекті қоғам қайраткері С. Сейфуллин сол кездегі қоғамдық өмірге баға бере келіп, «Жизнь национальностей» атты басылымға (М., 1920) жарияланған «Қазақ зиялылары хақында» деген мақаласында «Қазақ оқығандарының арасында 1905 ж. бастап-ақ ... революциялық идея, ұлттық тендік пен азаттыққа үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының сол кездегі дем берушілері Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсынов болды», - деп жазған

Н. Нұрмақовтың қызметінің басталуы езілген халықтардың тарих сахнасына шыққан революциялық күрестер мен шайқастар дәуіріне дәлме дәл келеді. Ол алғашқы әділетсіздікті қазақ даласына мыңдаған орыс және украин деревняларынан жер аударылып келген адамдардың қоныстануынан көрді. Сол кездегі жағдайға ол сын көзбен қарай бастаған.

Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан» атты өлеңіне жазған пікірінде Н. Нұрмақов былай дейді: «Сенің «Шолпаныңды» оқып шықтым. Іші толған күйдім-сүйдім екен, анда-санда оқудың пайдасын да айтыпсың. Қай тақырыпқа жазуды айтқанша, Сәкенде ақындық бар ма, соны неге айтпадың. Меніңше, Сәкен ақын, әлгі өлеңдері бәріміздің көңілімізде жүрген ойлар емес пе? Халыққа қызмет етеміз деп жүрміз, ендеше әлеуметке ой салар өлеңнен неге қашпақпыз. Өнер, білім, мәдениеттен артта қалған елге әлгіндей мәні бар өлеңдер көбірек керек. Әйтпесе Мережковскийлерге еліктеп, қайдағы бір ғашық-жардың құшағына еніп, шыға алмай қаларыз. Бізге шындықты ашық айтатын өлеңдер керек. Менің ұсынысым: Сәкеннің өлеңін бастырып шығарайық, одан түсер пайданы «Бірліктің» қазынасына түсірейік». Н. Нұрмақовтың осы пікірінен кейін Сәкен Сейфуллиннің

өлеңдер жинағы басылып шығарылған [3; 154]. Осыдан Н. Нұрмақовтың әдебиетке шынайы сын-пікір жазудың үлгісін көрсеткен алғашқылардың қатарында тұрғанын байқауға болады.

Жас Нығметтің ел тағдырын семинарияда оқып жүрген кезінде-ақ ойлауы оны болашақ мемлекеттік дәрежедегі тұлға болып қалыптасып келе жатқандығын, халық азаттығын армандаған саяси күрестің мәнін түсіне бастаған есею жылдарындағы елеулі оқиға болып саналады.

1915 жылы Н. Нұрмақов Омбы семинариясын үздік бітірген соң, Қарқаралы қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде мұғалім бола жүріп, ауыл балаларына ХХ ғасырдың басында қалыптасып келе жатқан саяси-қоғамдық ахуалды түсіндіріп, санасына рухани ой тастады.

Н. Нұрмақовтың тарихтағы ірі саяси оқиғаларға араласуымен оның өмірі мен қызметіндегі екінші кезеңі басталады. Бұл кезеңге шартты түрде *1916-1920 жж.* аралығы қамтылған, оны алғашқы *саяси күрес мектебіне кірген жылдар* деп атауға болады.

Осы кезде оның тарихи тұлға болып қалыптасуында 1916 ж. патша өкіметінің тыл жұмыстарына 19 - 43 жас арасындағы қазақтарды алуы туралы маусым жарлығынан кейін басталған азаттық қозғалысы үлкен рөл атқарды. Себебі бұл кезде патша үкіметінің қазақ халқынан тартып алған жердің көлемі 45 млн. десятинаға жетті. Сарыарқаның құнарлы жерлері орыс шаруаларына тартып алынып, өлкеде әлеуметтік және ұлттық қанау күшейді. Сондықтан Н. Нұрмақов патша жарлығына қарсы халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ол тыл жұмысына алынып бара жатқан жастармен ынтымақтасып, патша саясатына қарсы күш құру мақсатымен «солармен бірге барамын» деп арыз да береді. Бірақ Н. Нұрмақовтың саяси көзқарасын білетін сол кездегі уезд бастығы оның арызын қабылдамай тастайды. Жергілікті патша шенеуніктері оған қуғын көрсетіп, қыспаққа алған деп жазады Р. Сағымбекұлы [4; 5].

Тарихта 1916 ж. қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі жайлы қазақ зиялылары екі түрлі пікірде болды: бірінші Әлихан Бөкейхан бастаған «Алаш» зиялылары қазақ жастарын майданға жіберуді қолдады [2; 80-81].

Ол туралы Алаш зиялыларының бірі Міржақып Дулатов былай дейді: «Өз өмірімізде басымызға тумаған дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ризалықпен көнгісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, «соғыс», «солдат» деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша үкіметіне сенімі жоқтығы белгілі.

«Көнбе, берме» дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп, «көнбе» дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. Ел бастап жүргендеріміздің күні кімде? Олардың бәріне бірдей сенуге бола ма? Қиын-қыстау жерлерде жан қиысуға шыдай ма? «Балапан басына, тұрымтай тұсына». Жұрттың көбі бас амандап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, көнбеймін десе, қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зиян бар

екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен? Міне, біздің басымызды дан қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді...» [5].

Екінші топ – майданға қазақ жастарын жібермеуді жақтады. Н. Нұрмақов та осы екінші көзқарасты жақтап, халық арасындағы майданға баратындардың тізімін жасауда әділетсіздікке жол бермеуді қолдады. Яғни Н. Нұрмақовтың саяси көзқарасы ұлттық-демократиялық бағытқа бейімделді. Солай бола тұра, екі топқа бөлінген қазақ зиялыларының түпкі мақсаттары ортақ – қазақ халқының азаттығы еді.

1917 ж. Ақпан буржуазиялық демократиялық революциясы жеңіске жетіп, патша өкіметі құлады. Ресейде қос өкімет пайда болды: біріншісі – Уақытша үкімет. Оның басына кадеттер партиясы басқарған буржуазия өкілдері келді. Олардың демократиялық бостандық, ұлттардың өзін-өзі басқаруы тәрізді уәделеріне қазақ зиялылары сеніп, кадеттерге қолдау көрсетті. Екіншісі - жұмысшы-солдат депутаттарының кеңесі. Петроградтағы ақпан оқиғалары туралы хабар тез арада Қазақ даласына да жетті [6; 88]. Ресейдегі осы тарихи оқиға алғашқы қазақтың мерзімді басылымы «Қазақ» газетінде Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларының үндеулерінде жарияланды: «Азаттық таңы атты, тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, бұл күн теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлаған, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе оны артылып, ақырында, Россия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкірлік. Бұл бостаншылық кілтін ашқан өзгелерге сансыз рахмет ... » [7].

Нығмет Нұрмақовқа мұндай ақпараттар рухани азық болды. Елдің элеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларына үлкен мән беріліп жазылған мақалалар мен ақпараттар оның саясатқа ерте араласуына ықпал етті. Сол кездері шыққан «Қазақ», «Тіршілік», «Сарыарқа» газеттері тәрізді мерзімді басылымдар қазақтың өз партиясын, өз үкіметін құру туралы, сонымен қатар қазақ съезін өткізу жайлы жаза бастады. Онда қазақтардың уақытша үкіметті қолдауға, елде демократиялық республика орнатуға қолжеткізу және жаңа, еркін Ресей құрамындағы ұлттық автономия құру үшін күресуге Құрылтай жиналысына дайындалуға шақырды. Уақытша үкімет Ресей империясының Қазақстан сияқты отар аймақтарында кадеттерден, эссерлерден және өзінің саяси бағытын жүзеге асыруға сенімді деп табылған қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясының жекелеген өкілдерінен өлкелік, облыстық және уездік комиссарлар тағайындады. Мысалы, Ә. Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы, М. Тынышбаев Жетісу облысындағы комиссарлары болып тағайындалса, М. Шоқай, А. Бірімжанов,

А. Кенесарин Түркістан өлкесі мен Торғай өңіріндегі Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жауапты қызметтер атқарды. Қазақстанның облыс, уез орталықтарында Уақытша үкіметтің жергілікті атқару, коалициялық және азаматтық комитеттері жүйесі қалыптасты. Олар, негізінен, жергілікті орыс буржуазиясының, кәсіпкерлерінің, банкирлердің өкілдерінен құрылып, кадеттердің, эсерлердің және соларға жақын саяси партиялар мен қозғалыстардың мүшелері еді. 1917 жылғы наурыз айынан құрыла бастаған Қазақ және мұсылман комитеттері Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегіне айналды [6; 102]. Сонымен қатар Қазақстан территориясында Жұмысшы және солдат депутаттарының алғашқы Кеңестері 1917 жылдың наурызда пайда болды [8; 33].

«Еңбекші қазақ» газеті алғашқы комитеттердің құрыла бастағандығы туралы хабарды осы кезде таратып халыққа түсіндіріп жазып тұрды. Аталған комитеттер, көбінесе, жоғарыдан төмен қарай құрылып, одан кейін өз бөлімшелерін жергілікті жерлерде ашады. Семей облысының зиялы қауым өкілдері шұғыл түрде Облыстық қазақ комитетін құрды. 1917 жылы 7 наурызда болған жиында басқарма мүшелері болып Ә. Ермеков, А. Қозыбағаров, С. Дүйсенбин, Ш. Керейбаев, Б. Сәрсенов, М. Малбаев, А. Молдабаев, С. Қияқов, Н. Құлжанов, С. Торайғыров, С. Сабатаев, төрағалыққа Р. Мәрсеков, төраға серіктеріне Х. Ғаббасов, И. Тарабаев, қазынашылыққа А. Молдабаев, хатшылыққа Ә. Ермеков сайланады. Облыстық қазақ комитеті жер жерлерге уездік комитеттер құру үшін өз өкілдерін жібереді [9]. 1917 жылы 20 наурызда Қарқаралыда Уақытша үкіметтің уездік біріккен Атқару комитетін құрылды. Оның құрамына Жақып Ақбаев, Мұқсын Бекметов, Фатих Бекметов, Нарманбет Орманбетов, Нығмет Нұрмақов кірді [10]. Осы комитеттің отырысында Қарқаралы өңірінде советтер құру жайлы мәселе қаралып, онда былай делінген: «Біз Қарқаралы уезі қырғыздарының, қазақтарының, өкілдері қазіргі қалыптасқан жағдайдың күрделігіне, қырғыздар үшін заң жобасын әзірлеу қажеттігіне байланысты жергілікті және облыстық комитеттермен байланыс жасау үшін қаулы етеміз:

1. Қарқаралы уездік қырғыз-қазақ комитеті құрылсын.
2. Семей облыстық қырғыз комитетінің олар жасаған жарғыны жіберу сұралсын.
3. Комитет мүшелігіне ұлтына, дініне және нәсіліне қарамастан, барлық адам қабылдансын.
4. Мүшелік жарна бес сомнан кем болмасын.
5. Комитеттің құрылғаны туралы уез халқы құлақтандырылсын.
6. Қырғыз комитеті құрылғаны туралы қаулының көшірмесі танысу үшін Қарқаралы қалалық басқармасына жіберілсін.
7. Комитет мүшелерінен Кеңес, ал Кеңес мүшелерінен Президиум құрылсын» [11; 236].

Осы маңызды оқиғадан кейін Н. Нұрмақов саяси күреске белсене араласа бастайды.

1917 жылдың күзінде жергілікті большевиктік және оған қосылған басқа да ұйымдардың тапсыруымен Ә. Жангельдин, Ә. Майкөтов, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, А. Иманов, Т. Бокин, Н. Нұрмақов, А. Әйтиев, О. Жандосов, А. Оразбакиев Ақмола, Торғай, Орал, Жетісу, Семей, Сырдария облыстарына барып, еңбекшілерге елде болып жатқан саяси жағдайларды, Уақытша үкіметке және оның жергілікті органдарына қарсы күрестің қажеттілігін түсіндіру үшін жіберілді [6; 109].

1917 жылдың 25 қазанда Петроградта большевиктерді қолдаған солдаттар мен матростар Мемлекеттік төңкеріс жасап, оның вокзалдарын, телеграф пен пошта ғимараттарын басып алды. Большевиктік әскери-революциялық комитет «Ресей азаматтарына» деген үндеу жариялап, Уақытша үкіметтің құлатылғаны және үкімет билігінің советтердің қолына көшкендігі туралы хабарлады. 25 қазанда Смольный ғимаратында Кеңестердің Бүкілресейлік II съезі болды. Онда Бейбітшілік және Жер туралы декреттер қабылданып, барлық соғысып жатқан мемлекеттерге аннексиясыз және контрибуциясыз демократиялық бітімге қол қоюға ұсыныс жасалды. Сонымен қатар Декретте: құпия дипломатияны жою, құпия шарттарды жариялау, оларды дереу жою туралы шешімдер қабылдады. Съезде большевиктерден ғана тұратын Халық Комиссарларының Кеңесі деп аталатын жаңа өкімет құрылды. Бірінші Кеңес өкіметінің төрағасы болып В.И. Ленин бекітілді [6; 117].

Қазақ даласында Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес 1917 ж. қазаннан 1918 ж. наурызға дейінгі аралықты қамтиды деген ұстаным тарихта орныққан. Бірақ іс жүзінде Кеңес өкіметін орнату қазақ жерінде ұзаққа созылғаны белгілі.

Қазан төңкерісінен кейін де қазақ зиялылары тағы екі топқа бөлінді. Алаш зиялылары бастаған бірінші топ кеңес өкіметін мойындамады. Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары 1917 ж. 5-13 желтоқсанда Орынборда «Алаш» партиясының екінші съезінде Алаш орда үкіметін құрды. Съезде үкіметтің бағдарламалық құжаттары қабылданды.

Екінші топ большевиктер партиясының ықпалында болып, революцияны қолдады. Осы топта қазақ зиялылары - Н. Нұрмақов, С. Сейфуллин, Ә. Жангелдин, Т. Бокин, С. Мендешев, Т. Рысқұлов, Б. Қаратаев болды. Олар кеңес өкіметін орнатуда белсенді күрес жүргізді.

Қарқаралы уезіне Кеңес үкіметінің жеңісі туралы хабар ресми түрде 1918 ж. 8-наурызында жетті. Бұл жеңісті жақындатуда Г. Базилевич, А. Спирин, В. Денисов, И. Стрюков, Н. Блощицын сияқты майдангер-большевиктермен бірге революциялық көзқарастардағы жергілікті екі жылдық орыс-қазақ мектебінің оқытушылары А. Аяғанов, А. Шыңғысов және Н. Нұрмақов болды. Осылардың жасырын түрінде ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде 1918 ж. 9-наурызда Қарқаралыда Кеңес үкіметінің құрылғаны жарияланып, уездік совдеп құрылды. Совдептің құрамына Н. Нұрмақов, Г. Базилевич, А. Спирин кірді. Совдептің төрағасы болып И.З. Червев сайланды. Кейін бұл қызметті Н. Нұрмақов атқарған.

1918 ж. сәуір айынан бастап Қарқаралы уезінде ескі сот органдары таратылып, революциялық трибунал сайланды. Сонымен қатар ауылдық болыстық Кеңестер құрылды.

Осы уақытта большевиктердің ағарту жұмысын жүргізу үшін Н. Нұрмақов басшылық жасайды. Ол Қарқаралы өңірінде алғашқы ауылшаруашылық артельдерді, коммуналарды және қала жастарынан алғашқы комсомол ұйымын құру жұмыстарына басқалармен бірге белсене араласты.

Н. Нұрмақовтың большевиктер идеясын қолдаған алғашқы қызметі Қарқаралыдағы губерниялық атқару комитетінде басталды. Оның осы жылдардағы үкімет басшысы болған қызметі туралы академик М. Қозыбаев Азамат соғысынан кейінгі Қазақ республикасының дамуында Н. Нұрмақовтың қызметін жоғары болды деп бағалаған [12; 107].

Совдеп туралы сол кезде Семей қаласында шығып тұрған жұмысшы, солдат және шаруалар Кеңесінің хабаршысы «Известия» газетінің № 17 санында «Қарқаралы жұмысшы, солдат және шаруалар кеңесі аймақта Кеңес үкіметін танитындығы және уезде оның орнайтындығын» хабарлаған жеделхат түскендігін жазған [13]. Совдептің негізгі қызметі социалистік революцияға қарсы болғандармен күрес жүргізу, жергілікті жерлерде жаңа өкімет аппаратын құру, уездің шаруашылық және мәдени өмірін жолға қоюға, кулактар мен байлардың мүлкін тәркілеу, азық-түлікті есепке алып, халықты онымен қамтамасыз ету болды. Сонымен қатар Совдеп 1918 ж. 3-сәуірінде ескі патшалық сот органдарын таратып, Қарқаралы уезінің революциялық трибуналын сайлады. Трибунал қызметінің мақсаттары – Кеңес өкіметін және еңбекшілердің құқықтарын қорғау. Сонымен бірге мұғалім даярлайтын курстар ашу, сауатсыздықты жою жұмысымен айналысты [6; 121]. Осы жұмыстардың іске асыруда Н. Нұрмақов саяси тұлға ретінде белсенділігімен танылғандығы даусыз.

1918 ж. аяғы мен 1919 ж. елдегі Азамат соғысы шиеленісе түсті. Себебі 1918 ж. күзінде Кеңес үкіметіне қарсы ақтар қозғалысын басқару патша адмиралдары мен генералдарының қолына көшті. 1918 ж. қараша айында адмирал Колчак эсерлер мен меньшевиктердің Омбыдағы «Сібір үкіметін» таратып, үкімет билігін басып алды, өзін «Ресейдің жоғарғы билеушісі» деп жариялады. Омбыда Колчак үкіметінің орнауымен кеңес үкіметін жақтаушыларын тұтқындау кезінде Н. Нұрмақов та тұтқынға алынып, 1919 жылдың желтоқсанына дейін түрмеде отырды. Осы жерде ол Мәди Бәпиұлымен кездесіп, қиындықты бірге көреді. Сонда ақын Мәди Нығмет Нұрмақовқа арнап өлең жазады. Сол өлеңінде ақын Нығметтің қазақ халқы үшін аянбай қызмет жасап, атақты тұлға-көшбасшы болатындығын болжағанын көруге болады:

... Жақсы інім, Нығметім, қыран құсым,
Мәңгіге өлмеуі хақ ұранды ісің.
Күн туып, жендеттердің торы қирап,
Соңында елді ертіп тұрармысың! ... [14; 20].

А. Радченконың қолбасшылығымен ерікті түрде құрылған 65-қазақ полкі Қарқаралыны 1919 ж. 12-желтоқсанында азат етті. Осы кезде Н. Нұрмақов түрмеден босап шықты. Түрмеде болған уақытында ол «бостандық», «азаттық» деген ұғымдардың мәнін терең түсінетіндей өмір мектебінен өтті.

Жас революционер Нығмет Нұрмақов Қарқаралы жерінде зорлық көрсеткен Дутов әскеріне қарсы қарулы күш ұйымдастырып, оларды талқандайды. Бүгінде әскери шайқас болған жер «Қырғын шат» деп ел аузында сақталған. Осы оқиғаны бейнелейтін Қазақстан халық суретшісі Нарымбек Нұрмұхамедов «Нығмет Нұрмақов отряды» атты сурет салған. Жоғарыда көрсетілген фактілер Н. Нұрмақовтың большевиктер идеясына сөзсіз сенгендігін көрсетеді. Өйткені большевиктердің «жақсы жазылған» азаттық декларациясынан қазақ халқының азаттық алатына қалтқысыз сене жүріп, ол ұлтының азаттығы үшін қызмет жасады.

Бұл кезеңдегі Н. Нұрмақовтың саяси күрестен алған сабағы оның алдағы өміріндегі үлкен саясатқа араласуына жол салды.

Н. Нұрмақовтың өміріндегі 1920-1924 жж. аралығын үлкен бетбұрыс кезеңі деп атауға болады. Азамат соғысы және және әскери коммунизм саясаты ел экономикасын құлдыратты. Соғыс кезінде Ресейдің орталық аймақтарындағы, Украина, Кавказ, Орал мен Сібірдегі, Орта Азия мен Қазақстандағы көптеген өнеркәсіп және өндіріс орталықтарының біразы тоқтап қалды. Миллиондаған адамдар жұмыссыз қалды. Жалпы жұмыссыздық КСРО-да 1920 жылдан 1930 жылға дейін сақталды. Азық-түлік жетпегендіктен бірқатар аймақтарда ашаршылық байқалды. «Әскери коммунизм» саясаты, әсіресе, ауылдар мен деревняны күйзелтті. Осыған байланысты шаруалардың наразылығы күшейді.

Осындай қиын жағдайда Қарқаралы өңірінде де қираған экономиканы қалпына келтіру, мемлекеттік құрылысты нығайту жұмыстары жүргізілді. Дәл осы жылдары Н. Нұрмақов мемлекеттік істерді шеше алатын жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкер - саяси элита ретінде қалыптасып, елді басқару ісінде қабілетті, білікті тұлға ретінде танылды. Жалпы саясатта саяси элитаның жетекші рөлін, оның ұстаған саяси бағытына, маңызды саяси-басқарушылық шешімдер қабылдай алатын қабілетіне қарай оның тұлғалық бейнесі айқындалады. Саяси элитаға осындай қасиеттері үшін халық қолдау жасайды. Большевиктік революцияның барысында саяси күрестің алғашқы мектебінен өткен Н. Нұрмақов қазақ даласындағы социалистік құрылысты орнатудың барлық бағыттарына тәжірибе жинақтаған тұлға ретінде араласты.

1920 ж. 8 қаңтарда Уездік революциялық комитет құрылып, А. Радченконың төрағалық етуімен Қарқаралы уезі Кеңесінің съезі өткізілді. Оның хатшылығына Нығмет Нұрмақов сайланды. Съезд делегаттары БОАК төрағасы М.И. Калининге құттықтау жіберді. Құттықтауда былай деп жазылған: «I Каркаралинский съезд Советов горячо приветствует Всероссийского старосту и заявляет, что киргизы далекой окраины, знают,

кто несет им полное раскрепощение и свободу национальной культуре, и все силы положат на укрепление и защиты Советской власти» [15; 375].

1920 жылдың 20-наурызда Р(б) КП-ның Семей губерниялық бюросы Қарқаралы уездік бюросының құрамын бекітті [16]. Осы жылдары Н. Нұрмақов большевиктер партиясының қатарына кіреді. 1920 жылы оның өз қолымен толтырған өмірбаянында: «Ол жылдары большевиктер туралы еміс-еміс естігеніміз болмаса, жалпы идеясынан хабарымыз нашар еді», - деп жазады [17]. Осы жылдары Н. Нұрмақов алғашқы комсомолдар ұйымын құрып, кеңес үкіметінің жеңісін баянды ету үшін жұмыстар жүргізді. 1920-жылдың ортасында Қарқаралыда комсомолдардың I уездік съезі өткізілді. Оның қасында Г. Мусин, Н. Иванова, Е. Малахов тәрізді әріптестері болды. Олар бірлесе отырып халықтың арасында білім беру, сауда жүргізу және үкіметтің азық-түлік саясатын орындау үшін жұмыстар жүргізді. Қарқаралы өңірінің экономикалық жағдайы ВКП (б) 10-съезінен кейін жаңа экономикалық саясатқа байланысты жақсара бастады. Елде жеке шаруа қожалықтарының дамуына мүмкіндік берді. Соның бірі шаруалардың артық өнімдерін сатуға рұқсат берілді және жерді өңдеуге бірлескен ТОЗ құрылды. Атақты Қарқаралы жәрмеңкесі жұмысын қайтадан бастады. Бұл жерде сауда айырбасынан басқа, атақты халық таланттары да өнерін көрсетуге мүмкіндік алды. Большевиктер партиясының халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған саясаты Н. Нұрмақовты кеңес үкіметін қолдайтын күрескер болуына ықпал етті.

Зерттеуші Л.Т. Қожахметованың Н. Нұрмақовтың коммунист болуы жайлы оның Сәкен Сейфуллинге жазған мына хаты арқылы көрсетеді: «Сәкен, жағдайың қалай? Бұрынғы патшаның тек кісені жаншылған халықтарға теңдік беріп, адам санатына қосатын жалғыз большевик партиясы екеніне көзім жетті. Сол себепті мен де большевик болдым» [18]. Бірақ Қарқаралы уезінде құрылған партия ұйымының құрамында нағыз большевиктер аз болды. Соған қарамастан, Қарқаралы аудандық партия ұйымының бюросы Кеңес өкіметінің заңдарын іске асыруда Н. Нұрмақов бастаған коммунистер белсенді жұмыс жасады.

Н. Нұрмақовтың коммунистік партия қатарына өтуіне, біздің пікірімізше, мына бір тарихи жағдай ықпал етуі әбден мүмкін. Азамат соғысының барысында Алаш ордамен «одақ» болған ақ гвардияшылардың өкілдері Алаштың ұлттық мүддесіне іс жүзінде қарсы шықты. Осындай шиеленіскен саяси күрделі жағдайда Алашордашылар атынан Мәскеу қаласында келіссөздер жүргізуге барған А. Байтұрсынов қазақ халқының тағдыры жөнінде баяндайды. Келіссөздің нәтижесінде 1919 ж. шілденің 10 күні В.И. Ленин Қазақ өлкесін басқаратын революциялық Комитет жөніндегі уақытшаға ережеге қол қойды. Оның төрағалығына С. Пестовский тағайындалды, құрамына түрлі көзқарасты жақтаушылардың өкілдері – Ә. Жанкелдин, Б. Қаратаев, С. Меңдешов және Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері – А. Байтұрсынов, Б. Қаралдин, А. Әлібеков мүше болды.

Төрағаның орынбасарына А. Байтұрсынов бекітілді. Революциялық комитет 1919 ж. шілде айынан бастап 1920 ж. қазан айына дейін жұмыс істеді.

Отандық тарихты зерттеушілердің бірі К. Нұрпейісов былай деп жазады: «...Ахмет Байтұрсыновтың Совет өкіметі жағына шығуын және оның Қазревкомның мүшелігіне тағайындалуын большевиктер үлкен саяси науқанға айналдырып жіберді. Көп кешікпей (1920 жылғы сәуірде) ол Совет мемлекетінің белгілі әскери қайраткері М. Фрунзенің ұсынысымен РКП (б) мүшелігіне қабылданды. Бұл жөнінде Орынборда шығып тұрған «Известия Киргизского края» деген газеттің 1920 жылғы 15 сәуірдегі санында «Ахмет Байтұрсынов арызы» деген мақала жарияланып, А. Байтұрсыновтың РКП(б) Орынбор Комитетінің атына партияға алу туралы жазылған өтінішінің тексті берілген...» [19; 201]. Осындай саяси күрестің барысында көптеген жас қазақ большевиктері өзінің туған халқы үшін аз зардап әкелетін билік - совет өкіметі деп танып, соған қызмет жасауға бет бұрды. Мұндай бағытты таңдаудың тағы бір объективтік себебі 1920 ж. тамыз айында В.И. Ленин мен М.И. Калинин қол қойған Қазақ Советтік Социалистік Автономиялық Республикасын құру туралы декреттің қабылдануы болды. Осы тарихи шешім негізінде 1920 жылдың қазан айында Орынбор қаласында Қазақ Советтерінің тұңғыш Құрылтай съезі өтті. Съезге Семей губерниясынан Н. Нұрмақов делегат болып қатысады. Тұңғыш Советтер съезінде Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі құрылды. Съезде Қазақ автономиясының Орталық Атқару комитетінің төрағасы С.М. Меңдешев және Халком Кеңесінің төрағасы – В. Радус-Зенькович сайланды.

Осындай ірі тарихи оқиғалардың нәтижесінде Нығмет Нұрмақов үлкен саясатқа енді толығымен араласты.

Жаңадан құрылған АКСР-ның өкіметінің алғашқы міндеттерінің бірі Қазақстанның территориялық тұтастығын қалпына келтіру болды. Аса маңызды осы сұрақ Қазақ ОАК-тың 1920 ж. қазан айының бірінші отырысында талқыланып, шешім қабылданды: Түркістан АКСР-на қарап келген бұрынғы Жетісу және Сырдария облыстарының көптеген жерлері Қазақстанға қайтарылды. Осы жұмыстарда да Н. Нұрмақов белсенділігін көрсететін деректер бар. 1921 ж. 12-20-маусымда өткен Киробкомның I конференциясының құрамында: Коростелев, Меңдешев, Нұрмақов, Атаниязов, Оразбаева, Саматов, Байсалықов, Дунаев, Лес(ни)нок (құжатта түсініксіз жазылған – авт.), Журевский, Каширин болды. Осылардың арасынан Президиум құрамына Н. Нұрмақов бастаған мына адамдар кірді: Коростелев, Меңдешев, Дунаев, Леонинок [20].

Азамат соғысының салдарынан, 1920-шы жылдың басындағы қыс айларының қатты болуынан және «Сібірдегі артық астықтың алу туралы» декретін тез орындауға кірісуден Қазақстанның солтүстік аудандары мен Семей губерниясына аштық әкелді; 1921-1922 жж. аралығында Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезінде аштық басталды. Аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету үшін арнайы комиссия

құрылды. Сол комиссияның құрамында Н. Нұрмақов та болды. Комиссияның арнайы шешімімен аштыққа ұшыраған аудан тұрғындары астық, картоп т.б. мемлекеттік салықтардан босатылып, ашыққандарға мал үлестірілді. Ал орталық – Мәскеу билігі аштықты жою туралы Қазақстан басшыларының ұсыныстарын қабылдамағаны, аштыққа ұшырағандардың санының көбеюіне ықпал етті.

Осы жерде атап өтетін бір мәселе, халықаралық АРА – америкалық көмек ұйымы тарапынан Қазақстанға көмек көрсетілгенін айтып кеткен дұрыс. Бұл ұйым Батыс Қазақстанда көпшілікке арнап тамақ ішетін асханалар және тамақ тарату пункттерін ашып, дәрі-дәрмек жеткізіп, медициналық көмек көрсетіп, көптеген балаларды аштықтан құтқарды. Бұл туралы мынадай дерек кездеседі: «1922 жылы 15 маусымда АРА ұйымы 13 вагон медициналық дәрі-дәрмек жіберген» [21; 95].

Ашаршылық басталған сәтте қазақ зиялыларының халықты аман алып қалуды көздеп, кеңестік билікті нақты шаралар қолдануға шақырды. Алайда большевиктер үкіметі ұлт зиялыларының мұндай ұсыныстарынан таптық пиғылдарды көріп, оларды айыптай бастады. Ашаршылық қасіретін Орал мен Орынборға барған сапарында көзімен көргендердің алғашқылары М. Әуезов болды. Оның шақыруымен аштарға көмек көрсету комитеті құрылды. М. Әуезовты қолдағандар С. Қожанов, Ғ. Бірімжанов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов тәрізді қазақ зиялылары «Ақ жол», «Қазақ тілі» газеттері арқылы бүкіл қазақ халқына сауын жариялап, ашыққандарға көмек көрсетуді қолға алды. Осындай жұмыстардың қасында Н. Нұрмақов та болды.

Жас коммунист Н. Нұрмақов 1922 ж. ақпан айында Орынборға ауысып, округтік большевиктік партия комитетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады. Бұл оның партия қызметінде жоғарлауының алғашқы сатысы болды. Осы жылдары Одақ көлемінде В.И. Лениннің бастауымен қабылданған «Жаңа экономикалық саясаттың» нәтижесінде шаруашылықты басқарудың жаңа экономикалық әдістері қалыптаса бастаған еді. Соған байланысты қоғамның дамуына кедергі келтіретін іс-әрекеттер көбейіп кетті. Осыған орай кеңестік сот жүйесін өзгертіп, түбегейлі қайта құруға тура келді. Қазақстанда осы мәселені реттеу жұмыстары жүргізілді. Соның бірі 1922 ж. қазан айында өткен III Бүкілқазақтық кеңестер съезі. Осы съезде қазақ Аткару комитетінің төралқасының құрамы сайланып, онда Н. Нұрмақовқа республикалық Жоғарғы Трибуналды басқару міндеті тапсырылды. Осы кезден бастап Н. Нұрмақов Юстиция комиссариатының алқа мүшесі ретінде прокуратура, сот құрылысының қалыптасуына өз үлесін қосқан тұлға ретінде көріне бастады. 1923 жылдың 19 ақпанында РСФСР Жоғарғы Сотының құрамынан Қазақ АССР Трибуналы - қазақ бөлімі болып қайта құрылғанда да оның төрағасы болып Н. Нұрмақовтың бекуі, оның жас қазақ коммунистерінің арасынан шыққан алғашқы жоғарғы саяси элита дәрежесіне көтерілгендігін көрсетеді [22]. Осы қызметтегі жауаптылығы және іскерлігі арқасында 1923 ж. мамырында Н. Нұрмақовқа Юстиция Халық Комиссары деген маңызды қызмет атқаруды тапсырылады.

Советтік Қазақстанның заңын қалыптастыру бағытындағы алғашқы маңызды жұмыстарының бірі прокуратура және сот құрылысы туралы заң ережелерін қабылдау, сот тергеу органдарында қазақ тілінде іс жүргізуді және осы салаға қажетті мамандар даярлау курстарын ашу болды. Оның осы бағыттағы елеулі жұмыстары жайлы бүгінгі нығметтанушылардың бірі, тарихшы-ғалым Болат Қабдөшев архивтік құжаттарға сүйене отырып, былай деп жазады: «... Нығмет Нұрмақов өлкелік заң курсына тікелей басшылық жасап отырған. Ол курстың ашылу рәсімінен бастап, алғашқы түлектердің сәтті оқып бітіруіне дейін үздіксіз камқорлық көрсетті. Оның бекітуімен тыңдаушыларға лекция оқитын оқытушылардың құрамы анықталды. Алғашқылардың қатарында Заң комиссариатының бөлім меңгерушілері С. Қадырбаев, Н.П. Покрывалов, Жоғарғы Сот төрағасының орынбасары М.П. Атаянц, кассациялық алқа төрағасы М.Н. Демме болса, кейін Жоғарғы сот төрағасы М. Атанязов, Заң комиссарының орынбасары С.В. Лызлов, прокурорлар С. Доманский, А.С. Гришенков, Петровых, Насонов, төрелік комиссияның төрағасы А.К. Горячев сияқты Заң комиссариатында жауапты жұмыс атқаратын қызметкерлер сабақ берген» [23; 34-35]. Мұндай мамандарды оқу үрдісіне тартуы Н. Нұрмақовтың білім беру саласында тәжірибесі бар білікті адамдар сабақ беруі арқылы теория мен тәжірибені біріктіре отырып, кадр дайындау мәселесінде бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселемен үндесіп жатыр.

XXI ғ. Қазақстандағы сот жүйесінде кешенді түрде шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі – осы саладағы қазақ тілінің үстемдігін орнату болса, бұл мәселені 1920-жылдың басында-ақ қазақ тілінің болашағын ойлаған Н. Нұрмақов тәрізді тұлғалар құқық саласындағы іс-қағаздарды қазақ тіліне көшіруді күн тәртібіне қоя білген. Оған дәлел 1923 жылдың 16 маусымында өткен заң комиссариатының мәжілісінде Н. Нұрмақов осы саяси мәселені тікелей бақылап отыруы. Осы мәжілістің нәтижесінде Н. Нұрмақовтың басшылығымен «қазақ тілін сот және тергеу органдарына енгізу туралы» қатынас хаты қабылданды. Бұл хат «Барлық сот төрағаларына және прокурорларға» деген айдармен сол кездегі Қазақстанның барлық аймағына жіберілді. Осындай шешімді қабылдау Н. Нұрмақовтың жоғарғы деңгейдегі саяси элита дәрежесіне көтерілгендігін тағы да дәлелдейді. Сонымен бірге, оның бұл іс-әрекеті ұлтжанды тұлға екендігін айқындайды. Өзі ашқан заң курсына көбіне қазақ балаларының оқығаны да оның ұлтжандылығын дәлелдей түседі.

Н. Нұрмақовтың басшылығымен Қазақ Жоғарғы Трибуналы біріккен кассациялық және бақылаушы органның нұсқау бөлімі қабілетті мамандарды іздеп таңдау, тұрақтандыру, басшылыққа алынатын қатынас хаттарды тіркеп, бағыттау сияқты маңызды мәселелер мен үлкен жауапты жұмыстар атқарылды. Осы мәселені арнайы зерттеген ғалым Б. Қабдөшовтың пікірі бойынша, Жоғарғы Трибунал төрағасы кейін Жоғарғы Соттың төрағасы Нығмет Нұрмақовтың қол қойып, губерниялық трибуналдарға, губсоттарға жолдаған қатынас хаттарынан тергеу ісін жүргізуге қорытынды жасап, есеп

берудің тәртіптеріне, үкім шығару үлгілеріне, тағы басқа көптеген мәселелерге ол үздіксіз бағыт беріп отырған. Мысалы, Н. Нұрмақов 1923 ж. наурыз айының ішінде жаза түріне өзгерткен. Олар: амнистияны қолданудың тәртібі, амнистияны әйелдерге қолдану ерекшелігі, құжаттарды тіркеу тәртібі сияқты бірқатар қатынас хаттарды қолдануға енгізу. Бұл өзгерістердің жаңа ғана қалыптаса бастаған жергілікті сот органдарының жұмысының негізгі бағытын көрсетуге мүмкіндік берген бұл нұсқаулардың практикалық маңызы зор болды. Н. Нұрмақов қол қойған заң саласына енгізілген аса маңыздысы: «Барлық қырғыз (қазақ) учаскелерінің Халық соттары мен салық тергеушілеріне», «Барлық Губсоттарға», «Қырғыз (қазақ) Орталық атқару комитетіне» деген құжаттар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорында сақталған. Осы құжаттардың ішінде, біздің пікірімізше өте маңыздысының бірі: ҚААСР Юстиция халық комиссариатының 1923 жылдың 11 шілдесіндегі № 44 Жарлығына сәйкес халық соттары мен тергеушілері іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу тапсырылған құжат: *«В связи с введением киргизского (казахского) языка в судебно-следственных органах все делопроизводство в судебно-следственных органах, обслуживающих киргизское (казахское) население, должно обязательно вестись на киргизском (казахском) языке. На киргизском (казахском) языке должны писаться все документы: протоколы, приговоры и всякого рода постановления.»*

Ввиду отсутствия у наших судебных работников практики по изготовлению на киргизском (казахском) языке всякого рода актов по судебным делам, а также, ввиду малоопытности и недостаточной подготовки судебных работников киргизов (казахов), Наркомюст находит необходимым, начиная с этого номера, периодически печатать в Объявлениях формы приговоров, решений, протоколов, постановлений, которыми Судьи и Следователи киргизских (казахских) участков должны руководствоваться в своей деятельности...» [24]. Өз заманындағы бұл тапсырманың бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы іс-қағаздарды мемлекеттік тілде – қазақ тілінде жазудың өзектілігінің күн тәртібінде тұруы, Н. Нұрмақовтың стратегиялық тұрғыдан ойы терең кеменгер саяси тұлға болғандығын дәлелдейді. Өйткені ХХІ ғ. сот, тергеу, прокуратура, адвокатура саласында мемлекеттік тілдің өз дәрежесінде еместігінен көп істер дұрыс әділетті шешілмегендіктен, қарапайым халық пен билік арасындағы түсініспеушілік орын алуда. Ал, Н. Нұрмақов осындай түсініспеушілік пен шиеленісудің алдын ала білген мемлекет қайраткері.

Сонымен қатар Юстиция Халық Комиссары және Республика прокуроры ретінде Н. Нұрмақов қол қойған бірнеше құжаттар бар, олар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 30 және 1380-қорларында сақталған. Мысалы, «В Кирсовнарком за № 472», «Губернским комитетам РКП(б). Копия: Губсудам и Губпрокурорам», «Циркуляр Народного Комиссариата Юстиции КАССР по отделу судоустройства», «Циркуляр Народного Комиссариата Юстиции КАССР по отделу

судоустройства и надзора. Всем Губсудам», «Циркуляр Народного Комиссариата Юстиции КАССР», «Циркуляр Народного Комиссариата Юстиции КССР № 8 С. Всем Губсудам и Губпрокурорам», «В Киргизский (Казахский) Центральный исполнительный комитет».

Осы құжаттардан Қазақстанда жаңа коммунистік мазмұндағы кеңестік-құқықтық жүйенің қалыптасқанын көруге болады. Соның бір айғағы ретінде Жоғарғы Сотты құру мәселесін атауға болады. Ол бірнеше сатылардан өткен. 1923 жылдың 9-12 қаңтарында алқа мәжілісінде Әділет халық комиссары және республика прокуроры М. Атаниязов, орынбасары С. Пилявский, Жоғарғы Трибунал төрағасы Н. Нұрмаков, алқа мүшесі А. Бірімжановтың қатысуымен РСФСР сот құрылысы туралы ережені енгізу мәселесінің талқылануы нәтижесінде тұңғыш рет Республикалық Жоғарғы сот ережесі дайындалып, бекітілген.

Жаңа советтік құрылыс әрі мемлекет қызметіндегі басшылардан асқан қажырлық, біліктілік, көрегенділік, шыдамдылық, төзімділік пен мәмлiгерлік қасиеттерін танытуын қажет етті. Осы талаптарға сай Н. Нұрмаков Жоғарғы Сот жұмысын дұрыс жолға қойып, дәрежесін өсіру барысында Жоғарғы Сот мүшелерінің арасында атқаратын міндеттерді бөлу, әр алқа-бөлімдерге бақылау орнату, губсоттардың Жоғарғы Сот алдында есеп беру сияқты мәселелердің дұрыс шешілуін қадағалады. Сонымен қатар білікті мамандармен Жоғарғы Сот аппаратының штатын бекітті. 1923 жылдың 19 ақпанында Жоғарғы Трибунал бойынша мына мазмұндағы бұйрық жарияланды: «БОАКтың IV сессиясы қабылдаған Сот құрылысы туралы ережеге сәйкес және 1923 жылдың 18 қаңтарындағы БОАК Төралқасы мен 14 ақпандағы Қазаткомның Қаулылары негізінде РСФСР Жоғарғы Сотының қазақ бөлімі 1923 жылдың 16 ақпанынан өз қызметіне кірісті деп есептелсін» [24]. Бұл бұйрыққа «төрағасы Н. Нұрмаков» деп қол қойылған. Осы күннен бастап Қазаткомның Жоғарғы Трибуналы ресми түрде РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі деп аталды. 1923 ж. 11 сәуірінде бекіген РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі деген құжатты Н. Нұрмаковқа берілгенін мына куәлік растайтын деректер бар: *«Предъявитель сего Председатель Киргизского отделения Верховного Суда тов. Нурмаков Ныгмет следует в город Москву, для выяснения и разрешения в Центре различного рода очередных вопросов, касающихся КССР и по делам Киргизского отделения Верховного Суда. Ввиду важности и государственного значения возложенного на т. Нурмакова задач, всем Советским учреждениям и железнодорожным организациям надлежит оказывать ему всякое содействие и на местах и в пути следования. Изложенное удостоверяется подписями с приложением печати. Председатель КЦИК Мендешев. Секретарь КЦИК Садвакасов»* [25; 28-34].

Кенес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда атқарылған саяси қайта құру реформасын жүргізу барысында тек қана семинария оқуын бітіргеніне қарамастан, Н. Нұрмаков өзіне тапсырылған істерді атқаруда жауапкершілігімен, орындаушылық қабілетінің мықтылығымен, саяси

жағдайды дұрыс бағалай алатын саясаткерлігімен бірнеше мемлекеттік қызметті (Әділет Халық комиссары, Республика прокуроры, Жоғарғы Сот төрағасы) қатар атқарды. Соның арқасында саяси биліктің биік шыңына көтерілген алғашқы коммунист қазақтардың бірі болды.

Н. Нұрмақовтың өмір жолындағы *1924-1929 жылдарды* біз шартты түрде саяси элита ретіндегі кеңестік ел басқару қызметіндегі оның *биік тұғырға* шыққан кезеңі деп санаймыз. Өйткені ол 1924 ж. 9 қыркүйекте Юстиция комиссары міндетін жана тағайындалған Н. Ералинге тапсырды, өзі кешікпей қыркүйек Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағалығына тағайындалды. Бұл қызметті Н. Нұрмақовқа дейін атқарған азаматтар:

1. Виктор Алексеевич Радус-Зенькович – 1920 ж. қазан - 1921 ж. қазан;
2. Мұхамедхафи Мырзағалиев – 1921 ж. қазан-1922 ж. қазан;
3. Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин – 1922 ж. қазан – 1924 ж. қыркүйек.

1924-1929 жж. Кеңестік Қазақстанның дамуындағы жетістер мен кемшіліктерде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовпен бірге халық комиссариаттарының және халық комиссарларының көптеген ірі тұлғалары жұмыс атқарған (*Қосымшаны қараңыз*).

Н. Нұрмақов саясаттың биік тұғырға шыққан алғашқы жылдарында Кеңес үкіметінің нығаюының алғышарттарының бірі ретінде сыртқы саясатқа да көңіл бөлді. Әлемдік саяси картада Кеңес мемлекеті деген атпен жаңа мемлекет пайда болды. Кеңес үкіметін АҚШ-тан басқа дүние жүзінің алдыңғы қатарлы мемлекеті тани бастағандығына Н. Нұрмақов ерекше көңіл аударды. Соның бірі Кеңес үкіметінің халықаралық аренадағы белсенді саясат жүргізуі капиталистік мемлекеттермен экономикалық қатынастарды кеңейту, қарусыздандыру және халықаралық қауіпсіздікті сақтау мәселелерін жете қадағалап отырды. Сыртқы саясат мәселесіне ерекше көңіл аударып, 1927 ж. «Кеңестер Одағының сыртқы жайы ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті» атты кітабын жазды. ОСОАВИАХИМ* – КСРО-да 1927 – 1948 жж. аралығында жұмыс істеген жаппай ерікті қоғамдық әскери-патриоттық ұйым.

Н. Нұрмақов 1923 ж. КСРО мен Англия арасындағы қарым-қатынастардың шиеленіскендерін туралы жазды. Себебі ол шиеленістердің бастауы XIX ғ. бері келе жатқандығын білген. Тарихта ол «Үлкен саясат» ойыны деп аталған осы саясат мемлекеттердің сыртқы саясатының негізгі бағыты болған. Тарихта: «... бұл оқиғаларға дүние жүзі өте-мөте көңіл бөліп, назарын салып отыр. Себебі, Ағылшын мен Кеңестер Одағы сықылды екі мемлекеттің арасы осы күйінде көпке дейін тұру мүмкін емес... Осы күнгі заманның түрінен қарағанда болашақтағы соғыс екі мемлекеттің арасында болып қана қоюы мүмкін емес, келешектегі болғалы тұрған соғыс 1914 ж. соғыстан күшті, жалпы жер жүзінің соғысы болуы мүмкін... Ағылшын капиталшыларының бастығы ескішілердің жатса-тұрса ойлайтыны Кеңес мемлекетін жою» деген пікірі [26; 20] болашақ соғыстың дүниежүзілік сипатта болатынын және оның эпицентрінде Англия мен КСРО-ның болатындығын болжайды. Н. Нұрмақов үкімет басшысы ретінде Кеңестер Одағының геосаясатын дұрыс түсіне білген тұлға. Осы ретте

ОСОАВИАХИМ тәрізді ұйым арқылы елді қорғауға дайын болуға шақырған коммунист. Соған байланысты ел қорғанысы үшін стратегиялық маңызды өнеркәсіптің керектігін жақсы түсінген ол партияның XV съезінің шешімдерін іске асыруда ерен еңбек атқарған. Бұл Н. Нұрмақовтың мемлекеттік ішкі саясаттың жақсы жүргізілуі сыртқы саясатқа әсері болатындығын түсініп, екеуін қатар алып жүргенде ғана мемлекет мықты болады деп сенген қоғам қайраткері екендігін көрсетеді.

Н. Нұрмақов өзінің жұмысында алдыңғы саяси тұлғалардың қызметінен сабақ ала отырып, жаңа жағдайдағы Қазақстанның саяси-экономикалық, мәдени дамуына өзінің үлесін қосты. Сол жұмыстардың алғашқыларының қатарында қазақ халқының кеңестік дәуір тарихындағы алғашқы конституция жобасын дайындау барысында ұлттық мүддені қолдайтын тұлға ретінде көрінуі. Осы жоба бойынша 1924 жылдың 5-10-қаңтарында өткен Қазақ АССР Кеңесінің IV съезінде жасаған баяндамасының негізінде конституцияның жобасы талқыланып, съезд партия Орталық комитетіне конституцияның толық соңғы мәтінін дайындау тапсырылады. Конституция 7 тарау 18 бөлімнен тұрды. Бірінші тарауда Республиканың құрылтай жиналысында қабылданған «КАССР еңбекшілердің құқығы туралы декларациясы» кірді. Конституция республиканың мемлекет билігінің барлық органдарын ұйымдастырудың негізгі принциптерін анықтап, барлық еңбекшілерге ұлты мен нәсіліне бөлмейтін теңдікке кепілдік берді. Кейіннен осы Конституция Қазақ ССР болған кезде (1936) қабылданған Конституцияның негізіне алынды. Бүгінгі Тәуелсіздік алудың заңнамалық негізінің бірі ретінде Н. Нұрмақовтың XX ғасырдың 1920-жж. дайындаған Конституциясының сабақтастығының бар екені даусыз. Осы жерде коммунист Н. Нұрмақовтың өзінің саяси қызметінде қазақ халқының ұлттық мүддесін ойлаған тұлға екені анық көрінеді.

IV съезде Н. Нұрмақовтың баяндамасында көтерген ауыл шаруашылығы басты сұрақтардың бірі болды. Талқылаудың барысында «Ауыл шаруашылығын қалпына келтіру және нығайту жөніндегі шаралар» деген қаулы қабылданды. Онда кооперацияны барынша қолдау, асыл тұқымды көшеттер егетін жерлерді көбейту, мемлекеттік резервтік тұқым қорларын құру, қазақтардың арасынан ауыл шаруашылық мамандарын дайындау көрсетілді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығына қажетті техникалардың бағасын төмендету, көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарда шөп-жем базаларын құру, малдың өнімділігін жақсартқаны үшін шаруа қожалықтарын марапаттау туралы шешім қабылданды [27]. Саяси элита екендігін дәлелдейтін оның баяндамасындағы көтерілген сол кездегі өзекті мәселелер 2020-жж. Қазақстанның ауыл шаруашылығында шешімін табудың жолдарын іздеумен сабақтасып жатыр.

Съезде қаралған ауыл шаруашылығын жетілдіру мәселесі Н. Нұрмақов басқарған Қазақ үкіметінің күнделікті жұмысындағы негізгі сұрақтарға айналды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жер мәселесінде біраз

әлеуметтік шараларды жүргізді. Алайда жер мәселесі Ресейден келген орыс шаруаларының пайдасына шешіліп отырды.

Н. Нұрмақов ХҚК төрағасы болған кезде Қазақстанның экономикалық, қоғамдық, саяси жағдайы күрт өзгерді. Себебі БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына 1925 ж. қыркүйек айында Ф. Голощекиннің келуімен бұл мәселе шиеленісе түсті, өйткені оның бұл мәселеде өзіндік ұстанымы болды. Ф. Голощекиннің «қазақ ауылы октябрьдің лебін сезген емес» деген қорытындысын Қазақ Өлкелік комитетінің екінші хатшысы И. Құрамысов қолдады. Осындай қиын жағдайда партияның XIV-XV съездерінің шешімдерін Қазақстанда іске асыру жолында үлкен жұмыстар басталды. Оның басы-қасында Н. Нұрмақов болды.

Н. Нұрмақов Қарқаралыдан шыққан қазақ ұлттық буржуазиясының өкілі Ақайдың Қасенінің сол кездегі қазақ ауылының дәстүрлі шаруашылықтарын біртіндеп капиталистік жолға түсе бастағанын көріп, атқарған іс-әрекеттерінен өзіне үлгі алғандығын ісжүзінде көрсете білді.

Мемлекеттік басқару ісінде Н. Нұрмақов Қазақстанның тау-кен өнеркәсібін дамытудың, ауыл-шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, кооперация құру, Қазақстанның жер-асты ресурстарын игеру, ірі өнеркәсіп орталықтарын ашу тәрізді «өнерлі кәсіпті өркендету жұмысының келешегі» туралы Жалпыресейлік орталық Атқару Комитетінің III сессиясында жасаған баяндамасында аталған мәселелерді ерекше көтерген. Соның ең бастысы ауыл шаруашылық мәселесі.

1925-1927-жж. қазақ ауылындағы жерлерінде шабындық жайылым жерлерді қайта бөлу реформасын жүргізу, жер-су реформасы, ауылда «кеңестер» құру т.б. шаруаларға байланысты мәселелерде Ф. Голощекиннің саясаты қазақ зиялыларының негізгі наразылығын тудырды. Солардың қатарында Н. Нұрмақов та болды. Шындығында Ф. Голощекин және оның жақтастары қазақ байының әл-ауқаты, жайылымы немесе шабындық жерлерінің көлемімен емес, мал басының санымен сипатталатынын түсінбеген. Сондықтан да олар қазақ байларына шабуылды мал басын қайта бөлуден емес, рудық меншіктегі шабындық және жайылымдық жерлерді қайта бөлуден бастады.

1926 жылы қараша айында өткен Өлкелік партия комитетінің пленумында Н. Нұрмақов байлар шаруашылығын тәркілеуге байланысты «ауылда кеңестерді құру» деген баяндама жасап, онда былай деді: «Қазақ кедейінің жағдайы өте нашар, оның байға барып жалдануынан басқа шарасы жоқ. Біз – совет мемлекеті бүгінге дейін кедейдің материалдық жағдайын өзгертетін, сол арқылы ауылдағы байлардың ықпалынан құтылуға көмектесе аларлық шараларды іске асыра алмай отырмыз.

Біреулер ойлайды: «Ауылда түзілген бұл тығырықтан шығатын жол жоқ, егер болса, ол біреу-ақ, яғни қазақ кедейін экономикалық тәуілдіктен құтқару үшін бай шаруашылығын экспроприациялау керек. Менің пікірімше, Қазақстандағы совет билігінің 9 жылдық өмірінен кейін қолымызда

пролетарлық мемлекеттің барлық билігін ұстай отырып, біздің ауылдағы байға, партияның Қазан революциясынан кейінгі әлі алғашқы күндері қолданған әдістерінен басқа да әдістермен ықпал ете аларлық күшіміз бар».

«... Өлкелік комитеттің II пленумы байға салық саясаты арқылы ықпал етуді ұсынды. Биылғы жылы біз бұл әдісті қолданып байқамақпыз, шамамен, кедей қожалықтары, 30-дан 40 пайызға дейін, ал қайсібір аудандарда 60 пайызға дейін салықтан босатылады. Сөйтіп, ауылшаруашылық салығының бар салмағы ауылдың ауқатты бөлігіне түседі. Біз онда да байларға салық салу жүйесін күшейту, оның есесінен кедейлерді, мүмкіндігінше одан босату, орташалардың төлейтін үлесін жеңілдете түсу бағытын ұстануға міндеттіміз. ... салық саясаты арқылы ықпал етуден басқа да біздің мүмкіншіліктеріміз жеткілікті. Ауыл шаруашылық кредитін алыңыз, кооперацияны алыңыз. Ауыл шаруашылық кредитін дұрыс пайдалана отырып, біз кедей шаруашылығын тезірек көтеруге жағдай жасай аламыз деп ойлаймын» [28; 50-60]. Ауылшаруашылығын қайта құру жолында Н. Нұрмақовтың осы ұстанымын нарықтық экономикалық жағдайдағы бүгінгі Қазақстанда да ескерген дұрыс болар еді.

1927 ж. VI Жалпықазақстандық өлкелік конференциясында Ф. Голощекин қазан төңкерісінен кейінгі жер мәселесінде большевиктер саясатын үш кезеңге бөліп көрсетеді. Оның пікірінше, алғашқы кезең 1917-1922, екінші кезең - 1925-1927, 1927 ж. - үшінші кезең басталды.

Бірінші кезеңде Оңтүстік Қазақстанда 1921-1922 жж. жер-су реформасы жүргізілді дей келе Ф. Голощекин былай деген: «Қазан революциясынан кейін, доңғалақты кейін, тіпті шұғыл, революциядағыдай бұру керек болды. Мұның өзі мынандай қажеттілікті туғызды: қазақ халқының отырықшылануына және орналасуына еш мүмкіндік бермей отырған халықтың европалық бөлігінен артықшылықтарды алып тастау керек болды. Оңтүстік Қазақстандағы жер реформасын осымен ақтауға болады. Бұл тек қазір ғана байқалып жатқан тұтас бірқатар дұрыс емес кадамдарды ақтай алмайды... бірақ тарихи тұрғыдан қарағанда, олар негізінен дұрыс болып табылады» [29; 28-29]. Ф. Голощекиннің 1921-1922 жж. жүргізілген жер реформа туралы былай айтуының себебі, сол кезде реформа В.И. Лениннің өз қолымен жазылып, 1922 ж. 22 маусымда партия Орталық Комитетінің саяси бюросында қабылданған қаулыда реформаның міндеттері былай көрсетілген: «1. Уравнять землевладение русских и приезжих с местными. 2. разбить, выселить и подчинить себе кулаков русских энергичнейшим образом» [30].

Кеңестік жер-су реформаның жүргізілуінің себептерінің бірі 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс кезінде патша өкіметінің жазалауынан қорқып, қазақтар атамекенін тастап кеткен болатын. Сол кезде бос қалған жерді орыс кулактары өз меншіктеріне алған. Ал кеңес өкіметі орнаған соң, қазақтар туған жеріне оралып, бұрынғы құнарлы жерлерді қайтаруды талап етті. Осының салдарынан ұлтаралық жанжалдардың өршу қаупі байқалды. Міне сондықтан да большевиктер жер-су реформасын жүргізуге мәжбүр болды.

ХКК төрағасы Н. Нұрмақовтың басшылығымен 1924 ж. ҚазАССР-ның Жер кодексі қабылданды. Соның негізінде «ҚазАССР халқының Көшпелі және жартылай көшпелі, сондай-ақ отырықшылануға көшіп жатқан шаруашылықтары туралы ереже бекітілді» [31]. Осы ереженің 6-шы бабы мынаны атап көрсетті: «Жерге орналастыруға қажетті жерді жерге орналастыру тәртібі мен толық анықтап біткенше, Автономиялық Қазақ ССР-дегі бос жатқан жерлерде (артық және пайдаланбаған жерлерде) барлық территорияларда жерді отарлау ісіне жол берілмейді...» [32]. Бұндай шешімнің қабылдануына Сұлтанбек Қожанов, Нығмет Нұрмақов, Смағұл Сәдуақасов тәрізді қайраткерлердің принциптік бағыты үлкен ықпал жасады. Бірақ Ф. Голощекиннің жер мәселесіндегі көзқарасы бұл мәселедегі қазақ зиялыларының принципшілдік көзқарасына тосқауыл болды. Себебі Ф. Голощекин Ресейден келген шаруаларды жерге кезексіз орналастыру жөнінде ұсыныс жасады. Сол үшін қазақ коммунисттерімен жиі кеңестер өткізіп, онда мынандай пікірлерін ұсынып отырды: егіншілік халық комиссариаты жаппай жерге орналастыруды жүргізумен қатар, жаппай жерге орналастыруға жатпайтын отырықшы-егіншілік аудандарда артық жерлерді анықтау қажет, оларға 1918 ж. дейін бұрыннан тұрып жатқан жері аздармен және өз беттерінше келіп қоныстанушылар орналастырылуы тиіс. Сонымен қатар Қазақстанда патша заманнан жерді иемденіп келе жатқан және кеңес үкіметі органдарынан кезінде жер үлестерін алғандарды сол қалпында, бұрынғы иемденген жер көлемдерінде тимей қалдыруды ұсынды.

Ф. Голощекиннің бұл ұсынысын қазақ зиялылары қолдамады. Ол өзінің осындай ұсыныстарын қайталап, 1927 ж. 3-қазанда қазақ коммунисттерінің талқылауына салды. Н. Нұрмақов, Сұлтанбеков, Кенжин, Қаратілеуов, О. Жандосов Ф. Голощекинді тағы да қолдамады. Бірақ өлкелік партия комитеті көпшілік дауыспен Ф. Голощекиннің ұсынысын мақұлдады. Осы қарарды түзету және нақтылау үшін құрылған комиссияға Н. Нұрмақов кіруден бас тартты. Оның бұл әрекеті ұлттық мүдені қолдаған тұлғаның принципшілдік қасиетінің бір дәлелі бола алады. Содан кейін Н. Нұрмақов пікірлестерімен бірге Мәскеудегі Орталық партия комитетінің ұйымдастыру бюросына барып, қоныстандыру мәселесі бойынша өз көзқарастарын қорғады. Бірақ орталық партия комитеті қазақ коммунисттерінің пікірін қолдамаған. Жас қазақ коммунисттерінің көзқарастарының түпкі мақсатын байқаған Ф. Голощекин 1927 ж. қарашада VI Бүкілқазақтық партия конференциясында «қаратілеуовщина», «султанбековщина» деген «ағымдар» бар деп, оларды аямай сынады және конференцияда мынандай қаулы қабылдады: «... алдағы уақытта Қазақстанда мекендейтін барлық ұлттардың арасында бір мезгілде жаппай қоныстанарлық жерге орналастыруды жүргізу қажет» [29; 20]. Бұл қаулыда жер жетпеген жағдайда бірінші кезекте ұлт айырмашылықтарына қарамай, ауқатты адамдардың көшірілетіндігі да айтылды. Сонымен, тікелей Мәскеудің қолдауына сүйеніп, Ф. Голощекин қазақ жеріне рұқсатсыз келген келімсектерге барынша қолдау көрсететін Қаулыны бекітті. Осы құжатқа Орталық Атқару комитетінің төрағасы Е. Ерназаровпен бірге Қазақстан

Халық комиссарларының төрағасы ретінде Н. Нұрмақов та қол қойды. Бірақ Нығмет Нұрмақовтың туған халқына адалдығына оның қамын ойлап үздіксіз күрес жүргізуіне архив құжаттары айқын дәлел. Н. Нұрмақовтың 1924-1929 жж. сөйлеген сөздері, баяндамалары оның аталған құжаттарға қол қойғандығын көрсетеді. Сол сияқты «байлар шаруашылықтарын кәмпескелеу туралы» ережеге сәйкес 1928 ж. 30 тамызда жарық көрген қазақ байларын жер аударатын аудандарды белгілеген қаулының астында Нығмет Нұрмақовтың қолы бар. Алайда Н. Нұрмақовтың кәмпескені күштеу және асыра сілтеу әдістерімен жүзеге асыруға шын мәнінде қарсы болғаны деректерден белгілі [33; 46-49].

Қазақ зиялылары Ф. Голощекинге деген сенімсіздік білдірген, бірақ большевиктік саяси жүйеге оның идеологиясына, концепциялық тұжырымдамаларына қалтқысыз сенді. Олар Орталық партия комитеті жағынан әділдік болады деп үнемі сеніп жүрді. Сондықтан Қазақстандағы голощекиндік саясаттың қателігіне Сталиннің көзін жеткізу үшін арнайы хаттар жолдап отырды. Ал іс жүзінде Мәскеуден қолдау болмады. Ф. Голощекинмен бірге жұмыс жасайтын қазақ большевиктері кейбірі негізінен «Алаш» қозғалысының идеяларын жақтайтын, сондықтан да олар Ф. Голощекиннің озбырлық күштеу саясатын тежеуге талпынды. Олардың қатарында Қазақстан большевиктерінің алғашқы тобын құраған республикалық деңгейдегі басшы және жауапты қызмет атқарған, жаңадан қалыптасып келе жатқан білімді, стратегиялық ұстанымдары мықты саяси элитаның өкілдері Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев, С. Асфендияров, Ы. Мұстамбаев, Ж. Сұлтанбеков, М. Саматов, З. Төреғожин және тағы басқалары болды.

1927 ж. 3 ақпанда жерге байланысты қабылданған заңға кейбір толықтырулар енгізілді. Онда шабындық және жайылымдық жерлер жан басына қарай бөлінетінін, мұндай бөлініс мүмкін болмаған жағдайда, үй басына қарай бөлінетіні туралы атап көрсетілді. Бұл жұмысты жоғарыдан жүргізу Қазақстанның Егіншілік халық комиссариатына тапсырылды және губерниялық, уездік және округтік атқару комитеттері жанынан «ерекше жедел ұйымдар» («бестіктер», «үштіктер») құрылды. Бұлар совет үкіметінің саясатын іске асыруда «өте белсенді» болды. Оның зардаптары отандық тарихнамада жан-жақты зерттелуде [34; 552].

Нығмет Нұрмақовтың тарихи тұлғалық іс-әрекетін көрсететін қасиеттерін 1928 ж. 24-25 қарашада Жалпы Ресейлік Орталық Атқару Комитетінің III сессиясының баяндамасынан көруге болады. Ол өз баяндамасында былай дейді: «Сессияға қатысушылардың бәрі де Қазақ елінің төңкеріске дейінгі күйімен жете таныс шығар деп ойлаймын...». Патша Анна қазақ жұртын орыс қол астына алғанда берген грамотасында: «Қызмет қылып, жасақ төлейді, ішкі, сыртқы жаудың тізесін көрмей қорғанымыз да болады» деген сөзі бар. Іс жүзінде бұл болған жоқ. Уәде далада қалды. Патша өкіметі қазақ елін қорғаудың орнына өзі қол салды: қазақ жұрты кемшілікте қалды, шашылды, шабылды. Патша үкіметің 200 жылдай отарлаған соң,

қазақ елінің өндіріс күші өркендеп ілгері баспады, ауылда осы күнге шейін шаруашылықты жүргізудің атам заманғы ескі түрі қалмастан келеді...», - деп көрсетті. Осы ой пікірі оның өз ұлтының басынан өткен ауыр жағдайдың салдарын дұрыс бағалай білген ұлтжанды азамат екенін көрсетеді. Сонымен қатар осы баяндамасында ол совет үкіметінің алғашқы жылдарынан бастап, 1928 ж. аралығындағы Қазақстан өлкесіндегі ауыл шаруашылығының даму деңгейін нақты цифрлармен көрсетіп, оған РСФСР тарапынан қаражаттың аз бөлінетіндігін айтып, үкіметтің саясатындағы кемшіліктерді көрсетеді. Оның ерекше тоқталған мәселесінің бірі ауыл шаруашылық кооперациясының қалыптасып, елдің тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік беріп келе жатқан әсерін нақты цифрлармен көрсетеді.

«Ауылшаруашылық кооперациясы бізде мынандай болып өркендеп отырды. 1926 ж. 1 октябріне дейін ауылшаруашылық кооперациясы 105,100 шаруаны ұйымдастырған, былайша айтқанда, Қазақстанның барлық шаруасының 9 %. 1927 жылдың 1 октябрінде 212,599 шаруаны ұйымдастырған, бұл барлық шаруаның 18,2 % болады. 1928 жылдың 1 апрелінде 270,400 шаруаны ұйымдастырған, бұл – 22,2 %.

Ауылшаруашылық кооперациясына мүше болғандарды тең жағынан алсақ, 1927 жылдың 1 октябрінде мынадай: кедейлер – 50,9 %, орташалар – 39,9 %, ... осы мүшелердің ішінде қазақтар – 47 %», - деп көрсетуі [26; 81-86] Қазақстандағы совет үкіметінің экономикалық саясатын іске асыру жолындағы жетістіктерін көрсете отырып, қазақ халқынында басқа одақтас республикадағы халықтар сияқты өркеніеттің жолына түскендігін дәлелдеп, ұлтының саяси беделін нақты көрсетуге ұмтылған тұлға екенін көруге болады. Осы сессияда оның сөйлеген қорытынды сөзінде Қазақстан құрылысындағы негізгі қиыншылықтардың объективтік себебін көрсетеді: «Біздің жер көлеміміз 3 миллион шаршы километр. Жеріміз бай. Бірнеше жылдардан кейін Қазақстанның өндіріс күші өркендей келсе, Қазақ республикасының еңбекшілері бұл байлықтың дәмін татар деймін... Бізбен көрші елдердің көбі Қазақстан жерінің өздеріне бейім екендігіне қызығып, Сарытауға, Сібірге, тағы әлде кімдерге Қазақстанның ана бір бөлімін, мына бір бөлімін бөліп алып, қосып жіберсе, қайтер еді дегенде жиі айтып жүр. Бірақ бір-бір жапырақ жерімізді бөліп беруге ықтияр емеспіз... «Қазақстан – көп ұлттан құралған республика. Негізгі қазақ халқы республикамыздағы барлық халықтың жартысынан аз-ақ асады. Қалған 43 проценті басқа ұлттар. Оның үстіне Қазақстандағы осы толып жатқан ұлттардың арасының қандай екендігіне келсек, патша үкіметінің саясатының арқасында бірі мен бірі жауласып, «қырғи қабақ» болып, әдеттенгенін көреміз. Бұлай болған соң Қазақстан үкіметінің мәдениет, шаруашылық құрылысы жөніндегі жұмыстарды қандай қиын жағдайда істеп отырғандығы, кімге болса да, әшкерә болса керек» [26; 114-115] деген концептуалды баяндаманың мазмұнынан Н. Нұрмақовтың патша үкіметінің отаршылдық саясатының қазақ халқына тигізген зардаптарын ашық айтып, Кеңес үкіметінің ұлт мәселесіндегі саясатының дұрыс шешілу керектігін көрсетеді. Н. Нұрмақов

совет үкіметінің Қазақстанда жер мәселесі туралы саясатын былай түсіндіреді: «... Бір кезде Орталықта Қазақстан шаруашылығын өркендету үшін бөтен ауданнан әлденеше мыңдаған қара шаруаларды Қазақстан жеріне көшіру керек деген пікір болған. Бұған қазақ үкіметі кезінде қарсы болған еді. ... Біз не себептен қарсы болдық? Жер таба алмай отырғандарды Қазақстан сияқты жері кең елге көшірудің керек екені рас... Бірақ переселендерді көшіру жұмысы тым тездетілмесін дейміз. Переселендерге жол ашудан бұрын алдымен Қазақстан жеріндегі елдердің жермен пайдалану жайын дұрыстау керек. Қазақстан жеріндегі орыс-қазақтар әлі қоныстандырылып болған жоқ. Жермен пайдаланулары тұрақты қалыпқа түскен жоқ. Алдымен осылардың жайы ескерілуі керек...» [26; 125-126].

Біздің пікірімізше, Н. Нұрмақовтың ел билігіндегі көрегендік саясатын баяндамадағы сөздерінен көруге болады: «... 1921 ж. жүргізілген жер өндірісі де Жетісу елінің мал шаруашылығына шалығын тигізді. Бұл жер өзгерісін Қазақстан үкіметі жүргізген жоқ, қазақ үкіметі оның «қалдырған» із-таңбасына ғана кездесті. Бұл жұмыс Жетісу, Түркістан республикасына қарап тұрған кезде, Қазақстанның Жетісумен ешбір қатынасы жоқ кезде істеліп еді. Істелгенде, қалай болса солай шаруашылық жөніндегі шаруалардың ешбірі қолданылмай істелгендіктен, жер өзгерісі күткен жемісті бере алмады, қайта Жетісу елінің мал шаруашылығына әсерін тигізді.

Мен мұны айтқанда Жетісуда жер өзгерісін істеу керексіз еді демекші емеспін, тиісті ретпен жүргізе алмағандығын ғана айтпақшымын» [26; 123].

Әрине, осы жылдары жерге орналастыру мәселесі қатты шиеленісті. Орталық Атқару комитеті мен ХКК-де тәркілеу жөніндегі заң жобасын әзірлейтін комиссия құрылды. Оның құрамында Н. Нұрмақовпен бірге Е. Ерназаров (комиссия төрағасы), О. Исаев, Ф. Тоғжанов, О. Жандосов болған.

1928 ж. тамыздың 30-да Қазақ АКСР ХКК-нің «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» арнайы Қаулысы қабылданып, соған сәйкес аудандар белгіленді. Республиканың барлық аудандарына тәркілеуді өткізу жөнінде нұсқаулар жіберілді. Заң бойынша байлардың малы, дүние-мүлкі тәркіленіп, өзі жер аударылуы тиісті болды. Оларды бірнеше топқа бөлді: көшпелі аудандарда ірі қара малы 400-ден астам болса; жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар; отырықшы аудандарда 150-ден астам малы барлар және бұрынғы сұлтандар мен хандардың ұрпақтарына жатқызылды. «Тәркілеу туралы» заң бойынша жер аударылғандардың сайлау құқығы болмады. Байларды тәркілеу барысында 696 «бай-феодалдарды» тәркіленгендігі және мал басын санаудағы жіберілген қателіктер, ұжымдастырудың қарқыны мен қалай жүргізілгендігі, оның әдістері мен жолдары туралы XX ғ. 20-30-жж. Қазақстан тарихы жайлы жазған Т. Омарбеков, Ж. Абылғожин, А. Ғалиев, М. Тәтімұ, Қ. Алдақұманов, М. Қозыбаев тәрізді отандық ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі. Сонымен қатар 2010 ж. шыққан академиялық басылым – «Қазақстан тарихының» 4-томында жан-жақты қарастырылған.

Байларды тәркілеу науқанын 1928 ж. 1 қарашасында аяқтау жоспарланды. «Тәркілеу туралы» заң бойынша жер аударылғандардың бәрі сайлау құқығынан айырылды. Байларды тәркілеуді жүзеге асыру үшін комиссиялар құрылды. Уәкілдер бастаған комиссия мүшелері тәркілеу барысында кеңес үкіметінің нұсқауларын, яғни байларды тәркілеу туралы заңды өрескел бұрмалады.

Партияның XIV съезінде Қазақстандағы ұжымдастыру саясатын жүргізудің негізгі бағыттары айқындалып, мерзімі көрсетілген. Сондықтан ұжымдастыруды тездету үшін Қазақстан партия комитеті жеделдетудің шұғыл шараларын жүргізе бастады. Осыған байланысты Н. Нұрмақов елдің басқа аймақтарымен салыстырғанда Қазақстанда ұжымдастыру жұмысында асығыстық болмау керектігін айтты, бірақ Ф.И. Голощекин мүлде қосылмады. Н. Нұрмақов ұжымдастыруды жүзеге асыру барысында еріктілік, қоғамдастыру принциптерінің бұрмаланғандығына қарсы шықты. Осы жылдары кім ұжымдастыруға қарсы екенін айқындау жұмыстары жүргізілді. Кімде-кім қарсы болса, ол тіптен кедей шаруа болса да, тап жауы қатарына жатқызылды. Күштеп ұжымдастырушылар қазақ қоғамындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшелігін мүлде ескермей, ұжымдастырылған шаруашылықтарға жұмыс күші болып саналатын малды ғана қоғамдастырудың орнына, барлық малды түгелдей алу шаралары жүргізілді. Күштеу, зорлық-зомбылық көрсету арқылы ұжымдастыру шаралары тездетілді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», деген сыңар жақ ұран қазақ халқын құрып кетуге жақындатты. Әділетсіздікпен жүргізілген ұжымдастыруға байланысты тәркіленген ауқатты шаруалар, байлар үкіметке арызданып хат жазған. Бұл хаттар бүгінгі күні жарық көрді. Болашақта бұл хаттар қазақ халқының ұжымдастыру кезінің тарихындағы ерекше деректері ретінде жеке зерделенуді қажет етеді.

Н. Нұрмақов ұжымдастыру барысында заңсыздық болғандығы туралы түскен арыздарды тексерген комиссия материалдарын мұқият қарап, кемшілікті жою туралы нұсқау береді. Соның бірі оның 1928 ж. қазан айында «Барлық округтік атқару комитеттеріне» деген нұсқауы:

«Жер-жерден түскен материалдардан көріп отырмыз: кәмпеске жүргізетін округтік комиссиялар Декреттің мәніне, оған байланысты Өлкелік комиссияның нұсқауларына қарамастан, бірнеше қожалықтарды бір қожалыққа біріктіріп, Декретте көрсетілген мал санын қамтамасыз етуді көздеуде. Осындай көзқарастың арқасында бір жанұясына алпыс, қырық бес адам біріктірілген жайлар кездесуде. Мұның өзі өмірде мүлде кездеспейтін нәрсе. Мұндай көзқарас жол беруге болмайтын нәрсе, бұрын берілген барлық нұсқауларға қайшы келеді деп есептей келе округтік атқару комитеттері төрағаларына, уәкілдерге жеке жауапкершілік жүктеп, мұндай көрсетілген жағдайларды жоюдың нақты шараларын жүзеге асыруды ұсынамын. Халық Комиссарлары Комитетінің төрағасы Н. Нұрмақов. Қызылорда, қазан, 1928 жыл» [34; 94-95]. Осы құжаттан біз Н. Нұрмақовтың Қазақстандағы голощекиндік саясатқа іс жүзінде аянбай күрескендігін көреміз. Астындағы

тағы мен басындағы бағынан айырылып қаламын деп қорықпай, тәркілеу кезіндегі асыра сілтеулерге қарсы бар күшін салды. Бір кезде өзі қол қойған құжаттың туған халқына зардап әкеліп жатқанын көріп, енді соған қарсы тұруы батырлық тұлғасын көрсетеді.

1928-1929 жж. бай-кулақтар есебіне алынып жазаға тартылғандар, яғни қудаланғандар, есебі 54 625 болды. 1931 ж. 5500 шаруа бай-кулақ ретінде аласталды. Ал енді 1928 ж. тәркілеу кезіндегі қазақ қоғамындағы бай-феодалдар саны тек 696 ғана болғаны тарихтан белгілі. Бірақ бұл сандарды нақты деп айту қиын, себебі жауапқа тартатын органдардың саны өте көп болды. Мысалы, 1932 ж. Юстиция Халық Комиссары өзінің өте құпия хатында барлық жауапқа тартылғандардың бар болғаны 37,3 % кулақтар екенін, ал қалғаны қатардағы еңбекшілер екенін мойындаған [35].

ХКК төрағасы Н. Нұрмақовтың басшылығымен партияның XV индустрияландыру съезінің де шешімдерін іске асыру үшін көптеген жұмыстар атқарылды.

Кенестік индустрияландыру саясатының алғашқы нысаны теміржол құрылысын салу болды.

1927 жылғы 2 наурыздағы «Жетісу теміржолын салу туралы мәселе» деген РСФСР Халық Комиссарлар кеңесінің қаулысына сәйкес Т. Рысқұловтың басшылығымен Түркісіб теміржолын салуға ықпал ететін арнайы комитет құрылды. В.С. Шатов - құрылыс бастығы; Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақов – Түркісікке жәрдемдесу комитетінің басшысы; РСФСР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов - РСФСР үкіметі жанындағы Түркісіб құрылысына жәрдемдесетін арнаулы комитет басшысы; М. Тынышбаев – комитет жұмысын және теміржол магистраль құрылысына тікелей жауап беретін болды.

Алғашқыда комитеттің құрамында 18 адам болған, кейіннен 50 адамға дейін өсті. Осы комитеттің құрамына Қазақстаннан Қазақ АССР ХКК төрағасы Н. Нұрмақов кірді. Кейіннен 1927 ж. Т. Рысқұлов Санкт-Петербург жол қатынастар институтын бітірген кәсіби инженер Мұхамеджан Тынышбаевты Комитеттің құрамына кіргізу үшін: «Сізді ЖҚХК Жетісу-жолы құрылысы бойынша ХКК Комитеті және ЖҚХК құрылыс комитетінің құрамына енгіземіз. Мәскеуде алдын ала жұмыс істеу қажет. Егер келіссеніз, қашан шығатыныңызды хабарлаңыз. Н. Нұрмақовпен келісілді» [6; 335].

Жәрдем комитетінің басшысы Н. Нұрмақовтың тікелей араласуымен теміржол өтетін аудандарды кешенді түрде зерттеп, оған қажетті сауатты қазақ жастарын тартып, Түркісіб құрылысына белсене араласуымен бірге, іргелес жатқан аудандардың дамып, ұлт маман кадрлардың қалыптасуына ықпал етті.

Кенестік өндірістің, индустрияның дамуы ұлттық жұмысшы-мамандарға деген сұранысты арттыра түсті. Осы жағдайда барлық салада білікті ұлттық жұмысшы-кадрларын дайындау, бар ұлттық кадрларды тарту және ана тілінде іс жүргізуге Н. Нұрмақов ерекше көңіл бөлді. Жергілікті ұлт

өкілдерінен маман-кадрларын дайындау БОАК Президиумының, Президиум Секретариатының, Ұлттар Бөлімінің мәжілістерінде сан мәрте қаралып, кешенді түрде шешу жолдары белгіленді. Соның бірі өнеркәсіпті дамытудың жолдарының бірі туралы 1928 жылғы БОАК-тың 13-шақырылған III сессиясында Н. Нұрмақовтың «Строительство Казахстана» деген баяндамасында былай дейді: «... Советский Союз своими средствами и силами сможет восстановить и развить крупную промышленность на территории Казахстана. По выявленным данным, Казахстан по ископаемым богатствам, главным образом: меди, свинца, железа и угля, - стоит в СССР на одном из первых мест. Но, к сожалению, эти богатства до настоящего времени разрабатываются в самых незначительных размерах... Намечанный в контрольных цифрах пятилетки ВСНХ Союза темп развития цветной металлургии мы считаем совершенно недостаточно обеспечивающим интересы и нужды Советского Союза.

Конкретно мы ставим перед правительством РСФСР и перед Союзным правительством, в отношении развития горнозаводской промышленности, следующие задачи.

Во-первых, расширение производительности Карсакпайского медеплавильного завода до 15 тыс. тонн, вместо намеченных 10 тыс. тонн. Этот завод был поставлен в расчете на меньшее количество руды, на самом же деле выявлено, что руды там такое количество, которое сможет обеспечить не только Карсакпайский завод, но и еще один завод такой же мощности. Мы ставим такой вопрос о проведении там узкоколейной железной дороги, так как завод стоит в степи и снабжение его, а также вывоз продукции этого завода, выражающийся ежегодно в 10 тыс. тонн меди, не может быть обеспечен верблюжьим транспортом.

Во-вторых, необходимо также в течение 5 лет восстановить Спасский медный завод. Раньше этот завод работал в руках англичан, теперь он находится на консервации. Этот завод надо пустить с производительностью к концу пятилетия в 5 тыс. тонн меди в год.

В-третьих, развитие Риддеровского предприятия повести таким темпом, чтобы к концу пятилетия производительность довести до 30 тыс. тонн цинка, 20.000 тон свинца, 1.500 тонн меди в год. В развитии Риддеровского дела мы видим непростительную медленность. С Риддеровским делом связано строительство новых предприятий, в частности, строительство гидроэлектрической станции на реке Ульбе для обеспечения на месте разработки цинковых концентратов Риддера путем электролиза. Мы считаем, что тенденция к тому, чтобы продолжать вывозить за границу цинковые концентраты или разработку этих концентратов производить в других местах нашего Союза, является неправильной и вредной. Поэтому Казахстан настаивает на том, чтобы вся продукция, получаемая на территории Казахстана, сейчас занятой Риддеровскими предприятиями, разрабатывалась бы на этих предприятиях.

Для этого мы считаем необходимым форсирование работ по электростроительству.

В-четвертых, мы ставим вопрос о форсировании разведывательных работ, темп которых совершенно не отвечает интересам индустриализации Советского Союза. Степи Казахстана обследованы очень мало, обследовательская работа и сейчас проводится в незначительных размерах. Чтобы к концу 5-летия развернуть работу по строительству ряда крупных предприятий на территории Казахстана в месторождениях меди, железа и угля, необходимо в несколько раз увеличить работы по обследованию казахской степи...» [26; 162-164].

Осы баяндамасында Н. Нұрмақов Ембімұнай ауданын игеру үшін және оны тасымалдау үшін Ташкент теміржолының бойына жақын жатқан аудандарда барлау жұмыстарын дамыту туралы мәселені қозғайды. Сонымен қатар ауыр өнеркәсіпті дамыту үшін солтүстік өңірлердегі көлік коммуникация мәселесін шешуді де күн тәртібіне қояды.

Н. Нұрмақовтың сол кездегі көрегендік саясатының дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеді. Қазақстанда түсті металдардың, әсіресе мыс пен қорғасынның бай қорлары Қазақстанның оларды өндірудің КСРО бойынша жетекші орынға шығуына мүмкіндік берді. Еңбек және Қорғаныс Кеңесі 1929 жылғы 2 тамыздағы «Түсті металдар өнеркәсібін дамыту болашағы туралы» қаулыда басты назар аударатын аймақтар ішінде «даму келешегі зор негізгі нысан» ретінде Қазақ Автономиялық Социалистік Республикасы аталды».

Социализм құрудың лениндік жоспарының бірі мәдени революция жасау болатын. Қазақстан үкіметінің ірі басшыларының бірі ретінде Н. Нұрмақов советтік қазақ өнері мен мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан тұлға. Осы бағытта С. Сейфуллиннің алғашқы кітаптарына алғы сөз жазып, шығуына ықпал жасады. «Қазақстан» журналы мен Семей қаласында шығып тұрған «Қазақ тілі» газетінің үздіксіз шығып тұруын да қадағалады. Бұл басылымдарда қазақ даласындағы социалистік ұлы өзгерістер туралы ақпараттар беріліп, халықты осы идеяға адал болуға шақыратын мақалалар жазылып тұрған.

1920-30-шы жж. ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы ерекше дәуір болып сақталады. Себебі осы уақыт аралығында тұңғыш қазақ театры, жоғары оқу орындары, мектептер, кітапханалар ашылып, «қызыл отаулар» жұмыс жасады.

Мәдениет саласында жұмыс істейтін ұлттық кадрларды қалыптастыру және оларды кеңес органдарына қызметке тарту жұмыстарын 1925 ж. жергіліктендіру (коренизация) комитеті жүргізген саясаттың аясында іске асты. Мысалы, ұлттық кадрлар орташа көрсеткіші 31 пайыз, ал жоғарғы пайыздық көрсеткіш Қарқаралы округінде 82, 5 болса, Орал округінде бұл көрсеткіш 8, 4 пайыз болған [36; 19].

Н. Нұрмақов өзінің қызметіне сәйкес халық арасындағы сауатсыздық жою мәселесін ерекше бақылап отырды. Соған орай 1924 ж. «Республикада сауатсыздықты жою» қоғамы құрылды. Осы қоғам жұмысының аясында

оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау жұмыстары жүргізілді. Одақ көлемінде осы мәселеге бөлінген қаржының 15 пайызы Қазақстанға бөлінді. Сауатсыздықпен күрес жұмысы жандана түсті.

1923 ж. 3 мың адам оқытылып, 90270 оқушы оқытатын 103 пункт ашу жоспарланды, ал 1924-1925 оқу жылына 6677 сауат ашу пункті жұмыс істеді. Олардың 5845-і деревнялық және ауылдық пункттер болды. Оған 1730128 адам оқуға барған [6; 193]. 1926 ж. Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АКСР-і үшін педагогикалық жоғарғы оқу орнының қажеттілігі ескеріліп, Ташкент қаласындағы Қазақ Ағарту институтын Қазақ педагогика институты деген атпен қайта құрылған педагогикалық жоғарғы оқу орны деп есептеу керек» деген шешім қабылдады. Бұл оқу орнының ректоры болып Темірбек Жүргенов тағайындалды. Осы жылдары педагог мамандарды дайындау Қазақстан үшін өте маңызды болды. 1928 ж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты ашылып, жоғарғы білім беру жүйесі қалыптаса бастады. Сонымен қатар 1922 - 1928 жж. арасында Қазақстанда мектептер ашу мәселесі Нығмет Нұрмақов тарапынан айрықша бақылауда болды: «Халық шаруашылығын көтеру туралы жұмысымен бірге мәдениет-ағарту жұмысын да қатар алып жүргіздік. Бұл жөніндегі жұмыстарымызды мына төмендегі цифрлар суреттейді: 1925-26 ж. бастап 3 жылдың ішінде халық ағарту жұмысына 43,700 мың сом, ел саулығын сақтау жұмысына 19,160 мың сом жұмсалған. Халық ағарту, ел саулығын сақтау жұмысына бұл төгілген күш далаға кеткен жоқ, бұл жөнінде бірталай табысымыз бар: соғыстан бұрын 1915 ж. 5 млн. халқы бар қазақ елінде бастауыш мектеп саны 500 еді. Қазірде 1927-28 ж. есепті алсақ, бірінші бастауыш қазақ мектептерінің саны 1,680- ге жетіп, соғыстан бұрынғыдан 3 есе өсіпті, 1915 ж. қазақтан оқушылар саны 13 мың адам екен. Қазірде 125,112 адам болып отыр... Соғыстан бұрын Қазақстанда кәсіп өнер мектептері мүлде болған емес еді. Қазірде ондай кәсіп өнер мектептері 37, мұның 29-ы қазақтарға арналған. Кәсіп өнер мектебінде оқушылардың жалпы саны 5,133 адам, мұның 3,714 қазақ... Халық ағарту жұмысындағы осы табысымыздың үстіне биыл Қазақстан астанасы Алматы қаласында Қазақстанның бірінші мемлекеттік университеті ашылды. Қазақстанның алдағы өмірінде бұл университеттің тигізетін пайдасы аз емес...» [26; 94]. Н. Нұрмақовтың осы сөзінен қазақ халқы мәдениетінің дамуы үшін оқу-білімнің тез қарқынмен өсуіне ол ерекше көңіл аударған тұлға екені көрінеді.

Қазақ мәдениетінің терең тарихын Н. Нұрмақов бала кезінен біліп өскен. Өйткені ол атақты «қазақ ЕХРО-сы» өтіп тұратын Қоянды жерінің тумасы еді. Сондықтан Қоянды жәрмеңкесіне келген қазақтың талай жақсы мен жайсаңдарымен кездесіп, танысып, қадір-қасиетін және қабілетін тани өскен. Олардың өзара рухани құндылықтар жайлы пікір сайыстарын естіген. Қазақ даласындағы осы дәстүр, рухани сабақтастық Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында ұлттық мәдениетті жаңа жағдайда қалыптастырып, оны дамыту жолында үлкен тірек болды. Рухани құндылықтың мәні мен маңызын жақсы білетін Н. Нұрмақов Жұмат Шанинмен, Мұхтар Әуезовпен,

Александр Затаевич сияқты мәдениет пен әдебиет саласының білгірлерімен танысып, олардың мәдениет саласындағы қызметтерінің дамуына тікелей көмек берді. Қазақ өнерінің қамқоршысы бола білген Н. Нұрмақов Семей қаласында шығып тұратын мерзімді басылымдарға қазақ өнерінің, мәдениеті мен әдебиетінің туындыларының басылып шығуына қамқор болған. Сол басылымдарда Ж. Шаниннің туындылары да жарияланған.

1925 ж. Қызылордада Қазақ ұлттық драма театрының ашылу жұмыстарын ұйымдастырушыларға Н. Нұрмақовтың үлкен көмегі тиді. Талантты адамдарды осы театрға жұмысқа тартқан. Солардың бірі театрдың алғашқы директоры болған Ж. Шанинді қолдауы.

Н. Нұрмақов театрдың шығармашылық қызметінің, репертуардың тәрбиелік және идеялық-көркемдік сапасының жоғары болуын және онда қазақ тарихына байланысты көркем шығармалардың қойылуына ерекше көңіл бөліп отырды. Сондақтан ұлттық театр және өнердің 1927-1936 жж. аралығындағы баспасөз беттерінде өзекті мәселелері ретінде мынадай тақырыптармен: «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының әртістері», «Қазақстан мемлекеттік театры», «Театр тарихынан» т.б. жарияланып, талқыланып тұрды. Осындай жұмыстардың атқарылуы жоғары билік басында отырған Н. Нұрмақовтың ұлтжандылығын және қазақ мәдениетінің болашағына рухани бағыт беруге бағыттаған тұлға болғандығын сипаттайды.

Сонымен қатар саяси биліктің биік шыңына шыққан кезеңінде Н. Нұрмақов ұлттық тарихи рухани мұраларды жинау мәселесіне де көңіл бөлді. Осы жолда қызмет жасаған А.В. Затаевичтің жұмысына қамқорлық көрсетіп, атақты «Қазақ халқының 1000 әні» атты іргелі ғылыми еңбектің жарық көруіне қамқор болғандығын айтсақ та жеткілікті.

Социалистік мәдени революция саясатын іске асыруда Н. Нұрмақов атқарған жұмыстардың жетістігі туралы 1928-жылы қараша айында өткен Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 13-шақырылымының III сессиясында жасаған баяндамасы дәлел: «Основные итоги хозяйственного и культурного строительства Казахстана» деген баяндама. Онда ол былай деп көрсетеді: «... Основные мероприятия характеризуются следующими цифрами: израсходовано на народное просвещение по республике за три года, начиная с 1925-26 г., 43.700 тыс. руб...

В настоящее же время мы имеем разных профтехнических учебных заведений 37, из них 29 казахских, учащихся в этих 37 профтехнических учебных заведениях 5.133, из них 3.714 казахов...

Эти достижения в области народного просвещения в этом году увеличились открытием в нашей столице, г. Алма-Ата, 1-го государственного казахского университета, который в дальнейшей жизни Казахстана будет иметь выдающееся значение» [26;144-145].

Сонымен, Н. Нұрмақов Қазақстанда кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап, XX ғ. 20-жылдарының соңына дейін социализм құрудың

негізгі іргетасын қалау барысында үлкен саяси, қоғамдық, шаруашылық жүргізудің мектебінен өткен тарихи тұлға.

Қазақстанның басшылары (Ф. Голощекин, И. Құрамысов, Ежов тағы басқалары) Н. Нұрмақов тәрізді саяси күресте шыңдалған, шаруашылықты басқаруда тәжірибесі мол, халықтың қолдауына ие болған тұлғалардан қауіптенді. Өйткені Ф. Голощекин С. Сәдуақасов бастаған жас қазақ большевиктерін ауылды кеңестендіру ісінде ең басты қарсыласы ретінде танып, оны С. Қожановтармен де байланыстырып, оларды өзара одақтас деп санап, қазақ халқына байланысты барлық мәселелерді шешуде кедергі келтіретін Қожанов-Сәдуақасов туралы жалған кінәлар ойлап тапты: «Сәдуақасовшылдық, оған Сұлтанбеков те, Қаратілеуов те, Мұстамбаев та және тағы басқалары «социализм құрылысшылары» кіреді, бұлай дегенім үшін кешірерсіздер...» [37; 70]. Сондықтан Ф. Голощекин қазақтың осындай ұлтжанды, іскер азаматтарын қудалады. Қазақстанда жүрні жатқан саяси «ойындар» жағдайында Н. Нұрмақов Мәскеуде 1929-1931 жж. ВКП (б) Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм курсына оқуда болған.

Н. Нұрмақовтың биік саясат тұғырындағы мәскеулік кезеңі біздің пікірімізше – «салтанат пен қасірет» кезеңі - 1929-1937 жж. арасын қамтиды. Бұл оның Одақтық деңгейдегі мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілген кез еді.

Мәскеудегі оқуын аяқтаған Н. Нұрмақовты тәжірибелі, білгір қоғам қайраткері ретінде 1931 ж. 13-наурызда РКФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (әрі қарай БОАК) Президиумының мәжілісінде Н. Новиков, А. Енукидзе, И. Смидовичпен бірге оны БОАК Президиумы мүшелігіне сайлайды және олар БОАК Секретариатының құрамына кірді. БОАК Президиумының Секретариатының орынбасары; 1934 жылдың 11 мамырынан бастап БОАК Президиумы Есеп-ақпарат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Осы уақыттан бастап Н. Нұрмақов айыпталғанға дейін екі бөлімнің жұмысын қатар атқарды. Мәжілісте Н. Нұрмақов БОАК Президиумы жанындағы Ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

БОАК-тың қысқаша қызметіне тоқталып кетейік.

БОАК РКФСР-ғы мемлекеттік биліктің заң шығарушы, реттеуші және бақылаушы органы болды. БОАК-де және БОАК Президиумы жанынан бірнеше жалпы республикалық органдар – комиссиялар, комитеттер, басқармалар құрылды. Олардың кейбірулері тікелей БОАК-нің міндетін атқарса, басқалары РКФСР құрамына кірген халықтардағы ұлттық құрылыс, мәдени құрылыс, еңбекшілердің өмір сүру жағдайларын көтеру, кейбір нақты халық-шаруашылық мәселелерді шешу сияқты міндеттерді атқарды.

Сөйтіп, ол 1929-1937 жж. аралығында социалистік құрылыстың барлық саласындағы жұмыстарға тікелей басшылық жасап, араласып отырды.

Н. Нұрмақов Ұлттар бөлімінің мақсатын «орыс емес халықтардың еңбекші бұқарасына жергілікті тұрғындардың психологиясын, тұрмысын білетін сол ұлттың өкілдерін сот, әкімшілік, шаруашылық және билік органдарына тарту, әрі іс қағаздарын сол ұлттың тілінде жүргізу,

шаруашылық, ағарту, мәдени жағдайын дамыту және нығайту» деп түсіндіреді. Себебі Кеңес Одағының территориясында тұрғылықты халқының басым көпшілігі аз ұлттар болып саналатын 65 аудан болған. Аз ұлттардың арасында кеңес үкіметінің ұлттық саясаты күрделі жағдайда жүргізілді. Соның бірі аз ұлттар тағдырына менсінбей, төмен санаған ұлы орыстық шовинистік көзқарас кедергі келтірді.

Ұлттар бөлімі жұмысының негізгі бағыты аз ұлттардың болашақта дамуының қандай мүмкіндіктері бар деген мәселеге жауап беру болды. Осы стратегиялық мәселелерді салыстырмалы түрде дұрыс шешудің нәтижесінде экономикалық, шаруашылық-мәдени және демографиялық дамуда белгілі бір сапалық деңгейге көтерілген ұлттық аудандар автономиялық облыстарға, автономиялы облыстар автономиялық республика мәртебесіне көтерілді.

1930 ж. «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру» туралы Декрет қабылданды. Осыған орай Н. Нұрмақов басқарып отырған Ұлттар бөлімінің күрделі жұмыстарының бір бағыты - ағарту жұмыстары болды. 1933-1934 оқу жылында Чуваш, Поволжье немістері, Карел, Адыгей, Татар, Марий республикалары мен облыстары жетіжылдық білім беруге көшті. Мемлекет тарапынан елеулі қаржының бөлінуі бұл саланың табысқа жетуіне ықпал етті. Аз ұлттар арасындағы мәдени-ағартушылық жұмыстары жайында Н. Нұрмақов: «Оралда татарлар арасындағы сауаттылық 1928 жылғы 30%-дан 1932 жылы 80%-ға, ноғайларда 41%-дан 71%-ға, марийлерде 24%-дан 60%-ға, мордваларда 32%-дан 58%-ға көтерілді. Батыс облысында екінші бесжылдықтың басында белорустардың сауаттылығы 58%-ға, литваларда 64%, поляктарда 72%, латыштарда 73%, еврейлерде 72%-ға дейін өсті [38]. XXI ғасырда да мәнін жоймаған аз ұлттар арасында олардың ана тілінде бастауыш білім беру мәселесін қазақ саяси элитасының ірі өкілінің бірі Н. Нұрмақов өткен ғасырдың 20-30-жылдары дұрыс жолға қою үшін ұмтылды. Ол мынадай жұмыстар еді: педагогикалық мамандар даярлау; қысқа мерзімде мектеп ғимараттарын салу және ескілерін қайта жабдықтау; ана тілінде сапалы оқулықтар шығару. Сонымен қатар аз ұлттар өкілдері үшін ағарту саласын жақсарту барысында «Мектепке ең жақсы көмек» конкурсын ұйымдастырды. Нәтижесінде барлық білім беретін мекемелерде жөндеу жұмыстары, қысқы жылу беру маусымына даярлық, оқулықпен, жазу құралдарымен жабдықтау және мектеп оқушыларының киім және аяқ киімдерін жөндеу шеберханаларын құру үшін тұрғындардың ақшалай көмегі көрсетілді.

Сонымен қатар автономиялық республикаларда ұлт мектептерін мамандармен тез арада қамтамасыз ету; аз ұлттар еңбекшілерінің арасындағы сауатсыздықты 1931-1932 және 1932-1933 жж. толығымен жою; көшпелі мәдени шаралар, кітапхана, «қызыл отау» мәдени-ағарту мекемелерін жергілікті ұлттың ана тіліне көшіру; ұлттық өнерді, кино, әдебиет, театрды дамыту тәрізді бірқатар шараларды іске асыруда қаржы бөлуді 1930-1931 жылдың бюджетіне енгізу, полиграфиялық машиналармен жабдықтау туралы шешімге Бүкілодақтық Атқару Комитетінің төрағасы - М. Калинин,

Бүкілодақтық Атқару Комитетінің Президиумы хатшысының орынбасары Нығмет Нұрмақов қол қойған.

Н. Нұрмақов өз жұмысының тиянақты атқаруының барысында көптеген кемшіліктерді байқаған. Соның бірі оқу орындарында аз ұлттар өкілдерінің оқу орындарына түсу үшін берілетін броньды берудің нақты әдісі жоқ екендігі, «кадрларды дайындау мен оларға сұраныс жоспарының арасында ешқандай үйлесім жоқ». Осы мәселелерді шешу үшін ол мынадай жұмыстарды атқарды: ұлт жастарын оқу орындарына қабылдауда әр аймақтың кадр мәселесіндегі сұраныстарына сәйкес орындау; жоғары оқу орындары мен техникумдарға оқуға түсу үшін жұмысшы факультеттерін көбейту; оқу бітірген түлектерді олардың өздері тұратын аймақтарға оралуын қамтамасыз етуді; студенттердің материалдық және мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту; ана тіліндегі бағдарламалар, оқулықтар және әдебиеттермен жабдықтау мәселелерін қолға алды. Сонымен қатар нақты жұмыстар жүргізіліп, барлық автономиялы республикалар мен облыстарда жергілікті ұлт өкілдерінен мұғалімдер даярлайтын педагогикалық техникумдар ашылды. Мұндай мүмкіндік болмаған техникумдарда ұлттық бөлімдердің болуын қадағалады.

Н. Нұрмақовтың саяси көрегендік қасиеттерінің бірі РКФСР-дағы аз ұлттар арасындағы ағартушылық жұмыстың ұлт саясатындағы шешуші рөлін дұрыс түсіне білуінде. Сондықтан 1932 ж. 1 қарашада БОАК Президиумының кезекті мәжілісінде Ұлттар бөлімінің РКФСР-дің автономиялы республикалары, облыстары мен ұлттық аудандарында кеңестік аппаратты жергіліктендірудің жағдайы мен міндеттері туралы мәселе қаралғанда Н. Нұрмақов автономиялы республикалар мен облыстардың әкімшілік-басқару органдарында ұлттық қызметкерлер көп, бірақ кеңестік сайлау органдарында ұлттық кадрлардың үлесі аз екендігінің себебі ұлттық білікті кадрларды дайындау жеткіліксіз екендігін айтады. Мәжілісте ұлттық аудандардың экономикалық-мәдени өсуі жергілікті жерлердегі аз ұлт өкілдерін кіргізу арқылы ұлттық билік аппаратын құруға мүмкіндік беретіндігі баяндалды.

Осы мәжілісте Н. Нұрмақов: «Партияның XII съезінде басқаруды жергіліктендіру, басқаруды ұлтқа қызмет етуге жақындастыру, ұлт өкілдерін мемлекетті басқаруға енгізудің принциптік және тәжірибелік маңыздылығы айтылған», - дей келе, өз ойын былайша жалғастырған. «Мұны іске асырудағы міндеттердің бірі билік органдарына ұлттың тілін, тұрмысын, әдет-ғұрпын білетін жергілікті адамдарды тарту болып саналады. Бірақ бұл іске дұрыс мән беріліп отырған жоқтығын көрсете келе, ол «аппаратты жергіліктендіруде кей жерлерде жергілікті ұлтшылдар орыстарды аппараттан шығарып тастағысы келсе, орыс қызметкерлері аз ұлт өкілдерінің тіліне, тұрмысына менсінбей қарап, үстемдік, қиянат жасауын қоятын емес, оларды мемлекеттік басқаруға енгізуге қарсы. Шынын айту керек, бұл біздің орталықта да бар, бізде ұлыдержавалық шовинизм басты қауіп төндіріп отыр», - деп сынады. Оның пікірінше, ұлттық аудандарда мемлекеттік

аппаратты техникалық жабдықтау шараларын қабылдау қажет. Іс қағаздарын ұлт тілінде жүргізіміз келсе жазу машиналарын, көбейткіштер, қағаз басатын аспап - стеклографтар, колжазбаны көбейтетін – шапирографтарды жасау, онымен жабдықтауды шұғыл арада жақсарту керек. Бұлар алыс ұлт аудандарында жетіспейді. Егер осылармен қамтамасыз етсек, жағдай алға жылжыр еді. Біздің практикалық мүмкіндіктеріміз бар...» [26].

Н. Нұрмақовтың аталған іс-шараларды күн тәртібіне қоюының өзі, оның мемлекеттің болашағын ойлай білген ірі саяси тұлға екендігін дәлелдейді. Оның мемлекеттің дамуындағы стратегиялық мақсаты – ұлттық кадрлар дайындау. Бұндай көрегенділік бүгінгі күні де көпұлтты мемлекетті ұстап тұруда өте маңызды тұжырымдама. Өйткені мемлекет дамуындағы «адам капиталының» орны әрқашанда өзекті болып қала береді. Сонымен қатар Н. Нұрмақов көпұлтты Кеңестік Ресей Федерациясында ұлттар арасындағы татулықтың маңыздылығын жақсы түсінді. Бұндай саясат жаһандану жағдайында дамып жатқан көпэтносты Қазақстан үшін де маңызды. Қазіргі тәуелсіз қазақ мемлекетінде ұлтаралық татулық пен ынтымақты сақтаудың бірден бір жолы – төзімділік, Қазақстан Халқы Ассамблеясы институтының құрылуы, басқа этностардың мәдени-рухани құндылықтарының сақталуына мүмкіншілік жасалуы, Н. Нұрмақов ұстанымының өміршендігін көрсетеді.

Ұлт аймақтарда 1934 ж. Н. Нұрмақов іс сапарда болған кезде ондағы аз ұлттар бөлімшелерінің жұмысына бағыт-бағдар, жәрдем берді, аймақта кезек күттірмейтін мәдени-ағарту, денсаулық мекемелерінің құрылысын салуды РКФСР ХКК-не ұсынды.

1934 ж. 19-маусымда Ұлттар бөлімінде «Жоғары оқу орындарын ұлттық кадрлармен толықтыру» жайлы мәселе қаралды. Н. Нұрмақов төрағалық еткен мәжіліске БОАК Президиумы жанындағы автономиялы республикалар мен облыстар Өкілдіктерінің мүшелері қатысты. Осы мәжілісте жоғары оқу орындарына жіберілген студенттердің оқу аяқталған соң өз елдеріне оралмайтындықтары туралы келіп жатқан хаттардың бар екенін айтқан Н. Нұрмақов, оларды реттеу туралы өз ұсыныстарын айтқан.

Н. Нұрмақов аз ұлттар арасындағы оқу-ағарту мәселесін жетілдіру жолында БОАК-тың мәжілістерінде осы сұрақтарды шешуді үнемі көтерген тұлға.

Ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып жүрген жылдары Н. Нұрмақов бүкіл республикаға мамандар даярлайтын оқу орындарында Солтүстік Кавказ өлкесінен, Батыс облыс мен Украинадан жалпы, Кеңестер Одағының әр аймағынан педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттердің санын есепке алады. Осы сұрақтың шешімін табу үшін РКФСР ХКК төрағасы Т. Рысқұловпен ақылдаса отырып, мәселені шешкен. Бұдан біз Н. Нұрмақовтың аз ұлттардың оқу-ағарту саласын, өнерін, әдебиетін, мәдениетін таныту жолында атқарған жұмыстарының нәтижесін көреміз. Н. Нұрмақов өзі барып 1934 ж. Таймыр, Эвенки, Ямало-Ненец тағы басқа ұлттық округтердің құрылуы жұмысына басшылық жасаған. Сондықтан ресейлік аз ұлттар

арасындағы оқу-ағарту, әлеуметтік мәселелердің қалай жүріп жатқандығын өзі көзімен көріп, бақылап отырған [39; 5].

1930-жж. аяғына қарай Кеңес үкіметінде большевиктер партиясының ұлттық саясаты жеңіске жетті деген қорытынды жасалды. Осы жеңісті жақындатқандардың бірі Н. Нұрмақов.

Мәскеудегі қызметінің барысында Н. Нұрмақов аз халықтардың тағдырын үнемі бақылап отырды. Олардың әлеуметтік жағдайы төзгісіз, жоқшылықта өмір сүруі, туберкулез сияқты жұқпалы аурулар Солтүстіктегі аз халықтардың өмір сүру деңгейін төмендетті. Бұл аймақтың қатал табиғат жағдайында өмір сүріп жатқан халықтардың жағдайды жақсы біліп, олардың болашағы үшін алаңдады. Осындай, кемшіліктерді өз көзімен көргендіктен осы мәселені БОАК-тың төрағасы М. Калининмен ақылдаса отырып, Солтүстік өңірлердегі заң органдарының қалыптасып дамуы, жергілік тұрғындардың табиғи байлықтарды өндіруге арналған өндірістерде жұмыс істеуін және оларға жұмыс ерекшеліктеріне байланысты жеңілдіктер беру мәселелерін де шешкен. Сондай жұмыстар Якутия халықтарының арасында табиғи ресурстық экономикалық қуатын игеру жұмыстарына жергілікті халықтың қатысуын қамтамасыз етті. Сондай қамқорлық үкімет тарапынан жүргізілген жергілікті халыққа пайдалы алтын кен орындарын игеру, құнды аң терістерін игілікке жарату жұмыстарында анық көрінді. Бұл жұмыста Н. Нұрмақов басқарған бөлім қызметінің үлесі зор болды. Әсіресе 1934 ж. мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуы оның аз халықтар үшін жасаған игі қамқорлығының дәлелі болады. Бүгінгі Ресей Федерациясының экономикасындағы үлкен маңызды стратегиялық аймағы болып саналатын Саха республикасының өнеркәсібінің XX ғ. 20-30-жж. қалыптасуы мен дамуында адами капиталдың жаңа кеңестік құрылыс пен өмірге бейімделуінде Н. Нұрмақовтың ұйымдастырушылық, саяси белсенділігінің ізі жатыр.

Бұл жайлы ол 1937 ж. ақпанда «Советское строительство» журналына мақала жазды. Мақалада сол кездегі РКФСР-де бастауыш, толық және толық емес орта 106 мың мектепте 17,4 млн. бала білім алып жатқанын, 1924-1936 жылдарда орта мектептер саны үш есе, жетіжылдық мектептер саны он бір есеге артқанын айта келе, таяу арада жаппай жетіжылдық білім беру толық жүзеге асады дейді: «Бұрын Эвенки ұлттық округінде бір де бір мектеп болмаса, қазір 19, Таймыр ұлттық округінде 2-ақ мектеп болса, қазір 28. Бұрын солтүстік халықтарына ешқандай дәрігерлік жәрдем көрсетілмеді, емдеу орындары болған жоқ. Ал қазір ше? Таймыр округінде 12, Эвенки округінде 7 аурухана, амбулатория және дәрігерлік пункт бар» [40].

Н. Нұрмақовтың аз ұлт өкілдерінің шаруашылығын, тұрмыстық-мәдени жағдайларын жетілдіру мақсатында жұмысшы кадрлар дайындау, сауатсыздықты жою мәселелерімен айналысты. Төменгі және Орта Еділ қазақтары Қазақстанда, татарлар Татарстанда шығарылған оқулықпен оқуы тиіс еді. Өкінішке орай осы талап толық орындалмағандықтан, Н. Нұрмақов аз ұлттарды оқулықпен, аудандық кеңестеріне мәдени құрылысты түбірімен

жақсартуды автономиялық республикалардың қамтамасыз етуін міндеттеді. Себебі аз ұлттармен жұмыстағы негізгі кедергі – ұлыдержавалық, ұлы орыстық шовинизмнің бар екенін Н. Нұрмақов терең түсінді.

Өз кезегіде ұлт мәселесі 1923 ж. 17-23-сәуірде өткен большевиктер партиясының XII съезінде қаралған. Осы съездің стенографиялық есебінде былай деп жазылған: «...по национальному вопросу право наций на самоопределение, право народов на самостоятельное государственное существование. Еще в первые дни своего существования, на первом своем съезде (в 1898 г.), когда противоречия капитализма по линии национального вопроса не успели еще определиться с исчерпывающей ясностью, партия признала за национальностями это неотъемлемое право...

... наличие многочисленных кадров старых партийных работников русского происхождения как в центральных учреждениях партии, так и в организациях компартий национальных республик, не знакомых с нравами, обычаями и языком трудовых масс этих республик и потому не всегда чутких к их запросам, породило в нашей партии уклон в сторону недооценки национальных особенностей и национального языка в партийной работе, высокомерно-пренебрежительное отношение к этим особенностям ...

В качестве практических мер съезд поручает ЦК провести: а) образование марксистских кружков высшего типа из местных партийных работников национальных республик; б) развитие принципиальной марксистской литературы на родном языке; в) усиление Университета народов Востока и его отделений на местах; г) создание при ЦК национальных компартий инструкторских групп из местных работников; д) развитие массовой партийной литературы на родном языке; е) усиление партийно-воспитательной работы в республиках; ж) усиление работы среди молодежи в республиках. 4. Ввиду громадной важности, какую имеет деятельность ответственных работников в автономных и независимых республиках и на окраинах вообще (осуществление связи трудящихся данной республики с трудящимися всего остального Союза), съезд поручает ЦК озаботиться об особо тщательном подборе этих работников, с тем чтобы состав их полностью обеспечивал действительное проведение в жизнь решений партии по национальному вопросу»... [41].

Сонымен бірге съездегі Тұрар Рысқұловтың сөзінде де осы мәселеге ерекше көңіл аударылғандығы байқалады: «Выступая по вопросу национальному, я имею в виду, главным образом, касаться практической стороны этого вопроса. Дело в том, что теоретическая сторона постановки национального вопроса с точки зрения нашей партии достаточно разработана. Предыдущие конгрессы Коминтерна, предыдущие съезды нашей партии положили конкретную определенную теоретическую основу нашей политике в национальном вопросе ... [41].

Сондықтан да Н. Нұрмақов ұлттар мәселесі, оның ішінде аз ұлттар туралы XII съездің резолюциясын өз жұмысына ұстаным ретінде алған. Ол аз ұлттар бөлімдеріндегі қызметкерлердің жағдайын жақсарту, басқалармен

теңестіру қажеттілігін үнемі өзінің назарында ұстады. Өйткені бұл мәселе большевиктер партиясының ұлттар саясатының іске асырудағы негізгі ұстанымы болатын. Ал нағыз большевик Н. Нұрмаков аз ұлттар мәселесіне саяси элита ретінде немқұрайды қарай алмады.

1935 ж. Мәскеуде өткен Советтердің Бүкілресейлік XVI съезінде Татар АКСР-ның кеңестер, шаруашылық және мәдени құрылысы туралы мәселесі бойынша жарыссөзге шыққандардың қатарында Т. Рысқұлов болған. Ол өз сөзінде «... В решениях X и XII съездов партии, в решениях дальнейших съездов неуклонно ставилась задача быстрейшим образом ликвидировать экономическое неравенство, созданное прошлым царским строем. На примере Татарии мы видим эту ликвидацию неравенства, огромнейший размах промышленного строительства, рост татарского пролетариата, огромные успехи в области земледелия, гигантское продвижение культуры вперед – таковы достижения Татарской АССР.

У нас имеется ряд таких республик и областей, которые шагнули вперед» [42]. Т. Рысқұловтың бұл сөздерінің өзектілігі де осы съездің Қаулысында жалғасын тапқан: «... Проведенное за этот период широкое изучение природных богатств национальных республик и областей выявило их громадные производственные возможности. Промышленность национальных республик и областей достигла значительных размеров. Казахстан становится одной из главных баз цветной металлургии в нашей стране...» [43].

Н. Нұрмаков басшылық жасап отырған Ұлттар бөлімінің атқарған жұмыстарының жақсы нәтижесін юаяндаған XVI съездің қаулысында былай деп көрсеткен: «1931 – 1934 жж. ұлттық республикалар мен облыстарда мәдени көрсеткіштер жоғары деп бағаланған. Мысалы Қырымда – 89%, Татарларда 76,9 %, Башқұрларда -75,5 %. РСФСР-дың 59 ұлтының мәдени дамуында латын әліпбиіне көшуді, 1500 ұлттық газеттің 50 тілде шыққан» [43].

Н. Нұрмаков аз ұлттар қатарына жататын қазақ арасынан шыққан саяси тұлға ретінде аз ұлттармен жұмыс жасаудың қиындығын Қазақстанда Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған кезде іс жүзінде көрген. Сондықтан да Кеңес үкіметінің ұлт саясатының негізгі бағыттарын дұрыс іске асыра білді. Осыған орай Жалпыресейлік XVI съезінде аз ұлт өкілдерінің сөйлеген сөзінде айтылған ұлттық білікті кадрларды дайындау және экономикалық дамудағы жеткен жетістіктердің аталуында Н. Нұрмаковтың үлкен үлесі бар деп санаймыз. Ондай жетістіктерге ол бірнеше қызметті қатар атқара жүріп жеткен. Ол туралы отандық тарихнамада үстіртін айтылады. Оның атқарған жұмыстарын төмендегі кестеден көруге болады:

Р/с №	Нығмет Нұрмақовтың Мәскеуде атқарған қызметтері	Уақыты
1	2	3
1	БОАК төрағасы М. Калинин басқарған жеке амнистия бойынша өтінішхаттарды қарау комиссиясының мүшесі Бүкілресейлік Орталық Сайлау Комиссиясының төрағасы	13.03.1931 ж.
2	В.И. Ленин атындағы панасыз балаларға көмек қорын ұйымдастыру және иелік ету комиссиясының мүшесі	20.03.1931 ж.
3	Кеңінен таралған әдебиеттерді баспадан шығару редакциялық Кеңесі құрамының мүшесі Қиыр Солтүстік халықтарына Көмек комитетінің мүшесі	10.04.1931 ж.
4	КСРО Орталық Атқару Комитеті жанындағы Еврейлерді жерге орналастыру комитетінің мүшесі	27.01.1932 ж.
5	БОАК Президиумы жанындағы Солтүстік комитетінің мүшесі	27.06.1933 ж.
6	КСРО-дағы Ұлттар ғылыми-зерттеу институты ережесінің жобасын алдын ала қарап, талқылау комиссиясының мүшесі	17.09.1933 ж.
7	КСРО ОАК Хатшылығының қаулысымен ұлт республикалары үшін техникумдар мен жұмысшы факультеттеріне (рабфак) орындар броньдауды қамтамасыз етуде практикалық іс-шараларды жасау комиссиясының мүшесі	23.08.1933 ж.
8	КСРО ОАК Ұлттар Кеңесі Президиумы жанындағы мәдени артта қалған ұлттар өкілдерін техникумдар мен жұмысшы факультеттеріне қабылдауды қамтамасыз ету комиссиясының мүшесі	23.12.1933 ж.
9	Қалалар арасындағы жарысқа басшылық жасайтын тұрақты комиссияның мүшесі	20.04.1934 ж.
10	«Революция и национальности» журналының редакциялық алқасының мүшесі	17.08.1935 ж. (КСРО ОАК Президиумының Қаулысымен)
11	Бүкілодақтық жаңа алфавит орталық комитеті төрағасының орынбасары	16.02.1936 ж.

1936 ж. Бүкілодақтық жаңа алфавит орталық комитеті төрағасының орынбасары болған кезде Н. Нұрмақовтың жалпы редакциялық басшылығымен РСФСР халықтары арасында жаңа алфавитті ендіру жөнінде

«Октябрь алфавиті» атпен мақалалар жинағы шықты. Жинақта Татарстанда, Башқұртстанда, Қырғызстанда, қазақтар арасында, солтүстік Кавказ бен Дагестанда, Қалмақ автономиялы облысында, Қырым халықтары арасында жаңа латын алфавитінің енгізілуі туралы мақалалар берілген.

Н. Нұрмақов латын алфавитіне көшудің тиімді жақтарына жан-жақты талдау жасады:

«Во-первых, быстрое усвоение нового алфавита массами и огромный рост издания на нем революционной политико-просветительной, учебной и другой литературы помогут росту классового самосознания трудящихся Востока.

Во-вторых, латинизация алфавита, в силу технической легкости его усвоения, открывает возможность ликвидации массовой неграмотности в кратчайший срок.

В-третьих, латинизация алфавита облегчит выработку научной, общественно-политической и технической терминологии и орфографии национальных языков, помогая ускорению всего, в целом культурного подъема национальных районов, способствует созданию новых литературных национальных языков» [3; 240].

Түркітілдес халықтардың латын әліпбиіне көшуі әлемдік өркениетке қосылуға мүмкіндік беретіндігін болжай білген Н. Нұрмақов саяси тұлға ретінде осыдан тағы да көрінді. Оның әліпби мәселесі төңірегіндегі көрегенділігі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда да өзектілігі айқындалды.

2006 ж. 24-қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде, посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес», – деген ойларын [44], 2012 ж. Қазақстан халқына арнаған Жолдауында әрі қарай жалғастырды. «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз...» [45].

Елбасының бұл ойы 1920-1930-шы жж. Кеңес үкіметінде латын жаңа әліпбиі туралы туралы әртүрлі талқылаулардың болғандығын білдіреді. Сол кезде мерзімді баспасөз беттерінде «латын қарпі – мәдениет қарпі; төңкеріс қарпі; жұмысшы қарпі; диқандар қарпі; мәдениетке, өркениетке жеткізетін еңбекшілер құралы» [3; 240] делінсе, түзетілген араб қарпі, яғни, «төте жазу» – дін жолындағы қаріпке теңеліп, байларды, молдаларды, алпауыттарды жақтаушы қаріп ретінде қаралап жазды. Тіпті: «Жаңа әліпби білмеймін дейтін қызметкерлер жаңа әліптің жасырын жауы деп саналып, сотқа тартылсын», – деген ұрандар тасталды.

Өзінің қызметіне орай Н. Нұрмақов қолдаған латын графикасына бүгінгі Қазақстанның оралуы – бұл еліміздің рухани тұрғыдан жаңғыруын

және мәдени дамуын тездететін, әлемдік құндылықтарды игеруге мүмкіндік беретін тарихи бетбұрыс.

Н. Нұрмақовтың Мәскеудегі қызметінде жүрген кезде Қазақстанда 1932-1933 жж. ұжымдастырудың салдарынан аштық басталды. Осындай жағдайда ол енді Қазақстандағы болып жатқан ауыр жағдайды Орталық Комитетке жеткізу үшін де жұмыстар жүргізді. Мәскеудегі сол кезде үлкен қызметтегі Т. Рысқұлов, ұйқамақта отырған Ә. Бөкейхановпен және басқа да қазақ зиялыларымен кездесіп, ел тағдыры туралы пікір алмасқандығы даусыз. Кейін де 1932 ж. Н. Нұрмақов 3 маусымда «халық жауы» деген айыппен қазақ қайраткерлерінің арасында алғашқылардың бірі болып тұтқындалады. Н. Нұрмақовтың мемлекеттік қызметтегі салтанатты кезеңі аяқталып, өмірінің қасіретті кезеңінің қалай болғандығын көрсету үшін нығметтанушы ғалым Б. Қабдөшевтің «Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының тұңғыш төрағасы болған Нығмет Нұрмақов қуғын-сүргінге қалай ұшырады?» деген мақаласынан үзінді келтіруді жөн деп есептедік:

«Сотты ұйымдастырушыларға біріншіден, Н. Нұрмақовтың басын тігу арқылы онымен кеше ғана үкімет құрамында бірге қызмет атқарған қайраткерлерді байланыстырып, біріктіруге болатын еді; екіншіден, кейінгі келген Н. Нұрмақовпен тығыз араласқан мәскеулік қазақ қайраткерлерін айыптауға оңтайлы іс болатын». Көп кешікпей Н. Нұрмақовтың тікелей басшылығымен Қарқаралы округінде Асылбеков, Нұрсейітов, Гатаулин, Избасаров, Ордабаев, Шамсутдинов т.б. контрреволюциялық, ұлттық фашистік, зиянкестік ұйымның 1934 ж. бері әрекет жасап, қарулы көтеріліс арқылы Кеңес билігін құлатуды мақсат етіп қойғаны жайлы іс дайындалды. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының арнайы алқасының төрағасы Громовтың 1937 ж. 23-қыркүйекте істің анықталып, аяқталғаны жайлы жеделхат Мәскеудегі Жоғарғы сотқа жөнелтілді. Бұл шешім Мәскеуде сенімсіздікке ілінген Н. Нұрмақовтың ісіне үкім шығаруды жеделдетті. 1937 ж. 27-қыркүйегінде СССР Жоғарғы Сотының әскери алқасы Н. Нұрмақовтың бар кінәларын «мойындағанын» жеткілікті деп санап, ату жөнінде үкім шығарды [46].

Мәскеу орталығы ірі қайраткер, бар саналы өмірін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуімен байланыстырып, КСРО құрамындағы аз-ұлттардың жанашыры болып танылып үлгерген қазақ азаматының тағдырын 15 минуттың ішінде шешті.

XX ғ. 1920-30 жж. бастау алған бүгінгі Ресей Федерациясында экономикасы мен шаруашылығының, этно-мәдениетіндегі 160-тан астам ұлт пен ұлыстың өсіп-өркендеуінде Н. Нұрмақов тәрізді көптеген қазақ зиялыларының да үлкен үлесі болды.

Соған қарамастан XX ғ. 30-40-жж. қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы ұлт жанашырлары, көшбасшылары, биліктің биік тұғырына көтерілген саяси элиталары кенестік тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбандары болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Попов Ю.Г. Кім еді Ақайдың Қасені? / Ю.Г. Попов // Орталық Қазақстан. - 1994. – 4 тамыз.

2 Бейсенбекова Н.А. Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы: моногр. / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.Қ. Шотбақова. - Қарағанды: «Гласир» баспасы, 2016. - 198 б.

3 Бейсенбекова Н.А. Сарырканың ұлы азаматтары. (XX ғасырдың басы): моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ғ. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбақова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - 438 б.

4 Сағымбекұлы Р. Нығмет Нұрмақов / Р. Сағымбекұлы // Орталық Қазақстан. - 1990. - 15 маусым. – 4-б.

5 Дулатов М. 1916 жыл // Еңбекші қазақ. – 1926. - № 145.

6 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. - 4-т. - Алматы: Атамұра, 2002. - 752 б.

7 Қазақ газеті. – 1917. - № 225.

8 Нурпейсов К. Становление советов в Казахстане (1917 март-1918). - Алматы: Наука, 1987. - 33 б.

9 Еңбекші қазақ. - 1927.- 1 сәуір.

10 Қазыбек М. Құпия кенестер / М. Қазыбек М., Ғ. Маймақ. – Алматы: Жалын, 1999. – 366 б.

11 Ләмбекұлы С. Арыстар. - Астана: Елорда, 2000.- 368 бет.

12 Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. -272 б.

13 Бодықұлы С. Күрескер, қайраткер // Социалистік Қазақстан. - 1975.- 27 сәуір.

14 Смағұлова Т. Тәуелсіздік тұғырын қалап кеткен АЛАШ ҚЫРАНЫ. - Қарағанды: «Арка және К» ЖШС баспасы, 2019. - 280 б.

15 Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем / Под ред. К.С. Алдажуманова, А.З. Бейсенова. – Алматы: Эверо, - 2004.- 564 с.

16 Смағұлова Т., Смағұлов Ғ. Халық бақытының күрескері // Орталық Қазақстан. - 2005. - 23 сәуір.

17 Койгельдиев М. Ұлтшылдықпен күрес науқаны // Социалистік Қазақстан. - 1992. - 5-9 мамыр.

18 Қожахметова Л.Т. Нығмет Нұрмақовтың публицистикасы // ҚарМУ Жоғарғы оқу орындары жүйесіндегі журналисттерді дайындау мәселесі. - 2004. - №1.

19 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. – 256 бет.

20 ЦГА РК. Ф.139. – Оп.1. – Д.1. – Л. 180. Протоколы и бюллетени 1-й Всекиргизской конференции РКП (б). г. Оренбург, 1921 г.

21 Такенов А.С. Узы интернациональной дружбы. – Алма-Ата: Мектеп, 1980.-158 с.

22 ҚР ОМА, 1380 қ., 1 т., 9 / 5 п.

23 Қабдөшев Б. Алғашқы асылдар // Заң және заман. -1997. - №3. - Б.34-35.

24 ЦГА РК. - Ф.1380. - Оп.2. - Д.37. Л.46.

25 Қабдөшев Б. Қазақ Жоғары трибуналы және Нұрмақов // Шежіре. Заң. - 2002. - №1. -28-34 б.

*ОСОАВИАХИМ - Қорғаныс, авиация және химиялық құрылысқа көмек қоғамы

26 Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы.- Алматы, «Алаш», 2005. - 280 б.

27 Киргизская АССР (1920-1925), Казахская АССР (с июня 1925 года по февраль 1936 года), Казахская АССР (с февраля по декабрь 1936 года) // [ЭР]. - Қолжетімді тәртібі: <https://international.kz/423-kirgizskaja-avtonomnaja-socialisticheskaja-sovetskaia-gespublika-19201925.html> [24.09.2020].

28 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993.- 208 б.

29 Голощекин Ф. Отчет краевого комитета VI Всеказахской партконференции, Кызыл-орда, 1928. –С.28-29.

30 История советского крестьянство в пяти томах. -М.,1986. - 257 с.

31 ҚР ОМА, 5-к., 8-т.,55-іс., 320- п.

32 Материалы к отчету Казрайкома ВКП(б) на VI Всеказахской Партконференции.- Алма-Ата, 1930. 20 с.)

33 Омарбеков Т. Қасірет хаттары / Т. Омарбеков, Ж. Жұмабекова // Ақиқат. – 1995. - №5. –Б.46-49.

34 Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Өнер», 2003. – 552 б.

35 Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы / Қ.С. Қаражан, Ж.Ә. Әбсеметова, Ф.А. Қозыбақова, Т.Қ. Мекебаев және т.б. Редакциясын басқарған Қ.С. Қаражан. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 216 б. / [ЭР]. - Қолжетімді тәртібі: <https://e-history.kz/pdf> [19.10.2020].

36 Шотбақова Л.К. Национальный аспект переселенческой политики и коренизации в Казахстане в 1917-1941 годы. – Автореф. дис. канд. ист. наук. – М., 1995. – 35 с.

37 Отчет Краевого комитета VI Всеказахской партконференции. Доклад. Заключительные слова тов. Голощекина на VI партконференции (15-23 ноября 1927 года). - Кызыл-Орда, 1928. - С.70

38 Нурмақов Н. Национальное строительство в РСФСР. - М., 1933

39 Қасымова С. Ақырып теңдік сұраған // Орталық Қазақстан.-2015. – 14 қараша.-Б.5

40 Қабдөшев Б. Ж. Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1895-1937 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайынд.дис.автореф. – Алматы, 2005.- 26 б.

41 XII съезд РКП(И) 17-25 апреля 1923 года. Стенографический отчет / Институт Марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. Протоколы и стенографические отчеты съездов и конференций Коммунистической Партии Советского Союза. Издательство Политической литературы, 1968 /

[Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://istmat.info/files/uploads/51781/12_sezd.pdf.697-698 [24.09.20]

42 XVI Всероссийский съезд Советов: 15-23 января 1935 года, [г. Москва]: стенографический отчет: бюллетени. №№ 1-17. Постановления. - М.: ВЦИК, 1935. – [708] с. разд. паг. Бюллетень №15.-С.30 / [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://elibr.shpl.ru/ru/nodes/10879> [17.10.20]

43 XVI Всероссийский съезд Советов: 15-23 января 1935 года, [г. Москва]: стенографический отчет: бюллетени. №№ 1-17. Постановления. - М.: ВЦИК, 1935. – [708] с. разд. паг. Бюлл. №17.- С.14-15 / [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://elibr.shpl.ru/ru/nodes/10879> [20.10.20]

44 2006 ж. 24-қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сөйлеген сөзі / [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді тәртібі: <https://www.akorda.kz/ru>

45 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. -2012. - 14 желтоқсан

46 Қабдөшев Б. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының тұңғыш төрағасы болған Нығмет Нұрмақов қуғын-сүргінге қалай ұшырады? // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2008. - №2.

1.3 Тәуелсіз Қазақстан және Нығмет Нұрмақов

Қазақстан Тәуелсіздігін алды. Жаңа заман басталды. Ол Тәуелсіздік дәуірі. Тәуелсіздік ұлттық сананы оятты. Халқымыз өткен тарих жолына қайта қарады. «Отан», «Бостандық», «Тәуелсіздік», «Егемендік», «Ұлтжандылық» деген ұғымдарды Тәуелсіздік тұғырынан қайта қарай бастадық. Тәуелсіздік – ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының дабылды, дауылды күресінің заңды жалғасы», - дейді академик М. Қозыбаев.

Тәуелсіздік – ұлттық жауапкершілік. Тәуелсіздігімізді сыртқы қызғаныштан, ішіміздегі алауыздығынан аман сақтап қалу – біздің тарих алдындағы ең басты парызымыз. Халық болып қанағат, тәуекел етіп елдігімізді сақтау үшін аянбай адал қызмет жасасақ, тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болады. Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады. Еркіндік дегеніміз – ешкімнің күштеуіңізсіз өзіңді-өзің қадағалайтын қатаң жауапкершілік. Ерлікке тағзым – елжандылыққа тағзым. Ынтымақ – біздің ұлттық дамуымыздың ұзақмерзімді стратегиялық мақсаты. Ғасырлар бойы армандаған мемлекеттік дербестігіне қолы жеткен қазақ халқы қазір нағыз ордалы жерде орнын, олжалы жерде олжасынан құр қалмай, үлесті жерде үлесін алды. Осы жолда бір кездегі пангерманизм, пантүркізм, панисламизм сынды астамшыл ағымдардың тарихынан сабақ ала білді.

Тарихтың сабағын қазақ халқы кешегі тұлғалардың тағдырын зерделеу арқылы біліп, жаңаша дамудың ұстанымы ретінде алып отыр. Көзі барда өзі,

көзі жоқта олардың мұрасы халыққа демеу болған тарихи тұлғалардың рухы Мәңгілік Ел – Қазақ Елі тұрғанда өшпейді.

Қазақ халқының барша тарихы – осы тәуелсіздік үшін, елдік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрес тарихы. Тәуелсіздік үшін сан ұрпақ күресті, «Отан» деп қан майданға кірді. Сондақтан да Тәуелсіздік жолы – ұзақ жол, ғасырлық жол, ата-бабаларымыздың ерлік жолы. Мұхтар Әуезов 1944 ж. 18 маусымда «Теміржолшы» газетінде «Жыр жалауы Амангелді» деген мақаласында ел өмірінде, халықтың тарихында ұлы адамдардың алар орны жөнінде: «... Ер – ел тарихының белі дейміз. Ол өзі тірісінде бір танылады, өзі өткен соң кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады. Әсіресе, молайып, ұлғайып барған сайын, бар жаңалығы бадырая түсіп танылады. Бір кезде бел көрінсе, келер ұрпақ тарихына өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен, енді бел ғана емес, биік тұғыр боп, асқар тау боп көрінеді. Тарихта талай жақсының кейінгі дәуірлерде талай-талай тағдыры бар. Солардың ішінде кейінгі дәуірлерде әсіресе алтын терек, асыл арыс аталып, ерекше қадыры арта үдей түсіп отыратыны бар. Бұлар анық қадірімен қымбаттылар». Бұл тарихи ой-пікірден ер мен елдің, халық пен батырдың диалектикалық байланысын көрсеткендігін байқаймыз. Бүгінде халқымыз тәуелсіздікке қолы жетіп өз тарихына терең үніле бастағанына отыз жылдай уақыт болды. Ғасырлар бойы ескерусіз қалған «биік тұғыр», «асқар тау» болып көрінетін «алтын терек», «асыл арыстарға», бір сөзбен айтқанда, қазақ зиялыларына арналған ғылыми-теориялық конференциялар, арнайы зерттеулер, мерейлік тойлар жүріп жатыр. «Бұл, кейбіреулер айтқандай даңғазалық емес, ұзақ летаргиялық ұйқыдан оянған халқымыздың санасына, жүрегіне жан біткеннің белгісі» [1; 4-5].

Тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқы рухани тәуелсіздігіне де ие болды. Ғасырлар бойы отаршыларға табынып келген халық бүгінде ата-баба салтын, даңқын, жолын қайта жаңғырта бастады. Бұл оңайлықпен іске асып жатқан жоқ. Кешегі кеңес заманында коммунистік идеологияның құлы болған зиялы қауым жаңа мұраттар іздеуде. Осы жолда ұлттық қазақстандық патриотизм, көпэтносты халықтың жарасымды өмір сүруі, мәдениетке, өнерге, ғылымға мемлекеттік серпін беру принциптері болашақ идеялық өмірдің арқауы болып, әртүрлі саяси көзқарастағы діні, тілі, әртүрлі халықтардың үйлесімділігін арттыру жолы нақтыланды. Аз ғана уақыттың ішінде рухани өмір серпіні өрлеп, жаңа бір белеске шығып келеміз. Тәуелсіздіктің негізі – елімізді іргелі ел қылу, халқын серпілту, тұрмысын шалқыту, мәдениетін көгерту, экономикасын жетілдіріп, халық тұрмысын жақсарту. Осындай арман болған өмірге жету жолында күрескен тұлғалар тағдыры жайлы еңбектер жазу тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болып отыр. Сондай-ақ Қазақстанда тұңғыш бүкілқазақтық Құрылтай өткізілді. «Жинал, қазақ, жеріңе егеменді еліңе» деген дабыл шартарапқа естілді. Сыртта жүрген қандас ағайындардың елге оралу көшінің басталуы да тәуелсіздіктің жеңісі.

Тәуелсіздік Рухани жаңғыруға серпін берді, Ұлы дала еліндегі «Мәңгілік Ел» арман идеясының жалғасын тапты. Тәуелсіздік - азаттық үшін болған күрестің тарихы. Сол тарихтың нақты көрінісі ХХ ғ. басындағы ұлт зиялыларының еліміз үшін атқарған қызметі, күресі. Бүгінгі қоғам дамуының барысында, ХХ ғ. басында, білім мен ғылымды, тарих пен әдебиетті, мәдениетті халқымыздың қажеттілігіне лайықты пайдалана алған ұлт зиялылары – тарихи тұлғалардың, бүгінгі тарихатағы орны ерекше екені айқындалуда. Осыған орай Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деп жазады: «Алаш зиялылары... сол айтулы есімдердің білімдарлық һәм азаматтық тәлімдерінде кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс... Бұлар – тарих толқынындағы мәдениетіміздің кіндік тұлғалары» [2; 157-160].

Елбасының қазақ халқының тарихи тұлғалары туралы ұстанымдары оның барлық еңбектерінде кездеседі. «Тәуелсіздік» және «Елбасы» деген сөздер бірін бірі толықтыратын ұғымға айналды. Тұлғалардың көшбасшылық қасиетін көрсетуге арналған ғылыми мақалалар, еңбектер мен оқу құралдары «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығында жазылуда [3; 11].

Тәуелсіздіктің арқасында отандық ғылымда ХХ ғ. басында өмір сүріп, халқына адал қызмет жасаған тұлғалар туралы ғылыми еңбектер жазылып, олардың рухани мұрасы насихатталуда. ХХ ғ. басындағы ұлт зиялылары қазақтың ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіру жолында еңбек етті. Олар Қазақстандағы жаңашылдық пен жасампаздықта ұлттық құндылықты сақтай отырып, еуропалық өркениеттен де қалмауды өздеріне бағдаршам ретінде ұстады. Сондықтан бүгінгі Қазақстанның саяси, рухани өркендеуінің барометрі ретінде өткен ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялыларын тапқа, топқа, саяси көзқарасына қарай бөлмей, елінің азаттығы үшін күрескен тұтас бір алып күш ретінде қарау керек. Осы жерде, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын, Ұранға Алаш деген атты аламын. Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын?!», - деген тарихи танымдық тәжірибелік мәні жоғары өлең жолдары ұлт үшін қызмет жасаған қазақ зиялыларын жікке бөлмеудің ұстанымы бола алады деп санаймыз [4].

Ұлтымыздың белгілі тұлғалармен, тарихпен байланыстыра танып, түсіну, ең алдымен, тарихи ақиқаттың айтылуына мүмкіндік берген тәуелсіздіктің жемісі. Сонымен қатар белгілі тұлғалардың өмір тіршілігі, арман - тілектері бүгінгі тірілер үшін ғибрат, яғни трихтың тағылымы сабақтастықта жатыр. Алдыңғы аға буын бастаған өнегелі істер, бүгінгі жас ұрпақ арқылы жалғасын тауып жатқандықтан, ұлтымыздың төл тарихы өшпейді, керісінше, бағасы артады, адамдардың жүрегіне сенім мен мақтанышты ұялатып, рухын жаңғыртады. Осының барлығы, өз кезегінде, ұлтымыздың мәдени-рухани дамуына кепіл бола алады. Сондықтан да тәуелсіздігімізді негіздеген тарихи құжаттардың маңызы өте жоғары.

1990 ж. 25-қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы бойынша Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы қабылданды.

Декларацияда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы берілді. Ел аумағының тұтастығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Жер, оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық әлеует Республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болатыны көрсетілді.

Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 ж. 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Тәуелсіз Қазақстанның бұл тұңғыш құжаты халқымыздың қуатты және пәрменді мемлекет құру арманының жүзеге асуын айғақтады. Заң Қазақстан егемендігінің оның ұлан-ғайыр аумағында және әлемнің саяси картасында мызғымастығын мәңгілікке бекітіп берді. Конституция егемендіктің саяси және құқықтық негіздерін бекітіп, адамның өмірін, құқықтары мен бостандығын, тегіне, әлеуметтік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатыстылығына қарамастан, адам мен азамат құқықтарының теңдігін мемлекеттің жоғары құндылықтары деп жариялады.

XXI ғасыр - біздің болашағымыз, сол болашақты сақтау, өткен тарихтың тағылымын алу - бүгінгі ұрпақтың парызы. Өйткені тәуелсіздікке жету үшін ғасырлар бойы күрескен ата-баба ерлігі «жауды шаптым, ту байлап» деген Ақтамберді жыраудың сөзімен айқындалып тұр. Сондықтан да ата-баба жолы – тәуелсіздік жолы, халық перзенттерінің (тұлғаларының) ақ жолы. Осы жолда ұлт үшін ерлік жасаған тұлғалар да бар.

Тарихымызда қайшылықты тағдырлары пікірталас туғызатын тарихи тұлғалар жеткілікті. Кеңестік жүйе тұсында ұлттық көзқарастарға жол берілмегендіктен еліміздің тарихы мен тығыз біте қайнасқан тұлғалар туралы әділетті де толық шынайы пікірлер айтылады. Сондықтан бүгінгі жас зерттеушілер тәуелсіз заман беріп отырған мүмкіндікті толық пайдалануға міндеттіміз. Отандық тарихты объективтік көзқарас тұрғысынан жазуға мүмкіндік берген 1995 ж. Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың тапсырмасымен қабылданған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында» өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау қажеттілігі көрсетілген.

Тұжырымдаманың «Тарих ғылымының проблемалары» деген екінші тарауында: «Қазақстанның КСРО құрамындағы дамуын да реалистік тұрғыдан қарау қажет. Сондай-ақ, әртүрлі этникалық қауымдардың Қазақстанға көшірілуі мен жер аударылуы, олардың осы жерден қоныс тебуі тарихының проблемалары да зерттеушілерін күтіп тұр» [5; 10]. Сонымен қатар, Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихын қайта зерделеу туралы айтылған. Соған сәйкес Кеңес үкіметіне адал қызмет жасап, халқының болашағын

ойлаған қазақтың саяси элита – тұлғалары жайлы еңбектер жазу басталды. Тарихымызға деген қоғамдық сұраныстың жоғары деңгейін 1997 ж. «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығы 1996 ж. 30-желтоқсанда шықты. Онда Қазақстан Үкіметінің атқаратын міндеттерін анықтаған:

- жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөнінде комиссия құрып, саяси партиялардың, ұлттық мәдени орталықтардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің өкілдеріне оның құрамына кіруді ұсынып, облыстардың әкімдеріне осындай комиссиялар құруды тапсырды;

- саяси қуғын-сүргін құрбандарына жаңа ескерткіштер орнату және бұрын орнатылған ескерткіштерді, олардың жаппай жерленген орындарын тиісті күйге келтіру жөнінде шаралар қолдану туралы баса айтылған.

Осыған орай тарихи зердені жаңғырту, тарихтың тағылымымен ұрпақ тәрбиелеу арқылы жалпыұлттық татулықты нығайту үшін көп жұмыс атқарылды. Ақындар мен жыраулар, батырлар мен хандар, сұлтандардың сүйегі аяқ астында қалып, басындағы белгісі жермен жексен болған бабалардың басына күмбездер салынды. Абай мен Шәкәрімді, Жәңгір мен Абылайды, Кенесары мен Махамбетті, Бұхар жырау мен Ақтамбердіні, Айша бибі мен Қорқыт атаның басына қорықпай тәуіп жасай алатын күмбездер орнатылды. Саяси құрбан болып, сүйектерінің қайда қалғаны белгісіз Алаш азаматтары: Әлиханды, Ермекті, Барлыбекті, Міржақыпты, Нығметті, тағы басқа ұлт зиялыларын еске алу монументтері салынды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 10-желтоқсандағы Бұйрығына сәйкес, 1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланды. Осы жыл аясында халық бірлігі және ұлттық тарих жылын өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия құрылып, өткізілетін іс-шаралардың жоспарлары және қаржы мөлшері бекітілді, соған орай арнайы жұмыстар жүргізілді. Сондықтан тарих жылының мақсаты халықтың тарихи саңасын ояту негізінде тәрбие беру болды. Осындай мақсаттарға жету үшін Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты 1998 ж. бастап «Отан тарихы» журналын шығарды; Қытай, Иран, Мысыр, Ресей, тағы басқа шетелдердің архив қорларындағы Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректер, қолжазбалар, кітаптар жинау жұмысы басталды. Тек қана Қытай елінен қазақ тарихына байланысты 5500-дей тарихи деректер әкелінді. VI ғасырда алауыздықтан ыдыраған түріктердің көсемдері бірлікті, татулықты ұрпаққа мұра етіп қалдырған ұлы сөздері жазылған Стелла тасты 2001 ж. 18-мамырда еліміздің білім ордасы Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін жазба ескерткішінің көшірмесі қойылуы, кешегі ер түріктердің тәуелсіздіктің арқасында қайта тірілгендігінің куәсі болды. Коммунистік идеологияның салдарынан бүкіл түркі әлеміндегі елдер Ақорда деген атауды сыбырлап айтуға батылдары бармай жүрген уақыт артта қалып,

тәуелсіздіктің тағы бір символы ретінде – Ақорда деген салтанатты сарай салынды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж. 30-желтоқсандағы Жарлығына сәйкес 1999 жыл «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп жарияланды. Соған сәйкес «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» жылын өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия құрылып, өткізілетін іс-шаралардың жоспары бекітілуі тарихи танымның және тұлғалардың қоғамның дамуына алатын орнын терең ұғынуға мүмкіндік берді. Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылының мақсаты - ел халқын тәуелсіз мемлекетті жан-жақты нығайту, «Қазақстан – 2030» Стратегиясын іске асыру идеялары төңірегінде топтастыру еді. Халықтардың бірлігі, достығы, өзара түсінісуі - елдің саяси тұрақты дамуының кепілі. Осы идеялар 1999 ж. шыққан Н. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабының негізгі ұстанымына айналды. Бұл еңбегінде Елбасы «Алаш» партиясының демократиялық мемлекет құру жолындағы күресінің бүгінде теориялық және практикалық маңызы жоғары екендігін көрсетті. «Алаш» демократиялық партиясы көсемдерінің идеялары Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің жаңа формасын жасауға үлгі болды және ел халқының рухани келбеті, адамгершілігі мен әділет жолын тандауына бағыт береді. «Тарих толқынында» атты кітап халықтың тарихи санасының ғана емес, бүкіл көзқарастар жүйесінің қайта тәрбиеленуіне ықпал ететіндігі даусыз.

Сонымен қатар, осы басылымда Тұңғыш Президент былай дейді: «Қазақтың сана-сезімі, өткені, қазіргі және болашақтағы тарихы өзінің «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... бірақ бұл мүмкіндік қана; ол шындық тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет. Өйткені қазақ тарихы – әлемдік, оның ішінде, әсіресе шығыстық өркениеттің құрамдас бөлігі...» [6; 6]. Сондықтан да ұлттық тарихты, ондағы тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін оқыту арқылы жастардың санасына патриоттық сезімді ұялату міндеті қойылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, тарихшы-ғалымдар отандық тарихты жазуда, зерттеуде өзекті мәселелерге ұлттық көзқарастар тұрғысынан қарап, тың ой-пікірлер мен тұжырымдар жасалған еңбектер жазу үрдісін жалғастыруда.

Дамудың, азаттықтың жаңа дәуірі болған ХХ ғ. қазақ елі отаршылдықтан зардап шекті. Одан алып шығады деп ұлттың бар сенгені тек оқыған азаматтар еді. Елдің егемендігін қалпына келтіріп қана қоймай, озық, өркениетті елге айналдыруды көздеген қазақ зиялылары дәл осы заманда «қараңғы қазақ көгіне күн болып өрмелеп шықты». Қозғалыстың басында оқыған, саяси сауатты, ең бастысы – ұлтын сүйетін ұлы тұлғалар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, М. Тынышбаев, Б. Қаратаевтар мен олардың ізін басқан С. Сәдуақасов, Ж. Аймауытов, Ж. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, М. Шоқай, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов сияқты тұлғалар тұрды. Олар ұлты үшін аянбай қызмет етті,

көздегені – халықтың мүддесі, мақсаты – жастарды ұлттық дүниетаным негізінде оқыту, ана тілін дамыту. Большевиктер қазақ зиялыларының түпкі мақсаттарын жүзеге асыруына кедергі келтірді.

Қазақ зиялыларының есімдері, олардың еңбектері, шығармалары айтылмай, зерттелмей қалды. Бірақ тарлан тарих өз перзенттерінің ел мен жұрт алдындағы ерен еңбектерін ұмытпай, лайықты бағасын беріп, олардың халқының өсіп-өркендеу жолындағы игі істерін жадында мәңгі сақтайды. Ұлттың тарихын, әдебиетін білмеген халықтың басқа мәдениетке ауып кетуі оңай. Сондықтан қазіргі ұрпақ санасын шынайы тарихпен жаңғырту керек. Соның бірі – ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының ұлт үшін атқарған тарихын білу. Тәуелсіз Қазақстан сол зиялылардың бізге қалдырған аманаты.

Қазақ азаттық күресінің көшбасшысы болған 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыстың және Алаш қозғалысының бір ғасырлық мерейтойына орай еліміздің бар аймағында, қала, аудандарда түрлі іс-шаралар өткізіліп, ХХ ғ. басындағы қазақ интеллигенциясы, саяси элитасы болған тұлғаларға байланысты көптеген мақалалар, сұхбаттар жарияланып, құжаттар жинағы мен арнайы зерттеулер жарық көрді. Тәуелсіздік жолындағы олардың игі істері насихатталды.

Сонымен қатар мемлекеттің ұлттық тарихты жаңғырту мен зерделеу мақсатында қабылдаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы отандық тарихты зерделеуге жаңа серпін берді. Бабаларымыздың мәдени мұрасынан көз жазып қалсақ, қазақ этносы ретінде тарих сахнасынан түсіп қаламыз немесе басқа этностың құрамында жұтылып кетеміз. Сондықтан да өткен тарихымызды және сол тарихтағы тұлғалардың рухани мұрасында тағдырлық ой-пікірлер мен ұстанымдар бар. Тарихи мәдени мұралар адамның әрекеті мен дүниеге келген және сол мұралар адамның адам болып қалуына қызмет еткен. Біздің ойымызша, кешегі өткен тарихтан бүгінге жеткен мұраны бағалай білу, қастерлеу - кісіліктің, ізгіліктің көрінісімен қатар қазақ халқының өзін-өзі сыйлай алатынының дәлелі. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы екі кезеңді: бірінші кезеңі 2004 - 2006 жж., екінші кезеңі 2009 - 2011 жж. қамтыды. Осы жылдары мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасы, Алаш қозғалысына қатысты құнды мұрағат материалдары, Алаш көсемсөзшілерінің мұралары жиі болып жарық көрді. Елдік мүддені ту етіп көтерген қазақ зиялыларының еңбектері архив құжаттары негізінде олардың тарихи көзқарастары бүгінгі күнмен сабақтастырыла қарастырылып, жеке кітап болып шығып жатыр.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тіліндегі толымды гуманитарлы білім беру қорын құру басталды. 537 кітап бір жарым миллионнан астам таралыммен шығарылды, олардың арасында қазақ тарихына, тарихи тұлғаларға, археология мен этнографияға байланысты зерттеулер бар.

Кешегі тоталитарлық кезеңде КСРО-дағы үздіксіз саяси қуғын-сүргінге партияның идеологиялық өктемдігі қосылып, ұлттық зиялыларымызға өзінің

салт-дәстүрін, тілін, ділін жетілдіруге немесе насихаттауға мүмкіндік берілмеді. Социализм тұсында жүзеге асырылған индустриялизациялау, ұжымдастыру, урбанизация қазақ халқын мәңгүрттендірудің негізі болды. Себебі мәдени мұрамызға зорлық-зомбылық жасалды. Оның үстіне демографиялық апаттардың зардабы қазақ халқын дәстүрлі өмір салтынан күшпен ажыратуға да ықпал етті. Бірнеше ғасырларға созылған отарлау мен тоталитаризм қысымынан аман қалып, тәуелсіздікке қол жеткізген бүгінгі күні қазақ халқының негізгі тірегі ол тарихи-мәдени мұрасы болады. Ақын Қадыр Мырза Әлидің: «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», Мұқағали Мақатаевтың:

Расулдай бола алмаң,

Жырым бөлек!

Өзімнің тілім керек, үнім керек,

Өзгені де өзіндей сүйген елім,

Өз ақынын табады түбінде кеп!, - деген өлең жолдарында айтылғандай, бүгінде біз қазақ халқының болашағы үшін күрескен тарихи тұлғаларымызды тауып, олар жайлы еңбектер жазуға мүмкіндік алдық.

Кешегі тоталитарлық жүйе тұсында Қазақстанның экономикасы, өнер-білім саласы Мәскеудің идеологиясына сай көлемде ғана дамыды. Оған қарсы пікір айтқан қазақ зиялылары қуғын-сүргіннің төрт кезеңін басынан өткізді:

1. 1929 - 1931 жж. Алаш зиялылары түрмеге қамалды, сотталды, атылды;

2. 1937 - 1938 жж. «халық жауларын» жою науқаны болды;

3. 1946 - 1953 жж. «буржуазиялық ұлтшылдар», «космополиттер» жазаланды;

4. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінен кейін қазақ ұлтшылдығы іздестірілді [6; 133].

Осындай қудалау, зиялыларды құрту қазақ халқының жан дүниесін әлсіретсе де, оның тәуелсіздік жолындағы арманын мүлдем жойып жібере алмады. 70 жылдан астам коммунистік идеология қазақ қоғамының береке-бірлігіне іріткі салды. Тәуелсіздік алудың қарсаңында қазақ халқы рухымызға жат өркениеттің ықпалында болып, мәңгүрттенудің аз-ақ алдында тұрып, «Елді халық едім, елім енді қайда, қағанды халық едім, қағаным қайда?» деген сұраққа жанталасып жауап іздедік. Осындай күйзеліске, дағдарысқа ұшыраған қазақ халқының мүлдем күйреп кетуінен аман сақтап қалғандар ұлт зиялылары екендігін, олар жайлы зерттеулер жазу арқылы бүгінгі ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік берген Тәуелсіздік. Осы күннен бастап саяси-рухани өмірімізде үлкен бет бұрыстар басталды. Әсіресе қазақ мәдениеті екі үлкен міндетті шешуге ерекше көңіл бөлді. Біріншісі, жат өркениеттің ұлттық санамыздағы кері әсерін жою, екіншісі, тәуелсіз елдің әлемдік өркениетке өзіндік үлес қосуындағы адам факторын ерекше көрсету. Осы бағытта рухани жаңғыру тіліміздің, дініміздің қайта түлеуі әлемдік мәдени үрдістерге жаңаша түр сипат бере бастады. Дүниежүзі ЮНЕСКО

шешіміне сәйкес қазақтың ірі тұлғалары - Абайын, Махамбетін, Мұхтарын, Қанышын, Марғұланын таныды. Ел тәуелсіздігін әлемге танытуда кешегі және бүгінгі қазақ зиялыларының тарихи үлесінің бар екендігін уақыттың өзі дәлелдеп берді.

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түсуіне байланысты түрлі саяси күштер мен ағымдардың, олардың жетекшілері мен идеологтарының халық санасынын оятып, азаматтың ұлы көшінен қалмай алға басуына қосқан үлесі ғылыми тұрғыдан талданып объективті баға берудің өзектілігі арта түсуде.

Ол бағыт 2013 ж. қабылданған «Халық тарих толқынында» бағдарламасында өз жалғасын тапты. Бағдарламаның мақсаты ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын ұлттық тарихымыз арқылы кемелдендіру әрі әлемдік тарихтағы сан ғасырлық қазақ тарихының үлкен орнын көрсету болып табылады. Халық санасын жаһандық ауқымдағы мәселелерді талдай алатын дәрежеге жеткізу, жеке адамның біліктілік бәсекесіне төтеп беретін өзіндік даму зердесін қалыптастыру. Бүгінгі жаһандану жағдайында жас ұрпаққа Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму тарихының қадірін бағалауды білу үшін өткен тарихты оқытып, оның озық тұстарының сабақтастығын анықтау 2014 ж. басында Елбасы Н. Назарбаевтың жариялаған XXI ғ. Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деген ұстанымымен жалғасып жатыр. Осы жолда тарихи тұлғалардың озық рухани мұрасына негізделген ел басқару қағидасы, ұлттық тәрбие беру басты мақсатқа айналды.

Тарихи тұлғалардың тарихтағы орнын анықтауда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты стратегиялық маңызы бар мақалалары үлкен концептуалдық маңызға ие болды.

«Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дүйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - деген Елбасы Н. Назарбаевтың осы сөзінде қоғамның дамуында жеке тұлғалардың орны ерекше екендігі көрсетілген [7].

2016 ж. 21-қарашада «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған Елбасы Н. Назарбаевтың «Ұлы дала ұлағаттары» деп аталатын еңбегінде Қазақстан тарихының жаңа заманы, ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздік жолындағы күрестер, халқымыздың бүгінгі өмірі баяндалады. Тұлғаның қалыптасуының объективті және субъективті факторларының мемлекеттің бүгінгі мен келешегіне ықпалы туралы айтылады. «Туған елім – тірегім», «Ел мен ер және жер», «Тәуелсіздіктің тал бесігі», «Саясат салтанаты», «Туған тілдің тұғыры», «Иман мен иба», «Қиырдан келсе қандастар», «Өнердің өрісі кең», «Жаңғырып келер жас толқын», «Еңсесі биік Елорда», «Отбасы – Отан

тірегі», «Қарияларымыз – қазыналарымыз», «Мұраты бірдің – қуаты бір» деп аталатын он үш бөлімнен тұратын аса құнды еңбекте Елбасы тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылдық мерейлі белесінен, заманның зердесінен Қазақ елі, ел мен жер тағдыры, Алматы мен Астана, жаһандық мәселелер, қоғамның дамуы, шет елдердегі қандастарымыздың тағдыры, ана тілі, жастар, имандылық пен кісілік, өнер, отбасы, Мәңгілік Ел мұраты, жалпыұлттық жауапкершілік туралы тұжырымдамалық ой білдіреді. Бұл еңбек Тәуелсіз ел жағдайында ғана тарихымыздың өткені, бүгіні, болашағы, тарихтағы тұлғалардың рөлі туралы еңбек жазудың үлгісі бола алады деп санаймыз. Бұл ұстанымның тарихи негіздемесі ХХ ғ. басында өмір сүрген қазақ зиялыларының өмір жолдарынан көруге болады. Ұлт зиялылары өздерінің тарихи еңбектерінде бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болатын іс-әрекеттерді, оқу-білім алу арқылы елге қызмет жасаудың нақты бағыттарын көрсеткен.

Өз мемлекетіне, халқына адал қызмет жасауы қазақ зиялылары сонау көне заманнан бергі ата-бабалар рухани мұрасынан сақталып келе жатқан сабақтастықтың нәтижесі.

ХХ ғ. 20 – 30-жж. советтік қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуына өз үлесін қосып, халқына қызмет етудің үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі Нығмет Нұрмақов болатын. Ол - қазақ халқының аса күрделі кезеңінде қазақ мемлекеттігін құру жолындағы күрестің алдыңғы қатарында болған тұлғалардың бірі. Кеңестік социалистік жүйе қандай қиындық әкелгеніне қарамастан, қазақ халқының ғұмыр шежіресінің бір бөлшегі болып тарихта қалды. Одан қашып құтылуға, өңдеп-өзгертуге болмайды, өйткені ол тарихи ақиқат. Сондықтан халқымыздың басынан өткен тарихи құбылыстың себебінен гөрі алдымен оның салдарына мән беріп, бүгінгі және болашақ өмірімізге сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақ бізге алға қадам басудың басты шарты болады. Өйткені кеңестік дәуірдегі қазақ зиялыларының өмірі бүкіл этностың өмірбаянын құрайды. Олай болса, өмірбаянды, әсіре, мақтамай немесе біржолата қараламай, объективті ақиқат тұрғысында зерделейтін болсақ, оның тағылымы болашаққа қызмет жасайды. Бүгінде социалистік жүйе кезінде өмір сүрген тарихи тұлғаларды, олардың жасаған мәдени-рухани құндылықтарын біржақты қаралайтын көзқарастар да бар. Сондай көзқарастарға сенсек, тарихи тұлғалар тек социалистік жүйе кезінде өмір сүргені үшін кінәлі сияқты, ал олар дүниеге келтірген мәдени-рухани құндылықтар тек қана социалистік жүйе аясында өмірге келгендігі үшін пайдасыз сияқты көрінеді. Бұндай біржақты көзқараспен тұтас бір тарихи кезеңде өмір сүріп, саяси-рухани құндылықтардың жасалуындағы тұлғаларды объективті түрде бағалай алмаймыз. Сондықтан да бұл мәселені зерттеуде жаңа методологиялық ұстаным қажет. Осы ретте қоғам мен адамның, идеология мен өнердің, тоталитарлық мемлекеттік үстемдік пен ұлттық кіріптарлықтың арасындағы аса күрделі байланыстары жан-жақты зерделенсе ғана объективті ақиқат ашылады. Сонда ғана өткен өмірдің

барлық шындығы ұлтымыздың бүгіні мен болашағына көмектесетін сабақ болады. Осы тұрғыдан еңбек жазуға талпыныс жасадық.

Социалистік идеяның таптық, партиялық принциптері қазақ халқының мәдени-рухани әлеміне зорлықпен енгізілді. Кеңес идеологиясына жұмыс істегеніне қарай адам еңбегін бағаланды. Осы өлшем кеңес заманында өмір сүрген қазақ зиялыларының іс-әрекеттерін, шығармашылық тағдырын анықтады. Еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап, кешегі коммунистік идеяға кереметтей сенген немесе «сенуге» мәжбүр болған ұлт зиялылары туралы біржақты қаралап, олардың еңбектерін жоққа шығаруға болмайды. Жетпіс жылдан астам уақыт барысында Қазақстанда қалыптасқан кеңестік идеологияның жақсысы мен жаманын ажыратып айту үшін совет еліндегі социалистік құрылыс барысында қандай өзгеріске ұшырағандығын танып, білу керек. Сол өзгеріске қазақ зиялыларының қалай араласқандығын түсінудің және баға берудің екі кезеңі бар. Біріншісі - кеңестік дәуір, екіншісі – Қазақстанның тәуелсіздік алған күнінен басталады.

2020 ж. Қазақ Республикасының құрылғанына 100 жыл толды. Сонау 1920 ж. Қазақ автономиясын құру жолында Нығмет Нұрмақовтың өмірі мен халқымыз үшін атқарған қызметін шынайы зерделеу бүгінгі ұрпақтың парызы.

Бүгінде Н. Нұрмақов атындағы облыстық № 2 мектеп-интернатында тұлғаға арналған Қазақ ССР Министрлер Советінің 15 мамыр 1985 жылы № 165 Қаулысымен мұражай ашылды. Тәуелсіз Қазақстанда жүріп жатқан өрелі өзгерістер ұрпақ тәрбиесін жетілдіруді мақсат етіп, оқушылардың ой-өрсін, ақыл-парасатын дамыту тұрғысында, мұражай үш бағытта жұмыс жасауда. Бірінші бағыт: Мәди Бәпиұлының «Жақсы інім, Нығметім, қыран құсым, мәңгіге өлмеуі хақ ұранды ісің...» деген атаумен «Н. Нұрмақов – ардагер, азамат, ірі қоғам қайраткері», «Нығметтің іздері сайрап жатыр ...» деген тақырыптарда өмір жолдарынан тарихи деректер – Мәскеу қаласының архивінен алынған құжаттар, есеп карточкасында жазылған анкеталар, Н. Нұрмақовтың отбасы туралы мерзімді басылымдардағы ақпараттар жинақталды. Құнды деректердің бірі М.И. Калинин мен Н. Нұрмақовтың Әліби Жанкелдиннің үйінде қонақта, Орынборда, ВКП (б) XIV съезінде Қазақстаннан барған делегаттар И.В. Сталинмен түскен суреттері қойылған.

Сонымен қатар мұражайда тарих ғылымдарының кандидаты, жазушы-қаламгер Рамазан Сағымбекұлының жеке архивінен алынған 1932-1934 жылдары ВЦИК Президиумының жанындағы «Власть Советов» баспасынан шыққан Н. Нұрмақовтың үш құнды еңбегі бар.

Н. Нұрмақовтың немере інісі, профессор, медицина ғылымының докторы Аман Нұрмақов мектеп мұражайына Н. Нұрмақовты қудалау кезіндегі ақтау қағазы, жазалау үкімі және түрмеге алу туралы ордері сияқты сирек құжаттардың көшірмесін тапсырды.

Бүгін күнде осы мектептің тарихшы ұстазы Рымтай Қаппасқызы дайындап кеткен «Нығметтану» бағдарламасы жасалып, «Қазақтың ұлы зиялы азаматы – Н. Нұрмақов» деген вариативті курс оқытылады.

Ғалым Болат Қабдөшевтың Нығмет Нұрмақовтың өмірі мен қызметіне арналған диссертациясы мен Б. Нәсеновтің «Халық жаулары» атты еңбегі жазылған.

Тәуелсіз елімізде қазақ саяси элитасының бірі – Нығмет Нұрмақовтың туғанын күнінің мерейлік датасына байланысты әртүрлі игі істер атқарылып келеді. Соның бірі 2005 жылы Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Алаш мұрасы» баспасында «Нығмет Нұрмақов» атты мақалалар, баяндамалар жинағының шығуы.

Нұрмақовтану бағытындағы жұмыстар үнемі дәстүрлі түрде жалғасуда. Қарағанды қаласында Н. Нұрмақовтың 120 жылдығына орай өткізілген «МЕН НҰРМАҚОВ ШӘКІРТІМІН!» атты стенділік баяндама қорғау сайысы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы және №2 Н. Нұрмақов атындағы мектеп-интернаты 2015 ж. 24-сәуірінде «Ел ағасы, азаматы, ардақтысы» атты дөңгелек үстелдің өтуі тұлғаның есімін насихаттау жұмысының жүріп жатқандығының дәлелі.

Қарағанды облысында Нығмет Нұрмақовтың туғанына 125 жыл толуына орай және Қазақстанның тәуелсіз ел болуының 30 жылдығының қарсаңында айтулы іс-шараларды өткізу жалғасуда. Соның бірі «Нығмет Нұрмақов – тарихи тұлға» деп аталатын онлайн-режимінде ұйымдастырылған аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция. Бұдан басқа деректі фильм түсірілді, салтанатты жиын мен мерекелік концерт ұйымдастырылды. Қарқаралыдағы Нығмет Нұрмақов атындағы көше абаттандырылып, өнегелі өмір жолы туралы баяндайтын кітап шығарылды. Нығмет Нұрмақов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат ғимаратының алдына мүсіні орнатылып, қалалар мен аудандарда тақырыптық кездесулер, дөңгелек үстелдер, сайыстар, семинарлар және басқа да түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді. Барлық бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы тақырыптық мақалалар жарияланып, мұражайлар мен кітапханаларда кітап көрмелері ұйымдастырылып, арнайы экспозициялар қойылды. «Нұрмақовтану» бағытындағы танымдық-тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Осы игі жұмыстар арқылы тарихи тұлға – Нығмет Нұрмақовтың мұрасы жан-жақты зерттеліп, белгілі дәрежеде насихатталып, оның тұлғалық қасиеті айқындала түсуде.

Сонымен қатар, Нығмет Нұрмақов қазақтың құқық саласы – прокуратура, сот органдарының қалыптасуы мен дамуының ұйымдастырушысы бола білген тұлға ретінде, Орталық Қазақстанның заң саласындағы қызметкерлердің қатысуымен «Ұлы дала еліндегі Заң» деп аталатын конференция өткізіліп және «нұрмақовтану» дәрістері ұйымдастырылды.

Тұлғатану арқылы біздің болашағымыз - жастарды тәрбиелеуді, Елбасы айтқандай, «Жастар - біздің болашағымыз. Оларды жаңа заманда өмір сүруге үйрету - біздің міндетіміз. Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды

болады», - деп, Қазақстан жастарының мәртебесін көтеру үшін 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Соған байланысты 2019 ж. 23-қаңтарда Жастар жылының ашылуына сәйкес форум өтті. Бұл форум мемлекет тарапынан өскелең ұрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам. Елбасы: «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз. Біз бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздікке қолжеткізіп, Ұлы дала төсінде әлем мойындаған мемлекет құрдық. Есілдің жағасында еңселі елордамыз – Астананы тұрғызып, тарихта бұрын-сонды болмаған зор жетістікке қолжеткіздік. Жүзеге асырылып жатқан шаралардың бәрі егемен еліміздің болашағы – сіздер үшін жасалып отыр. Бүгінде біздің өміріміздің барлық саласы – білім беру, жұмыс, отбасы, тіпті бір-бірімізбен қалай сөйлесетінімізге дейін елеулі өзгеріске ұшырап отыр. Осының бәрі әрбір адамның даму траекториясына және тұтастай алғанда, бүкіл әлемге түбегейлі ықпал етеді. Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, сіздер өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр», - деп айтты.

Қазақ халқының тарихында кеңестік дәуірде қудалауға ұшыраған тарихи тұлғалардың тағдыры айрықша күрделі болғандығын бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпағы терең сезінетіндей парасаттылықпен насихаттай білу қажет. Уақыт өткен сайын жақсы-жаман деп төрелік айту оңай. Өз уақытында социалистік идеяға мейлінше сенген және коммунистік идеологияның «сойылын соға жүріп», коммунистік партияның қатарына өткен зиялылардың іс-әрекетін сол замандағы ахуалмен диалектикалық тұрғыда қарастыру керек.

Қазақтың жетпіс жылдық кеңестік тарихы мен тағдырының тағылымын бір ауыз мақал-мәтелмен тарқатсақ: «Біткен іске сыншы көп», - дейді халқымыз. Сондықтан бүгінгі ұрпаққа кешегі кеңестік нәубеттен қорықпай, халқының болашағы үшін күрескен қазақ интеллигенциясының саясатпен тіл табыса жүріп, ұлтының ауыр халіне араша түсіп, «не өмір, не өлім» сәтінде халқына қызмет етудің мүмкіндігі болатын барлық бітімгершілік айла тәсілін қолдануға мәжбүр болғандығын түсіндіру парыз.

Нығмет Нұрмақовтың рухани мұрасынан тәрбиелік-тәжірибелік мәні бар мәдениетті, шаруашылықты, құқықты жетілдіруге арналған ұстанымдармен танысуға болады. Оның ұстанымдарының бүгінгі тәуелсіздік тұғырының бірі болғаны даусыз. Соған орай осы монографиядағы «Тәуелсіздік және Нығмет Нұрмақов» деген тарауды айқындауымыздың мақсаты ХХІ ғасырдың жастарына осы бағытты жан-жақты зерделеудің маңыздылығын көрсету болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Қозыбаев М. Жауға шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. - 192 бет.

2 Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 2003. - 288 б.

3 Бейсенбекова Н.А. Н. Назарбаев тәуелсіз Қазақстанның көшбасшысы / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смагулова. «Тәуелсіздік құндылықтары өткенге тағзым, болашаққа аманат» атты Қарағанды облысы педагогикалық қызметкерлерінің ғыл.-тәжіриб.конф.материалдар жинағы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. -272 б.

4 <https://sites.google.com/site/torajgyrov/-le-deri/men-kazak>

5 Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы / Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан. - Алматы: Казахстан, 1995. -32 с

6 Назарбаева Г. Қазақстан: тарих, тұлға, теория / Г. Назарбаева, Х. Әбжанов. – Алматы: - 2004. - 344 б.

7 Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. - 1998. - 16 желтоқсан.

2 Нығмет Нұрмақовтың еңбектері және өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар тарихи дерек ретінде: жүйелеу және талдау

Монографияның осы бөлімін жазу барысында әртүрлі сипаттағы деректік материалдар қолданылды. Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы архивтеріндегі құжаттар мен материалдарды, атап айтқанда, Ресей Федерациясының Федералдық қауіпсіздік қызметі (РФ ФСБ), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (бұдан әрі - ҚР ОМА), Қазақстан Республикасының Президенті архиві (бұдан әрі - ҚР ПА), Қарағанды облысының мемлекеттік архиві (бұдан әрі - ҚОМА) қорларынан алынды. РФ ФКҚ қорларынан алынған архив материалдарының көшірмесін бізге Қарағанды облыстық архив қызметкерлері берді (*Қосымшаларды қараңыздар*) және олар бұл құжаттарды Н. Нұрмақовтың туыстарынан қабылдағанын айтты. Сонымен бірге түрлі материалдар мен құжаттар жинағына, хрестоматияға енген құжаттар пайдаланылды. Сондай-ақ газет-журналдарға жарияланған, Интернет ресурстарының сайттарындағы ғылыми, публицистік сипаттағы мақалалардағы деректерді де қолданып, оларға талдау жасалынды. «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдарының бұғанға дейінгі тұлғаларға байланысты ғылыми зерттеу ізденістерінің барысында жинақталған архивтік құжаттар да пайдаланылды.

Н. Нұрмақов туралы маңызды құжаттар жиынтығы ҚР ОМА және ҚР ПА мұрағаттарында сақтаулы. Соның ішінде біз пайдаланған ҚР ПА қорларындағы келесі құжаттар маңызы ерекше. Олар:

Фонд 140, опись 1 – «*Областное бюро РКП(б Киркряя)*», в Деле 10 «*Анкеты, удостоверения, мандаты делегатов на Краевое совещание 1920 г.*», имеются «*Анкеты, удостоверения делегатов совещания, среди них есть анкеты Мендешева С., Нурмакова Н., Садвокасова и др.*».

Фонд 139, опись 3 - «*Киргизский областной комитет РКП(б) (Киробком РКП(б))*» имеется Дело 13 «*Нурмаков Нигмет Нурмакович*».

1924 жылдан басталатын құжаттар мыналар: «*Личный листок, автобиография и характеристика, отзыв о работе Н. Нурмакова на должности наркома юстиции КССР за подписью ответственного секретаря Казкрайкома ВКП(б) Джандосова У.*»; в Деле 40 «*Протоколы пленума Киробкома РКП(б)*»; 18.01.1922 жылдан 10.12.1922 жылға дейінгі кезенді қамтитын құжаттар қатарына жататындар: «*Особое мнение по вопросу о взаимоотношениях КССР и РСФСР*», подписанное членами обкома С. Мендешевым, Н. Нурмаковым, А. Асылбековым и А. Узакбаевой о формальном подходе при разработке Конституции КССР и о необходимости представления республике самостоятельности в области внешней политики, военного дела, финансов, торговли, промышленности, труда, юстиции и т.д. (протокол №16)»; Дело 72 «*Материалы о работе Бюро истпарта. Копии письма ЦК и постановлений Киробкома РКП(б) о работе истпарта. Протоколы заседаний бюро Истпарта. Докладные*

записки бюро Истпарта» - бұл құжаттар 1922 жылдан 1925 жылға дейінгі кезеңді қамтиды және олардан біз таба алатын құжаттар: «Протоколы заседаний облбюро истпарта об общем состоянии архивов КССР, об освобождении Мелкова от должности заведующего Главархивом и назначении на его место Борисова, об утверждении должности второго ответработника и др., подписанные Н.И. Ежовым, П.Б. Журеvским, А. Айтиевым, Н. Нурмаковым и Васильевым и совещаvний редколлекции при Кирбюро истпарта»; Дело 118 «Переписка истпарта Киробкома РКП(б) с истпартотделом ЦК РКП(б)», Н. Нурмаковтың фамилиясы кездесетін деректер 1923-1924 жж. аралығындағы құжаттарда бар: «Письме заведующего истпартом Киробкома РКП(б) М. Васильева о работе истпартов республики, о создании Бюро истпарта из 5-ти человек (М. Васильев, А. Кенжин, Н. Нурмаков, П.Б. Журеvский, А. Айтиев)»; Дело 176 «Шифротелеграммы ЦК РКП(б), Киробкома и губкомов РКП(б)». 1925 жылға жататын деректердің арасында мына мәтін біз үшін қызығушылық тудырды - «телеграммы, отправленной в г. Москву, ЦК РКП(б) И. Сталину от 13.01.25 г. о необходимости перенесения столицы КССР из г. Оренбурга в г. Семипалатинск или в Ак-Мечеть. Подписан С. Ходжановым, Нурмаковым, С. Садвокасовым, Құлетовым».

Айта кету керек, Н.Нурмаковтың өмірі мен қызметіне қатысты біз қолданған деректер құжаттардың толық жиынтығын білдірмейді.

Алайда, біз қолымыздағы деректерге сүйене отырып, біріншіден, оларды жеткілікті түрде толық жүйеге келтіре аламыз, екіншіден, деректануда қолданылатын методологиялық және әдістемелік тәсілдердің негізінде Нығмет Нурмаковтың өмірі мен қызметі туралы ақпараттары бар материалдарды сұрыптап, талдауға ұмтылдық.

Сонымен, Нығмет Нурмаковтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне байланысты бірқатар деректерден саяси тұлғаға қатысты мәліметтерді алуға және оған дұрыс талдау жасау барысында тарих ғылымының деректану саласында қолданылатын әдіс-тәсілдерге сүйендік.

Бүгінгі таңда тарих ғылымында деректермен жұмыс жасағанда, бір неше тарихи деректердің классификация жүйелері қолданылады.

Біз осы монографияда қолданған деректерді белгілі ресейлік деректанушы И.Д. Ковальченконың жасаған классификациясына сүйене отырып мынандай топтарға бөле аламыз:

- заңнамалық құжаттар;
- іс құжаттар;
- мерзімді басылымдар;
- адамның жеке басына қатысты құжаттар.

Ғылыми зерттеуге ең құнды боп саналатын дерек – ол түпнұсқасы сақталған құжат. Өйткені олар ең аз бұрмаланған ақпаратты қамтиды.

Әр топқа сипатама беріп, олармен қалай жұмыс атқару керек екенін анықтайтын болсақ, заңнамалық құжаттар дегеніміз тарихи деректің ерекше түрі болып саналады. Олар мемлекеттің құқықтың негізін қалайды,

мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың күнделікті жұмыстарын реттейді. Заңнамалық құжаттарды ғылыми тұрғыда пайдалану үшін, олардың мазмұнын, мәнін және ерекшелігін анықтау үшін деректануда талдаудың белгілі әдістері бар. Әдістердің ішінде негізгі болып әдеби-заңнамалық әдіс саналады. Оларды қолдана отырып, біз заңнамалық құжаттың қашан және қалай пайда болғанын анықтаймыз, заңнамалық актінің мазмұны мен жүзеге асыру жолдарын зерттейміз.

Біз жинақтап, талдаған заңнамалық сипаттағы құжаттардың ішінде Н. Нұрмақовтың есімін мәңгілікке қалдыру туралы 1994 ж. 19-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары Н. Исингарин қол қойған Қаулыны атауға болады:

*«Об увековечении памяти видного
государственного деятеля Н.Нурмакова»*

В целях увековечения памяти видного государственного деятеля Н. Нурмакова Кабинет Министров Республики Казахстан

ПОСТАНОВЛЯЕТ:

- 1. Присвоить имя Н. Нурмакова одной из улиц в г. Караганде.*
- 2. Принять предложение об установлении за счет средств главы Карагандинской областной администрации мемориальной доски в г. Алматы на доме по улице, носящей имя Н. Нурмакова.*
- 3. Провести в г. Караганде в 1995 году начную конференцию, посвященную жизни и деятельности Н. Нурмакова.*

*Первый заместитель
премьер-министра
Республики Казахстан*

Н. Исингарин

*Алматы. 19 декабря 1994 г.
№1426»
[1; 248-249]*

Осы нормативтік құжаттың жалғасы ретінде «Көрнекті мемлекет қайраткері Н. Нұрмақовтың есімін мәңгі қалдыру туралы» 1995 ж. 3-наурыздағы Қарағанды облыстық әкімшілігі басшысының № 43 Қаулысы қабылданды, онда былай деп айтылады:

«В соответствии с постановлением Кабинета Министров Республики Казахстан №1424 от 19 декабря 1994 года «Об увековечении памяти видного государственного деятеля Н.Нурмакова», в связи с исполняющимся в 1995 г. 100-летием со дня рождения нашего земляка, видного государственного деятеля Н. Нурмакова, в целях популяризации его имени и заслуг:

1. Карагандинской городской администрации (Уразалинов) изыскать средства для изготовления и установления мемориальной доски Н. Нурмакова в школе-интернате №2, присвоить его имя одной из новых улиц г. Караганды.

2. Провести в мае 1995 г. в Карагандинском государственном университете им. Е. Букетова (Акылбаев) научную конференцию, посвященную жизни и деятельности Н. Нурмакова.

3. Казыбекбийской районной администрации (Нуракишев) в июне 1995 г. провести торжественное собрание, посвященное 100-летию Н. Нурмакова.

4. Областной телерадиокомпания (Ахметов), редакция областных газет «Орталық Қазақстан» (Ермекбаев), «Индустриальная Караганда» (Кемельбаев) широко освещать материалы, связанные с именем и жизнью Н. Нурмакова по телевидению, радио, на страницах газет.

5. Контроль за исполнением данного постановления возложить на заместителя главы областной администрации Бектурганова Н.

П. Нефедов

Глава областной администрации»[2].

Осындай қаулыны Алматы қаласының әкімдігі 2005 ж. 4-сәуірде (№2/182) қабылдады. Бұл қаулыға сол кездегі Алматы қаласының әкімі И. Тасмағамбетов қол қойды. Онда Н. Нұрмақов көшесінің бойына ақпараттық тақта орнату туралы шешім қабылданды.

Сол жылдардағы құжаттардан көрініп тұрғандай, осы Қаулылардың барлық тармақтары толығымен орындалды. Қарағанды қаласында Н. Нұрмақов атындағы «Дарынды» балаларға арналған № 2 мектеп-интернаты бірнеше жылдан бері табысты жұмыс істеп келеді; қала көшелерінің біріне Н. Нұрмақовтың есімі берілген; Қарқаралы ауданындағы тарихи-өлкетану және жоғарыда аталған мектеп-интернат жанындағы қоғамдық мұражайда Н. Нұрмақовтың өмірі мен шығармашылығы туралы экспозициялар қойылған. Олар Қарағанды қаласының, сонымен бірге облыс қалалары мен аудандарындағы мектептердің оқу-ағарту жұмыстарында белсенді түрде қолданылады.

Қарағанды қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайында Н.Нұрмақов туралы қызықты материалдар жинақталып, олар ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары туралы экспозицияға енгізілді.

Монографияны жазу барысында қолданған деректердің тағы бір үлкен тобы – мерзімді басылымдар.

Мерзімді басылымдар дегеніміз ұзақ мерзімді басылымдардан тұратын тарихи деректердің түрі. Бұлардың функциясы - қоғамдық пікірді ұйымдастыру, мемлекеттік идеологияның әсерінің жүзеге асыру, жеке кәсіпкерлік саласында экономикалық қызметке ақпараттық қызмет көрсету, басқару жүйесінде кері байланыс орнату.

Мерзімді басылымдарды үш топқа бөлуге болады:

- газеттер;
- журналдар;
- ғылыми қоғамдардың мерзім бойынша шығаратын басылымдары.

Мерзімді басылымдарды ғылыми тұрғыдан зерттегенде, жеке басылымды немесе басылымдардың тобын зерттеу қажет. Себебі қазақстандық деректанушылардың бірі, ғалым Қ. Атабаевтың пікірінше газеттер мен журналдарды талдаудың ерекшеліктері олардың жазба деректердің түрі ретінде күрделілігімен өзіндік орнынан туындайды. Біріншіден, мерзімді басылым әр алуан жазба деректердің түрлерінен, екіншіден, әлеуметтік функциясы, формасы және мазмұны жағынан тегі бір деректердің өзіндік түрлерінен тұрады [3; 39]. Сонымен бірге газет пен журналдарда бір белгілі тақырып бойынша жарияланған материалды зерттеу. Мысалы, біз Нығмет Нұрмақовқа байланысты мерзімді басылымдардың түрлерінде оған қатысты материалдарды іздеп, оларды сұрыптап, бір жүйеге келтіріп, ол деректі оның қызметінің барысын айқындадық.

1920-жж. Н.Нұрмақовтың «Еңбекші қазақ» газетінде әр түрлі тақырыпқа арналған мақалалары жарияланып отырды. Олар «Жалпы Қазақстандағы Кеңес комитеті мен комиссарлар Кеңесінің 1923 жылғы тамыздың 27-де шығарған қаулысын іске асыру үшін қосылған жоба» (Еңбекші қазақ, 1928, 6 қыркүйек), «Жада жұртшылық жолында» (жікшілдік туралы, жаңа жұртшылық жікке қарсы оңшыл мен солшылдар, тартыстар жүрген кейбір негізгі мәселелер) // Осында, 1926, 25 қараша; «Қазақстан 6 жылы» // Осында, 1926, 4 қазан; «Қазақстанның Алтыншы Кеңестер съезі» // Осында, 1927, 1 сәуір; «Қазақстан 8 жылдық мерекесі» // Осында, 1928, 8 қазан; «Мартын 8-і және еңбекші қазақ әйелі» // Осында, 1926, 8 наурыз; «Сегіз жылдық табыстарымыз» // Осында, 1928, 4 қазан; «Қазақ кедейін теңелтуге қарай бір адым» // Осында, 1926, 27 сәуір [4; 139].

Сонымен қоса, Н. Нұрмақов Ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып істеген кезде патша өкіметі мен жергілікті бай манаптардың қамауында болған казактар мен татарлардың, қалмақтар мен мордвалардың, чуваштар мен ненецтердің, нанайлықтар мен кабардиндер, осетин мен басқа да халықтар және шағын ұлттардың жаңа өмір орнатуына шама-шарқынша ерекше үлес қосты дей аламыз. Бұған сол жылдары Ресейдегі аз ұлттар өмірі мен мәселелерін мұқият жазып отырған, Мәскеуде шыққан «Власть Советов», «Революция и национальности», «Жизнь национальностей» тағы басқа осындай мерзімді басылымдарда тұрақты түрде жарияланып отырған «Ақпараттар ағыны» айқын дәлел бола алады.

Сонымен бірге Н. Нұрмақов ұлтаралық қарым-қатынастар мәселесі туралы бірнеше баяндамалар жасады. Мысалы, «Национальное строительство к XVIII годовщине Октября», «Основные итоги ленинской национальной политики в РСФСР к XVII партсъезду», «Национализация (коренизация) государственного аппарата в автономиях и национальных районах РСФСР к XV годовщине Октября», «Надстройка к XVI

Всероссийскому съезду Советов», «VI Всероссийское совещание работников среди национальных меньшинств», «Итоги Чрезвычайного XVII Всероссийского съезда Советов», «К решению Президума ВЦИК по Дагестану», «Соотношение классовых сил в Союзе ССР и изменение Конституции», «Большое внимание укреплению кадров сельских Советов», «День Конституции», «К 19-ой годовщине Октября» деген мақалалары жоғарыда аталған мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген. Осы мақалалардан публицистік тіл байлығын, көркемдік, стильдік ерекшеліктерін байқауға болады [4; 140-141].

Н. Нұрмақовтың қалам қуатының аса күшті болғандығына «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 7 қарашадағы осы басылымның үш жылдығына арналып берілген бетте газетті өркендетуге сіңірген еңбегі үшін әр кездегі газет редакторлары мен қызмекерлері С. Сейфуллин, М. Жолдыбаев, Ж. Садуақасов, Б. Майлин, Т. Жүргенов, Т. Арыстанбеков, С. Мұқанов сияқты санаулы адамдармен бірге оған да алғыс айтылғаны куә [4;141].

Естеліктер, күнделіктер, жеке хат алмасу - адамның жеке басына қатысты құжаттар түріне жатады.

Естеліктер - автордың жеке тәжірибесі мен жеке жадына негізделген өткен өмірінің әңгімелері. Оларды естеліктер-өмірбаяны және оқиғалар туралы естеліктер деп екіге бөледі. Сондай-ақ естеліктер - бұл өткен оқиғаларды еріксіз бекіту ғана емес, бұл мойындау, ақтау, айыптау және жеке ойлау. Сондықтан естеліктер, басқа құжаттарға қарағанда субъективті болады. Бұл – өзіндік сипаты бар естеліктер, олар жеке адамның артына қалдырған өзіндік ізін көрсетеді. Себебі, «өткенді бейнелеудің көлемі мен тереңдігі автордың тек оқиғаны қаншалықты білетіндігіне ғана емес, сонымен қатар оның интеллектуалдық сұраныстарына, оның философиялық-тарихи ойлау қабілетіне, адамгершілік-психологиялық ізденістеріне, жалпы рухани-мәдени дәрежесіне байланысты», - деген пікір бар [3; 237]. Деректанушы мамандардың мұндай пікірін біз дұрыс деп есептейміз. Өйткені осы монографияны жазу барысында Нығмет Нұрмақовқа байланысты әртүрлі естеліктерді қолданғанда, деректанушы Қ. Атабаев айтқан ерекшеліктерді ескердік.

Келесі деректердің тағы бір түрі – *күнделіктер*. Ол ақпараттың көлемі мен мазмұнына байланысты ерекшеленеді. Көлемі жағынан қысқаша немесе толық түсінік; жүйелілік бойынша - өте жиі, жүйелі немесе ұзақ уақыт үзілістермен жазылған жазбалар; датаны анықтау бойынша - қатаң және әрдайым кездейсоқ немесе тіпті толық анықталмаған жазбалар болуы мүмкін.

Тарихи деректердің бірегей, ештеңеге ұқсамайтын түрі - *хаттар*. Олардың түрлері өте көп және тарихи зерттеулер үшін үлкен маңызға ие. Бірақ біз жеке хаталмасу, танымал қоғам қайраткерлерінің хаттары және іс құжаттардың түрі ретінде мемлекеттік және қоғамдық мекемелерге жазылған Н. Нұрмақовтың немесе оған жазған хаттарды қарастырдық.

Адамның жеке басына қатысты құжаттарды осы монографияны жазу барысында қолдануда сыни тұрғыдан қарау әдісіне сүйендік. Құжаттардың

авторларының кім және оның сол оқиғаға қаншалықты қатысы бар екендігі, сонымен бірге оқиға жайлы білетіндігі біз үшін маңызды болды.

Қызықты деректердің осы тобына жататын құжаттардың *бірі жеке сипаттағы хаттар*. Мұндай хаттар оның мазмұнында жазылған адам немесе немесе басқа адамның бейнесін толықтыруға және өзіне жақын образ ретінде қарауға мүмкіндік береді, сонымен бірге оған ресми емес жағдайда қарауға, көбінесе рухани ұстанымдардың қалыптасуына жол береді. Н. Нұрмақовтың өмірі мен шығармашылығын куәландыратын деректердің арасында бұл топтың құжаттары көп емес. Солардың арасында Нығмет Нұрмақовқа ағасы Құрманғалидің 1927 ж. 13-желтоқсанда жазған хаты ерекше қызығушылық тудырады. Біз оны толық түрде көрсетуді дұрыс деп есептедік (мәтінде түпнұсқаның жазылуы сақталады – авт.):

«Уважаемые Нигмет и Зуфнун

Многочисленный привет от отца, мамыши, братьев, сестер и от всех бедняков поселка. Как здравствуете? Каково здоровье детей? Мы сами здоровы, в хозяйстве тоже благополучно, никакого шызгына нет. Народ тоже здравствует.

Это наше четвертое письмо, но от Вас ни одного письма не получили: не знаем благополучно ли у вас или нет.

Положение с зимой в этих краях таково: в октябре месяце были большие дожди, и образовалась гололедица, в настоящее время положение неопределенное, сказать джут или не джут трудно. Пока нет сильных морозов, надежда скота тоже нет. Но у населения сена нет совсем, земля покрыта льдом, так что достаточно одного бурана, чтобы создалось для скота критическое положение; хлеба у населения также нет. Кроме этих других новостей пока нет.

Написать о Ваших друзьях и врагах в Каркаралинске без Вашего разрешения боюсь, не осмеливаюсь. Имеются люди, которые собирают против Вас материалы. Если разрешите потом напишем их имена. Не получая от Вас писем опасаемся, что и наши письма не попадают в Ваши руки и предполагая, что злые люди, чтобы узнать о чем мы переписываемся задерживают письма, поэтому адресуем это письмо на имя Нояна.

Думаете ли приезжать в эту зиму в Семипалатинск или Каркаралинск? Если думаете, сообщите когда.

В одном из давних писем Вы просили прислать Жамиля, но из-за отсутствия средств на дорогу, выполнить не можем. Будет учиться в семилетке, которая открывается в нашем поселке. Занятия у них начнутся 15 декабря.

Отец на охоту с беркутом уезжает на днях на «Буглы-Таглы» и Кзыл-Тау. Я сам убил одного волка, одну лису и двух филинов. Служу в волостном кооперативе.

Больше писать не о чем. Привет всем!

Писал Курмангали. 13 XII. 27 г.

Перевод с подлинника Н. Нурмаков.

Содан кейін Н.Нұрмақовтың қосып жазуы берілген:

«Т. Голощекин!

Посылаю Вам перевод письма полученного мною от брата. Прошу обратить внимание на подчеркнутые места.

Подпись (Н. Нурмаков)» [5].

Бұл жағдайда хаттың орыс тіліне аударылуының және оны Ф.И. Голощекинге жіберілуі қызығушылық тудырады. Өйткені, бәрімізге белгілі, бұл кезде Н. Нұрмақов пен Ф. Голощекин арасы өте шиеленісті қарым-қатынаста болған. Сонымен қатар, осы хаттан кейін іс жүзінде екі жылдан кейін Н.Нұрмақовтың басынан кешіретін қиындықтар туралы ескерсек, хатта автор бөліп көрсеткен жерлер өте түсінікті. Бір жағынан, Н.Нұрмақовтың тәуелсіз және қатаң мәлімдемелерін Ф. Голощекиннің қабыл алмауы, өйткені Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының көптеген мәселелері бойынша оның 1927-1928 жж. республикалық және одақтық деңгейде жасаған баяндамаларында нақты тұжырымдалатын болады, екінші жағынан, оның кіші отанындағы адамдардың белгілі бір тобы, беделіне нұқсан келтіретін ақпараттар жинап, оны алып тастауға мүмкіндік беруді күтті.

Н. Нұрмақовтың айналасындағы бұл жағдай, ғалымдардың пікірінше, оның өмірбаянындағы кезең - Мәскеуге кетуіне себеп болған.

Естеліктер жеке құжаттардың маңызды топтарының бірі болып табылады. Н. Нұрмақов туралы естеліктерді біртіндеп жинаған бізге, оның өз ісін жетік білетін ақылды, сауатты, интеллигент адам бейнесін көруге мүмкіндік берді.

Н. Нұрмақовтың жұбайының естеліктері де үлкен қызығушылық тудырады. Оның Республикалық «Казахстанская правда» газетіне жарияланған *«Не делала людей на плохих и хороших»* естелігінде, онда ол Нығметпен қалай танысқанын және онымен өзінің өмірін қалай байланыстырғанын айтады. Осы естеліктерден үзінді келтірейік:

«Первая встреча с Нигметом... произошла не случайно. Я училась тогда в Семипалатинской гимназии, когда от родного дяди Абдулхамита узнала, что отца забрали колчаковцы. И мне надо было отнести передачу в тюрьму, чтобы отец не умер с голода и побоев. В заключении находились мой отец – бай Ибрай Акпаев, знаменитый певец Мади и красавец бедняк Нигмет. Когда прогнали Колчака, мы с Нигметом вновь увидели друг друга на празднике в Каркаралах, организованном землячеством. Там признались друг другу в любви и с тех пор никогда не разлучались.

Добрый, отзывчивый, ласковый – как еще можно назвать любимого человека?! Я с ним видела только хорошее. С ним была счастлива. Хотя и был Нигмет бедного происхождения, ума ему было не занимать: честный, справедливый, обладал богатой внутренней культурой, благородством. Мужа назначили председателем Совнаркома Казахстана в Кызылорде. С талантливой молодежью организовывали художественную самодеятель-

ность. Выбрали спектакль «Быржан-Сара», постановщиком был Жумат Шанин. Мне поручили роль Сары.

Когда я вышла на сцену, посмотрела на первый ряд, где сидел мой Нигмет, который от переживаний за меня опустил голову, боясь поднять глаза.

Ну, думаю, нужно, чтобы аплодисменты встряхнули зрительный зал, тогда и мой муж воспрянет духом.

Так и случилось. Спектакль удался, отзываю и похвалам не было конца!

Вообще, мой муж очень любил людей искусства. Всячески их поддерживал. Помню, как помогал Александру Затаевичу в сборе народных песен. Возил его по аулам, рассказывал про обычаи и традиции наши, знакомил с акынами и кюйши. А когда в Москве, где мы жили после его назначения на должность заведующего отделом национальностей при ВЦИК, членом Президиума ВЦИК, должна была состояться первая Декада казахской культуры в 1936 году, он лично занимался организацией праздника, обустройством нашей делегации. Провожали в Париж на международную ярмарку Амре Кашаубаева. Я сама подбирала эскизы к его концертному костюму.

Вообще, кто бы ни приезжал из Казахстана, непременно был гостем в нашем доме. Многие передавали друг другу: «Пойдем к Зукене, она настоящая хозяйка, заботливая, приветливая». Так меня хвалили между собой. Гостей было много. Много общались с Тураром Рыскуловым, Абулхаиром Смагуловым, Садвакасовым. С их женами были настоящими подругами. У них училась видеть мир прекрасным, тянулась к хорошему, старалась воспринимать все новое...

Стук в нашу дверь среди ночи...был неожиданностью. «Откройте! Водопроводчик! Нужно осмотреть течь в трубе вашей квартиры.» Дверь отворили. Вошли люди в военной форме. Нигмет, все поняв, спокойно взял вещи и произнес: «Жди. Я вернусь. За мной нет вины». Но прошел день, другой, третий – вестей никаких. Я стала обивать пороги ведомств, но ничего не добилась. А через месяц забрали и меня. Детей отправили в детдом.

Забрали отца моего – Ибрая Акпаева, всех братьев: Абулхамита, Абдулахмета, Абылгазиза. Забрали брата Нигмета – Курмангали. после 1937 года уцелел его единственный брат – Жамел. У его дочери Рабиги я и нашла свое последнее пристанище...

...я всегда боролась, убеждая себя: «Пусть все будет хорошо. Пусть все будет хорошо. Жить нужно для хорошего». Жизнь сама по себе – ни благо, ни зло: она вместительна и блага и зла, смотря во что мы сами превратили ее. И молодым завещаю счастье и доброту» [6].

Л.Т. Кожаметова өзінің «Нығмет Нұрмақовтың публицистикасы» атты мақаласында Н. Нұрмақовтың алғаш рет революциялық жолға түсуі, яғни саяси қайраткерлігінің бастапқы қадамдары жайлы құнды мәліметтерді жариялаған тарихи-мемуарлық шығарманың авторы, революцияның

дауылпазы Сәкен Сейфуллин болды деп жазады: «Зерттеліп отырған кезеңнің куәгері С. Сейфуллин мол құжаттық материалдарды қолдана отырып, Қазақстандағы алғашқы большевиктер А. Асылбеков, Н. Нұрмақов, С. Шәріпов, тағы басқа бейнелерін жасайды, сол кездегі газеттердің негізінде өлкедегі ұлттық өкіметпен оларға қарама-қарсы большевиктердің идеялық күресін көрсетеді. Жартылай көркем шығарма түрінде жазылғандығына қарамастан. С. Сейфуллиннің мемуары өлкедегі большевиктік ұйымның қалыптасуы және азамат соғысы тарихы туралы тарихи дерек бола алады» [4;140-141].

Н. Нұрмақов туралы естеліктер арасында Ш.Уәлиевтің естеліктері өзіндік қызығушылық тудырады. Онда Ф.И. Голощекиннің қызметтен кетуіне және Қазақстанға Л.И. Мирзоянның тағайындалуымен байланысты оқиғалар баяндалады:

«Нығмет ағамен екінші рет 1935 жылы кездестім. Ол кезде Шымкентте жергілікті өнеркәсіп жөніндегі облыстық тасқарманың кадрлар бөлімінің бастығы болып қызмет істеп жүргемін.

Алматыдағы Казполктың штабында істейтін Құрманғали екеуміз Нығметтің үйіне қонаққа бардық. Ол Нығметтің інісі болып келетін еді. Ағайын-жұрттың хал-жағдайларын сұрап мәре-сәре болып жатқанда, Әбілқайыр Досов келді. Ол кісі Нығметпен сырлас, пікірлес адам екен. Екеуі қызу әңгімеге кірісті. Сондағы әңгімелерінен ұққаным, Қазақстанға екінші рет келген комиссия бар шындықты ашып айтып, Орталық Комитетке қажетті документ түсірген көрінеді. Нәтижесі белгілі. Голощекин орнынан алынып, Қазақстанға Левон Исавич Мирзоян келді. Аштықтың жолы кесіліп, жағдай түзелді. Қазақстанға көп көмек көрсетілді.

Сонда пікірлес екі дос Тұрар мен Нығметке қолдау көрсетіп, Қазақстан Орталық Комитеті құрылғанда бар адамның құлшыныс танытпағанына қынжылыс білдірісті» [7; 265-266].

Н. Нұрмақовтың саяси өмірбаянындағы кейбір фактілер туралы қызықты естеліктерді оның немере інісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Аман Жамелұлы Нұрмақовтың мақаласынан кездестіруге болады. Мысалы, ол Мустафин мен Бутин ақсақалдардың мынандай сөздерін келтіреді:

«Орталық комитеттің (ОК) кезекті бір Пленумында Голощекин жиналысты жүргізе отырып Сырғабековті (жер наркомы) әшкерелеу мақсатымен Нұрмақовқа: «Мынау қойға түсіндірші, бұл түсінбей отыр», – дейді. Совнарком төрағасы Нұрмақов орнынан ұшып тұрып: «Сіз абайлап сөйлеңіз, наркомды малмен теңестірмеңіз. Сырғабеков жолдас өте білікті, тәжірибесі мол, жұмыс жағдайын білетін кадр», – деп тойтара сөйлейді. Голощекин үндеместен бөлмеден шығып, ішкі бөлмеге кіріп кетеді де, жарты сағаттай жоқ болады. Содан қайта келіп Пленумды таратып жібереді. Біреулер: «Ол Сталинмен ақылдасып келді», – деген пікір айтты. Бұл сол Пленумға қатысып отырған, болған жәйді көзімен көрген адамдардың айтуы...

«Нығмет Нұрмақов нағыз патриот еді, – деп жалғастырады әңгімесін Бекболат Мустафин ақсақал. – 1925 жылы қазан айының 19-да Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде ҚазКСР құрамындағы Орынбор губерниясын Ресейге қосу туралы мәселе қаралды. Сондағы негізгі себеп ретінде онда тұратын орыстардың саны болыпты. Сол бюрода сөйлеген сөзінде Совнарком төрағасы Н. Нұрмақов: «Жер мәселесі бізде өткір мәселе... Онымен Республикамыздың, ондағы тұратын халықтың тағдыры тікелей байланысты... Губернияның жартысынан астамы орыстар деген не дәлел? Егер олай ойласақ, онда біздің Республикамыздың барлық жерінде сондай жағдай. Сонда ол жерлердің бәрін Қазақстаннан бөліп алып Ресейге қосу керек пе? Оның не қажеті бар? Мұнымен біз ешқашан келісе алмаймыз және оған үзілді-кесілді қарсылық білдіруіміз керек. Бұл Республикамызды жоюмен пара-пар, сондықтан, ол ешқандай сын көтермейді», – деген. Бұл сөзінде қаншама патриоттық сезім байқалып тұр десеңізші. Осындай пікірлерді Нығмет әр жерде жасаған баяндамаларында, (соның ішінде орталықта, Мәскеуде) еш қаймықпай айтқаны ақпарат көздерінен белгілі» [8].

Бұл әңгіме бізге Н. Нұрмақовтың әрқашан өз ұстанымын қалай қорғауды білетіндігін, талқыланатын нақты мәселеге өзінің көзқарасы туралы батыл айтудан қорықпайтындығын айтуға құқық береді, тіпті егер оның бұл ұстанымы Орталықтың ресми көзқарасына қайшы келсе де тік айтқан. Бұдан біз, бір жағынан, оның жолдастарын қалай қорғауды және олардың арнамысы мен қадір-қасиетін қолдай отырып сөйлейтін тұлға екендігін көреміз, екінші жағынан, ол өзін, ең алдымен, туған халқының патриоты, мемлекет қайраткері ретінде өз халқының мүдделерін басшылыққа ала отырып, қазақ жерлерінің тұтастығын сақтауды жақтайтын нағыз ұлтжанды екенін көрсеткендігін байқаймыз.

Аман Нұрмақовтың журналист Людмила Енисеева-Варшавскаяға берген сұхбатында Нығмет Нұрмақовқа қатысты Ресейдегі ФСБ мұрағатындағы құжаттардың қалай жиналғаны туралы оқиға қызығушылық тудырады. А. Нұрмақовтың ұлы Әділ маңызды құжаттардың көшірмелерін тауып алды: «тінтуге және қамауға алу туралы ордер, жауап алу хаттамалары, Әскери соттың үкімі және басқа да құжаттар» [9]. Осы құжаттардан туыстары Н. Нұрмақовқа қарсы процестің қалай өткенін білді және осы құжаттар арқылы Әділ Нұрмақов атақты туыстарының жерленген орнын анықтады. Бұл құжаттарды біз монографиямызда қолданғанымызды және олар іс қағаздары қарастырылатын бөлімге енгізілгенін атап өткіміз келеді.

Осы жерде Н. Нұрмақовтың өмірінен тағы бір оқиғаны көрсететін деректі келтіруге болады деп санаймыз. Ол мына дерек: *«И вот я вспоминаю, как жена дяди – тетя Зуфнун рассказывала мне о том, с какой периодичностью производились аресты в их доме. Как раз за несколько дней до того, как пришли за ним, увезли на «воронке» Тухачевского. А они жили в одном подъезде. И вот дядя Нығмет, оказывается, все говорил: «Что-то*

всех забирают. Абсолютно безвинные вроде люди, очень преданные делу советской власти, а их почему-то арестовывают. Вот и Михаила (это Тухачевский) забрали». А через несколько дней казэбэшники приехали и за ним. Потом тетя Зуфнун рассказывала, что после того, как Ныгмета реабилитировали, большую помощь в возвращении ей всех прав, в том числе и на жилплощадь в Москве оказал Николай Михайлович Шверник. С ним и с известным болгарским коммунистом Георгием Михайловичем Димитровым они жили на одной лестничной площадке. А этажом ниже жил Тухачевский. Все они между собой» хорошо общались [9].

Мұнда 1931-1937 жж. аралығында Н.Нұрмақов отбасымен бірге тұрған Мәскеудегі әйгілі үй туралы айтылып отыр: Серафимович көш., 2-үй. Бұл Орталық Атқару Комитетінің (ОАК) және Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК) үйі болды.

Сұхбаттан біз Н. Нұрмақовтың Ф.И. Голощекин 1920 жж. байларға қатысты саясатын қалай жұмсартуға тырысқанын көруге болады: «Вступая в полемику Голощекина с Садвакасовым на Третьем пленуме крайкома 1926 года, примерно так же высказался и выступавший докладчиком председатель Казсовнаркома Ныгмет Нурмаков. «Некоторые товарищи думают, – говорил он, – что положение в ауле безвыходное, или же мы имеем один-единственный выход – экспроприировать байское хозяйство. Я думаю, товарищи, что после десятилетнего существования Советской власти в Казахстане имея в руках пролетарского государства все командные высоты, мы обладаем достаточной силой, чтобы иными методами воздействовать на аульного бая, не прибегая к такому методу, к какому прибегнула наша партия в период завоевания власти в первые дни Октябрьской революции». И он предлагал ослабить мощь бая посредством налоговой политики, развития кооперации и других способов» [9].

А. Нұрмақов берген сұхбатында әр кездерде Н. Нұрмақовпен кездескен, онымен сөйлескен адамдардың есімдері өте көп кездеседі. Сондай адамдардың бірі бұрынғы партия қызметкері Айтжан Бутов деген кісі болатын. Ол А. Нұрмақовқа ағасы туралы мынадай әңгіме айтқан екен: «Впервые я увидел Нурмакова в 1925 году. Этот человек мне сразу понравился – он был очень вежливый, скромный и уравновешенный. Со старшими говорил как старший, а с ребенком как ребенок. Я, пока у меня квартиры не было, жил у Нурмаковых два месяца. Ныгмет был очень трудолюбивый – работал до двух-трех часов ночи, а в семь утра шел на службу... Нурмаков бы очень внимателен к людям. Однажды была конференция, и не всем делегатам хватило места в гостинице. Тогда он прямо ночью пришел в эту гостиницу, освободил кабинет директора и поселил их. Он был из тех, кто всегда тут же решал вопросы, с которыми к нему обращались. Поэтому перед его кабинетом обычно сидели люди. Был Нурмаков также против конфискации. Потому что, говорил он, казахский народ живет в основном за счет животноводства. И если мы заберем у

населения, включая баев, скот, то получим обратное тому, что ожидается: погубнут люди» [9].

Н. Нұрмақов туралы естеліктер Қ.И. Сәтпаевта да кездеседі, мысалы ол 1956 ж. былай деп жазады:

«Я встречался с Ныгметом Нурмаковым в 1926-1928 годы по деловым вопросам, и у меня создалось о нем мнение как об умном и деловом человеке» [10].

Осы естеліктердің барлығы бүкіл өмірін халқына қызмет етуге арнаған мемлекет және қоғам қайраткері, саяси элита Н. Нұрмақовтың бейнесін тануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл естеліктер бізге Н. Нұрмақов өзі қызмет еткен үкіметке сенген нағыз коммунист болды деп айтуға құқық береді. Ол өз заманының адамы болды. Біз оған қатысты әртүрлі құжаттарға сілтеме жасай отырып, бірнеше рет айтатын боламыз. Өзінің қызмет бабының сипатына байланысты әр түрлі жағдайларға тап бола отырып, ол әрдайым өзімен өзі болуға ұмтылды, шындықты айтудан, әділетсіздікке қарсы қатал сөйлеуден қорықпаған тұлға болды.

Монографиядағы *маңызды деректердің бірі* - XX ғ. басындағы мемлекет және қоғамның саяси қайраткерлерінің, оның ішінде Н. Нұрмақовтың *сөйлеген сөздері және еңбектері* кіреді.

Мемлекет басқару ісін атқара жүріп, Ныгмет Нұрмақов бірнеше еңбектер жазған. Оның «Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті» атты еңбегі 1927 ж. Қызылордада жарық көрген. 1928 ж. осы калада саяси-әлеуметтік тақырыптарға арналған мақалалары «Строительство Казахстана» деген атауымен орыс-қазақ тілдерінде жеке жинақ болып шықты. 1934 ж. Мәскеуде басылып шыққан «Состояние и задачи работы среди национальных меньшинств РСФСР» атты кітабы бар. Одан басқа «Отчет правительства Казахстана» еңбегі мен Мәскеуде шыққан «Национальное строительство в РСФСР к XV годовщине Октября», «Алфавит Октября - орудие пролетарской революции» атты жинақтарға редакторлық етеді.

«Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті» атты еңбегі бір неше тараудан тұрады:

- «Кеңестер одағының сыртқы жайы»;
- «Ағылшын мен кеңестер одағының арасы үзілу ойламаған жерден болып қалған іс емес»;
- «Екі мемлекет арасындағы саясат қатынасы үзілу мен ашық соғыстың арасы бір-ақ адым»;
- «Жиһангерлер жолында үлкен кедергі болып тұрған Қытай мен Кеңестер одағы»;
- «Жиһангерлер Кеңес үкіметімен соғысуға даярланып отыр»;
- «Ендігі соғыс бұрынғы соғыстардай болмайды»;
- «ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті»;
- «Біз күшімізді жаудың күшіне қарай дайындауымыз керек».

Н. Нұрмақов Англия мен Кеңес Республикасы арасында соғыс болу мүмкіндігін атай отырып, бұл соғыс Бірінші дүниежүзілік соғысқа карағанда тіпті үлкен және қорқынышты болуы мүмкін деген қорытындыға келеді. Англияның басты мақсаты Кеңес өкіметін жою болып табылатындығына баса назар аудара отырып, осыны дәлелдеу үшін түрлі мысалдар келтіреді. Атап айтқанда Колчак, Деникин тәрізді адамдардың мысалында Ұлыбританияның ақтар қозғалысын қолдауын, Н. Нұрмақов оқырмандарды Англия сауда келісімдеріне қол қойып, белгілі бір экономикалық байланыстар орнатқанына қарамастан, өзінің империалистік ұмтылыстарын және Кеңес өкіметін жою ниетінен бас тартпайтындығына сендіреді:

«Кеңес үкіметіне әр түрлі орынсыз кінәләр қоя бастады. Кеңес үкіметін жұрттан шыққан бұзақы қылып көрсету үшін ағылшын мемлекетінің басына түскен бәленің бәрін «қаскүнем» большевиктердің істеп отырғаны деп жұртқа жайды. Өз ішіндегі жұмыскерлердің ереуілдерін, отардағы күншығыс жұрттарының көтерілістерін Кеңес үкіметінің «бұзғыш» большевиктердің нұсқауымен істеліп отырған іс деп жариялады... Ағылшын ескішілдері Кеңестер үкіметін жойып, Ресейді баяғы қалпына түсірмей тоқтамауға бет алды» [1; 22, 28].

Н. Нұрмақов нағыз большевик бола отырып, осы еңбегінде Англияны капиталистік әлемнің жарқын өкілі ретінде қарады және осы елдегі қалыптасқан жүйенің қарапайым кедейлерге, жұмысшыларға қатысты барлық әділетсіздіктерін сипаттады:

«Ағылшын мемлекеті жиһангер байлар мемлекеті, байлар мемлекетінің негізі – кедейді, еңбекшінің бай адам, әлсізді әлді қолдану, езу, жеу, талау, еңбекшілер табын, артта қалған әлсіз жұрттарды езіп, талап тұрмаса, қолданбаса, капиталдың, байшылдықтың өңі кірмейді. Онсыз өмір сүруі де мүмкін емес» [1; 24].

Н. Нұрмақов қарапайым халыққа үндеу тастай отырып, оған революция жеңістерін, елін қорғауға тура келетіндігін айтты. «ОСОАВИАХИМ» қоғамының рөліне ерекше назар аударды:

«...өзінің істеген ісімен бір жағынан, Кеңестер Одағының соғыс күшін арттырса, екінші жағынан, ауыл шаруашылығын ілгеріленуіне көп жәрдем көрсетті.

Қазір соғыс қаупі күшейіп тұрған кезде «осоавиахим» қауымының жұмысы бұрынғыдан әлденеше рет күшеюі тиіс.. жалпы жұртты осы уақыттағы соғыстың жайымен таныстыру, еңбекшілер арасында әскерлік білімін тарату – біздің қоғамның міндеті» [1; 31-32].

Н. Нұрмақовтың бұл еңбегі автордың сол кездегі халықаралық жағдай туралы көзқарастарының жеткілікті толық бейнесін беретіндігімен қызықты, жалпы, ол большевиктер идеологиясының жарқын өкілі болды, бұл автордың көзқарасы мен ұстанымынан айқын көрінеді.

Н. Нұрмақовтың бізге қалдырған жұмыстарының ішінде «Қазақстан құрылысын» да атап өтуге болады. Бұл дерекке сәйкес келмейтін мәліметтер бар. Айталық, мәдениет қайраткері Балташұлы Е. өзінің «Нығмет Нұрмақов»

атты мақаласында [11] «Строительство Казахстана» деген еңбекті саяси-элеуметтік тақырыптарға арналған мақалалары атауымен жеке жинақ орыс-қазақ тілдерінде 1928 ж. шыққан деп көрсетеді. Сонымен бірге ол Нығмет Нұрмақовты Алаштың аяулы перзенттерінің бірегейі деп санайды. Алайда, біз басқаша пікірдеміз.

Біздің ойымызша, Н. Нұрмақов Алаш зиялыларының өкілі болған жоқ, өйткені ол қазақ қоғамындағы кедейлер арасынан шыққан топтардан құрылған қазақ зиялыларының революцияшыл тобына кіреді.

Жеке басылым болып шыққан «Нұрмақов жинағы. Мақалалар, баяндамалар» атты жинақта «Строительство Казахстана» «Доклад и заключительное слово на 3-й сессии Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета 13-го созыва. 24-26 ноября 1928 г.» деп берілген [1; 131-186].

Мүмкін, бұл жерде қатты алшақтық жоқ шығар. Мүмкін, біз дәл осы жұмыс туралы айтып отырған шығармыз. Өкінішке орай, біздің күмәнімізді сейілететін және бұл құжаттармен Алматы архивтерінде жұмыс жасайтын мүмкіндігіміз болған жоқ (карантинге байланысты – авт.). Зерттеу жұмысымыздың бұл үзіндісін біз жақын арада нақтылаймыз деп үміттенеміз.

Егер Н. Нұрмақовтың «Советское строительство» баяндамасында көрсетілген мазмұны мен негізгі идеяларын қарастыратын болсақ, онда автор экономика және мәдениет саласындағы мәселелерді жақсы білетін басшы ретінде назар аударады. Баяндама мынандай сөздермен басталады:

«В мою задачу входит доложить сессии ВЦИК о деятельности правительства Казахстана в области культурного и хозяйственного строительства республики... Минувшие 8 лет правительству Казахстана приходилось работать в направлении ликвидации проклятого наследия, доставшегося нам от царского правительства» [1; 131].

Баяндама мынадай бөлімдерден тұрды: «Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуының негізгі нәтижелері», «Қазақстан үкіметінің негізгі элеуметтік-экономикалық шаралары», «Қазақстан құрылысының мақсаттары мен болашағы», «Қорытынды сөз».

Одан кейін сөйлеген сөздерінің тағы бірнеше бөлімдері берілген - «Қазақстан құрылысындағы негізгі қиындықтар», «Байлар, Алашорда интеллигенциясы, кулактар мен атамандар туралы», «Қазақстанның мәдени артта қалуы», «РКФСР бюджетінен Қазақстанға көрсетілетін көмектің қысқаруы», «Қазақ мақта шаруашылығының дамуына көбірек көңіл бөлу», «Жетісудың экономикасын көтеру туралы», «Тәркілеу туралы», «Қазақстанға қоныстандыру және оны жерге орналастыру туралы», «Қорытынды».

Баяндама бір бірімен байланысты екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Н. Нұрмақов 1928 ж. дейінгі Қазақстанның экономикалық және мәдени жағдайына толық жан-жақты талдау жасайды, екінші бөлімінде ол Қазақстан құрылысының міндеттері, болашағы және қиындықтары туралы айтады.

Баяндаманың маңызды бөлігі экономикалық сипаттағы мәселелерге арналды. Онда 1920-жж. аяғындағы Қазақстанның экономикалық жағдайы

туралы жан-жақты сипатталды, ауыл шаруашылығына арналған цифрлық мәліметтер келтіріліп, мал және егін өсірумен, тауарлық өніммен, ауылшаруашылық кооперациясымен байланысты сұрақтарды талдауға ерекше назар аударылды:

«Первое место среди всех государственных мероприятий, проводимых в настоящее время в Казахстане, занимает работа по сплошному и обязательному землеустройству кочевого и полукочевого населения Казахстана, согласно декрета ВЦИК от 17 апреля 1924 года»[1; 141].

Қазақстан құрылысының міндеттері мен болашағын талдауға арналған бөлімде Н. Нұрмақов мынаған назар аударды: *«Казахстан является одной из сырьевых баз Советского Союза»*, экономиканың мал шаруашылығы саласына сілтеме жасай отырып, былай деген: *«Я думаю, что соответствующие органы должны...принять ряд мер к тому, чтобы наше богатство – скотоводческое сырье, в котором так остро нуждается союзная промышленность, было бы целесообразно использовано»* [1; 149-150].

Сондай-ақ ол Қазақстанның астық шаруашылығын дамытуға қатысты зор мүмкіндіктерін атап өтті: *«...необходимо, чтобы государство в соответствующих центрах осознало, наконец, значение Казахстана как одного из основных зерновых районов Союза. Как раз этого осознания, мне кажется, до настоящего времени нет»* [1; 148].

Алайда ол бұл мәселені Одақтың орталық аймақтарынан Қазақстанға қоныс аудару арқылы шешуге үзілді-кесілді қарсы болғанын мына айтқандарынан көруге болады: *«Говорить о том, что в Казахстане земли много, что нужно немедленно открывать переселение и этим путем развивать зерновое хозяйство Казахстана – мы считаем близорукостью и ведомственным отношением к делу. Нельзя так относиться... прежде чем открыть переселение, необходимо позаботиться о том населении, которое сейчас в Казахстане не имеет еще земли – о русском и казахском населении, которое еще не землеустроено, не имеет устойчивого землепользования»* [1; 181].

Н. Нұрмақовтың сөйлеген сөзінен жұмыстың ісін жақсы білетін тұлға ретінде есеппен және байыппен айтқан тәсілдерін атап өтпеу мүмкін емес. Өнеркәсіпте Н. Нұрмақов Қазақстанда ең көп дамыған салаларды, атап айтқанда, тері-былғары, тұз, балық және ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдейтін шағын кәсіпорындарды атап өтті.

Тұтынушылар кооперациясының жағдайын талдау баяндамашыға, біріншіден, Қазақстанда 1917 ж. төңкерістен кейін ғана мүмкін болды, екіншіден, республиканың әр түрлі аймақтарында кооперация біркелкі дамымады деген тұжырым жасауға мүмкіндік берді:

«Потребительская кооперация Казахстана в настоящее время объединяет по северному Казахстану в среднем до 30% всех хозяйств; по южной части Казахстана – около 13%» [1; 140].

Өнеркәсіптің даму болашағы туралы айта отырып, Н. Нұрмақов Орталықтың (Мәскеудің – авт.) Қазақстанға қатысты саясатын сынға алды:

«До сих пор вложения в нашу местную промышленность «росли». Я говорю это в кавычках, потому что в 1925-26 г. вложения в местную промышленность Казахстана составляли 750 тыс. руб., в 1926-27 г. – 1 млн.руб., в 1927-28 г. – 550 тыс.руб. и на 1928-29 г. ВСНХ РСФСР намечает 350 тыс.руб.»

Конечно, такие размеры вложений по государственному бюджету в местную промышленность не обеспечат не только развития нового строительства местной промышленности, но даже поддержки тех полукустарных, полуразрушенных предприятий местной промышленности, которая у нас имеется.

Я думаю, что такое мизерное ежегодное вложение в казахстанскую местную промышленность указывает на неправильное отношение к развитию местной промышленности в Казахстане со стороны соответствующих центральных органов» [1; 161].

Осы ойды Н. Нұрмақов Қазақстанды құрудың қиындықтары туралы айтқан кезде де жалғастырды: *«систематическое уменьшение в бюджете Казахской республики участия государственного бюджета РСФСР в виде дотации... имея небольшие материальные средства и недостаточную помощь из бюджета РСФСР, Казахстан не может в достаточной мере удовлетворить все свои потребности и уделять для всех отраслей нашего культурного и хозяйственного строительства одинаковое и достаточное внимание».*

«Когда в высших союзных органах обсуждается вопрос относительно мероприятий по животноводству, то и в этом вопросе, несмотря на внушительные цифры сырьевых и других богатств, которыми обладает Казахстан – мероприятия, направляются не в Казахстан, а в другие республики, которые в этом отношении наименее характерны.

Такое отношение нам совершенно непонятно...» [1; 174, 175, 176].

Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 13-ші шақырылған 3-сессиясындағы Н. Нұрмақовтың сөйлеген сөзінің жоғарыда келтірілген үзінділерін талдау, Орталықтың Қазақстанға қатысты саясатының сол кезде-ақ айқын анықталғанын көрсетеді, яғни Мәскеу Қазақстанды тек шикізат көзі ретінде ғана қабылдаған. Еліміздің саяси өміріне қатысқан қазақ зиялыларының Орталықтың саясатына қандай-да бір түрде ықпал ету, оны Қазақстанның пайдасына өзгерту әрекеттері сәттілікпен аяқталмады, сонымен қатар олар, әдетте, болашақта осы зиялы қауымға қарсы жазалау шараларын жүзеге асырудың маңызды себебі ретінде қызмет етті. Осы жерде Қазақстанның шикізат көзіне айналуына үзілді-кесілді қарсы болған С. Сәдуақасовты еске түсірсе де жеткілікті. Бұл жағдайда Н. Нұрмақов өз көзқарастары мен ұстанымдары бойынша берік большевик, жана үкіметтің жақтаушысы болғанымен және жаңа үкіметтің саясатын шынайы жүргізгенімен, өзінің туған елін, халқын ойынан шығарған жоқ.

Алаш зиялыларының өкілдері де, жаңа большевиктер режимі жағдайында өскен интеллигенцияның жаңа буын өкілдері де бір жақта да болды.

Авторлардың Н. Нұрмақовты Алаш зиялыларының қатарына қосуға болмайды деген тұжырымымын оның баяндамасының байларға, Алашорда интеллигенциясына, кулактар мен атамандарға арналған бөлімдерінің бірін талдауы да дәлелдейді, мұнда ол өзін Алашорда интеллигенциясынан мүлдем алшақ тұрады:

«...будто бы до проведения мероприятий, которые у нас сейчас называются «конфискация и выселение феодалов и баев», в Казахстане ни одного светлого пятна не было, что будто бы в Казахстане исключительно управляли баи и их прихвостни, что всю политику направляла алаш-ордынская националистическая интеллигенция.

...если действительно...езде и всюду все нити держало в руках байство, - то каким же чудом нам удастся сейчас с большим успехом проводить конфискацию?...

Действительно, байство было сильно, действительно, алаш-ордынцы были сильны, но за 8 лет беднота настолько поднялась, настолько выросла, что опираясь на активность этой бедноты, мы твердо проводим классовую политику в ауле, революцию в ауле...» [1; 170-171].

Алаш зиялыларын ұлтшыл етіп көрсетіп, олар туралы байлармен және кулактармен одақтасқандығын айта отырып, Н. Нұрмақов Алаш зиялыларына деген көзқарасын көрсетті, бұл біздің ойымызша, ол шынайы, өйткені ол большевик, бірақ Н. Нұрмақовтың нақты тұлғасының маңыздылығына ешқандай кері әсер етпейді және оның Қазақстан тарихындағы рөлін төмендетпейді.

Әртүрлі саяси көзқарастарды ұстана отырып, сол немесе басқа саяси лагерьде болуға болады. Дегенмен, бұл жағдайда белгілі бір адамның өз елі үшін, халқы үшін не істегені маңызды.

Оның тек бір сөйлеген сөзіне - Бүкілресейлік Орталық Атырау Комитетінің 13-ші шақырылған III сессиясындағы баяндамасына жасалған талдау бізге Н. Нұрмақовтың өз халқының өмірін жақсарту үшін шынайы және ашық сөйлегенін, кемшіліктер мен проблемалар туралы тікелей айтқанын, орталықты сынаудан қорықпады деп айтуға құқық береді, ол өз республикасының қажеттіліктері мен мәселелеріне немқұрайлы қарағаны үшін кейде билікке қарсы шығып отырған.

Өзінің баяндамасының соңында ол бюрократияға және орталық органдар қызметкерлерінің республикалардың қажеттіліктеріне жол берілмейтін тұстарына былайша назар аударды:

«Нужно признать, что в аппаратах наших центральных органов много еще старого барахла, которому чужды интересы отсталых национальных республик...Я думаю, что такому бюрократизму, такому пренебрежительному отношению к живым нуждам нужно положить предел...Нам, практическим работникам национальных республик, весьма

больно встречать в аппаратах наших центральных органов такое отношение к нашим нуждам, которое совершенно несовместимо с принципами, с программой советской власти и коммунистической партии» [1; 185].

Осы топқа Н. Нұрмақовтың өзінің тағы бірнеше баяндамалары мен мақалаларын жатқызуға болады. Олар:

- V кеңесте сайланған атқару комитеті мүшелерінің 2-ші толық мәжілісінде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақұлының баяндамасы;

- Партияға жаңадан кірген хәм кіруге ойы бар жұмыскерлердің есінде болсын;

- Ауылдық кеңес құрылысы және алдағы сайлауға даярлық;

- Қазақстан халық кеңестері комиссарлары кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақұлының тілегі;

- День Конституции;

- К социализму, минуя капитализм

- Задача автономных республик и областей РСФСР в посевной кампании 1932 года;

- Не ослаблять борьбы на два фронта в национальном вопросе;

- Больше внимания укреплению кадров сельских советов;

- Больше внимания смотру (Выступление зам. секретаря ВЦИК и председателя всероссийского жюри т. Нурмакова 21/X на радиосовещании по вопросам проведения Всероссийского смотра финансовых секций советов);

- Пригородные хозяйства – одно из важнейших звеньев работы городских советов;

- Успехи советского национального строительства в РСФСР к 16-й годовщине Октября т.б.

«V кеңесте сайланған атқару комитеті мүшелерінің 2-ші толық мәжілісінде халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақұлының баяндамасы» атты деректе астананың Орынбордан Ақмешітке (Қызылордаға) көшу туралы және Қазақстан үкіметінің Қызылорданы орталыққа бейімдеу тақырыпты істегелі отырған жұмыстары туралы айтылады:

«Орталықты көшіру әңгімесі 1922 жылдан басталды. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің 1922 жылғы шығарған тиісті қауылысы да бар. Қаулыда орталық астана Ақмешітке (қазір Қызылорда аталып отыр) көшсін делінгенмен, Ақмешіт қаласының басқа республикасының қарамағында болушылығынан және Ақмешіттен басқа Қазақстанда лайық қала болмағандықтан, бұл мәселе сол күйімен ашық қалған.

1925 жылдың басында бұрынғы Түркістан республикасының екі қазақ губерниялары бізге қосылып, Қарақалпақ автономиялық облысының Қазақстан өкіметіне кірушілігімен астана кеңесіқайтадан қозғалды».

Н. Нұрмақов Ақмешітті Қазақстанның жаңа астанасы етіп не үшін таңдағанын түсіндіреді:

«...Ақмешіт үлкен от арба жолының үстінде болып, біздің Сырдария, Жетісу, Ақтөбе сықылды губернияларымызбен, облыстарымызбен қатынасуға мысал жеңілдік тұғызғандығынан, екінші, Ақмешіт қаласының өзі де, уезде шылғи қазақтікі болып, қазақ халқының көп болушылығынан астана болды», деп айтады [1; 188-189].

Әрі қарай Н. Нұрмақов астананың Орынбордан Ақмешітке көшуіне байланысты болған экономикалық, әлеуметтік, мәдени сипаттағы проблемалар мен қиындықтарды жан-жақты қарастырады. Барлық қиындықтарға қарамастан, үкімет аз уақыт ішінде мемлекеттік мекемелер мен кейбір оқу орындарын жаңа астанаға ауыстыра алды.

Н. Нұрмақов ең алдымен Ақмешітті нағыз астанаға айналдыру үшін не істеу керектігін тізіп, бірінші кезектегі міндет ретінде Мәскеумен телеграф, пошта және радио арқылы байланыс орнатып, өз жұмысын толықтай жүргізе алатын әкімшілік ғимараттар салуды атап өтті. Көлік байланысының маңыздылығын ерекше атап көрсетеді:

«Біз Пішпек, Алматы, Семей темір жолын тез салдырып болудың қамына кірістік...күншығыс гукберниялармен, Теке қаласымен автомобиль қатынасын жөндеуге кірістік... Келесі жаз Алматы мен Семей арасында автомобиль қатынасы орнамақ...» [1; 193-194].

Н. Нұрмақовтың осы сөзін талдау кез келген мәселеге ол мемлекеттік көзқарас тұрғысынан қарайтындығын тағы бір рет назар аударуға мүмкіндік береді.

Н. Нұрмақовтың бірқатар мақалаларына жасалған талдау, оның ел дамуының барлық өткір мәселелеріне жан-тәнімен қарағанын көрсетеді. Мемлекеттік жоғары лауазымды қызметке ие бола отырып, ол экономика, саясат, ұлттық қатынастар және мәдениет салаларының өзекті мәселелерін ұмыт қалдырмай, жіті бақылап отырды. Осы материалдарды оқу барысында көз алдына Кеңес үкіметі мен большевиктердің саясатына сөзсіз сенетін Кеңес үкіметінің идеяларына берілген коммунистің бейнесі келеді. Бұған дәлел ретінде біз 1930 жж. «Власть Советов» журналының беттерінде жарияланған бірқатар мақалаларға шолуды ұсынамыз.

«Не ослаблять борьбы на два фронта в национальном вопросе» деген мақаласында Н. Нұрмақов жас республиканың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өміріндегі бірінші бесжылдық жылдарындағы Кеңес өкіметінің жетістіктерін талдай отырып, жан-жақты тоқталды. Осыған сүйене отырып, ол мынадай қорытынды жасайды: *«эти победы и колоссальный разворот социалистического строительства дают...возможность во второй пятилетке поднять практическое разрешение национального вопроса в Союзе ССР на новую более высокую ступень»* [12; 1]. Әрі қарай автор былай деп жазады: *«Задача настоящей статьи заострить внимание партийных организаций и советской общественности на еще большем усилении борьбы с уклонами и извращениями ленинской национальной политики в области работы советов»* » [12; 2].

Елдегі ұлы орыс шовинизмі мен жергілікті ұлтшылдықтың көріністерінің көптеген мысалдарын келтіреді, атап айтқанда: «отказ выполнять директиву партии о максимальном вовлечении местных национальностей в производство,...грубое издевательство шовинистов над национальными рабочими...» бұл бір жағынан және «...сопротивление латинизации алфавита со стороны арабистов, стремление байских, манапских и т.п. элементов подменить коренизацию проведением в госаппарат своих родственников и ставленников, защита «общенациональных» интересов против социалистической реконструкции сельского хозяйства национальных окраин и др.», екінші жағынан, Н. Нұрмақов атап көрсетеді: «Сопротивление отживающих классов в виде проявлений шовинизма и национализма и уклонов к ним будет окончательно ликвидировано только вместе с ликвидацией классов и только путем решительной классовой борьбы, в частности, - с носителями великорусского шовинизма и местного национализма» [12; 3].

Басқа мәселеге арналған, ауылдық кеңестердің жағдайы туралы «Больше внимания укреплению кадров сельских советов» деген мақаласында, Н. Нұрмақов ауылдық кеңестерге қатысты партияның саясатына талдау жасай отырып, былай дейді: «...советы в основном сумели вовлечь в свою работу новый массивный актив ударников рабочих и колхозников, чем обеспечили успешное выполнение заданий партии и правительства и действительное повышение своей роли, как проводников генеральной линии партии» (көріп отырғанымыздай, мақаланың жазылу стилі сол заманның рухани ерекшелігінде сай келеді – авт.) [13; 2]. Бұдан әрі Н. Нұрмақов осы жұмыс саласындағы мәселелерге, атап айтқанда кеңестердегі кадрлардың көп ауысуына назар аударады және мынадай қорытынды жасайды: «...причины большой текучести состава советов и в особенности их руководящих кадров кроются...в методах руководства сельсоветами со стороны райисполкомов и других вышестоящих органов.

В тех районах, где часто сменяются работники сельсоветов, - в методах руководства сельсоветами нередко преобладает голое администрирование; живой инструктаж, конкретное руководство, систематическая помощь сельсоветам и их работе часто подменяется грубым командованием и необоснованными репрессиями» [13; 3].

Н. Нұрмақовтың шешуі керек кез-келген мәселеге деген мемлекеттік көзқарасы «Пригородные хозяйства – одно из важнейших звеньев работы городских советов» атты мақаласында айқын көрінеді. Онда қала маңындағы шаруашылықтардың жағдайы, ол жердегі жұмысшылардың материалдық, мәдени және тұрмыстық жағдайларын жақсартудағы олардың рөлі жан-жақты қарастырылады. Мақала авторы қала маңындағы шаруашылықтарды дамытудағы қала кеңестерінің шешуші рөлін атап өтеді. Елдің шеңберіндегі бұл мәселенің жағдайына шолу жасау Н. Нұрмақовты мынадай қорытындыға әкеледі: «Одним из существеннейших недочетов работы горсоветов является отсутствие планомерности в организации и руководстве

пригородными хозяйствами. На местах нередко пригородными хозяйствами начинают заниматься лишь ко времени той или иной кампании и лишь после напоминания из центра... Вторым существеннейшим недостатком является неповоротливость и нераспорядительность руководства пригородных хозяйств, а также его беспомощность в деле мобилизации внутренних ресурсов... Неблагополучным местом в развитии пригородных хозяйств являются также их кадры – как руководящих работников, так и агротехнических и рабочих. Здесь дело не в недостатке этих кадров, а в их засоренности, в проникновении в пригородные хозяйства чуждых и вредительских элементов, несущих с собой халатность, разгильдяйство и расхищение фондов и т.п.» [14; 2]

Н. Нұрмақов мақаланы сынадай сөздермен аяқтайды: «*Решительно ликвидировав пренебрежительное отношение к пригородным хозяйствам и «кампанейщину» в них, добьемся полного выполнения пригородными хозяйствами заданий партии и правительства, добьемся полного осуществления пригородными хозяйствами их ответственной роли в улучшении рабочего снабжения*» [14; 3].

Н. Нұрмақовтың бірнеше мақалалары кеңестік республика өміріндегі маңызды даталарға арналған. Солардың ішіндегі «*Успехи советского национального строительства в РСФСР к 16-й годовщине Октября*» деген мақаласында, автор Кеңес мемлекетінің, оның ішінде Қазақстанның 16 жыл ішіндегі жетістіктерінің жан-жақты бейнесін ашып көрсетеді: «*В период первой пятилетки во всех нацрайонах – этих бывших царских колониях – советская власть развернула строительство крупнейших предприятий социалистической индустрии... В Казахстане создается третья всесоюзная угольная база (Караганда), строятся гиганты цветной металлургии (Балхашстрой, Казполметалл, Цинкстрой), выстроен Турксиб и значительно расширяются Эмбинские нефтяные промыслы*» [15; 13]

Н. Нұрмақов жергіліктендіру саясатын жүзеге асырудағы жетістіктерді атай отырып, былай деп жазады: «*Советы в национальной деревне полностью состоят из представителей соответствующих национальностей и в большинстве случаев ведут работу на их родных языках. Сотни и тысячи национальных работников вовлечены в районный, областной и республиканский управленческий аппарат. Во всех национальных республиках и областях основные директивы и распоряжения правительства издаются на местных языках. Все больше внедряется в повседневную работу районного и центрального управленческого аппарата национальных республик и областей ведение делопроизводства на местных языках*» [15; 15]

Өкінішке орай, жоғарыда аталған мақалаларда талқыланған кеңестік құрылыстың өршіл міндеттерін жүзеге асырып жатқан елдегі саяси элитаның, оның ішінде Қазақстан өкілдерінің көпшілігі, осы мақалалардың авторы сияқты, көп ұзамай, 3-4 жылдан кейін «халық жаулары» деп танылып, қуғын-сүргінге ұшырады.

Күн тәртібіндегі нақты тапсырманы жан-жақты талдау, республиканың алдында тұрған мәселелерді түсінікті, сенімді түрде түсіндіру және мәселелерді тез шешуді талап ету, әр сөз үшін жауапкершілік - оны саяси және мемлекет қайраткері ретінде қалыптастырған осы қасиеттер - мұның бәрін оның сөйлеген сөздерінен, оның ішінде және нақты жағдайда қарастырдық.

Н. Нұрмақовтың тағы бір мақаласын талдап көрейік. Оның «Партияға жаңадан кірген хәм кіруге ойы бар жұмыскерлердің есінде болсын» деген мақаласы партиялық тәртіп пен партиялық жауапкершіліктің негізгі ережелерін түсіндіруге арналған. Бұл мақала Н. Нұрмақовтың өзінің мақсаттары мен міндеттеріне шын жүректен сенетін нағыз коммунист болғанының тағы бір дәлелі. Ол былай деп жазады:

«Сондықтан партияға ел неге кіреді деп босқа алды артқа қарамай, көзді жұмып, қойып кетпей, толғанып, ойланып партияның артқан ауыр жүгін мойныңменен көтеріп болып, жалпы еңбекшіл табының еркіндігі, теңдігі үшін қызмет етуге белінді мықтап байлап барып коммунистер партиясына кіру керек»[1; 201].

Конституцияның 5 жылдығына арналған «Конституция күні» баяндамасында жас Кеңес республикасының негізгі оқиғаларына шолу, конституцияның Кеңес өкіметінің негізгі жетістіктері бекітілген құжат ретіндегі маңызы туралы айтады:

«Во всем мире одна только наша страна может записать в проекте своей Конституции основные права граждан – права на труд, отдых, образование, обеспечение старости – и точно указать, чем обеспечивается осуществление этих прав. Только в результате Великой пролетарской революции и победы социализма эти права стали для граждан нашей страны реальной действительностью, также, как и равноправие граждан независимо от национальности и расы»[1; 214-215].

Көріп отырғанымыздай, Н. Нұрмақов Кеңес өкіметіне шын жүректен сенді, оған адал қызмет етті, өз халқының өмірін жақсартуға және бай етуге тырысты. Алайда, ол сияқты адамдар бұл үкіметке қажет емес еді, сондықтан оған жала жабышып, қорланып, қуғын-сүргінге ұшырады. Бұған дәлел ретінде деректердің жеке тобын құрайтын көптеген іс қағаздары бар.

Н. Нұрмақовтың өмірі мен шығармашылығына қатысты ең көп деректер тобы - іс қағаздары.

Іс құжаттары дегеніміз жазба тарихи деректердің түрі, олардың функциясы – әр түрлі басқару жүйелерге құжаттық қызмет көрсету, мысалы, мемлекеттік органдарда іс қағаздарын жүргізу, сонымен бірге акционерлік және жеке компаниялардың іс қағаздарын жүргізу т.б. Яғни, тарихи дерек ретінде мемлекеттік аппараттың жүйесін іс құжаттармен қамтамасыз етеді. Іс құжаттардың өзі бірнеше топқа бөлінеді:

- ұйымдастыру құжаттамасы;
- өкімдік құжаттамалар, бұған шешімдер, қарарлар, бұйрықтар, нұсқаулар, циркулярлар, өкімдер, тапсырмалар және басқалары жатады ;

- ұйымдастыру-өкімдік құжаттамалардың ерекше түрін съездердің, жиналыстардың, алқалардың, конференциялардың т.б. хаттамалары мен стенограммалары құрайды;

- кәсіпорындар мен мекемелердің ағымдағы хат алмасуы (хаттар, телеграммалар, радиogramмалар, телефонограммалар және басқалары);

- жоспарлы құжаттама;

- есеп құжаттама;

- бақылау құжаттамасы;

- есептер.

Аталған құжаттардың әртүрлілігі мемлекеттік аппарат жұмысының күрделілігімен түсіндіріледі.

Сонымен бірге, іс құжаттарды мекемелердің хат алмасулары, ішкі құжаттар, сұраныс құжаттарға да бөлуге болады.

Іс қағаздарының ішінде топтарға, кіші топтарға бөлу жүйесі бар. Сонымен, съездердің, конференциялардың, пленумдардың стенограммаларын кеңсе құжаттамасының хаттамалық бөліміне жатқызуға болады. Есеп беру құжаттары іс жүргізу кешенінде маңызды орын алады.

Іс қағаздарының ең маңызды тобы - *хат алмасу*. Әдетте, бұл құжаттар екі данада жасалады: түпнұсқасы адресатқа жіберіледі, осы құжаттың көшірмесі жіберуші мекеменің ісінде қалады. Екі құжатта, әдетте, хат авторының немесе кеңсе қызметкерінің қолы, күні, шығыс (жіберілетін) немесе кіріс (қабылданатын) нөмірі болады, хаттарға мүдделі лауазым иелері белгі соғады. Осы құжаттарды пайдалану кезінде міндетті түрде көрсетілген мәліметтерге назар аудару керек.

Сол себепті іс құжаттарды басқа деректерге қарағанда кешенді түрде зерттеген жөн. Сонымен бірге деректермен жұмыс істеу барысында біз пәнаралық байланыстарды қолдандық. Мұндай тәсіл, әсіресе мемлекеттік мекемелердің тарихы, іс жүргізу, архив, заң саласының органдары арасындағы байланыстарды зерттеуге көмек берді.

Н. Нұрмақовтың Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы елдің саяси өміріне қатысқандығын куәландыратын бірқатар ісқағаз құжаттары бар. Олар арқылы Н. Нұрмақовтың өз заманындағы мемлекет және саяси қайраткер ретінде қалыптаса бастағанын көруге болады.

Ол туралы «1921 жылғы наурыз бен 1923 ж. 11-наурыз аралығындағы Киробкомға қатысушылардың қызметі туралы баяндамадан» қызықты мәліметтерді кездестіреміз: «*Со времени 2-ой партийной конференции до августа месяца учетная работа Киробкома носила случайный характер и аппарата п/о как такового не существовало. Не могло быть и речи о планомерном выполнении тех или иных заданий ЦК... Заведующим этим п/о числился т. Нурмаков (член Обкома), но фактически к этой работе он никакого отношения не имел и даже не находился в Оренбурге...*» [16; 36-37].

Біз Н. Нұрмақовты еске түсіретін мына құжаттан «*Протокол совещания при агитпропотделе Киробкома РКП(б)*» көре аламыз. Мұнда былай деп жазылған: «*...о способе и характере ведения антирелигиозной пропаганды*

среди мусульман Киргизии». Шығып сөйлегендердің арасында Н.Нұрмақовтың есімін кездестіруге болады: «Тов. Нурмаков: эволюционно по форме, революционно по содержанию нужно вести антирелигиозную пропаганду». Енді осы хаттаманың мына тұсына назар аударайық: «Постановили: предложитъ губкомам антирелигиозную пропаганду вести эволюционно по форме, революционно по содержанию... (астын сызған біз – авт.)» [17].

1923 жылы Н.Нұрмақов маңызды және жауапты қызметте болды. Әділет халық комиссариатының төрағасы болуы. Осы саладағы сондай маңызды қызметінің бірі барлық сот мекемелерінде іс қағаздарды қазақ тілінде жүргізу туралы 1923 ж. 11-шілдесінде Н. Нұрмақов қол қойған № 44 «Циркуляр Народного комиссариата юстиции КАССР по отделу судоустройства» деген құжат соның дәлелі:

«Всем Народным Судам и Нарследователям киргизских (казахских) участков.

В связи с введением киргизского (казахского) языка в судебно-следственных органах все делопроизводство в судебно-следственных органах, обслуживающих киргизское (казахское) население, должно обязательно вестись на киргизском (казахском) языке. На киргизском (казахском) языке должны писаться все документы: протоколы, приговоры и всякого рода постановления...».

Назар аударатын болсақ *«...отсутствие у судебных работников практики по изготовлению на киргизском языке всякого рода актов по судебным делам...»*, деп жазылған. Циркулярда оның қажеттілігін былайша түсіндіреді *«...периодически печатать и объяснять формы приговоров, решений, протоколов, постановлений, которыми Судьи и Следователи киргизских участков должны руководствоваться в своей деятельности...»*

*Врид Наркомюст НУРМАКОВ
Зав. отделом Судоустройства
и надзора КАДЫРБАЕВ» [18].*

Осы кезде РКП (б) -ның губерниялық комитеттеріне хат жіберілді, онда кеңестік мемлекеттік аппаратты қазақ халқының қажеттіліктеріне қарай жақындату туралы да айтылды:

*«Губернским комитетам РКП(б)
Копия: Губсудам и губпрокурорам*

Уважаемые товарищи!

Сближение Советского аппарата с широкими массами обслуж. трудящегося населения путем укомплектования его из местных людей, знакомых с языком населения и психологией населения, и ведение всей работы на понятном для массы языке является одной из первоочередных задач партийных и советских органов, не раз отмеченных на наших партийных и Советских съездах и конференциях...

Задавшись целью во что бы ни стало практически осуществить по своему ведомству волю II Партийного съезда и последнего совещания

областного Комитета с Секретарями Губком. РКП(б) Народ. Ком. юстиции в моем лице обращается к Вам с товарищеской просьбой оказать возможное содействие местным органам Суда и Прокуратуры в укомплектовании их аппарата работниками киргизами, преимущественно коммунистами, а также честными и безусловно преданными Советской власти элементами из беспартийной интеллигенции...

С коммунистическим приветом

НКЮ и Прокурор Республики НУРМАКОВ

Г. Оренбург, 1923 год» [19]

Барлық сот мекемелерінің іс қағаздарын қазақ тіліне аудару жергілікті ұлт саясатын жүзеге асыру шеңберінде іске асырылды. Н. Нұрмақов бұл саясаттың Қазақстан үшін маңыздылығын айқын түсінді және ол басшылық қызметтерде болған кезде бұл мәселе үнемі оның назарында болды. 1927 жылғы 11 мамырдағы № 36 құжат ағымдағы жағдайға мынадай баға береді: «...НК РКП обязал всех руководителей сообщать изменения на каждое 5-ое число в отношении казахов и знающих каз. язык а также просил сообщать об увольнении и указывать причины увольнения, для того, чтобы РКП на этих данных могло судить насколько коренизировано к этому времени учреждение и как идет коренизация. Руководитель же вместо того, как указано в настоящем письме, чтобы пойти навстречу и сообщить просимые сведения, т.е. конкретно отвечать на поставленные РКП вопросы, - они заваливают совершенно ненужными сведениями, как это имело место в Казсельхозкредите, Промбанке и Упсыргазе, которые делают посылку списков на всех служащих ежемесячно и тем самым нагружая, как указано выше, ненужным материалом.

Поэтому Совет Народных Комиссаров...с своей стороны предлагает всякие даваемые директивы НК РКП принимать к точному неуклонному исполнению».

Құжатқа қол қойғандар:

«И.д. Предсовнаркома Нурмаков

Управделами Мусин.

С подлинным верно:

секретарь секретной части Демидов.

г. Кзыл-Орда» [20].

1920-жж. аяғында Н. Нұрмақовтың бақылауында болған маңызды мәселелердің бірі - ұжымдастыру саясатының шеңберінде байларды тәркілеу болды.

Архив қорларында Н. Нұрмақовтың тәркілеу саясатын жүзеге асыруға қатысқандығы туралы құжаттар сақталған. Оларды талдаудың барысында, бізге Н. Нұрмақовтың бұл саясатты жүзеге асыру кезінде қазақ кедейлерінің мүдделерін қорғауға тырысқандығы, осы мәселені ақылға салып шешудің жолдарын көрсетіп отырды деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Оның аудандық атқару комитетіне жолдаған жеделхаты дәлелдейді:

«Всем Окрисполкомам

С мест поступают сведения наблюдающейся массовой продажи скота населением за безценок связи с неясностью вопроса конфискации. Предлагается: ...широко разъяснить населению что сверх списка никакие хозяйства подвергаться конфискации не будут наоборот бедняцким трудовым середняцким хозяйствам государство оказывало и будет оказывать всемерную помощь, третье, всех действиях связанных конфискацией выселением строго указанием центра не допускать никакого произвола.

*КСНК Подписал Пред. Совнарком Нурмаков
20-сентября 1928 года г. Кызыл-Орда» [21].*

Әртүрлі деңгейдегі басқару органдарына тұрғындардан көптеген шағымдар түсіп отырғандықтан, Н. Нұрмақов үнемі осы саясатты жүргізуге жауапты басшылардың назарын асыра айтпауға, өте әділ және мұқият болуға аударды. Ол шағымдармен жұмыс жасау керектігі және оларды қараусыз қалдырмау туралы айтқан. Соның бірі 1928 ж. 27-қыркүйекте Қызылордадан Мәскеуге Киселевке жолдаған жеделхатында былай деп жазған:

*«Москва ВЦИК Киселеву
КЦИК по конфискации считает нецелесообразным разбор жалоб баев на неправильное применение к ним декретов КЦИК по конфискации непосредственно ВЦИК-ом необходимо все поступающие жалобы протесты передавать рассмотреть разрешение президиуму КЦИК последующим докладом итогах конфискации ВЦИК-у» [22] (құжатта деректің тілі мен стилі сақталды - авт.).*

Құжатқа Нұрмақов пен крайком Исаев қол қойған.

Төмендегі құжат тағы бір дәлелді көрсетеді:

«Чимкент Окрику

Поступают жалобы искусственном объединении отдельных хозяйств тчк предлагаем выяснить наличие таких явлений меры исправлению ошибок тчк результаты телеграфьте

*Подписал: Председатель СНК Нурмаков
30/IX-1928. г. Кызылорда»*

Сол кездегі қазақ қоғамының экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірінің іс жүзінде барлық салалары Н. Нұрмақовтың назарынан тыс қалған жоқ деп айтуға болады. Ол туындайтын барлық мәселелерді, ең алдымен, өз халқына барынша пайда келтіретін қылып шешуге тырысты.

Н. Нұрмақов ҚАССР Конституциясын жасауға қатысты, оны 1923 ж. 25-қазанда жасалған мына құжат дәлелдейді: *«Выписка из протокола № 39 заседания Большого Президиума Киргизского (Казахского) Центрального Исполнительного Комитета» от 25 октября 1923 года:*

«...Постановили:...

2. Предложенную на утверждение предстоящего съезда Конституцию КАССР – предварительно рассмотреть в комиссии в составе тт. Нурмакова(астын сызған біз – авт.), Журековского и Лобанова» [23].

Н. Нұрмақовтың назарынан Қазақстанның мәдени өмірі де тыс қалмады. Оған жарқын дәлел - оның А. Затаевичпен сөйлесуі, оның көмегімен қазақ халқының музыкалық мәдениетінің бірегей үлгілері жинақталып, нотаға түсіріліп, басылып шықты. Ол туралы А. Затаевичтің Н. Нұрмақовқа жазған хаты сақталған:

*«Қазақ ССР Халық Комиссарлар
Кеңесінің төрағасы,
жолдас Н. НҰРМАҚОВҚА
Қазақ ССР Халық артисі
Александр ЗАТАЕВИЧТЕН*

Баяндама

Сонау 1920 жылдың қараша айынан Қазақстан Халық Ағарту Комиссариатының атынан мамандық бойынша (қазақ халқының ән-күйлерін жинап, қағазға түсіруге) жұмысқа жіберілген едім және бұл салада бүгінге дейін жұмыс істеп жүріп, осы жылдың наурызында «Қазақ халқының 1000 әні» атты үлкен том – 460 беттік, оның 320 беті ешкім жазбаған, ешбір жерде жарияланбаған әндерді жарыққа шығарып үлгердім.

Бұл кітапқа пікір жазу әлі аяқталған жоқ, соның өзінде кеңес басылымдарында жоғары баға алып үлгерді...

Сіз қадірлі жолдас, көзі ашық адамсыз...тамыз айында (мүмкін ертерек) мен сіздің Орынборға жиналатын жыршылар мен күйшілердің ән-күйлерін нотаға (қағазға) түсіру жайындағы тамаша ойыңызды қуанышпен орындаймын!..

*Құрметпен ҚССР Халық артисі
А. Затаевич
Мәскеу қаласы, 13 мамыр, 1925 ж.»*

[24]

1929-1931 жж. Н. Нұрмақов БКП (б) Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм курстарына қатысты, оған архивтік анықтама дәлел: «По данным учетно-партийных документов Нурмаков Нигмет Нурмакович, 1895 г. рождения, член КПСС с марта 1920 г. в 1929-1931 гг. Был слушателем Курсов марксизма-ленинизма при ЦК ВКП(б)» [25].

XX ғ. 20-жылдарының екінші жартысы - XX ғ. 30-шы жылдарының басында Н. Нұрмақовтың өмірбаянындағы саясаткер және мемлекет қайраткері ретіндегі ең белсенді кезең деуге болады. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы ретінде, ол жаңа қазақ алфавитін жасауға қатысты. Оны айғақтайтын мынадай құжаттар бар:

*«Отчетный доклад Центрального Комитета
Нового Казахского алфавита за время
с 1 июля по 1 октября 1927 г.*

ЦК Нового Казахского Алфавита был организован по постановлению СНК от 19-ХІ- 27 г.

Тем же постановлением ЦК был утвержден в следующем составе:

1) Председатель — Нурмаков Нигмет (Председатель СНК Каз. АССР)(астын сызған біз – авт.)

Члены:

2) Токтабаев Карим (Нарком Просвещения КССР).

3) Жандосов Ораз (Зав. АПО Крайкома ВКП(б)).

4) Байдильдин Абдырахман (Пред. ЦН Рабпрос).

5) Ермеков Алимхан (член ЦИК а КССР и преподаватель Каз.Педвуза).

6) Тогжанов Аббас (Ответ. Редактор газ. «Енбекши казак»).

7) Шонанов Тельжан (научный сотрудник НКП КССР).

Кандидаты:

1) Орманбаев (редактор комсомольского журнала «Лениншіл жас»).

2) Малдыбаев Билял (педагог)

Зам. председателя Жандосов
Шонанов» [26; 77].
Ответ. Секретарь

*«Выписка из стенографического отчета
заседания Президиума Всесоюзного Комитета нового тюркского
алфавита*

(Доклад тов. Токжигитова)

[...] в начале 1927 года был сконструирован правительственный комитет теперешний ЦК Нового Казахского Алфавита, в состав которого вошли руководящие работники Казахского края, во главе с Пред. СНК Казахстана т. Нурмаковым [26; 83].

Н. Нурмаков туралы күнды мәліметтерден тұратын қызықты іс қағаздарының бірі - оның өмірбаяны. Сондықтан біз оны толық түрінде беруді дұрыс деп санаймыз. Өйткені өмірбаянды оқу барысында оқырман Семей облысының Қарқаралы ауданындағы болған түрлі оқиғалар барысында Н. Нурмаков қатысқан саяси өмірден мәлімет алады, оның саясаткер ретінде қалыптасуын, ізденістерін және большевиктер лагеріне келуін түсіне алады.

«АВТОБИОГРАФИЯ Н. НУРМАКОВА

Я - сын бедняка киргиза Каркаралинского уезда Семипалатинской губернии, отец мой до последнего времени (1920) жил и работал у разных богачей. В 1905-1908 гг. в нашем ауле находилась аульная школа, куда я и поступил в 9 лет. Пробыв в аульной школе три года, я благодаря поддержке моего учителя, поступил в 2-х классное русско-киргизское училище, находившееся в г. Каркаралинске, где мне удалось устроиться в интернате.

В 1911 году я вместе с другими товарищами поехал в город Омск, где выдержал экзамен и поступил в учительскую семинарию на стипендию. После четырехлетнего пребывания в семинарии, я окончил курс в таковой и,

не имея возможности продолжать дальнейшее образование, возвратился к себе на родину в Каркаралинский уезд. Здесь меня назначили учителем в то самое 2-х классное училище, где когда-то я обучался сам.

2. Каркаралинск, куда я попал со школьной скамьи, представляет из себя затерявшуюся в глухой степи, оторванную от остального мира, деревушку, где 95% населения составляют киргизы, отданные в полное распоряжение царских чиновников, занимавшихся здесь исключительно только пьянством, картежной игрой, интригами, раздуванием киргизской родовой вражды и обдирательством киргиз. Вся общественно-политическая жизнь Каркаралинского общества в этом и заключалась.

С первых же месяцев своей службы я старался держаться подальше от такого общества и почти до самой Февральской революции вел совершенно изолированную жизнь.

Февральская революция застала каркаралинское общество совсем неподготовленным: здесь люди, в том числе и эсерствующая интеллигенция (об этом стало известно впоследствии) долго недоумевали, «верить или не верить революции...».

Для каркаралинцев свержение Николая казалось чем-то сверхъестественным и невозможным. Но недели через две, когда уже со всех сторон начали получать вполне ясные и точные сведения, начали шевелиться и каркаралинцы.

Разгорелась борьба за власть. Существующая до сих пор в Каркаралинском уезде киргизская родовая вражда разрослась до того, что весь уезд разделился на два враждующих лагеря.

Исполнительный комитет почти каждую неделю переизбирался, он состоял из представителей одной группы, то из представителей другой. Фактически власти в Каркаралинском уезде за время существования Временного правительства не было никакой: царила полная анархия. В одно время в течение двух-трех месяцев я состоял членом исполкома, но потом, когда взяла верх противная сторона, был из состава исключен.

Тогда я, по примеру крестьян, организовал Совет киргизских депутатов или, как его называли киргизы – «Степной союз», разгромленный впоследствии уездным советом Алаш-Орды, и провел работу против существующей власти из киргизской интеллигенции, которая готовилась к введению в уезде Земского самоуправления и которая впоследствии соорганизовалась вокруг белогвардейского правительства «Алаш-Орда». В феврале 1918 года нам, т.е. Советам крестьянских депутатов и киргизских депутатов, совместно с фронтовиками удалось организовать Красную гвардию и захватить власть. Был организован Совдеп. Я был избран членом Президиума и секретарем Совдепа.

Надо сознаться, что хотя мы себя и называли большевиками, но о большевизме имели очень смутное представление. Одной из крупных ошибок, допущенных нами благодаря своей политической незрелости [неграмотности] является то, что мы без разбору принимали всех

желающих в Красную гвардию и слишком доверялись местным казакам. В результате этого наша Красная гвардия оказалось в большинстве составленной из ненадежного элемента, казаков, которые, имея связь с казаками других станиц, подготавливали переворот и в июне 1918 года свергнули власть Советов.

После падения Совдепа я уехал в степь, где прожил до сентября месяца, т.е. до момента ареста следственной комиссией белого правительства. Я был признан злостным большевиком и приговорен к тюремному заключению до Учредительного собрания. В тюрьме я сидел до декабря 1919 года и был выпущен местными властями из местных людей за 10 дней до прихода советских войск. По выходе из тюрьмы, чтобы не попасть в лапы отступающих Дутовских казаков выехал в степь, где пробыл до января 1920 года. В январе я приехал в Каркаралинск, где меня, оказывается, назначили членом Уревкома. С этого времени я все время нахожусь на ответственных советских и партийных работах.

Членом умсполкома, гувревкома, губисполкома во всех трех составах Семипалатинского губкома РКП(б), причем в последнем составе был членом Президиума Губкома, был членом ВЦИКа, был членом Областного Комитета РКП(б), второго состава и ныне состою членом Президиума такового. Первой Сессией ВЦИК 3-го созыва был назначен Председателем Верховного суда КССР. Ныне состою и.д наркомюста и прокурора республики.

*Член РКП (б) НУРМАКОВ
№ партбилета 515580» [27]*

Іс қағаздарының арнайы тобына криминалистикалық құжаттар кіреді: тінту және жауап алу туралы есептер, «заттай дәлелдемелер» тізімдемесі, айыпталушылар мен куәгерлердің айғақтары, тергеушілердің есептері, айыптау қорытындылары, прокурорлық айыптаулар, айыпталушылардың сөйлеген сөздері мен мәлімдемелері, қорғаушылар мен сот үкімдері.

Ерекше санат - бұл сот отырысының сөзбе-сөз жазбасы (бар болса).

Бұл құжаттардың барлығы дерлік Н. Нұрмақовтың ісінде де бар және олар маңызды тарихи деректер ретінде қызмет етеді.

Оларды салмақты ғылыми зерттеулерде қарастыру және пайдалану сыни талдауды қажет етеді, өйткені олар әрқашан істің шынайы күйін сенімді түрде көрсете бермейді.

Көбіне билік жалған айғақтар мен заттай айғақтарға жүгінді, айыптау материалдарындағы фактілер көбіне бұрмаланды.

Осы топтың құжаттарынан Н. Нұрмақовтың ісі бойынша бізде, атап айтқанда, Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің қызметкерлері ұсынған бірнеше құжаттар бар. Оларды Н. Нұрмақовтың туыстары бірнеше жыл бойы мұқият жинап, өз үйінде, жеке архивтерінде сақтаған. Біз бұл құжаттарды өз жұмысымызда беруді дұрыс деп есептедік. Олар бірнеше ондаған адам қатысқан Н. Нұрмақовтың қамауға алынуы мен сот ісіне

араласуына қатысты. 1937 жылы орын алған «процестер» арасында әсіресе Қарағандыда қараша айында болып өткен, республикаға белгілі қайраткерлер А. Асылбековты, Н. Нұрмақовты Ұ. Құлымбетовты, С. Сейфуллинді, Ж. Сәдуақасовты, Ж. Сұлтанбековты, М. Гатаулинді, Н. Нұрпейісовты қаралайтын «ашық сот процесі» салдарлары ауыр болды. Жазықсыз қайраткерлерге жалған жала жабуға, күнделікті әлеуметтік және саяси-шаруашылық науқандарда орын алған кемшіліктерді «қаскүнемдік», «зиянкестік», «сатқындық», тіптен «шпиондық» деп сипаттауға құрылған, адамгершіліктен жұрдай арсыздыққа негізделген еді. Мұның бәрі төменде келтірілген құжаттармен айқын көрсетілген. Сондай құжаттардың бірі:

«Ордер за №2158 от ...июня 1937 г. (к сожалению, число не прослеживается на копии документа – авт.) о производстве ареста и обыска Нурмакова Нигмета Нурмаковича, проживающего по улице Серафимовича д.2 кв. 243» [28].

Алайда, тағы бір құжатта - «1937 жылғы 4 маусымдағы жауап алу хаттамасында»[12]Н.Нұрмақовтың 1937 жылы 3 маусымда қамауға алынғандығы туралы айғақ бар.Хаттамада туған жері - Қазақ КСР-нің Қу ауданы, тұрғылықты жері - Мәскеу қаласы, ұлты мен азаматтығы туралы мәліметтер бар: *«казах, гражданин СССР»,*

әлеуметтік жағдайы – *«из крестьян, в настоящее время родители колхозники».*

Кәсіп» бағанында көрсетілген -*«член президиума ВЦИК и зав.отделом национальностей ВЦИК»,*

революцияға дейінгі әлеуметтік жағдайы -*«народный учитель»,* революциядан кейі – *«ответственный советский работник».*

Тінту кезінде Н.Нұрмақовтан кітаптар мен брошюралар алынды, оған сәйкес тізімдеме жасалды:

«Список книг и брошюр, подлежащих изъятию, на казахском и русском языках

28 июня 1938 г.

- | | | |
|-----|------------------------|--|
| 63. | <i>Нурмаков Нигмет</i> | <i>Состояние работы и задачи среди национальных меньшинств РСФСР (на русском языке). Казиздат, 1928 г.</i> |
| 64. | - // - | <i>Строительство Казахстана. Кзыл-Орда, Казиздат, 1929 г.</i> |
| 66. | - // - | <i>Ел қорғау міндеттері. Қызыл-Орда, 1927 г.</i> |
| 67. | - // - | <i>Международное положение Советского Союза и задачи ОСО (на русском языке и казахском) Кзыл-Орда, Казиздат, 1927 г.</i> |

68. Нурмаков Нигмет *Итоги национального размежевания Средней Азии и перспективы размежевания Казахстана. Казгосиздат, 1925 г.»* [29].

№ 65 құжаттан алынып тасталған.

Бұдан байқайтынымыз, негізінен Н. Нұрмақовтың өз шығармалары ғана тізімге алынған.

1937 ж. 15 маусымда жауап алу кезінде, сұрағанда:

«Вы обвиняетесь в принадлежности к контр-революционной националистической организации. Признаете ли Вы себя виновным в этом?», Н. Нұрмақов былай жауап берген: *«Членом контр-революционной организации я не состою и никогда не состоял»* [30].

Н. Нұрмақовтың ісі бойынша сот-медициналық құжаттар тобына қамауға алынған тұтқынның сауалнамасы, айыптау үкімі, үкім, қолхат және үкімнің орындалғаны туралы анықтама да кіреді. Ресей Федерациясының ҚФҚ (ФСБ) қорында сақталған қамауға алынған Н. Нұрмақовтың сауалнамасында жоғарыда талқыланған хаттамадағы мәліметтерге ұқсас мәліметтер келтірілген:

«дата рождения – XI 1895 г.» (хаттамада ғана 1895 ж. деп көрсетілген); *«образование – среднее; политическое – окончил курсы марксизма-ленинизма при ЦК ВКП (б); партийность – член ВКП (б) с 1920 г.; репрессиям не подвергался; в белых и др. к-р. армиях не служил; в бандах, к-р. организациях и восстаниях не участвовал»* [31].

Енді осы құжатты Үкіммен салыстырайық:

*«Именем Союза Советских Социалистических Республик
Военная Коллегия Верховного Суда Союза ССР
в составе:*

*председательствующего Диввоенюриста т. Голякова, членов
Бригвоенюриста т. Ждан и Военного юриста 1 ранга т. Кандыбина
при секретаре военном юристе 2 ранга т. Кудрявцеве
в закрытом судебном заседании, в городе Москве»*

(мүмкін бұл күн қате болуы тиіс, өйткені толық мәтін құжаттың көшірмесіндегі сол жағында тұрған дата анық көрінбейді - автор) *7 сентября 1937 года*

рассмотрела дело по обвинению: Нурмакова Нигмета Нурмаковича, 1895 г.р., служащего, - в преступлениях, предусмотренных ст.ст. 58-8 и 59-11 УК РСФСР.

Предварительным судебным следствием установлено, что подсудимый Нурмаков в прошлом а/с (антисоветски – авт.) настроенный в 1931 году был вовлечен в состав руководителей а/с т.н. пантюристского центра в СССР и возглавлял антисоветскую националистическую т

повстанческую организацию в Казахстане, подготавливал вооруженное восстание против советской власти и террористические акты против руководителей ВКП(б) и правительства и кроме того занимался вредительской работой в Казахстане.

Таким образом подсудимый Нурмаков совершил преступления, предусмотренные ст.ст.58/1а, 58/8 и 58/11 УК РСФСР.

Руководствуясь ст.ст.319 и 320 ЦИК СССР Военная Коллегия Верховного Суда СССР приговорила:

Нурмакова Нигмета Нурмаковича к высшей мере наказания – расстрелу с конфискацией всего личного имущества

Приговор окончательный и на основании Постановления ЦИК СССР от 1/ХП-1934 года подлежит немедленному исполнению» [32].

Н. Нурмаков өзіне тағылған қылмыстарды толығымен жоққа шығарғанына карамастан, Айыптау қорытындысы оның кінәсін толық мойындағанын көрсетеді (!). Біз осы құжаттың толық мәтінін ұсынуды маңызды және негізделген деп санаймыз:

«Обвинительное заключение.

По след.делу № 12103 по обвинению
Нурмакова Нигмета Нурмаковича по
ст.58 п.п.8 и 11 УК РСФСР

3-го июня 1937 г. в Москве органами НКВД был арестован и привлечен к ответственности по обвинению в принадлежности к пантюркистскому центру анти-советской повстанческо-террористической организации – НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович.

На допросе НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович показал, что он, 1895 г.рожд., гр.СССР. В момент ареста работал зав.отделом национальностей ВЦИКа.

Показаниями самого Нурмакова, а также арестованных по данному делу РЫСКУЛОВА, ГАБИДУЛИНА, ХАЛИКОВА, КУШАЕВА, ТАГИРОВА и др. установлено, что он, НУРМАКОВ, является активным участником руководящего состава пантюркистского центра анти-советской повстанческо-террористической организации в Москве и одновременно возглавлял повстанческую диверсионно-вредительскую организацию Казахстана.

До 1920 г. являлся активным участником антисоветской националистической партии Алаш-Орда.

С 1920 г., будучи в рядах ВКП(б), продолжал оставаться на позициях Алаш-Ордынской националистической организации и вел антисоветскую работу, заключающуюся в сохранении кадров антисоветской националистической организации.

В 1930 г. НУРМАКОВ стал на путь активной антисоветской организованной работы, направленной против мероприятий партии и правительства, проводимых в Казахстане.

В 1931 г. НУРМАКОВ РЫСКУЛОВЫМ был вовлечен в руководящий состав пантюркистского центра анти-советской националистической повстанческо-террористической организации, которая вела борьбу за отторжение национальных республик от Советского Союза и создания буржуазно-националистических государств.

Являясь участником руководящего состава пантюркистского центра, НУРМАКОВ одновременно возглавлял антисоветскую организацию Казахстана, которая под его руководством осуществляла повстанческую вредительско-диверсионную террористическую работу в Казахстане.

Под руководством НУРМАКОВА в 1931 г. в Сарисурском, Сайрамском, Каракалином (құжаттың емлесі сақталған, мүмкін - дұрысы: Каркаралы - автор) районах и в Каракумах было организовано несколько повстанческих выступлений.

В овцеводческих совхозах Казахстана по указанию НУРМАКОВА – антисоветской организацией проводилась вредительская деятельность, чем бы вызван значительный падеж овец.

Кроме того на Карагандинской ж.д. и на предприятиях «Карагандауголь» проводилась диверсионно-вредительская работа.

Являясь участником руководящего состава пантюркистского центра, НУРМАКОВ совместно с РЫСКУЛОВЫМ и др. возглавлял террористическую деятельность антисоветской организации. Кроме того, под непосредственным руководством НУРМАКОВА в Казахстане была создана террористическая группа для подготовки совершения террористических актов над руководителями партии и правительства.

В предъявленном ему обвинении, НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович виновным признал себя полностью. Кроме того уличается показаниями РЫСКУЛОВА, ГАБИДУЛИНА, ХАЛИКОВА, КУШАЕВА, ТАГИРОВА и др.

На основании изложенного, НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович 1895 г.рожд., урож. Куусского района, Казахской ССР, казах, гр.СССР, бывший член ВКП(б) с 1920 г., бывш.пред.СНК Казахстана. В момент ареста работал зав.отделом национальностей ВЦИКа – обвиняется в том, что:

1. До 1920 г. был активным участником антисоветской националистической партии Алаш-Орда.

2. с 1920 г., будучи формально в рядах ВКП(б), продолжал вести антисоветскую работу, направленную на сохранение Алаш-Ордынских кадров и созданию повстанческих кадров,

3. в 1931 г. НУРМАКОВ РЫСКУЛОВЫМ был вовлечен в руководящий состав пантюркистского центра антисоветской повстанческо-террористической организации в Москве.

4. Будучи активным участником НУРМАКОВ РЫСКУЛОВЫМ был вовлечен в руководящий состав пантюркистского центра анти-советской националистической повстанческо-террористической организации, одновременно возглавлял антисоветскую националистическую организацию

Казахстана, которая под его руководством осуществляла повстанческую диверсионно-вредительскую работу в Казахстане.

5. Совместно с РЫСКУЛОВЫМ возглавлял террористическую деятельность пантюркистского центра.

6. Под руководством НУРМАКОВА в Казахстане была создана террористическая группа для подготовки убийства руководителей Партии и Правительства, т.е. в преступлениях, предусмотренных ст.58 п.п.8 и 11 УК РСФСР.

На основании вышеизложенного, НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович подлежит преданию суду Военной Коллегии Верховного Суда СССР с применением закона от 1 декабря 1934 г.

Опер.уполн.4 отд. 3 отдела ГУГБ НКВД-
Лейтенант Госуд. Безопасности (ГАГКАЕВ)
Нач.4 отд.3 отдела ГУГБ НКВД-
Капитан Госуд. Безопасности (ДЗИОВ)»

«УТВЕРЖДАЮ» деген жерде 1937 ж. 25 қыркүйекте КСРО прокуроры Вышинскийдің қолы қойылған [33].

Мұндай қатал айыптауға және одан кейінгі үкімге не негіз болды? Бұл туралы ақпаратты Игенбаевтың «Ақиқат» журналында өзі жариялаған «Сот алдындағы жауаптылар Қарағандыдағы «ұлтшыл-фашистерге» арналған арналған протестің стенограммасы» мақаласынан табуға болады. Осында автор айыпталушылардың бірі Нұрсейітовтің айғақтарын келтіреді:

«...Нұрсейітов шімірікпестен былай деді: «Біздің мақсатымыз Қазақстанда капитализмді қайта орнату, Қазақстанды Советтер союзынан бөліп алу, ауылда байдың езушілігін қайта орнату болды».

Председатель: контрреволюцияшыл тапсырмаларды сіз кімнен алдыңыз және оның практикалық мазмұны қандай еді?

Нұрсейітов: біздің контрреволюцияшыл ұйымымыз тапсырмаларды Асылбеков арқылы Мәскеуде Нұрмақовтан, Алматыда Сәдуақасовтан алып отырды. Ол тапсырмалардың мазмұны мынадай еді: контрреволюцияшыл ұйымға советке қарсы пікірлі адамдарды тарту, колхоздар мен совхоздарды бүлдіру жөнінде зиянкестік жұмыс істеу, еңбекшілердің арасында алакөздік туғызу үшін олардың мүддесіне қатты қысым көрсету, Қазақстанда капитализмді қайта орнату үшін жағдай әзірлеу болды» [34; 21-27].

Әрі қарай мынадай мәліметтер бар:

«Асылбековтің кімдермен байланысты болғаны туралы мемлекеттік айыптаушының сұрауына Нұрсейітов жауабында былай деді: «Асылбеков Нұрмақовпен және Рысқұловпен бірнеше рет кездесті. 1935 және 1936 жылдары жүздесіп жүрді. Олар біздің контрреволюцияшыл зиянкестік жұмысымызды мақұлдап отырды. Асылбеков контрреволюцияшыл центрдің Қарағанды облысындағы өкілі болды» [34; 21-27].

Басқа сотталушы А. Асылбековтың айғақтарында Н. Нұрмақов туралы да мәліметтер бар:

«Қарағанды облысында зиянкес ұлтшыл-фашист ұйымының қашан және қалай ұйымдасқанын, ол ұйым өзінің алдына қандай міндеттер қойғанын және сіздің рөліңіз қандай болғанын айтыңыз» деген сұраққа Асылбеков былай жауап берді:

«...мен контрреволюцияшыл ұлтшыл-фашист ұйымға 1934 жылдың басында кірдім. Бұл ресми түрде ғана кіруім, ал менің контрреволюцияшыл ұлтшыл-фашистік пікірлерім 1932 жылдары қазақ ауылында жаппай коллективтендіру жүрген кезде, тіпті одан да бұрын басталған болатын. 1934 жылы контрреволюцияшыл ұйымға мені Нұрмақов тартты. Мен Қазақстанда болған асыра сілтеулерге біздер, ұлтшылфашистер дем беріп, өршіткенімізді айтуым керек. Бұдан соң айыпкер Асылбеков сотқа өзінің Нұрмақовқа кездескендігін және контрреволюцияшыл ұлтшыл-фашист ұйымының мүшесі болып кіргендігін айтты. - Нұрмақовқа мен Қазақстанға Мирзоянның келгендігін, асыра сілтеудің түзетіліп жатқандығын айттым.

Мұныма жауап ретінде Нұрмақов: «Мен мұны сенен жақсы білемін. Сондықтан біз асыра сілтеулерді түзетуге қарсы бұрынғыдан анағұрлым көп күресуіміз керек, әйтпесе біздің ойлағанымыз болмайды», - деді.

Председатель: сіз ұлтшыл-фашистік ұйымыңызға тартылған адамдарға ол ұйымның міндеттерін түсіндірдіңіз бе?

Асылбеков: ия, маған бұл туралы Нұрмақов айт деп тапсырған дедім. Ұйымның негізгі міндеті — Қазақстанда совет өкіметін құлату, Қазақстанды бір фашистік мемлекеттің тарапынан болған интервенцияның көмегімен Советтер союзынан бөліп алу деп айттым.

Председатель: сіздің ұлтшыл-фашистік ұйымыңыздың центрінде кімдер болды?

Асылбеков: Мәскеуде центрдің мүшесі Рысқұлов, Нұрмақов, Қожанов, Алматыда Құлымбетов, Садуақасов, Төрегожин және бірсыпыра басқа адамдар болды» [34; 21-27 б.].

Бұл ақпарат осы уақытқа дейін Қазақстандағы билік басында отырған Ф.И. Голощекиннің орнын ауыстырған Л.И. Мирзоянның И.В. Сталинге жолдаған хабарламада қайталанады:

«Сообщение секретаря ЦК КП(б) Л. И. Мирзояна И. В. Сталину о разоблаченных и арестованных деятелях «национально-фашистской организации»

Сов. Секретно
30 июля 1937 г.

[...] Все арестованные признают наличие национал-фашистской организации и свою принадлежность к ней и показывают, что организация создана и руководится центром, состоящим из Рыскулова, Нурмакова и Ходжанова. Значительное большинство арестованных показывает, что антисоветская, национал-фашистская организация начала складываться, начиная примерно с 1925-26 гг., когда руководители тогдашних национал-уклонистских группировок в лице Рыскулова, Ходжанова, Нурмакова и Садуакасова С. договорились об объединении в целях борьбы против

советской власти. Султанбеков показывает, что в деле объединения всех казахских группировок в единую антисоветскую организацию огромную роль сыграли советы Зиновьева и Сафарова. По показаниям Дивеева, Кенжина, Сарымулдаева, Джаманмурунова, многие из них, в том числе Рыскулов и Ходжанов, еще задолго до этого были связаны с антисоветскими и националистическими кругами, в частности с Басмачами, Энвер-Пашой и Мустафой Чокаевым» [35].

Айырмашылығы, мүмкін, Л. Мирзоянның хабарламасында Зиновьев, Сафаров, Энвер-Паша және М. Шоқаевтардың фамилиялары кездесетіні шығар, сонымен қатар басмашылар туралы да айтылады.

Сол жылдардағы жазалау органдарына тән жауап алу техникасын біле отырып, қамауға алынғандардың көпшілігінің өз кінәсін мойындап қана қоймай, жоғарыда көрсетілген басқа адамдарға қарсы айғақтар беруі де ғажап емес. Ендеше ол адамдарды айыптауымыз керек пе? Біз олай емес деп ойлаймыз.

Егер біз Н. Нұрмақовқа қатысты айыптау актісін тағы бір рет мұқият оқып шығатын болсақ, онда сотталушы өз кінәсін толық мойындады деген бөлімге де назар аударуға болады. Әрине, бұл іс жүзінде болған істің шынайы жағдайын білдірмейді.

Бұл құжаттар 1930-жылдары, оның коммунистік өмірбаянына қарамастан, адамды халық жауы ету қаншалықты оңай болғандығын сенімді түрде көрсетеді. Келесі күні, 1937 ж. 26 қыркүйекте қолхаттың көшірмесі Н. Нұрмақовқа беріледі:

«РАСПИСКА

Мною, нижеподписавшимся Нурмаковым Нигметом Нурмаковичем получена копия обвинительного заключения по моему делу о предании меня суду Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР», төменде Н. Нұрмақовтың қолы тұр [36].

Н. Нұрмақовтың өмірінің соңғы күндерін куәландыратын осы қайғылы құжаттар тізімін толықтырады.

«СПРАВКА

Приговор о расстреле Нурмакова Нигмета Нурмаковича приведен в исполнение в гор. Москве 27 сентября 1937 г. Акт о приведении приговора в исполнение хранится в Особом архиве 1-го спецотдела НКВД СССР том №2 лист №283

НАЧ. 12 ОТД-НИЯ 1 СПЕЦОТДЕЛА НКВД СССР

Лейтенант госбезопасности Шевелев» [37].

Баршаға мәлім, қуғын-сүргін кезінде жазалау шаралары, әдетте, репрессияға ұшырағанның барлық отбасы мүшелеріне қолданылды.

Н. Нұрмақовтың да туған-туысқандары мұндай жазалаудан құтылмағандықтарын айғақтайтын бірқатар құжаттар дәлел бола алады. Оның ішінде Н. Нұрмақовтың әкесіне қатысты құжаттар бар, мысалы, А.Ж. Нұрмақовқа берілген Қарағанды облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік

комитеті департаментінің 2004 ж. 6 тамыздағы №141 архивтік анықтама. Оның мәтіні төмендегідей:

«Архивная справка

По материалам архивного уголовного дела №0638 находящегося на хранении в Департаменте КНБ по Карагандинской области, проходит ТАУКЕБАЕВ Нурмак, 1867 года рождения, уроженец 1 аула Кувского района Карагандинской области. До ареста проживал в ТОЗ Саумалкуль, Кувского района, Карагандинской области.

Арестован 28 октября 1937 года. По приговору особой тройки при НКВД по Карагандинской области от 08 ноября 1937 года осужден по ст. 58. п. 10. ч. 1, 11 УК РСФСР к ВМН - расстрелу, который приведен в исполнение 18 ноября 1937 года.

Постановлением Президиума Карагандинского областного суда от 18 июля 1957 года указанный приговор тройки при УНКВД по Карагандинской области от 08 ноября 1937 года в отношении ТАУКЕБАЕВА Нурмака отменен, дело производством прекращено за недоказанностью состава преступления.

Заключением Генеральной прокуратуры Республики Казахстан от 26 октября 1995 года признано, что на ТАУКЕБАЕВА Нурмака распространяется действие Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года, т.е. ТАУКЕБАЕВ Нурмак - реабилитирован.

Личных документов и фотографий ТАУКЕБАЕВА Нурмака в деле не имеется, в связи, с чем выполнить Вашу просьбу не представляется возможным.

*Вр.ИО начальника Департамента
К. Байбараков» [38].*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды облысы Ішкі істер департаментінің Ақпараттық-талдау орталығы Мұқан Жамелұлы Нұрмақовтың сұранысы бойынша 2015 ж. 23 қарашада № 19-11-41 / 756 берілген құжатта біз дәл сол іс бойынша келесі қосымша ақпаратты табамыз:

«...ТАУКЕБАЕВ Нурмак, 1867 года рождения, по национальности – казах, уроженец аула №1 Кувского района, по социальному происхождению из семьи крупного бая, грамотный, семейный, до ареста проживал и работал в ТОЗ «Саумалкуль» Кувского района Карагандинской области.

Арестован 28 октября 1937 года РО НКВД Кувского района Карагандинской области как «...отец разоблаченного врага народа» по статье 58 п.10 ч. 1,11 УК РСФСР. Содержался под стражей в тюрьме РО НКВД...

...На момент ареста Таукебаев Н. имел семью: жена – Шіда (70 лет); сын – Жамил (23 года); дочь Камила (16 лет); сноха – Асия (24 года); сын – Нугмет (арестован в Москве); внук – Моймы (3 года), сирота, сын Нугмета; дочь – Шокен, студентка педтехникума в г. Алма-Ате; сын – Курмангали, служил в Красной Армии в г. Алма-Ате...» [39].

Құжатқа бастық міндетін атқарушы Е.Б. Рахимбергенов және бас маман И.Л. Тимофеева қол қояды. Көріп отырғаныңыздай, XX ғ. екінші жартысында Н. Нұрмақовтың әкесі ақталып, жақсы аты қайтарылды. Біз Н. Нұрмақовтың өміріндегі осы қайғылы жағдайға қатысты оқиғаларды, оның толық ақталғандығы туралы және оның адал бейнесі, жақсы есімін қайтару туралы мәліметтерді 1950 жж. құжаттарға сүйене отырып көрсету әділетті болады деп есептейміз. Бұл жерде ең алдымен мына құжатты атау керек: «*Определение № 44-011723 Военной Коллегии Верховного Суда СССР*». Оның соңы былай аяқталады: «*Приговор Военной Коллегии Верховного Суда от 27 сентября 1937 года в отношении Нурмакова Нигмета Нурмаковича по вновь открывшимся обстоятельствам отменить и дело о нем...прекратить...*» [40].

Архив қорларында қуғын-сүргінге ұшырап, 10 жылдай КСРО түрмелері мен концлагерьлерінде болған Н.Нұрмақовтың әйелі Зуфнун Ыбырайқызына қатысты бірнеше құжаттар бар. Ол құжаттардың ішінде жеке өзіне қатысты, Н. Нұрмақов туралы және оның әйелі ретінде берілген құжаттар бар. Бұл құжаттар негізінен ақталған кезеңіне, XX ғ. екінші жартысына қатысты:

«КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ СОВЕТЕ МИНИСТРОВ КАЗ.ССР

*УПРАВЛЕНИЕ КГБ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ*

№85/6295 9 октября 1956 г.

Начальнику учетно-архивного отдела КГБ при Совете Министров СССР – полковнику товарищу ПЛЕТНЕВУ.

Г. Москва.

Копия: в Военную Коллегию Верховного Суда СССР

г. Москва.

На №-4н-011723/56/024839 от 15 сентября 1956 года.

*В Главную Военную Прокуратуру СССР
г. Москва.*

На №-8к-51360-39

При этом направляется расписка гражданки Нурмаковой Зуфнун Ибраевны, о том, что ей 8 октября 1956 года объявлено решение Военной Коллегии Верховного Суда СССР за №-4н-011723 от 11 августа 1956 г. о прекращении дела на ее мужа НУРМАКОВА Нигмета Нурмаковича, 1895 года рождения, одновременно вручена справка о его реабилитации(астын сызған біз – авт.).

Приложение: Расписка.

*Зам.Начальника Управления КГБ
Майор Разживин.*

Нач. Учетно-Архивного отд. УКГБ

Старший лейтенант Ровный» [41].

Тағы бір құжат:

*«Председателю Совета Министров Казахской ССР тов. Кунаеву Д.А.
от персональной пенсионерки союзного значения
Нурмаковой Зуфнун Ибраевны
Заявление*

Одновременно с арестом моего мужа Нигмета Нурмакова (бывшего Председателя Совета Народного Комиссариата Казахской ССР) была репрессирована вся наша семья.

Просидев некоторое время в тюрьме, я находилась в концентрационном лагере Карелии и Караганды с 1937 года по 1946 год. В то время малолетняя моя дочь, переданная органами МВД в детколонию, пропала без вести, до сих пор не знаю, жива или нет.

После реабилитации мне как жене Нурмакова была назначена персональная пенсия союзного значения, предоставлена комната в г. Москве.

В данное время я получаю пенсию в размере 80 рублей и проживаю в г. Москве. В условиях полной ликвидации домашнего имущества в период репрессирования и плохого состояния здоровья, которое требует частого курортного лечения, размер получаемой пенсии не дает возможность обзавестись домашним имуществом и не обеспечивает нормальный прожиточный минимум.

Прошу Вашей помощи в увеличении размера моей пенсии.

(подпись)

*Адрес: г.Москва, 75, 3-я Останкинская ул., д.№ 2а, кв. 21
14 февраля 1964 года» [42]*

Кенес дәуірінің саяси жағдайынан-жақты ашып көрсететін құжат - жазықсыз сотталған және 1930 жылдардағы ауыр сынақтардан өткен адамдардың тағдырына байланысты деректер. Қуғын-сүргінге ұшыраған зиялылардың жан-ұяларының мүшелері және бүгінгі ұрпақтары ХХ ғ. 50-ж. соңы – 60-ж. басында олардың жазықсыз айыпталғандығын дәлелдеу үшін әділдік іздеп, мемлекеттен көмек сұрады. Соның нәтижесінде кейбір тарихи тұлғалар Коммунистік партияның ХХ съезінен кейін ақтала бастады. Ақталғандардың ішінде Н. Нұрмақовтың да есімі бар екенін жоғарыда атап өттік.

Осындай құжаттардың шығуының себептерін жәнемазмұнын ғылыми тұрғыдан зерделеу де тұлғаға байланысты белгісіз, күмәнді пікірлерден арылуға көмектеседі. Ұлы Шыңғыс Айтматовтың сөзімен айтқанда біз мәнгүртке айналғымыз келмесе, өткен тарихтағы қателіктерді қайталамас үшін, өткеннен дұрыс сабақ алу керек.

Осы орайда, ХХ ғ. басындағы қазақтың саяси элита өкілдерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов сияқты тарихи тұлғалардың өміріне байланысты құжаттарды сақтау, жариялау тарихта өткен қателіктерді қайталамауға, олардың мысалдары арқылы жас ұрпақты халқымызға адал қызмет жасаудың маңыздылығына тәрбиелеуге мүмкіндік береді деп тұжырым жасауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2005. – 280 б.
- 2 Индустриальная Караганда. – 1995. – март.
- 3 Атабаев Қ. Мерзімді басылым – XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: монография.-Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 192 б.
- 4 Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары. (XX ғасырдың басы). Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбақова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 438 б.
- 5 АП РК. Ф 141, оп.1, д.1129, л.36, (перевод).
- 6 Барлыбаева Л. Жизнь сама по себе не благо и не зло // Казахстанская правда.
- 7 Уәлиев Ш. Нұрмақовпен екі кездесу // Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2005. – 280 б.
- 8 Нұрмақов А. Нығмет Нұрмақов – 125: Ұлы тұлғаны ұлықтай алып жүрміз бе? / [Электрондық ресурс]. - Қол жетімді: <https://qazaq1913.com/2020/03/17/ny-met-n-rma-ov-125-ly-t-l-any-ly-taj-aly-p-zh-rmiz-be/> - [қаралған күні: 21.09.2020].
- 9 Енисеева-Варшавская Л. Реалии жизни Ныгмета Нурмакова; Мысль, 2013 г. / [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://mysl.kazgazeta.kz/news/1628>. - [дата обращения: 21.09.2020].
- 10 Смагулова Т. Пламенное сердце // Индустриальная Караганда. - 2015. -11 июля.
- 11 [Электрондық ресурс]. - Қол жетімді: https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/nyigyimet-nurmakov-138783/. - [қаралған күні: 17.10.2020].
- 12 Нурмаков Н. Не ослаблять борьбы на два фронта в национальном вопросе // Власть Советов. – 1932. – № 10. – С.1-3.
- 13 Нурмаков Н. Больше внимания укреплению кадров сельских советов // Власть Советов. – 1932. – № 14. – С.2-3.
- 14 Нурмаков Н. Пригородные хозяйства – одно из важнейших звеньев работы городских советов // Власть Советов. – 1933. – № 10. – С.1-3.
- 15 Нурмаков Н. Успехи советского национального строительства в РСФСР к 16-й годовщине Октября // Власть Советов. – 1933. – № 22. – С.12-15.
- 16 Казахстан в 20-30 годы XX века. Архивные документы и материалы: хрестоматия / Авт.-сост.: Л.М. Хасанаева, А.М. Уразбаева, Г.Е. Абикинова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 108 с.
- 17 АП РК. Ф.139, оп.1, д.14, л.19.
- 18 ЦГА РК. Ф. 1380, оп. 2, д. 37, 46.
- 19 ЦГА РК. Ф. 1380, оп. 1, д. 9, л.186.
- 20 ЦГА РК. Ф.5, оп. 1, д. 224, л.5, 5, обор., отпуск.
- 21 ЦГА РК. Ф.135, оп.1, д.24, л.186.
- 22 ЦГА РК. Ф.135, оп.1, д.1, л.66.

- 23 ЦГА РК. Ф.1380, оп. 2, д. 48, л.114.
- 24 Қараңыз: Қабдәшев Б. Затаевич пен Әуезовке жасалған қамқорлық // Фемида. - 1997. №7. – Б.70-71.
- 25 ҚОМА. Ф. 1694, оп. 1, д.11, л.1.
- 26 Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы). Сборник документов. Алматы: Қазақ университеті, 1997.- 325 с.
- 27 АП РК. Ф. 139, оп. 3, д. 293, л. 3-4.
- 28 ҚОМА. Ф.1694, оп.1, д. 1, л.1.
- 29 АП РК. Ф. 708. Оп. 2. Д.77. Л.84-89
- 30 ҚОМА. Ф.1694, оп.1, д. 4, лл.1, 2.
- 31 ҚОМА. Ф.1694, оп.1, д. 6, лл.1, 2.
- 32 ҚОМА. Ф.1694, оп.1, д. 5, лл.1-4.
- 33 ҚОМА. Ф.1694, оп.1, д. 5, лл.1-4.
- 34 Игенбаев А. Сот алдындағы жауаптылар. Қарағандыдағы «Ұлтшыл-фашистерге» арналған процестің стенограммасы» // Ақиқат. – 1997. – (№4). – Б.21-27.
- 35 АП РК - Ф. 708. - Оп. 1. - Д.82. - Л. 24-27; Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. Алматы: Қазақстан, 1998. С. 86
- 36 ҚОМА. Ф.1694, оп.1, д.16, л.1.
- 37 ҚОМА. Ф.1694, оп.1, д. 6, л.2.
- 38 ҚОМА. Ф. 1694, оп. 1, д.41, л.1.
- 39 ҚОМА. Ф. 1694, оп. 1, д.42, л.1.
- 40 ҚОМА. Ф. 1694, оп. 1, д.7, л.2.
- 41 ҚОМА. Ф. 1694, оп. 1, д.8, л.1.
- 42 ЦГА РК. Ф.1037, оп. 24, д.1592, л.3.

3 Нығмет Нұрмақов туралы публицистикалық еңбектерге және тарихи зерттеулерге тарихнамалық талдау

«Тарихнама» деген атау ең алдымен тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуын, ондағы өзекті мәселелерді қарастырады. Тарихнама әр халықтың тарихи ойлау жүйесін, қабілетін анықтауға көмектеседі. Оның бірнеше бағыттары бар, солардың бірі тұлғатану бағыты [1; 11].

Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан бастап, ұлттық сана сезіміміздің нығая түсуі үшін ұлттық туған тарихқа деген құштарлық процесін жағымды аса қажет құбылыс деп бағалау керек. Шынайы ғылыми тарихты кәсіби тарихшылардың жазуы басты міндет. Ал басқа мамандық иелерінің тарихтағы ізденістері тарихшылардың еңбектеріне сүйемелдеуші.

Кеңес Одағының ыдырап, посткеңестік кеңістікте тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы тарих ғылымының алдына тарихи зерттеулердің методологиялық мәселелерін қойды. Еліміздің тәуелсіздік алуымен Отан тарихындағы тұлғатану бағыты да жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеле бастады. Солардың бірі тарихымыздағы тұлғалар туралы еңбек жазу. Елімізде тұлғатану ғылымының іргесі жаңадан қаланып, өркендеп келеді. Бүгінде осы бағытта қоғамдық ғылымдар саласында іргелі зерттеулер шықты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «...Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі ...» [2] деп тарихи тұлғатанудың басты міндетіне айқындық берді.

Отандық тарихнамадағы тұлғатану ХХ ғ. басындағы ұлттық зиялылардың еңбектерінен көріне бастады. Ә. Бөкейхановтың «Барлыбекті ұмытпасқа» және оның орыс демократиялық интеллигенциялары туралы жазған бірнеше мақалалары [3] А. Байтұрсыновтың «Абай қазақтың бас ақыны» деген мақалалары, С. Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы тұлғатануға қатысты тарихи еңбек жазудың алғашқы бастамалары деуге болады [4; 221-226]. Кеңестік-большевиктік идеология күшейген кезде тұлғатану «Садвакасов-садвокасовщина, Рыскулов-рыскуловщина, Ходжанов-ходжановщина» деген зерттеудің үлгісімен жазылды [5]. Бұл еңбектерде ұлт зиялылары қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында ұлтшылық бағытта контрреволюциялық рөл атқарды деп зерттеушілерге тұжырымдамалық бағыт берілді. Сонымен қатар ХХ ғ. 30-жылдары Алаш, Алашорда және жалпы қазақ зиялылары туралы жазуға тыйым салынды.

Көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қоғамның дамуындағы олардың нақты ойлары мен істері артына қалдырған мұрасының тарихи маңыздылығына байланысты тарихи тұлғалар бүгінде зерттеудің объектісіне айналды. Себебі, саяси элита атына шын мәнінде лайық болғандықтан олар өмірден өтсе де, тарих үшін есімдері өлмейді. Тұлғалар жайлы еңбек жазған кезде олар өмір сүрген заманның олардың ой-санасына тигізген ықпалын ескермей жазуға болмайды. М. Шоқайдың әдіснамалық

ұстанымы кеңестік дәуірдегі тарих жазудың үлгісін көрсетуі, біздің еңбекке бағыт береді «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады, мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Екінші жолы: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады, мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыда талдау жасайды» [6; 202-203]. Бұл туралы Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «... Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ ...» – деп жазады [7; 175].

Кеңестік тарихнамадағы жеке тұлғалардың тарихтағы орнын айқындауда таптық көзқарас басым болды осы көзқарасты М. Шоқай былайша сынайды: «Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы» [6; 203] деген пікірінің мәні зор.

XX ғ. 80-ші жж. ортасына дейін тарихнаманың тұлғатану бағытында кеңестік билікке қызмет еткен зиялылар мен алаш ұлттық элитасын бір-біріне қарсы қойды. Бүгінде тұлғатануды зерттеудің ұлттық методологиялық ұстанымы негізінде қоғамдық-саяси қайшылықтарды көрсету үшін тұлғалардың сол заманның қоғамдық-саяси идеясына сай қызметі тарихилық және объективтілік ғылыми талдаудың нысаны болғанда ғана шынайы еңбек жазылады деп санаймыз.

Тарихымызда халқымыздың азаттығы үшін белсенді күрескен, алайда тарихи деректердің әлі де болса қол жетімсіздігінен аймықтық қайраткерлік деңгейінде тарихи тұлғалар бар. Солардың бірі – Нығмет Нұрмақов. Қоғамның өзгеруімен бірге тарихи танымның ұстанымдары және тарихи тұлғаларға деген көзқарастар да өзгерді. Тәуелсіз тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған тарихнамалық еңбектерде тұлғаны топтың, таптың мүддесі үшін емес, ұлттың мүддесі үшін күрескен тұлға ретінде көрсету үрдісі қалыптасып келеді. Тарихи тұлғаның рөлін уақыт қана айқындайды. Отандық тұлғатану туралы академик М. Қозыбаевтың «біз тарихтағы тұлғаларға өте мұқият қарағанымыз абзал. Көзі тірісінде мақтамай, көзі тайған соң даттамай, тарихи тұлғаларды бір түсті бояумен мәнерлемей, азаматтығын айтып, кемшілігін көрсетіп, болашаққа тағлым боларлықтай саяси портретін жасауымыз керек» деген тұжырымы Н. Нұрмақов сияқты тұлғаны зерттеудегі негізгі ұстаным болды [8; 4].

Кезінде Қазақстан тарихнамасы саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының кең көлемде жүргізілуі үшін КСРО Ғылым академиясының Тарих бөлімінің бастамасы негізінде ҚазКСР Ғылым Академиясының Президиумы 1978 ж. қыркүйектегі «Қазақстанның тарихнамасы» бөлімін құру туралы қаулы қабылдады. Ғылым академиясында «Кеңестік Қазақстанның тарихнамасы мәселелері» деген арнайы зерттеу бөлімін академик М.Қ. Қозыбаев басқарған кезде «ақтандақтар» мен «жабық тұстар»,

үш революция және Қазақстандағы азамат соғысы тұсындағы саяси ағымдар мен партиялардың рөлі, кеңестік қазақ зиялыларының қалыптасу мен дамуы объективті тұрғыдан жазылуға бағыт алды. Бірақта бұл бағыттағы шынайы тарих тек тәуелсіздік алғанна бастап жазыла бастады.

Осы тұрғыдан алғанда кеңестік заманда өмір сүріп қазақ елі үшін қызмет жасаған тұлғалар оның ішінде Нығмет Нұрмақов туралы жазылған еңбектер мен тарихнамалық зерттеулерді шартты түрде 2 кезеңге бөліп қарауға болады.

1. 1960-1980 жж.;
2. 1990-бүгінге дейін.

Бірінші кезеде жазылған еңбектердің негізгі мазмұны Н. Нұрмақовты «большевик», «марксист», «кедейлерді жақтаушы», «күн көсемді қадірлеуші» ретінде көрсетеу басым. Нығмет Нұрмақовтың замандасы болған кейбір авторлардың тарихи романдарындағы тұлғаның өмірі мен қызметі туралы оның сыртқы келбеті, мінез құлқын бейнелеумен қатар, алғашқы архив құжаттарының негізінде жазылған еңбектер де шыға бастауымен сипатталады.

Екінші кезеңнің ерекшелігі жаңа методологиялық тұрғыдан оның тұлғалық қасиетін көрсетумен қатар оның атқарған жұмыстарын жазу барысында «алғашқы, бірінші» деген теңеулерді қолдана отырып, тарихи деректерге сәйкес келмейтін пікірлердің айтылуында. Сонымен қатар осы кезеңде ол туралы естеліктердің көптеп шығуы осы мәселенің Отандық тарихтағы оның белгілі орны бар екендігіне, халықтың қызығушылығының ерекше болғандығын көрсетеді. Солай бола тұрса да, екінші кезеңде – бүгінгі тарихнамада Нығметтануда – оның тұлғалық ерекшелігі туралы теорияға негізделген кешенді зерттеудің әлі де жоқтығы айқындалды.

Енді біз сол шартты түрдегі бөлген шарты түрдегі Нығметтанудың бірінші кезеңінде шыққан еңбектерді талдап көрейік. XX ғасырдың 60-шы жылдарында Н. Нұрмақовтың өмірбаяны мен қызмет жолдарын сипаттап, қазақ тілінде алғашқы еңбек жазған ҚазМУ-дың оқытушысы А. Лекерев. Оның А. Артюхина, С. Көлбаевпен бірлесіп жазған мақалаларының негізгі мақсаты «халық жауы» болып саналып атылып кеткен, кейіннен толық ақталған Н. Нұрмақовтың Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, әрі өкімет басшысы ретіндегі лайықты орнын советтік идеология тұрғысынан көрсетіп авторлар Н. Нұрмақовты «лениндік типтегі большевик, сауатты марксист, тапшыл» деп тұжырымдама жасаған. Бұндай ой пікірдің айтылуы сол заман талабына, сәйкес дұрыс енді. Солай болсада бұл авторлар Нығметтанудың негізін салушылардың алғашқы қарлығаштары ретінде тарихта лайықты орынға ие [9].

Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» атты тарихи романында XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ зиялыларының Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақов, Смағұл Сәдуақасовтардың қызыметі жайлы: «...Өткен күні Обкомның бірінші бюросы өткізіліпті. Орынбор губкомынан Қазақстан обкомы бөлініпті, оның ендігі аты – Каз. Крайком болатын көрінеді, бірінші

секретары – Ненайшвили. Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі - Сұлтанбек Қожанов. Бюрода соның ғана ұсынысы өтіпті де отырыпты... Сәкен Совнаркомның председателдігінен түсіріліп, орнына Нығмет Нұрмақов бопты. ... Нұрмақовтың кім екенін бірінші рет Сәкен сол кезде жазып жүрген «Тар жол, тайғақ кешуден» оқығам. Оның сипаттауынша, Нұрмақов қазақтан алғаш шыққан революционердің бірі. Семейдің учительлік семинариясын 1917 жылы бітірген Нығмет Нұрмақов сол жылдан бастап революциялық істерге араласады да, Семейде Совдепті құрысушылардың бірі болады. Колчак үкіметі құрылғанда Нығмет абақтыға алынып, әлдекімнің кепілдігіне босанады. Содан Қарқаралы даласында жасырынып жүрген шағында Совет үкіметі келіп, оның қызметіне белсене араласа бастайды. 1919 жылдың күзінде Коммунист партиясына мүше болады. Сәкеннің сипаттауынша, революционерлігінің үстіне Нығмет онымен жандай дос. Нығмет Орынборға 1923 жылдың күзінде Заң комиссары болып келді. Мен онымен Сәкенге еріп барып, пәтерінде таныстым: ортадан төменірек, талдырмаш бойлы, аққұба өңді, бұйра шашты, көркемше кескінді, ол алғаш көргенде тұйық мінезді, аз сөйлейтін, қалжыңға шорқақ адам сияқтанғанымен жақындаса келе, мейлінше кішіпейіл, жалған сөзі жоқ, сөзінде тұрақты, ісінде тыңғылықты, шыншыл, адал коммунист екендігін байқатты; осындай адамның Совнаркомға председател болуы, менімше жаман емес сияқты ...», - деп жазғаны Нығметтанудағы алғашқы еңбектерінің бірінің қатарына қосуға болады [10; 99-100] онымен қатар жаңа экономикалық саясат жылдарындағы Қазақстандағы саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайларды көркем тілмен баяндайды. Әсіресе Голощекин билік басына келгеннен кейінгі қазақ көркем әдебиетінің қудалануына байланысты қазақ зиялыларының пікірлерін айтады. «...Е. Ярославскийдің: «Қазақ коммунистерінің арасындағы ұлтшылдық идеологияның элементі С. Сәдуақасовтан басқаларда да барға ұқсайды», - деген сөзін қазақ коммунистері ауыр алып, оның атына «біз ұлтшылдықта жоқпыз, адал коммунистерміз», - деген арыз жазды. Тарихи документтерде «Он төрттің хаты» аталып кеткен бұл арызға қол қоюшылардың қатарында Абдолла Асылбеков, Сәкен Сейфуллин, Жанайдар Садуақасов, Нығмет Нұрмақов және басқалары болған. Арызды конференция қанағаттанарлық деп тапты» [10; 17-18].

Сонымен қатар жазушы осы еңбегінде Нығмет Нұрмақовты көзімен көріп, кездескендегі сәттерді суреттеп жазуы бұл еңбектің қазақ тарихнамасында өзіндік орны бар екенін көрсетеді. Автор өз еңбегінде 1933 жылы Мәскеуде қайтыс болған ірі қоғам қайраткері С. Сәдуақасовтың қазасына қатысқан санаулы қазақ қайраткерлерінің қатарында Нығмет Нұрмақовтың да болғандығымен қатар 1932 жылғы аштық тұсындағы ақиқат жағдайды айту үшін оның Мәскеудегі қазақ басшыларымен қалай кездескендігі туралы жазылған [10; 261].

1970-1980-жж. тарихшы ғалымдар архив деректерінің негізінде еңбектер жаза бастады. Солардың қатарында А. Сармурзин, Н. Жағыпаров

болды. Олар Нығмет Нұрмақовтың қызметінің және оның өмірінің бұрын белгісіз тұстары жайлы жаңа деректік материалдарды ғылыми айналысқа енгізді. Соның негізінде ой тұжырымдарды деректермен негіздеудің нәтижесінде тұлғаны танытудың жаңа сатысы басталды деуге болады [11].

С. Бодықұлы өз еңбегінде Нығмет Нұрмақов жайлы былай дейді: «...Омбы Нығметтің таптық санасын оятып, озық ойлы көзқарасын қалыптастыруда шешуші ықпал жасады. Осында оқуда жүрген кезінде, ол жұмысшы табының өмірімен танысты, революциялық пікірдегі оқушы жастардың ықпалымен жас Нығметтің жүрегінде еңбекші халықты езушілерге – патша самодержавиесі мен жергілікті қанаушыларға деген өшпенділік сезімі пайда болды. Осы кездің өзінде ол халық бостандығы мен бақытқа жету жолдары жайында ойлана бастады. Сөйтіп, 1915 жылы мұғалімдер семинариясын бітіріп, Қарқаралы қаласына мұғалімдікке жіберілгендікке дейін-ақ Нұрмақов революциялық жолға бетбұрыс жасаған болатын. ... Партия органдарының мүлтіксіз орындайтын ... Нығмет Нұрмақов – партия тәрбиелеген, партия баулып өсірген, мыңдаған табанды күрескерлердің бірі еді». Автор Нығмет Нұрмақовты совет үкіметі орнағанға дейін-ақ революционер болған тұлға ретінде және нағыз коммунист болды деген пікірді толықтырады [12].

Н. Нұрмақовтың Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы революциялық жұмыстарға араласуы жайлы жазушы, журналист Сапарғали Ләмбеков Қарқаралы аудандық «Коммунизм таңы» газетіндегі мақаласында былай деп жазған: «Нығмет түрмеден босаған соң шетел және ішкі контрреволюция күштерінің қалдықтарын түбірімен жою мақсатын көздеп, қала ішіндегі орыс-қазақ кедейлері мен жұмысшылардан отряд құрады. Оны өзі басқарады. Желтоқсан айының ішінде Егіндібұлақ поселкесінің тоғайына келіп бекінген Дутов армиясының 300 адамнан құралған жасағын Нығмет 100 адам шамасы отрядымен қоршап алып, жойып жібереді. Бұл осы өңірдегі революцияға қарсы күштердің соңғы қалдықтарының бірі еді» [13].

С. Ләмбекұлының «Арыстар» деп аталатын романында Н. Нұрмақовтың өмірі туралы XIX-XX ғғ. тоғысындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуындағы аласапыран кезеңді әдеби тілмен жеткізе отырып, Н. Нұрмақовтың тарихи тұлғалық өмір жолын көркем тілмен баяндаған. Бұл еңбек көптеген тарихи фактілерге авторлық талдау беру арқылы тарихи оқиғаны нақты баяндауыменен де құнды болып саналады [13].

С. Ләмбекұлы аталған романнан басқа «Автономия тойында» атты мақаласында Нығмет Нұрмақовтың Қарқаралы үйездік әскери комиссариатының саяси жетекшілігіне жіберген Мұхаметқали Тәтімовпен кездескені және екеуінің арасындағы осы аймақта ақарылатын жұмыстар туралы әңгімені жазады. Кеңес үкіметінің мекемелерді жергіліктендіруге, қазақ кадрларын тәрбиелеуге көңіл бөле бастағандығы және Қарқаралыдағы бұрынғы реальное училищені педагогикалық техникумға айналдыру туралы жұмыстар жайлы баяндалады. Сонымен қатар В.И. Лениннің алдында баяндама жасап, автономия жөніндегі декретті дайындауға ат салысқан

Әлімхан Ермековтің болғандығын да айта келе, автор Н. Нұрмақовтың «Әлімхан өте зерек, бес тілде еркін сөйлейтін, терең білімді жігіт», - деген пікірін келтіреді. Қорыта айтқанда, бұл мақала Қарқаралы өңіріндегі Н. Нұрмақов және оның қасындағылардың есімімен байланысты оқиғаларға шолу жасалғандықтан танымдық-ақпараттық мәні бар мақала деп санаймыз [13].

Отандық тарихнамада 1960-1980 жж. Ұлы қазан төңкерісі ХХ ғ. басты оқиғасы болып табылады деген тезисті дәлелдеуге ереше көңіл бөлінді. Қазақстандағы Кеңес өкіметі үшін күреске белсенді қатысушылар Ресей жұмысшы табы мен В.И. Ленин жетекшілік еткен большевиктік партияның бастауымен жеңіске жетті деген пікірді тұжырымдаған. Яғни, бұл зерттеулер (1991 ж. дейін) – дәстүрлі маркстік – лениндік әдіснамаға тән тұғырнамалық және теориялық ұстанымдарға негізделіп жазылған.

1960-1980 жж. аралығында жазылған тарихнамалық мәні бар еңбектерде Н. Нұрмақовтың саяси элита ретіндегі атқарған қызметтерін мақтанышпен жазу байқалады. Сонымен қатар бұл еңбектердің Отандық тарихтағы оның тұлғалық қасиетін, алатын орнын ерекше көрсетуге ұмтылып және нығметтану ғылымын қалыптастыруда танымдық, тәжірибелік рөл атқарғаны даусыз. Алайда, бұл еңбектерде кемшіліктер де бар: олардың барлығы негізінен Н. Нұрмақовтың қызмет атқаруындағы хронологиялық кезеңдерді нақтыламаған; архивтік деректердің қолжетімсіздігінен, бұған басты себептің бірі Кеңес үкіметі жылдарында Қазақстанда архивтердегі құжаттық қорларын әлсін-әлсін «тазалау» мен аса құпиялық бақылауға алынып отырды. 1940-1970 жж. жоспарлы тазалау барысында архив қоймаларының партиялық қорларынан, «тарихи құндылығы жоқ» деген сылтаумен, Қазақстан халқының 1920-1950 жж. ауыр жағдайына куәлік ететін құжаттар алып тасталынды және отқа өртелінді. Олармен бірге партия комитеттері мен үкіметтік құрылымдар ұйымдарының жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктер туралы мәліметтер (немесе сыни пікірлер) бар құжаттар да жойылды. Мемлекеттік архив қоймаларының қорларына қатысты да осындай шаралар жүзеге асырылды. Мәселен, 1941 ж. шілде-тамыз айларында ҚазКСР-і Орталық мемлекеттік архивінде жүргізілген арнайы тексеруден кейін, республика Халық Комиссарлары Кеңесінің қорынан (№ 30 қор), 1920-1929 жж. 172 архивтік іс жойылу үшін алынды. Осылайша 1944 ж. тамызында 1929-1935 жж. 610 архив істері, 1945 ж. шілде-желтоқсанында 1929-1936 жж. қатысты 2310 архивтік іс өртелді [14; 56].

Осындай жағдайда зерттеушілердің еңбектеріндегі Нығмет Нұрмақовты «тұңғыш прокурор», «тұңғыш Әділет халық комиссары» болды деген қорытындылар жасалуы заңдылық. Сондай-ақ, саяси әрі шаруашылық науқандарға қатысуы мен рөлі турасында нақтыланбаған ақпараттар береді. Олардың бұндай еңбек жазуына Н. Нұрмақовтың атқарған саяси, мемлекеттік қызметінің дәрежесі мүмкіндік бермегені байқалады. Сондықтан олар өз еңбектерінде оны партия мен кеңес өкіметінің «тура жолынан» ауытқымай, коммунистік идеяға адал тұлға ретінде сипаттаған.

Тұлғалар туралы зерттеулерлердегі түбірлі өзгерістер 1990-жылдардың бас кезінде басталды. 1991 ж. қараша айында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі арнаулы комиссия құрды. Комиссияны атақты тарихшы Манаш Қозыбаев басқарды. Сол комиссия жұмысының барысында бұрын архивтердегі құпия құжаттардың ішінде ОГПУ–НКВД архивтері, БК(б)ПОК және Қазақстан К(б)ПОК–нің «Ерекше папкаларда» сақталған материалдарды талдап, ғылыми айналысқа шығаруға мүмкіндік туды. Комиссия жарыққа шығарған материалдар негізінде 1998 ж. «1931–1933 жылдары Қазақстанда болған күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық» деп аталатын құжаттар жинағы шықты.

Қазақ тілінде К.Н. Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» (1995), М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (1995), Т. Омарбековтың «20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» (1999), орыс тілінде Ж. Әбілғажиннің «Очерки социально – экономической истории Казахстана» (1999) атты құнды еңбектері жарық көрді. Осы еңбектерде ХХ ғ. 20–30 жж. Қазақстандағы социалистік құрылыстың қалай жүргендігі, кеңестік кезеңдегі саяси қуғын–сүргін, ұжымдастыру науқаны тұсындағы айтыс тартыс туралы нақты материалдар талданған. Сонымен қатар бұл еңбектерде жасалған сол кезеңде ел билігінде отырған қазақтың жас коммунистерінің саяси көзқарастары туралы сындарлы ой қорытындылардың және деректердің болуы Нығмет Нұрмақовтың тұлғалық болмысын тарихи тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Осы еңбектер Отандық тарихнамадағы тұлғатану бағытын зерттеуге серпін берген кешенді зерттеулер деуге болады. Бұл күрделі мәселені объективті тұрғыдан зерттеу 1997 ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жарлығымен «Жалпыұлттық келісім және саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп аталуынан кейін мол мүмкіндік берді. Сондай еңбектің қатарына М.Қ. Қозыбаев пен Қ.С. Алдажұмановтың бірлесіп жазған «Тоталитарный социализм: реальность и последствия» деген монографиясы жатады.

Жариялылық пен демократия және Қазақстан республикасының тәуелсіздік алуына байланысты қазақ тарихының ақтандақ беттерін, қалың оқырманға жеткізу, түсіндіріп беру бүгінгі зерттеушілердің парызы. Міне, осыны басшылыққа алған зерттеулердің бірі – М. Қойгелдиев және Т. Омарбеков бірлесіп жазған «Тарих тағылымы не дейді» еңбегі.

Еңбек екі үлкен тараудан тұрады. «Қазақ интеллигенциясының қатал тартқыры» деген тарауда 1925-30 жж. арасындағы қазақ өлкелік комитетінің басқарған Ф.И. Голощекиннің ұстанған саяси бағытын түсіндіру үшін III партия конференциясының материалдары негізінде талдау жасайды. Қазақстандағы Ф. Голощекиннің шығарған «қожановшылдық», «сәдуақасовшылдық» деген аңызын нақты мысалдармен жоққа шығарып деректермен дәлелдейді. Сонымен қатар ХХ ғ. 20-жж. қалыптаса бастаған тоталитарлық жүйеге қарсы күреске шыққан қазақ зиялыларының тағдыры, көрген азабы нақты деректермен зерттелген. Біздің пікірімізше осы құнды еңбекте келесі мәселе – көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын

түгел жаппай ұйымдастырудың ауыр салдары жан-жақты зерделенген. Авторлар осы ойды нақты мысалдармен көрсетіп беруге көп көңіл бөлген. Біз талдап отырған еңбекте қазақ зиялыларының сталиндік коллективтендірудің голощекиндік нұсқасын қазақ қоғамына төнген қауіп ретінде түсініп, қазақ шаруаларының мүдделерін қызу қорғағанын көрсеткен. Соның ішінде Н. Нұрмақовтың саяси элита дәрежесіндегі қызметі тұрғысынан Ф. Голощекиннің қате пікірлеріне өз ойларын білдірген сәттерін де береді: «... Бүкілроссиялық орталық атқару комитетінде Ақтөбе губерниясының Елек ауданын Орынбор губерниясына беру туралы шешім қабылданған. Осы шешімді Бюрода талқылау барысында Нұрмақов, Мыңбаев, Мендешев сияқты қайраткерлер Орталықтың Елек ауданын, тұрғындарының басым бөлігі орыстар, сондықтан да оны Орынбор губерниясына беру керек дейтін сыңаржақ шешіміне үзілді-кесілді қарсы тұрды. Қазақ Халком кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақов егер Орталық жеке аудандардың тағдырын, оның ұлттық құрамына қарай өз еркінше шеше беретін болса, онда болашақта Қазақстан Республикасының сақталып қалуы мүмкін емес деп ашық айтты» [15; 35]. Бұндай пікірлерді авторлар архив құжаттарына сүйеніп жазған.

Н. Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметіндегі ұлттық мүдделерді қорғаған ұстанымы, көзқарасы М. Қойгелдиевтің «Ұлтшылдықпен күрес науқаны» деп аталатын мақаласында 1920-30-жж. ұлтшылдықпен айыпталған бір топ қазақ қайраткерлерінің мемлекеттік саяси қызметінің «ұлтшылдығының» мәнін талдап, тың тұжырымдар жасайды. С. Қожанов, Ж. Мыңбаев, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов сынды қайраткерлердің ел үшін жанпида қызметіне ұлтшылдық рең беру ойластырылған саясат болғанын салмақтап, Н. Нұрмақовтың да айтыстар барысындағы ұлттық ұстанымынан мысалдар берген [16].

Нұрмақовтануда өлкетанушылардың еңбектерінің де маңызы зор. Мысалы, Сарыарқа өңірін зерттеп жүрген белгілі өлкетанушы Ю. Поповтың XX ғ. басындағы қалыптасып келе жатқан қазақ ұлттық буржуазиясының бірі Ақаев Хасеннің өмірін зерттеу барысында Нығмет Нұрмақов жайлы мәліметтер бергенін атауға болады [17].

Осы тұрғыдан зерттеу 1992 ж. Д. Исаханұлының «Жас алаш» газетінде «Нығмет Нұрмақұлы», 1995 ж. «Қазақ тарихы» журналында Б. Жоламанұлының «Халком Кеңесінің төрағасы», т.ғ.д. Ә. Тәкенев пен Қ. Нұрбаевтың «Кеңес өкіметінің Қазақстандағы азық-түлік саясаты» атты мақаласы, 1997 ж. осы журналда т.ғ.к. Е. Қуандықовтың «Ұлтшыл-фашистер атанған оппозиционерлер» атты мақалаларында Нығмет Нұрмақовтың қызмет жолы ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады.

Біздің пікірімізше, объективті тұрғыдан Н. Нұрмақов жайлы кешенді зерттеулер жүргізіп, көп ғылыми еңбек жазған автор Болат Жоламанұлы Қабдөшев. Ол - отандық тарихнамадағы әлі толық ғылыми тұрғыдан зерделеніп, зерттелмеген тұлғатану бағытындағы Н. Нұрмақов жайлы зерттеулердің басында тұрған ғалым.

Оның «Заң және заман» журналында бірнеше мақалалар топтамасы берілген, солардың бірі «Алғашқы асулар» деген мақаласы. Осы мақаласында автор архив құжаттарына талдау жасайды. Кеңестік Қазақ мемлекетінде заң органдарының қалыптасуы мен дамуында Нығмет Нұрмақовтың үлкен үлесі бар екенін көрсету мақсатында «жаңа экономикалық саясат» жүріп жатқан кездегі кеңес одағының саяси мәселелерге жалпы шолу бере отырып, былай дейді: «Прокуратура және сот органдарын ұйымдастыру барысында Н. Нұрмақов, әсіресе қазақ жастарының прокурорлық әрі сот жұмысына тартылуына ерекше күш жігер жұмсады. Оқу барысында туындаған қандай да болмасын мәселелердің шешілуіне мемлекеттік маңызды шаруа ретінде көңіл бөліп отырды. 1923 ж. 8-қыркүйегінде ол Казатқомға жолдаған бір хатында: «Орынборда заң халық комиссариаты жанынан ашылған курсы бар екені Казатқомға белгілі болар. Қазір курсанттардың қысқы киімі жоқ. Олардың бәрі (көпшілігі қазақтың) кедей отбасынан, киім алуға жағдайлары жоқ. Қалыптасқан бұл қиындық олардың оқуды әрі жалғастыруына қауіп төндіруде», - деп хабарлайды. Сондықтан олардың жағдайын түзеуге ақшалай көмек беруін өтінеді» [18; 33-39]. Аталған журналдың 4-санында осы автордың «Өлкелік заң курсының ашылуы» деген мақаласы жарық көрген». Автор өз мақаласында Қазақ Республикасының заң жүйесін жаңартып, қайта құруда Нығмет Нұрмақовпен бірге басқа да қазақ азаматтарының атқарған жұмыстарын баяндай келе, Н. Нұрмақовтың оқуға келген қазақ жастарына көрсеткен қамқорлығы туралы айтылады [18; 31-36].

Сонымен қатар осы журналда Б. Қабдөшев пен С. Ибраимовтың «Летопись прокуратуры Казахстана 1920-1930 гг.» деген мақаласында Қазақстандағы прокуратура саласының қалыптасуы мен дамуындағы нақты деректер негізінде қазақ зиялыларының рөліне тоқталған [18; 9-17]. Біздің пікіріміздің дұрыс бағыты бар екендігін көрсететін осы журналдағы қазақ прокуратурасының тарихына арналған Б. Жоламанұлы мен Ш. Өтегеновтың «Қазақ республикасы прокурорларының тұңғыш мәжілісі» деген мақаласында алғаш рет заң саласында қазақ тілін қолдану туралы мәселе көтерілгендігі туралы баяндалған [18; 25-28]. Шындығында бұл тақырып бірлі жарымды мақала түрінде берілгені болмаса, отандық тарихнамада жүйелі түрде арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырылмаған.

1998 ж. Б. Қабдөшевтың з.ғ.к. М. Бейбітовпен бірге жазған «Тураби» журналында «Қазақстан Жоғарғы Сотының төрағасы», осы жылы Б. Жоламанұлының «Қазақстан заңдары» (қазіргі «Заң») журналында «Заң ісінің жанашары» деген мақалаларында Нығмет Нұрмақовтың заң саласына сіңірген еңбегіне ғылыми тұрғыдан кеңестік кездегі заң органдарының қалыптасуындағы қиындықтар мен жетістіктерде рөлі жоғары болды деген тұжырымдар жасалған. Біз талдаған мақалаларда Нығмет Нұрмақов және басқа да қазақ зиялыларының кеңестік қазақ үкіметіндегі алғашқы құқықтық органдардың қалыптасуында белсенді саяси қызметкер болғандығын

көрсетуі, бүгінгі отандық тарихнамадағы осы бір мәселені объективтік тұрғыдан жаңаша зерттеудің қажеттілігін айқындаған.

Біздің пікірімізше, осы қажеттілікті толтыруға мүмкіндік беретін оның тағы бір еңбегі Ә. Файзуллаевпен бірлесіп жазылған «Юстиция халық комиссарлары: Дерекнамалық баян» атты зерттеудің мәні жоғары. Осы аталған еңбектің 96-117 беттерінің арасында авторлар арнайы түрде Нығмет Нұрмақовтың заңтану саласында атқарған жұмысын, заң органдарындағы қызметін жан-жақты көрсеткен. Соның бірі мынау: «... Н. Нұрмақов реформа барысындағы әлі де шешімін таппаған әлі де шешімін таппаған көптеген көкейкесті мәселелерге жігі көңіл бөліп, олардың жолға қойылуына барынша күш салған. Айталық, Нығмет басшылық қызметке келген тұста комиссариат пен 8 губерниядағы (Адай уезін қосқанда) прокуратура мен сот органдарының құрамы 40 процентке ғана қамтамасыз етілген әлсіз құрылым болатын. Орта буын қызметтегілерді былай қойғанда, басшылардың арасында арнайы жоғары заң білімі барлардың өзі саусақпен санарлық еді. Мысалы, 8 губпрокурордың 1-еуі ғана жоғары білімді, 3-еуі орта, 4-еуі төменгі (2-3 жылдық мектеп) білімді ... Н. Нұрмақовтың қызметке келуімен барлық губернияларда сот және прокуратура қызметтеріне тәжірибесі бар қызметкерлер бірінші кезекте қабылданды ... » [19; 101-102]. Сондықтан да бұл жұмыс Отандық тарихтың заңтану саласын зерттеу тарихнамасындағы алғашқы құнды еңбектердің бірі бола алады.

Нұрмақовтану үрдісі 2000-жж. басында жақсы қарқынмен жүрді десе болады. Оған дәлел 2002 ж. мерзімді басылымдарда жарияланған көптеген мақалалар мен естеліктер. Осы кезеңде де аталған мәселені ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеп жүрген ғалым Б. Қабдөшевтің «Қазақ Жоғарғы трибуналы және Нұрмақов» деген мақаласы бар. Бұл мақалада Н. Нұрмақовтың заң саласындағы қызметін талдай келе, оның іскерлігі мен қабілеттілігінің арқасында жоғары қызмет лауазымына көтерілгендігін баяндайды «... 1922 жылдың 6 қазанында Орынбор қаласында Бүкілхалықтық кеңестердің III съезі ашылғаны мәлім... съездің соңында Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланған... Нұрмақовқа Қазақ Автономиялы Республикасының Жоғарғы Трибуналын басқару жүктелген-ді. Осылайша «өлкелік шеңбердегі» шенеунік деп партия тарапынан баға берілген Нығмет алғаш рет республикалық деңгейдегі қызметке көтеріледі». Автордың осы мақаласында Н. Нұрмақовтың басшылығымен Советтік Қазақстандағы заң мәселесінің большевиктер идеологиясына бейімделіп, қалыптасқандығын көрсетеді. Біздің пікірімізше, осы ғылыми мақала сирек кездесетін деректерді пайдаланғандығымен және автордың деректі талдау арқылы Нығмет Нұрмақовтың қызмет көрсетуі оны саяси элита деңгейіне жеткендігін айқындайды [20; 28-34].

2004 ж. шыққан Б. Қабдөшевтің Әділет комиссары Н. Нұрмақовтың 1923-1924 жж. қазақ тілін заң органдарында қолдануға байланысты нұсқаулары және оның әріптестері А. Бірімжанов, С. Қадырбаевпен бірлесіп атқарған жұмыстары жайлы «Қазақ тілін қаз тұрғызған» деген мақаласы

шықты. Автордың бұдан басқа Н. Нұрмақовқа қатысты «Өнеркәсіпті қалпына келтіруші» деп аталатын мақаласы жарық көрді. Аталған мақалалардың мазмұны толығымен Н. Нұрмақовтың ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жолында атқарған нақты жұмыстары, оның ішінде Ақтөбе, Бөкей, Орал губернияларында азық-түлік тапшылығын жоюға бағытталған, үкімет тарапынан қаржы бөлу, малды азық-түлікпен қамтамасыз ететін жоңышқа өсіруді кең түрде дамыту үшін нақты шаралар қабылдағандығы туралы айтылады. Осы мақалалардағы келтірілген тарихи фактілерден Н. Нұрмақовтың қазақ халқының болашағы қазақ тіліне байланысты екендігін түсінген саяси басшы болғандығымен қатар ел экономикасындағы басты мәселе ауылшаруашылығын жетілдіруге байланысты болатындығын терең түсінген, шаруашылықтың қыр сырын жақсы білетін мықты менеджер болғандығын дәлелдейді. Өйткені халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында өзекті мәселе болып күн тәртібінде тұрған еді. Бұл мақалалар Нығмет Нұрмақовтың Отандық тарихнамадағы оның өз уақытындағы шаруашылықты терең білетін, саяси тұлға ретіндегі рөлін бағалауға арнап жазылған еңбектерді толықтырады. Өйткені онда көптеген бұрын ғылыми айналысқа түспеген деректер кездеседі [20; 102-103; 105-110].

Б.Ж. Қабдөшевтің Нығмет Нұрмақовтың өмірі мен қызметі туралы ғылыми тұрғыдан ұзақ жылғы ғылыми ізденісінің нәтижесі 2005 ж. «Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1895-1937 жж.)» деген тақырыпта қорғаған ғылыми диссертациялық жұмысы деп санаймыз. Диссертацияның негізгі ұстанымдары оның авторефератында берілді.

Автор ғылыми зерттеуінің кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігін былайша негіздеген: «...Тәуелсіздік жолындағы ой-арманға, күреске толы кезеңнің бірі ХХ ғ. I ширегі болып саналады. ... 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысы, 1917 ж. дүркін сілкіністері, Ресей империясының езгісінде болған қазақ елінің де азаттық пен бостандықты баянды ету мақсатындағы ұзақ сонар күресіне ұласты... Кеңес дәуірінің алғашқы жиырма жылдығында атқарған мемлекеттік-саяси қызметімен ерекшеленетін, қазақ қайраткерлерінің арасында өзіндік ойып алар орны бар осындай тұлғалардың бірі – Нығмет Нұрмақов болып саналады. Әсіресе, оның 1922-1929 жж. аралығындағы мемлекеттік қызметі Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуының оқиғаларымен тұстасып жатыр», - деп тақырыптың өзектілігін айқындаумен қатар тақырыптың зерттелу деңгейіне және деректемелік негізін талдайды.

Диссертация жұмысы 3 тараудан тұрады. Бірінші тарауында Н. Нұрмақовтың көзқарасының қалыптасуы және алғашқы революциялық қызметі жайлы айта келіп, оның Жоғарғы Трибуналды басқарған кезіндегі және сот саласындағы қызметі жайлы баяндайды. Деректік негізде жазылған тарауда Н. Нұрмақовтың Халық Коммисарлар кеңесінің төрағасы болған кезіндегі жұмыстары және сол жылдардағы оның Қазақ Советтік экономикасы мен мәдениетінің қалыптасып дамуындағы рөлін көрсетеді.

Жұмыстың соңғы тарауында Н. Нұрмақовтың 1929-1937 жж. Мәскеуде қызмет атқарған кезінде Бүкіл Одақтық Атқару комитетінің хатшысының орынбасары және аз ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған кезіндегі ерен еңбектері туралы баяндайды. Н. Нұрмақов жөнінде архив құжаттарын жан-жақты талдау жасап, алғаш рет ғылыми айналымға енгізген. Автордың өзіндік тұжырымдамалық ой қорытып жазған еңбегі болғандықтан бұл зерттеу отандық тарихнамада нығметтануды ғылыми тұрғыдан жазудың алғашқы үлгісі деп айтуға болады. Оның еңбегі бүгінгі күнде көптеген ғылыми ізденістер мен зерттеулерге негіз болуымен де құнды. Осы ғылыми зерттеуінен кейін Б.Ж. Қабдөшев бүгінгі күні нұрмақовтануда жүйелі түрде зерттеулер жүргізіп келе жатқан ғалым ретінде танымал [21].

Б. Қабдөшев кезекті мақалаларының бірінде Н. Нұрмақов жайлы қызықты фактілерді келтіреді: «... 1936 жылы жазда Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің тұңғыш 10 күндігі өтіп жатты. Бұл шаттық пен қуанышқа толы сәттерді тамашалаған қазақ қайраткерлерінің, өнер адамдарының жаппай қуғын-сүргін қарсаңындағы соңғы бас қосуы еді. Олар тура бір жылдан соң басым көпшілігінің жау атанып, адам басына бермес азаппен жарық дүниемен қоштасатынын сезген де жоқ. Осындай ресми той-думанға Н. Нұрмақов Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің өкілі ретінде емес, бар жантәнімен ұлтын сүйетін ел азаматы ретінде жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызымен әр шаралардың бас-аяғын қалдырмай қатысумен болды. Көзі көргендердің айтуынша, Нығмет Нұрмақов алған әсері жайлы сол кезде Францияда іссапармен жүрген Левон Мирзоянға хабарлаумен болыпты. Бір жағынан, 1932-33 жылдардың нәубетінен аман қалған елдің есін жиып, өзді өзіне келе бастаған шағы. Жұртының осылайша жадырағанын көріп шүкіршілік еткен Нығмет Нұрмақов, келген қонақтардан үнемі елдің жағдайын сұраумен болыпты...», - деген естелікті келтіре отырып, Нығмет Нұрмақовтың өмір белестеріндегі қиын кезеңге тап болуы туралы автордың көзқарасын толық бергенді жөн санадық: «Сталиндік қолшоқпарларға Қазақстанда кең көлемде айыптау науқандарын ұйымдастыру үшін ірі тұлғалардың есімдері қажет болатын. Біздің пайымдауымызша, Мәскеудегі қазақ қайраткерлерінің қатарында оңтайлысының бірі Н. Нұрмақов болғандықтан оны айыптау ісі бірінші кезекке қойылды. Оңтайлысы дегеніміздің мәні мынада: біріншіден, кешегі Қазақстан үкіметін ұзақ жылдар басқарған басшы Н. Нұрмақовтың Мәскеуде билік басында отырса да, үкімет мүшелері арасында ықпалы әлі де сақталып қалды. Ендеше ел азаматтарымен терең байланысы бар Н. Нұрмақовтың басын тігу арқылы істі ұйымдастырушыларға онымен кеше ғана үкімет құрамында қызмет атқарған қазақ қайраткерлерін түгелдей байланыстырып, біріктіріп жіберуіне болатын. Екіншіден, оның Қазақстанда Халком Кеңесінің төрағасы болған жылдарындағы қызметі негізге алынды яғни өнеркәсіпті дамыту, байларды тәркілеу, жер мәселесіндегі бағыттары, көзқарасы, бір сөзбен айтсақ оның «сәдуақасовшылдығы» айыбын түрлендіруге кең мүмкіншіліктер берді. Мәскеудегі Н. Нұрмақовтың қызметіне соғып, қонақжай Зүпнүн

Ыбырайқызының дастарханынан дәм татып кететін қарапайым елдің адамдары мен басшыларға дейін үзілмейтін. Солардың қатарында Мәскеуде тұратын қазақ қайраткерлерінің басым көпшілігі соңғы келген Нығмет Нұрмақовпен тығыз байланыста болып, елдің бар жаңалығын осы жерден біліп отыратын. Ендеше Н. Нұрмақовтың ісі Мәскеулік қазақ қайраткерлерін де айыптауға оңтайлы істің болғаны ақиқат. Қазақстан Қауіпсіздік Комитетінің сұратуымен Мәскеудің Қауіпсіздік Комитетінен келіп түскен Н. Нұрмақовтың (үш томдық тергеу ісінен қысқа көшірмесі бар болғаны 29 бет) шағын тергеу ісінен қайраткердің соңғы өмірін бейнелейтін біршама маңызды мәліметтер алынды. Құжаттардың анықталғаны НКВД қызметкерлері Н. Нұрмақовты Мәскеудегі жұмысында 37 жылдың 3 маусымында тұтқындапты. Ол жайлы 19 жыл қуғын-сүргіннің азабын тартып, бергінде ғана Алматыда қайтыс болған Нығметтің жұбайы Зүпнүн Нұрмақова былайша еске алады: «Нығметті Москвада 1937 жылы ВЦИК-тегі жұмысынан ұстады. Түнгі сағат 4-те НКВД-ның төрт адамы келіп, үйдің астаң-кестеңін шығарды. Нені іздеп жүргенін қайдан білейін.. Әйтеуір ақтарып шығу олардың міндеті сияқты болатын, қорқып кеттік. Оның үстіне зобалаңның нағыз күшіне кіріп тұрған уақыты. Күніне бәленше адам ұсталыпты дейтін алыпқашпа сөз еститінбіз. Көршіміз маршал Тухачевскийді де ұстап әкетіп еді...». Сол тінтуді жүргізуші НКВД қызметкерінің бірі Низенбергтің жасаған тізімдемесі бойынша бар болғаны Нығмет Нұрмақовтың өкімет тарапынан сыйлыққа тартылған наградалары «Зауэр» винтовкасы, «Маузер» тапаншасы, аңшы мылтықтары т.б. тәркіленген. Сонымен қатар автор Нығмет Нұрмақовты айыптауға дайын тұрған қазақстандық кейбір басшылардың да пікірін келтіреді. Мысалы Ораз Исаев былай деген «... партияға кіріп алған оңшыл ұлтшыл Нұрмақовтың Мәскеу қаласында біраз жылдар қызметте отырған, Қазақстанда 1929 жылға дейін Совнаркомның бастығы болып отыратын, бір жағынан, совет үкіметінің саясаты дұрыс деген болып, Троцкийдің тыңшысы болып, солармен бірге жапон, германдардың байларына сатылмақшы болып жүргендігі көрініп, қазіргі уақытта ұсталып отыр ...», - деген [20] пікірін келтіру арқылы автор осы мақаласында Қарағанды облысында А. Асылбеков, Нұрсейітов т.б. бір топ басшыларының да сынға ұшырағандығын жазады. Автордың Бұл мақаланы және ондағы келтірілген тарихи фактілерді талдауы, XX ғасырдың 20-30 жж. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін үрдісі және Нығмет Нұрмақов туралы құнды пікірлері отандық тарихнаманың тұлғатану бағытын толықтыратын зерттеулердің қатарына қосылған маңызды еңбек.

Нұрмақовтану бағытына қосылған құнды еңбектің бірі жоғарыда аталған ғалымның Б. Құдайбергелімен бірлесіп жазған «Нығмет Нұрмақовтың мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуы» деген мақаласы. Мұнда авторлар тұлғаның өміріне байланысты архив деректері негізінде жаңа ой қортындылар жасаған [20; 72-83].

Кеңес заманында саяси көзқарасына байланысты деп айыпталып, қуғын-сүргін көрген жазушының бірі - Жайық Бектұров. Ол өз заманында

тоталитарлық жүйенің зардабына ұшыраған қазақ зиялылары жайлы көптеген зерттеулер, естеліктер, мақалалар жазған адам. Сондай зерттеулерінің бір тобын Н. Нұрмақовқа арнаған.

Н. Нұрмақовты коммунистік партияның идеясына адал қазмет атқарғандығы туралы жазушы өзінің «Көрнекті қоғам қайраткері» деген мақаласында былай дейді: «...қазақ даласында Ұлы Октябрь революциясы жүзеге асқанда оны өз өлкесінде әзірлеушілердің бірі – революция идеяларын сөзсіз қабылдаған саналы қайраткер дәрежесінде болады. ... Қарқаралыда алғашқы СОВДЕВ пен Қызыл гвардия отрядтарын ұйымдастырды. ... Патша үкіметі аяусыз қанаған кедейлерге тек большевиктер ғана бостандық әпере алады, сол себепті мен де большевиктер жолына түстім», - деп Сәкен Сейфуллинге хат жазған дей келе, автор Нығмет Нұрмақов коммунистік идеяға берік болды деген өзінің ойын былайша жалғастырады: «Коммунистік партияның ұлы көсемі Владимир Ильич Ленин қайтыс болғанда, Бүкіл Россиялық XI Советтер съезінің және СССР Советтер II съезінің делегаты ретінде Қазақстан делегациясының құрамында Нығмет Нұрмақов данышпан көсемнің қабірі басында тұрып, Қазақ автономиялық Советтік Социалистік Республикасы атынан: «дүниежүзінің барлық еңбекшілерінің және езілген ұлттар атынан сүйікті және аса қымбатты Владимир Ильич Ленинге», - деген қасиетті жазумен гүл шоғын қойғандардың бірі еді» [22]. Осы автордың қазақ зиялыларының білім алуында ерекше орын алған Омбы қаласына барып, Омбыда оқыған Шоқан Уәлихановтың кадет корпусы, Сәкен Сейфуллин мен Нығмет Нұрмақовтар білім алған Декабристтер көшесіндегі бұрынғы семинария үйіне ескерткіш тақта қойылғандығына куә болып, ол туралы мақтанышпен өз естелігінде жазған [22].

Сонымен қатар Жайық Бектұров Алаш зиялыларын ақтауға да үлкен үлес қосқан тұлға. Оның «Қазақ әдебиеті» газетіне «Ағалардың жазығы не еді?» деген мақаласында кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан қазақ зиялылары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Ораз Жандосов, Әбілқайыр Досов, Жанайдар Садуақасов, Қабылбек Сармолдаев, Нығмет Сырғабеков, Нығмет Нұрмақов сияқты қазақ элитасының жазықсыз зардап шеккендігі туралы өз пайымдауын жазады [22]. Жазушы Ж. Бектұровтың мақалалары автордың өмір сүрген заман талабына сай жазылғанымен, оның деректік маңызына ерекше көңіл аударуды қажет етеді.

Нұрмақовтануда ерекше маңызды еңбектер жазып, тұлғаны көпшілікке танытуда үлкен еңбек атқарып келе жатқан еңбек ардагері Тамара Смағұлованың рөлі жоғары деуге болады. Ізденуші және тұлғатанушы ретінде автордың «Есімін әспеттейтін кез келді», «Сәкенмен сырлас, Мәдимен мұңдас болған», «Халық бақытының күрескері» [23] деген мақалалар топтамасы жарық көрген. Бұнда авторлар былай деп көрсетеді: «Нұрмақовтың тек С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Ж. Ақбаев, Ә. Досов тәрізді тұлғалармен ғана кездесіп қана қоймаған. Әсіресе, алаш көсемі Әлихан

Бөкейхановпен жүздесуі оның өміріне айшықты ізін қалдырады. Бұндай тарихи кездесуден ол Алаш қозғалысының негізгі идеясы тәуелсіз қазақ мемлекетінің құру екенін естігені даусыз.

Нығмет Нұрмақов демократиялық ұрандарды қалың бұқара арасында таратып, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын сынай жүріп, Қазан төңкерісін қуана қарсы алды деп жазады. Бұл тұжырым тарих ғылымында Нығметтану бағытында оның Алаш зиялыларымен қандай қарым-қатынаста болғанын, жете зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Одан әрі қарай мақалада 1922 жылы ақпанда ол РКП(б) Киробкомның пленумында белгілі қоғам қайраткері Ә. Жанкелдинмен бірге президиум мүшелігіне кандидат болып сайланғаны баяндалады. Мақала авторлары Қазақстандағы алғашқы өндіріс ошақтарының бой көтеруі Н. Нұрмақов есімімен тығыз байланыста болды деп көрсете келе, оның Екібастұз, Риддер, Қарсақбай, Степняк тәрізді кен орындарын ашудағы ролін сипаттайды. Сонымен қатар Н. Нұрмақовтың мәдениет саласындағы ұйымдастырушылық қызметін де жазады [23].

Авторлардың «Сәкенмен сырлас, Мәдимен мұңдас болған» деген келесі мақаласында Н. Нұрмақовтың С. Сейфуллинмен достығын «Тар жол, тайғақ кешу» романынан үзінділермен дәлелдей отырып, қиын-қыстау кезде Мәди Бәпиұлымен кездескені, Мәдидің оған арнаған өлеңінің шығуы туралы көркем, тартымды тілмен баяндаған. Н. Нұрмақовтың өмір жолын көрсетуі, болашақта Отандық тарихнамада Нығмет Нұрмақовтың осы кезеңге арналған еңбектерді жүйелеудің бірі ретінде құнды мақала деп санаймыз [23].

Біздің пікірімізше, «Халық бақытының күрескері» атты шағын мақаланың құндылығы Н. Нұрмақовтың жанұясы, отбасы туралы толық мәліметтермен, қызықты материалдармен толықтырылып, туысқандар тарапынан қайтадан берілуінде [23].

Нұрмақовтануда аталған автордың танымдық, тәжірибелік, тәрбиелік мәні жоғары бірнеше еңбектерін ерекше атаған да дұрыс. Автордың «Пламенное сердце» деген мақаласында Н. Нұрмақовты қазақтың жас большевиктерімен бірге кеңес үкіметін Қарқаралы өңірінде орнатудағы саяси қызметінің басталуы, оның алған білімінің үлкен маңызы болғандығын баяндай келе, Н. Нұрмақовтың жалынды патриот, интернационалист ретіндегі тұлғасын жан-жақты ашып көрсеткен [23; 5].

Нұрмақовтану бағыты тағы да оның мерейтой – 125 жыл қарсаңында жаңа ізденіс еңбектерімен толықтырылып келеді. Соның бірі «Тәуелсіздік тұғырын қалап кеткен Алаш қыраны» (*Қосымшаны қараңыз*), «Дәуір құжаттары» деп аталатын, деректер мен фотосуреттер негізінде жазылған очерктерінде автор Нығмет Нұрмақовтың қызметі, дара тұлғасы, елінің бақытты болашағы үшін қанаты талмас қырандай үкімет басқарғаны, еңбек адамын қадірлегені, кеңес халқын білім мен өркениетке жеткізу жолында қажырлы еңбек атқарғандығы туралы жазады. Біздің пікірімізше, еңбектің құрылымында «Н. Нұрмақов – аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері» толық деректер негізінде қызықты, тартымды жазылған. Жұмыстың оқырманды қызықтыратын бөлімдері «Алтын бесік ән орда», «Сүйер ұлын

болса, сен сүй», «Н. Нұрмақов отбасы тартқан трагедия» және тағы басқалары, сонымен бірге осы еңбектегі фотосуреттер, естеліктер. Еңбек автордың өз ой-пайымы, тұжырымы негізінде қорытындыланып, Н. Нұрмақов жайлы еңбектерді жүйелеудің бір үлгісі ретінде тарихнамада өзіндік орнын алатын туынды [23].

Т. Смағұлова «Аңыз адам» деген кітабында Нығмет Нұрмақовтың туған халқы үшін құрбан болған, жазықсыз атылған қазақ зиялыларының бірі ретінде оның өмір жолына шолу жасай отырып, автор Нығмет Нұрмақов жайлы өзінің саналы өмірінде оқыған, жинаған еңбектердің барлығына сипаттама беріп, авторлық өлеңімен оның өмір жолын поэзия тілінде беруі өте қызықты [23].

Нұрмақовтануда медицина ғылымының докторы, профессор Аман Нұрмақовтың орны ерекше. Оның «Нығмет Нұрмақов», «Мұндай адамдарды ұмытуға болмайды» [24] мақалалар топтамасын ерекше атауға болады. Автор осы мақаласында құнды деректердің бірі ретінде Н. Нұрмақовтың тікелей қолдауымен Қызылордада бірінші Қазақ театры ашылуындағы және әнші Ә. Қашаубаевтың Париж қаласында өткен әншілер жарысына қатысуындағы Н. Нұрмақовтың ерекше рөлі бар деп жазады. Сонымен қатар мақалада оның белгілі орыс композиторы А. Затаевичке қазақ әндері мен күйлерін жазуға көп жағдай жасағандығы баяндалады. Ол туралы мына деректі келтіреді «Мен Сіздің қазақ әндері мен күйлерін нотаға түсіру туралы пікіріңізді әбден қолдаймын», - деген сөздерін автордың пікірінше Халком төрағасының қазақ мәдениетінің дамуына көрсеткен қамқорлығы деп бағалайды. Н. Нұрмақовты халық есінде сақтау үшін елімізде жасалған игі шаралар туралы жазады.

Нығмет Нұрмақовтың қазақ тарихындағы орнының әлі де болса жеткіліксіз зерделеніп жатқандығы туралы ой толғай келе, автор «Мұндай адамдарды ұмытуға болмайды» деген мақала жазып, Н. Нұрмақовтың шыққан әулеті, алған тәрбиесі жайлы туысы ретінде журналистерге сұхбат береді. Н. Нұрмақовтың ұрпақтары жайлы нақты ақпараттар бере келе, мұндай адамды ұмытуға болмайды деп өзінің пікірін білдіреді. Аталған мақалалардың құндылығы Н. Нұрмақовтың бүгінде көзі тірі ең жақын туыстарының бірі ретінде нақты мәліметтері болашақ зерттеулердің негізіне алынады деп ойлаймыз.

Академик А. Нұрмақов нұрмақовтану саласында үлкен үлес қосып жүрген зерттеуші ретінде «Қажырлы қайраткер, қайсар күрескер» деген мақала жазған. Бұл зерттеуін ол Н. Нұрмақовтың туғанына 120 жылдығына арнайды. Автор ширек ғасыр осы мәселе төңірегінде құжаттар жинағанын баяндайды, сонымен қатар ол Н. Нұрмақов туралы еңбек жазған Зарқын Тайшыбай, Сапарғали Ләмбеков сияқты авторларды ерекше атап, олардың еңбектерінде Н. Нұрмақовтың өміріндегі елеулі кезеңдерінің айтылғанына ризашылығын білдіреді. Мақалада Н. Нұрмақовтың өміріне байланысты көптеген материалдың әлі де болса зерттелетіндігіне сеніп, Н. Нұрмақовқа арналған сәулетті ескерткішін орнатылса деген тілегін айтады. Автордың танымдық-ақпараттық, тәрбиелік мәні жоғары бұдан басқа да көптеген

мақалалары жарық көрген. Оларды нұрмақовтану тарихнамасын жүйелі түрде жазу барысында жинақтап, талдау болашақтың жұмысы [24; 4].

А. Нұрмақовтың танымдық маңызды мақалаларына «Тұлғалар тағдырының тоғысуы», «Қажырлы қайраткер, қайсар күрескер», «Нұрмақ отбасының тағдыры» және тағы басқалары жатады.

Автор «Тұлғалар тағдырының тоғысуы» мақаласында бүгінгі таңда тәуелсіз ел болуымыздың және тынымсыз іздестірудің арқасында Н. Нұрмақовтың жатқан жерінің табылғандығын жазады: «...Қолдағы құжаттармен тереңірек таныса келе, ел арасында көп таралмаған, тіпті, мүлдем белгісіз біраз деректерді кездестірдік. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақов жеті-сегіз жыл Мәскеуде қатар тұрғаны белгілі болатын. «Сонда олар кездесіп, әңгіме құрып жүрді ме екен. Егер ондай болса, оның дәлелі бар ма?» - деген сауал туындайтын. Қолымызға түскен деректерге жүгінсек, ондай қарым-қатынас болған сияқты. Құжат бойынша Н. Нұрмақов 1937 жылы 27 қыркүйекте Сталин мен Молотов қол қойған тізіммен (1-ші дәрежелі тізім) атылған көрінеді», - деп жазған. Сонымен қатар, автордың пікірінше, Нығмет Нұрмақов Қазақстанның экономикасының дамуында капитализмнің белгілері, рыноктық қатынастардың болатындығы жайлы жақсы білген адам деп көрсетеді. Біз талдап отырған мақаланың құнды жақтарының бірі Н. Нұрмақовтың нағыз сталиншіл-коммунист болған жоқ деген ойын нақты мысалдармен дәлелдеуге талпыныс жасай отырып, зерттеушілерге осы мәселенің төңірегіндегі пікірлерді жүйелеуге ой тастауында [24; 6].

Осы автордың нұрмақовтану мәселесіне елеулі үлес қосқан тағы бір мақаласы «Нұрмақ отбасының тағдыры» деп аталады. Бұл мақалада зерттеуші Қазақстан тарихында ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы халқымыздың басына түскен қасіреттерде құрбан болған адамдардың ұрпақтары, туған-туысқандары үшін 31 мамыр ерекше күн екенін айта келе, Н. Нұрмақов сияқты тарихи тұлғаның жанұясының да қудаланған тағдыры туралы жазады. «... 1938 жылы еш жазығы жоқ ауылдағы әкесі Нұрмақты тұтқындап, ол Қарағандыда «үштік» шешімімен атылады. ... Нұрмақ саясаттан аулақ, орта шаруалық тіршілігі бар қарапайым адам болған. Нұрмақтан үш ұл, бес қыз туады. Үлкен ұлы Нығмет көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. ... Жұбайы Зүфнүн Ыбырайқызы (Алаш алыптарының бірі Жақып Ақбаевтың немере қарындасы) өмірінің он жылы «АЛЖИР» лагерінде, бес жылы Қарағанды шахтасында жұмысшы болумен өтті. Балалары Ноян мен Тамараның бірін Пенза, екіншісін Саратов қалаларындағы балалар үйіне жібереді», - деп тарихнамадағы нығметтану бағытына құнды деректерді келтіріп, мақаласында осы жанұяның күнделікті өмір тарихын жазған [24; 4].

Нығмет Нұрмақовтың жақын туыстары Т. Смағұлова және А. Нұрмақовтың ұзақ жылдарғы ізденістері негізінде жазылған туындыларының отандық тарихнамада деректемелік-тарихнамалық маңызы бар деп есептейміз.

Жоғарыда аталған барлық авторлар еңбектері нұрмақовтануда елеулі үлес қосқан және болашақ зерттеулердің бағыттарын айқындауға мүмкіндік беретін зерттеулер осы тарихнаманың негізгі өзегі болды.

Бұдан әрі қарай осы монографиядағы тарихнамалық талдауға алынған зерттеулерді біз хронологиялық принцип бойынша бергенді дұрыс деп санадық.

XX ғ. 90-шы жж. отандық тұлғатану бағытында Алаш зиялыларымен қатар Нығмет Нұрмақов туралы көптеген авторлардың мақалалары жарық көрді. Соның бірі «Ақиқат» журналына жарық көрген «Сот алдындағы жауаптылар» атты мақала. Мұнда автор жазықсыз қайраткерлерге жалған жала жабу, күнделікті әлеуметтік және саяси-шаруашылық науқандарда орын алған кемшіліктерді «қаскүнемдік», «зиянкестік», «сатқындық», тіптен «шпиондық» деп аталған саяси процестерді көрсеткен [25; 21-27].

Нұрмақовтануда бағытына өзіндік үлесі бар мақалалар қатарында Рамазан Сағымбековтың 1990 ж. «Нығмет Нұрмақов», 1999 ж. шыққан «Туған халқының қайтпас қаһарманы» деген мақалаларын айтуға болады. Автор осы мақалаларында Нығмет Нұрмақов пен Сәкен Сейфуллиннің арасындағы достықты Сәкен Сейфуллиннің «Мұн» деген өлең жолдары арқылы береді. Нығмет Нұрмақовтың Г. Потанин, А. Седельниковпен кездескендігі туралы, Омбы семинариясында оқып, саяси күрестің қыры мен сырын және одан алған сабақтары жайлы, оның Республика Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болған жылдардағы Қазақстандағы экономикалық мәселелерді шешудегі ерен еңбегін айтып, оның Ф. Голощекинмен пікір-сайыстары туралы баяндайды. Сонымен қатар автор Н. Нұрмақовтың жанұясы жайлы нақты деректер келтіреді. Біздің пікірімізше, осы мақаладағы кейбір ой-пікірлер басқа авторлардың еңбектеріне арқау болғандығы сөзсіз [26; 12-25; 2].

Нұрмақовтану бағытында оның саяси қызметіне біржақты баға беретін тұжырымдар да бар. Ондай ойлар «Күпия кеңестер» деп талатын еңбекте кездеседі [27].

Біздің пікірімізше 2000-жылдардан бастап нұрмақовтану мәселесін жазуда екі бағыттың қалыптасқандығы анық. Біріншісі Нығмет Нұрмақов туралы ғылыми зерттеулер жүйелі түрде жазыла бастауы, екіншісі естеліктер, очерктер және мақалалардың саны арта түскені. Сонымен қатар бүгінгі Отандық тарихтың тарихнамасында жүйелі ұстанымға айналып бара жатқан үрдіс – ол тұлғалар жайлы ғылыми зерттеулердің көпшілігі олардың мерейтойларының қарсаңында көп жазылуымен ерекшеленеді.

Б. Семқұлұлының 2000 жылы жазылған «Қаламы түспей кеткен қайраткер» деген мақаласында Н. Нұрмақовтың журналистік қабілеті туралы айта келе, Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романындағы: «Сол 1917-18 жылғы ұлы дүбір, ұлы майданда Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті «Алаштың тілі» болып, ал Семей губерниясы Қарқаралы уезіндегі жалғыз Нығмет Ақмолаға «Тіршілік» газетінің басындағы, бізге хат жазып жатты», - деген пікірді келтіріп, оның өмірінің соңына дейін Советтік Қазақстанның

1920-1930 жж. өмірінің барлық салаларынан мақала жазғандығын айтады [28; 5].

Қазақстан тарихында тұлғаларды зерттеу әлі де «ақтандақ» беттердің бірі болып келеді. Осы мәселені толықтыруға мүмкіндік беретін еңбектің бірі тарихшы ғалым Т. Омарбековтың «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» [29] деп аталатын ғылыми зерттеуі нұрмақовтануда құнды жұмыстардың бірі деп санаймыз. Осы еңбектің Қазақстандағы жаппай кеңестендіру және Кіші қазан, сауатсыздықты жою және қазақтандыру науқандарының «астарлары», саяси «ауытқушылыққа» айыптау науқандары деп аталатын тарауларында Нығмет Нұрмақовтың тұлғалық болмысын көрсететін фактілерді келтіреді. Автордың келтірген деректерінен Н. Нұрмақовтың саяси элита дәрежесіндегі қызметін көруге болады.

Ф.И. Голощекинге қарсы оппозицияны құраған С. Қожанов, С. Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев, тағы басқалардың қатарына Н. Нұрмақовты да қояды. Сонымен қатар ол өзінің осы еңбегінде XX ғ. Қазақстан тарихының қайшылықты кезеңдеріне кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген төтенше саяси-шаруашылық науқандарға мұрағат деректері мен құжаттары негізінде талдау жасап, тәуелсіз Қазақстан тарихының бүгінгі талаптарына сәйкес әділетті ғылыми баға береді [29].

Жоғарыда аталған автордың «Қасірет хаттары» деп аталатын мақаласында Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовтың тәркілеу кезінде жіберген қателіктерді дер кезінде тоқтату жөніндегі ұсыныстары жайлы деректерді келтіріп, автор Н. Нұрмақовты кәмпеске кезіндегі болған айыптаулардан ақтайды [29; 46-49].

Осы автордың «Голощекиннің төңірегі: ол туралы не білеміз?» деген мақаласында Ф. Голощекиннің айналасындағы адамдардың қызметіндегі кейбір кемшіліктердің Нығмет Нұрмақовқа да әсері болғандығын көрсететін мысалдар келтіріп, Н. Нұрмақов, Т. Рысқұлов тағы басқаларын таза айыптаудан сақтандырады [29; 26-30].

XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының большевиктер партиясының идеологиясына сеніп, Қазақстанда кеңес өкіметін орнатуда, қоғамдық саяси өмірге белсене қатысып, ақырында қасірет шеккен тарихына, тарихнамасына ұлттық көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер бүгінде жарық көре бастады. Осы бағыттағы жазылған кешенді еңбектің бірі Д. Махаттың «Қазақ зиялыларының қасіреті» деп аталатын монографиясында зерттеушілерді қызықтыратын мынандай тараулар бар: «Қазақстандағы «ұлтшылдыққа» және тағы басқашылдықтарға қарсы күрес», «Қазақстандағы «оңшылдықты» айыптау: дәстүрлі шаруашылықты қорғауға байланысты айтыстар». Онда автор «ұлтшылдыққа», «жікшілдікке» айыптау науқандарының мәні мен шындығын жан-жақты ашып көрсеткен. Еңбектің «Сәдуақасовшылдықты қудалау» деген бөлімінде Ф. Голощекиннің қазақтың зиялыларын ұлтшылдыққа айыптау бағытына қарсы шыққандардың қатарында Н. Нұрмақовтың да есімі аталады. Сонымен бірге Н. Нұрмақовтың С. Сәдуақасовты айыптауға қарсы пікірін келтіреді. Автордың осы еңбегінде Ф.

Голощекиннің «... сәдуақасовшылдық» ағым. Аналардан қауіптірек, зияндырақ...», - деген сөзінен қорықпай, Н. Нұрмақовтың қарсы болғандығын келтіруінен біз оның саяси тұлға ретіндегі қызметін көреміз. Бұл еңбектің тағы бір құндылығы Н. Нұрмақовқа қазақ зиялыларының 1920-жж. қызметіне біржақты баға беруге қарсы шыққан алғашқы большевик қазақ екендігін көрсетуінде. Сондай-ақ коммунистік партияның қазақтарды жерге орналастыру, жұтқа тап болған қазақ шаруашылығына көмек беру және байларды тәркілеудегі асығыстыққа байланысты наразылық білдіріп, Қазақстанда социалистік құрылысты «өркендетуге» арнайы жіберілген Ф. Голощекиннің ұстанымын С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев, Т. Рысқұловпен бірге Н. Нұрмақов сынды қазақ коммунистер батыл сынға алды. Алайда, «сенің саясатың бірден бір дұрыс саясат», - деп И. Сталиннің өзі дем беріп отырған қазақстандық «көсемнің» асыра сілтеу саясатын әшкерелеу оңай болмады деп қорытынды жасайды. Автордың осы еңбегі әр ұлттың тағдырында қайталанбайтын тұлғалардың болатындығына ерекше мән беріп, тәуелсіздік жолында күрескен ұлт зиялылары туралы еңбек жазудағы алғашқы кешенді зерттеу. Монографияның соңында құнды деректер қосымша ретінде берілуі және библиографиялық тізіміндегі әдебиеттердің талдануы еңбектің құндылығын арттырады [30].

Е. Қуандықовтың Қазақстанның жерлерін Ресей құрамына берілуге қатысты Нығмет Нұрмақовтың көзқарасын сипаттап жазған мақаласының бірі «Жер тәуелсіздік кепілі» [31; 31].

Н. Нұрмақов өмірі мен қызметі жайлы жалпы сипатта жазылған мақалалар қатарына Т. Елеусізұлы, С. Жанысбай, Д. Баязитовтардың еңбектері кіреді [32].

Қазақстанда кеңестік қызметте жұмыс істеген ұлттық кадрлардың қалыптасуы жөнінде еңбектер жазылды. Оған осы монография авторларының бірі Л. Шотбакованың еңбегі жатады. Осында автор ХХ ғ. 20-30 жж. саяси жағдайға байланысты көптеген қазақ зиялыларының саяси көзқарасының қалыптасуы және кеңес үкіметін орнату жолындағы олардың қызметі туралы баяндай келе, Н. Нұрмақов жайлы да ой-пікір білдіреді [33; 67-73].

2004 ж. жарық көрген «Қазақстанның Халық Коммисарлары 1920-1946 жж. өмірбаяндық анықтама» деп аталатын кітапта, осы жылдардағы үкімет пен Халық Коммисариатының барлық басшыларының саяси көзқарастарына, қызметіндегі биіктеу мен құлдырауын көрсететін деректер негізінде республиканы басқарған басшы тұлғаларға анықтамалық сипат беретін тұңғыш еңбек. Кеңестік замандағы элиталардың отандық, саяси, басқару тарихының қалыптасуына зерттеушілердің көңіл бөле бастағандығы туралы айтылады. Бұл еңбек екі бөлімнен тұрады. Біздің зерттеп отырған проблемамызға сәйкес еңбектің бірінші бөлімінің маңызы ерекше. Мұнда Халық Коммисарлары кеңесінің қолында үкімет билігінің шоғырланғандары және оның басқару органдары туралы, яғни органның құрылуы, қайта ұйымдастырылуы, таратылуы немесе қайта өзгертілуі, басшылардың тегі, олардың қызметке тағайындалуы және қызметтен босатылуы туралы

қысқаша мәліметтер беріледі. Кітапқа 402 өмірбаяндық анықтама енгізілген. Оның ішінде Нығмет Нұрмақовтың да өмірі мен қызметіне қысқаша шолу жасалған. Біздің пікірімізше бұл еңбек алғаш рет Қазақстан Үкіметі мен халық Комиссариаты басшыларының өмірбаяндары мен Қазақ КСР басқару органдарының құрылымымен танысуға архивтік деректер негізінде танысуға мүмкіндік беретін құнды еңбек. Отандық тарихта тұлғалардың өз орнын көрсету проблемасы өзекті мәселелердің бірі болып отырған жағдайда, тарих жеке тұлғалардан құралатындығын анықтау үшін осы еңбектегі ақпараттық материалдар мүмкіндік береді [34; 328-329].

А. Кәкеннің «Қазақтың Сәкені» деп аталатын еңбегі белгілі мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығының кейбір беймәлім тұстары архив деректері негізінде жазылған. Осында 1928 ж. С.Қожановтың ұсынысы бойынша құрылған ұлтшылдық ұйымға кіріпті-мыс деген азаматтармен бірге Нығмет Нұрмақовтың да есімі аталған. Бұдан ұлтшылдық ұйымға оның кіргендігі туралы мәселе қаншалықты рас екендігі толық зерттелмеген, яғни отандық тарихнамада құқыққа байланысты Нығмет Нұрмақовқа қарсы қозғалған қылмыстық істерді зерттеп жазған еңбектерді жүйелеу мәселесі күн тәртібінде тұр [35; 156-158].

2005 ж. «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған Р. Қаппасованың «Қалыптасу жылдары» деп аталатын мақаласында Н. Нұрмақовтың өмір жолы туралы белгілі материалдар шолу ретінде берілген. Автор «Мәдениет дүниесінен шеткері, халқының 95 пайызы қазақ, кішкене қала — Қарқаралы ол кезде патша төрелерінің уысында еді», - деген ағарту ісімен шұғылданып жүрген Нығмет Нұрмақовтың ойын 1917 жылғы төңкеріс өзгертіп жіберді және сол жылдың күзінде Нығмет Нұрмақов «Дала одағы» деген атпен құрылған еңбекші кеңесіне басшылық жасайды деген ой түйіндерін жазады [36; 6].

Отандық тарихнамадағы нұрмақовтану бағытын толықтыруда әрбір жекеленген ірілі-ұсақты мақалалардың да мәні бар. Өйткені оларда жаңа бір ой-тұжырымға себеп болатын пікірлер жиі кездеседі. Соның бірі Т. Шмидттің «Жағалаудағы үй» мақаласы. Осы мақалада жазылған материалдар нығметтануда жаңа бір деректер ретінде қызықты. Мақалада мынандай ақпараттар бар: «Мәскеу қаласы Серофимович көшесіндегі №2 үй 1928-1932 жылдары КСРО ХКК Қаулысымен архитектор Б. Иофанның жобасы бойынша тұрғызылған. Ол 20-жж. әр түрлі «Кеңестер үйлерінде» (мәскеулік қонақ үйлер, Кремль ғимараттарында және т.б.) тұрған кеңестік зиялылар үшін салынды. Үйдің ресми атауы - «ЦИК пен ХКК-нің I Кеңестер үйі» болды. Кейін ол екінші, одан қайтадан бірінші болып, ЦИК басқармасынан Халық комиссарлары Кеңесіне өтті, ал ел ішінде ол Үкімет үйі аталатын. Қазір оны «Жағалаудағы үй» деп атайды. ... Бұл үйге партия ОҚ Халық комитеттері және олардың орынбасарлары, кеңестік атакты әскери басшылар, Коминтерн, Прокуратура қызметкерлері, ЦИК пен ВЦИК Президиумдарының мүшелері, сондай-ақ, қарт большевиктер 1931 жылдан бастап қоныстана бастады. Осы үйдің атакты тұрғындарының бірі - ВЦИК

Президиумының мүшесі, ВЦИК Президиумы секретариатының меңгерушісі, ВЦИК Президиумы Ұлттар бөлімінің меңгерушісі Нығмет Нұрмақов болатын. 1998 жылдан өлкетану мұражайы... Бүгінгі күні мұражай қызметкерлері үйдің тарихы мен тұрғындары туралы үлкен қор жинаған. Олар көптеген кездесулер, көрмелер, экскурсиялар өткізіп тұрады. Мұражайда Ресей Федерациясының Орталық мұрағат анықтамалары негізінде жасалған Естеліктер Кітабы бар. Онда ең жоғарғы жазаға кесілген үй тұрғындарының есімдері жазылған. Сол тізімде Нығмет Нұрмақов және оның жанұясы да бар. 2003 жылдың соңына дейін мұражайға ол кісі туралы тек Орталық барлау қызметі анықтамасының деректері белгілі болған. Содан кейін Мемориал мұрағатынан Н. Нұрмақов қамалғаннан кейін, оның отбасының үйден шығарылғаны туралы деректер табылған» [37; 9].

2000 жж. отандық тарихнаманың тұлғатану бағытында көбіне Алаш қозғалысындағы Алаш зиялыларының тарихи рөліне арналған мақалалар, монографиялар, құжаттар көп шыға бастады. Алайда, Кеңес үкіметіне қызмет атқарған Нығмет Нұрмақов жайлы кешенді зерттеулер емес, көптеген мақалалар шыққан. Солардың бірі Жұмабек Ашуұлының мақаласы «Қайраткер» деп аталады. Автор осы мақаласында XX ғ. басында әлем елдерінде революциялық, демократиялық құбылыстардың қалыптасу себебінен қоғамдық өмір аренасына қазақ жастары арасынан прогрессивті көзқарасты тұлғалар шыға бастады. Солардың бірі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов болды дей келе, автор Қарқаралыдағы Н. Нұрмақов оқыған училищені қазақтың белгілі ағартушысы Ахмет Байтұрсынов басқарған болатын деп жазуы бүгінгі тарихнамадағы Н. Нұрмақовтың демократиялық көзқарасының қалыптасуына өз кезегінде А. Байтұрсынов сияқты тұлғалардың да ықпалы болғандығын зерттеу керектігіне көңіл аудартады. Автор кейінгі табылған мұрағат құжаттарында Н. Нұрмақовқа тағылған айыптардың ойдан шығарылған деп, Академик Қ.И. Сәтбаевтың 1956 ж. Н. Нұрмақов туралы пікірін келтіреді: «Мен Н. Нұрмақовпен 1926-1928 жж. аралығында жұмыс бабымен кездесіп жүрдім. Ол кісі туралы менде ақылды, іскер адам деген пікір туды. Әңгімелер барысында оның ұлтшыл және үкіметке қарсы бағытталған сөздерін естігенім жоқ». Мақалада белгілі тарихи деректер негізінде Н. Нұрмақовтың отбасы жайлы мәліметтер айтылады. Сонымен қатар осы мақаладағы Алаш зиялыларының ірі тұлғаларының есімдерінің аталуы, біздің пікірімізше тарихшыларға Н. Нұрмақов таза коммунистік идеяны толығымен жақтады ма, әлде Алаш идеясын да қолдаған тұлға болды ма деген мәселені зерттеуге ой тастайды [38; 12].

2000-жж. басында Нығмет Нұрмақовтың өмір сүрген кезіндегі Қазақстандағы қуғын-сүргін мәселесіне көптеген ғылыми мақалалар арналған. Сондай мақалалардың бірі тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылым академиясының академигі Тілеу Көлбаевтың архив құжаттарының негізінде жазылған мақаласының маңызы ерекше. Онда автор былай деп көрсетеді: «1937 жылы

қазақ интеллигенциясын тұтқынға алу, Ақмола аудандық партия комитеттінің бірінші секретарі Мансұр Ғатауллиннен басталады. Ол 1937 жылы мамыр айының басында қамалды. Мамыр айының соңында Кисловодскіде демалып жатқан жерінен Тұрар Рысқұлов тұтқындалса, маусым айында Мәскеуде Нығмет Нұрмақов қамауға алынды. 5-маусымда Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы Абдолла Асылбеков және Қарағанды обкомының екінші хатшысы Нұрғали Нұрсейітов, 12-маусымда Қабылбек Сармолдаев, 10-шілдеді Ұзақбай Құлымбетов, 20-шілдеде Ғаббас Тоғжанов т.б.» тұтқындалғандығы туралы жаза келе автор былай дейді: «... Кейінгі әйгіленген деректерге сүйенсек, оларға тағылған айыптар негізінен төмендегідей: алдына Кеңес үкіметін құлату, КСРО-дан Қазақстанды бөліп алу, Қазақ буржуазиялық мемлекетін құру мақсатын қойған; кенеске қарсы ұлттық террористтік арандатушы және бүлдіруші, зиянкестік, оңшыл-троцкисттік контрреволюциялық жұмысына қатысқан, сол ойды жүзеге асыру үшін троцкийшілдермен оңшыл контрреволюциялық ұйыммен байланыс жасап бір блокқа кірген Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Қожанов, О. Құлымбетов басқарған орталықтың тапсырмаларын орындап отырған», - деген деректерді келтіреді. Сонымен қатар автордың осы мақаласында мынадай ақпараттар бар: «Қазақстан жазушылар одағы мүшелерінің жабық партия жиналысының хаттама материалынан. Алматы, 1937 ж. 11-13-шілде, Сәкен Сейфуллиннің сөзі: «Газеттердің көтерген сынының дұрыс екендігіне мен де қосыламын. Сынға өкпелемеу керек. Сын ілгері бастырады... Жаулармен байланыс деген ретте айтарым мынау: «Тар жол, тайғақ кешуде» жаулар кіріп кеткен себебі – бұл кітап шыққан кезде Нұрмақов, Асылбеков, Сарымолдаев ол кезде жау екені ашық болмаған еді». Бұл мақалада 1916 ж. қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі аяусыз басылып, жазаланған халық жайлы, 1918-1922 жж. «ақтар» мен «қызылдар» болып бөлінген кездегі, азамат соғысы салдарынан бүлінген шаруашылықтың нәтижесінде, аштыққа ұшыраған халық туралы, 1928 ж. ірі байларды тәркілеу кезіндегі жер аударылған халықтар туралы, 1930-1934 жж. ұжымдастыру және зорлықпен отырықшыландыру кезіндегі болған оқиғалар туралы баяндайды. Бұл мақала нығметтану мәселесінде Кеңестік замандағы саясатты саралап, талдауға мүмкіндік беретін деректердің молдығымен қызықтырады [39; 19-22].

Осы бағыттағы жұмыстардың жалғасы ретінде Дәулетәкали Асауовтың да пікірі маңызды. Ол мақаласында адам тәрбиесі жайлы ойларды түйіндей келе, Н. Нұрмақовтың отбасынан алған тәрбиесі туралы «Жақсыға қосшы болмай, елге басшы болмайсың» деген мақалдың Н. Нұрмақов өміріне тікелей қатысы бар екенін айтады. «Оның мемлекет, қоғам ісіне ерте араласуына сол кездегі өскен ортасы, көрген тәлімі, рухани ағалары мен үзеңгілес достарының ықпалы болғаны анық. Бала Нығмет 9-10-дар шамасында Хасен байдың қамқорлығымен ауыл мектебінде сауат ашқан. Одан кейін Қарқаралыдағы орыс училищесінде оқиды. Міне, осы кез оның өміріне үлкен өзгерістер әкелген. Өйткені нақ сол оқу орнының меңгерушісі

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов болған еді. Көптеген Алаш ардақтыларының саяси ой-жігерінің қалыптасуына әсері мол болған Ахаң Н. Нұрмақовқа да өз қамқорлығын аямаған», - деп жазады. Мақала авторының пікірінше бүгінгі билік басындағыларға Н. Нұрмақовтың елжандылығы жетпейді. Мақалада жалпыға белгілі ақпараттар қайталананып берілгеніне қарамастан тұлғаны тануға пайдалы ой –пікірлерде айтылады [40; 9].

Нығмет Нұрмақов Сарыарқадан шыққан мемлекеттік қызметтің биік эшелонына дейін көтерілген тұлға. Қарағандылық жазушылар, зерттеушілер оны мақтан тұтып, үнемі ол жайлы естеліктерді жинап, мақалалар жазып тұрады. Сондай маңызды ақпараттық мәні бар мақаланың бірі «Қауқарсыз қаулы, нәтижесіз шешім» деп аталады [41; 4].

Атақты тұлғатанушы ғалым Қоғабай Сәрсекеевтің аса құнды деректер негізінде жазылған методологиялық мәні жоғары біз талдап отырған мақаласында, қазақтың тарихи тұлғаларының қайда жерленгендері туралы мәселені көтере келе, Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақовтың бір күнде 1937 жылдың 27 қыркүйегінде, бір статьямен Мәскеуде атылғандығы туралы жазады. Сонымен бірге, автор, қазақтың екі саяси тұлғасының жерленген жерінің анықталғанын көрсетеді: «...жерленген жері Москва түбіндегі атақты монастырь ауданы аталатын байырғы «Дон зираты» («Донское кладбище») екен». Мақалада тоталитарлық жүйе тұсында «Тело расстрелянного никому выдаче не подлежит, предается (земле) без всяких формальностей и ритуала» деген қатаң заң болғандығы айтылған. Сонымен қатар мақалада «Мемориал» қоғамының («Звенья» баспасы) «1935-1953 жылдар аралығында атылғандар тізімі» кітабында сол заң негізінде атылып, жерленгендердің «Москва—Центр» 1-я категория» деген тізімде 111 адамның аты-жөнін толық береді. Солардың қатарында 15-ші болып Әлихан Бөкейханов, ал 76-шы болып Нығмет Нұрмақовтың есімдері анық жазылып, 27 қыркүйек күнгі атылған тұтқындардың өртелмегені, жерге көмілген екен деп жазады. Сондай-ақ мақалада автор «1935-1953 жылдар аралығындағы атылғандар» кітабындағы «Казахская ССР» деген тараудың да көп құпияны ашуға себеп болады деп көрсетеді және сол тізімде 5000-нан астам адамдардың есімдері бар деп жазады. Автордың осы мақаласы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы қалыптасқан тоталитарлық жүйенің және большевиктер партиясының саясатының халыққа алып келген орны толмас және ұмытылмас қайғы қасіретін дәлелдейтін деректердің маңызды бір тобын беруі арқылы отандық тарихнамадағы тұлғатану бағытын зерттеуге қосылған ғылыми маңызы жоғары зерттеу деп бағалаймыз. Сол себепті мақаланың атауы болашақта отандық тарихта Алаш зиялылары және Нығмет Нұрмақов деген ғылыми зерттеудің де болатындығын көрсетеді [42; 4].

Республика тәуелсіздік алып дүниежүзілік қоғамдастық таныған егеменді мемлекетке айналған шақта тәуелсіздік жолында күрескен бір топ қазақ зиялыларының өмірі мен қызметіне, шығармашылық мұраларына арнап жазылған зерттеулердің ішінде «Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы)» ұжымдық монографияны айтуға болады. Бұл еңбекте

авторлар ХХ ғ. алғашқы ширегіндегі Сарыарқа жерінен шыққан Алаштың азаматтары ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен Ә. Бөкейханов, Н. Нұрмақов, Ә. Ермеков сияқты тарихи тұлғалардың өмір жолы, саяси қызметі және олардың шығармаларындағы қазақ ұлтының мүддесі - жер мәселесі, рухани азаттық, тәуелсіздік жолындағы күрес мәселелерін зерттеген [43; 135-262]

Н. Нұрмақовтың туғанына 115 жыл толуына орай мерзімді басылымдарда көптеген ол жайлы естеліктер, мақалалар жазылды. Сондай мақаланың бірі Зарқын Тайшыбайдың танымдық ақпараттық мәні бар мақаласы деуге болады. Автордың пікірінше Н. Нұрмақовтың сөздері мен баяндамалары ғылыми тұрғыдан мықты, дәлел-айғақтары нақты болған, дей келе автор былай дейді «... бәлкім, Голощекин өшіремін десе де, өсіп кеткені сондықтан шығар. Абай айтқандай, «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», демекші, Нығмет Нұрмақовтың еңбегін Казкрайком бюросының күн тәртібінде қаралған «Орынбор губерниясын Ресей федерациясына беру туралы» мәселеге байланысты айтқан сөзін келтіріп талдайды. Қайран, Нұрмақов! «Біз» дегенде тек сол залда отырғандардың ғана емес, қазақ халқының атынан сөйлеп тұрғанын ол білді. Жаңылып айтқан жоқ: «Біз қарсымыз!» деп тіреп тұрып айтты. Бұл қарсылығының өзіне оқ болып тиетінін де білді, бүгін болмаса, ертең қызметтен алып тастайтынын да білді. Бірақ, тайсалған жоқ...», - деген қорытынды жасай келе, автор өз ойын былайша жинақтаған «... Нығметтер, бұл саясаттың түп-тамыры Сталин қалыптастырған жүйеде жатқанын білмеді деуге бола ма? Білген. Демек, сол жүйеге, партияның сырттай ізгілікті көрінген, іші мерез мақсаттарына жету жолдарына қарсы шыққан. Социалистік қоғам құрудың ауыртпалықсыз өтуін, қоғамның табиғи даму жолын жақтаған қайраткерлердің бірегейі, сөз жоқ, біз айтып отырған - Нығмет Нұрмақов болатын». Ғалым өзінің мақаласын Алматыдағы Саясаттану және басқару институты партия архивінің деректері (қазір ол архив ҚР ПА деп аталады - авторлар) негізінде жазғанын айтады. Біздің пікірімізше мақалада тұлғалардың ұлтына адал қызмет жасаған мысалдарды автор дұрыс талдаған. Автордың көзқарасында бүгінгі Тәуелсіздіктің тұғырын берік сақтауда Н. Нұрмақов тәрізді тұлғалардың болуы өте маңызды деп көрсетеді [44; 5].

Отандық гуманитарлық ғылымда тұлғатану үрдісі қарқынды жүріп жатыр. Осы салада тарихи журналдарда жарияланған мақалалардан гөрі, әдеби-публицистикалық мақалалардың үлесі басым. Біздің пікірімізше осы салада әдебиетшілер мен журналисттердің шығармашылық қызметі бірінші қатарда тұр деп ойлаймыз. Олардың мақалаларында Н. Нұрмақовтың журналист, публицист, өнерге жаны ашыған оқу-білім саласында көп қызмет жасаған тұлға ретіндегі рөлі жан-жақты баяндалады. Солардың қатарында 2011-2013 жж. мерзімді басылымдарда жарық көрген Сарбас Ақтаевтың «Қаламы қанатты қайраткер» деген мақаласында Н. Нұрмақовтың «Қызыл Қазақстан» журналына редакторы болған кезінде, кенестік жаңа өмірдің әрбір саласына арналған мақалаларын оқығанда оның тілінің құнарлылығына, ойының кемелдігін жоғары бағалап жазған [45].

Мерзімді басылымдарда бүгінде Н. Нұрмақовқа арналған зерттеулер мен қатар жас ұрпақты тұлғалардың тағылымынан сабақ ала отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстары да жүріп жатқандығы жайлы баяндайтын Назипа Асқардың «Мұндай адам бір ғасырда бір туар» атты мақаласының маңыздылығы бар екені даусыз [46].

Тарихнамада, деректануда көркем әдебиетте жазылған ой-пікірлердің де маңыздылығына ерекше назар аударылады. Өйткені олар әдеби тілмен тарихи оқиғаларды сипаттап береді. Сондай еңбектің бірі Людмила Енисеева-Варшавскаяның «Реалии жизни Ныгмета Нурмакова» деп аталатын мақаласы да құнды деп есептейміз. Сұхбат түрінде жазылған ой-қорытындылары Нығмет Нұрмақовтың тарихи тұлғалық бейнесін ашуға мүмкіндік береді [47; 60-75].

Кенестік Қазақстанның қалыптасып, даму жылдарында Нығмет Нұрмақовтың қазақ өнерінің жанашыры болғандығы туралы мәселелерде бүгінгі күні гуманитарлық ғылымда зерттелетін бағыттарының бірі ретінде іске асып жатыр. Осы орайда Думан Анаштың «Әміре Қашаубаевты Парижге жіберген Нығмет Нұрмақов» атты танымдық мақаласы нығметтанушыларға бағыт-бағдар көрсетуі арқылы құнды [48; 105-109].

Отандық тарих ғылымында және әдебиет саласында тұлғатану үрдісі жан-жақты зерттеліп келеді. Сондай еңбектердің бір тобы Н. Нұрмақовтың туғанына 120 жыл толуына байланысты 2015-2018 жж. жарық көрді. Мысалы, С. Сексенұлының «Қайраткер тұлға» [49], К. Искакбаевтың «Тұғыры биік тұлға» [50], С. Қасымованың «Ғұмыры тұтас тағылым», «Ақырып теңдік сұраған», «Өнер-білім бар жұрттар...» [51] атты мақалалар топтамасы жарық көріп, онда авторлар Н. Нұрмақовтың қайраткерлік тұлғасымен қоса Қазақстанда және РСФСР-дың аз ұлттарының саяси-мәдени өміріндегі атқарған ерен еңбегі туралы құжаттар негізінде тұлғаның бүгінге дейінгі әлі толық ашылмаған өмір жолдарын баяндайды.

Осындай бағытта жазылған Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің басшысы Жанагүл Тұрсынованың мақаласын айтуға болады. Автор өзінің мақаласында Қарағанды облысының архивіндегі Н. Нұрмақовқа байланысты құжаттардың маңыздылығы туралы жазады [52; 30-35].

Тарихнамадағы нұрмақовтану бағытына өзіндік елеулі үлес қосқан Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Қарағанды университетінің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы бірлесіп өткізген облыстық ғылыми-практикалық конференциясында талданған бірнеше құнды баяндамаларды айтуға болады [53].

Отандық тарихнамада тарихи тұлғатану бағытында Нығмет Нұрмақов жайлы жазылған еңбектердің біршама болуына қарамастан, кешенді ғылыми зерттеулердің әлі де болса жеткіліксіз екендігі айқындалды. Бүгінге дейінгі зерттеулер көбіне шағын мақалалар деңгейінде жарияланып келген. Нығмет Нұрмақов жайлы тарихи шындықты деректер негізінде боямасыз зерттеу күн тәртібінде тұр. Сонымен бірге нұрмақовтануда объективті ой-пікірлерді,

ғылыми тұжырымдарды жүйелеудің қажеттілігі де туындады. Бүгінге дейін архивтік деректер де өз мәнінде ғылыми айналысқа түспеген.

Отандық тарих ғылымында тұлғатану бағытындағы методологиялық мәселелері де кешенді қарастырылмағандықтан, Н. Нұрмақовты тарихи тұлға ретінде өмірбаяны, қоғамдық саяси қызметі және шығармашылық мұрасын талдау мен бағалауда әлі де болса субъективтік пікірлер көптеп кездеседі.

«Ұлы даланың ұлы есімдері» бағытында атқарылатын кешенді жұмыстардың ғылымилығын арттыруда тарихи тұлғатанудың маңыздылығы үлкен.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Бейсенбекова Н.А. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Очерктер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. - 275 б.

2 Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018. - 21 қараша.

3 Бөкейханов Ә // Қазақ. – 1915. – №90.

4 Бейсенбекова Н.А. Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі тарихи тұлғалар. Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуы мен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Алихан Бөкейхан және тәуелсіздік мұраты» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана, 2016. – Б.221-226.

5 Тогжанов Г.О. Байтурсунове и байтурсуновщине. – Алма-Ата-Москва, 1932 г.

6 Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Қайнар», 2007. - 384 б.

7 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, «Атамұра», 1999. – 296 б.

8 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі: Арыстар тұғыры. - 2 кітап.- Алматы: Ғылым. - 1998.- 280 б.

9 Лекеров А. Жалынды большевик // Советтік Қарағанды. – 1960. 21 қыркүйек; Артюхина А. / А. Артюхина, С. Көлбаев, А. Лекеров // Верный сын партии // Казахстанская правда. – 1965. - 25 сәуір.

10 Мұқанов С. Өмір мектебі. Үшінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 1970. – 472 бет

11 Сармурзин А. Верный сын казахского народа // Казахстанская правда. – 1985. - 24 сәуір; Жағыпаров Н. Халыққа қалтқысыз қызмет еткен // Қазақстан коммунисті. -1985. - 26 сәуір;

12 Бодықұлы С. Күрескер, қайраткер // Социалистік Қазақстан. – 1975. - 27 сәуір.

13 Ләмбеков С. Ардагер азамат, ірі қайраткер // Коммунизм таңы. – 1985. - 13 шілде; сонікі: Арыстар. – Астана: Елорда, 2000. - 270 б.; сонікі: Автономия тойында // Орталық Қазақстан. – 2005.

14 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. [Бес томдық]. - 4-том. - Алматы: «Атамұра», 2010. - 752 б.

15 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 б.

16 Қойгелдиев М. Ұлтшылдықпен күрес науқаны // Социалистік Қазақстан. - 1992. - 5-9 мамыр.

17 Попов Ю. Кім еді Ақайдың Хасені // Орталық Қазақстан. – 1994. - 4 тамыз; его же: Далекие бии Кувской волости: 1872 – 1916 годы // Индустриальная Караганда. – 2017. - 14 ноября.

18 Қабдөшев Б. Алғашқы асулар // Заң және заман. - 1997.- № 3. -Б.33-39; сонікі: Өлкелік заң курсының ашылуы // Заң және заман. - 1997. - №4. - Б.-31-36; сонікі: Летопись прокуратуры Казахстана 1920-1930 гг. / Б.С. Қабдөшев, С. Ибраимов // Заң және заман. – 1997. - №3. - С.9-17; сонікі: Қазақ республикасы прокурорларының тұңғыш мәжілісі / Б. Жоламанұлы, Ш. Өтегенов // Заң және заман. – 1997. - №3.- Б.25-28.

19 Файзуллаев Ә. Юстиция халық комиссарлары: Дерекнамалық баян. - Народные комиссары юстиции: Документальное повествование / Ә. Файзуллаев, Б. Қабдөшев. Пер.с казах. Г. Меирхановой. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 344 б.

20 Қабдөшев Б. Қазақ Жоғарғы трибуналы және Нұрмақов // Шежіре. Заң. – 2002. – Б.28-34.; сонікі: Қазақ тілін қаз тұрғызған // Қазақ тарихы. - № 2. – Б.100-103; сонікі: Өнеркәсіпті қалпына келтіруші // Қазақ тарихы. - №2. – Б.105-110; сонікі: Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының тұңғыш төрағасы болған Нығмет Нұрмақов қутын-сүргінге қалай ұшырады? // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2008. - №2 (49); сонікі: Нығмет Нұрмақовтың мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуы // Б. Қабдөшев, Б. Құдайбергелұлы // Отан тарихы. – 2020. - №2. – Б.72-83.

21 Қабдөшев Б.Ж. Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1895-1937 жж.). Тарих ғыл.канд.дис.автореф.:. – Алматы, 2005. - 26 б.

22 Бектұров Ж. Көрнекті қоғам қайраткері // Орталық Қазақстан. - 1985. - 15 маусым; сонікі: Омбыда орнатылған ескерткіш // Орталық Қазақстан. - 1968. - 20 қаңтар; сонікі: Бектұров Ж. Ағалардың жазығы не еді? // Қазақ әдебиеті. - 1985. - 20 қаңтар.

23 Смағұлова Т. Есімін әспеттейтін кез келді / Т. Смағұлова, Ғ. Смағұлов // Орталық Қазақстан. – 2005. - 10 қараша; сонікі: Сәкенмен сырлас, Мәдимен мұндас болған / Т. Смағұлова, Ғ. Смағұлов // Орталық Қазақстан. – 2005. - 7 маусым; сонікі: Халық бақытының күрескері / Т. Смағұлова, Ғ. Смағұлов // Орталық Қазақстан. – 2005. - 23 сәуір; сонікі: Пламенное сердце // Индустриальная Караганда. - 2015. - 11 июля. - С. 5; сонікі: Тәуелсіздік тұғырын қалап кеткен АЛАШ ҚЫРАНЫ. – Қарағанды: «Арка және К» ЖШС баспасы, 2019. – 280 б.; сонікі: Аңыз адам. – Қарағанды, «TENGRİ Ltd», 2020 ж. – 82 б.

24 Нұрмақов А. Нығмет Нұрмақов // Орталық Қазақстан. - 2002. - 29 мамыр; сонікі: Мұндай адамдарды ұмытуға болмайды // Аңыз адам. – 2005. - №13; сонікі: Нұрмақ отбасының тағдыры // Орталық Қазақстан. - 2014. - 7 маусым. – Б. 4.; сонікі: Қажырлы қайраткер, қайсар күрескер // Орталық Қазақстан. - 2014. - 27 ақпан. – Б. 4.; сонікі: Тұлғалар тағдырының тоғысуы // Орталық Қазақстан. - 2010. - 4 қыркүйек. –Б. 6

25 Игембаев А. Сот алдындағы жауаптылар // Ақиқат. - 1997. - №4. – Б.21-27.

26 Сағымбеков Р. Туған халқының қайтпас қаһарманы // Қарқаралы. - 1999. - №3, 4. – Б.12-25.; сонікі: Нығмет Нұрмақов // Орталық Қазақстан. - 1990. - 14 маусым. -Б.2.

27 Қазбек М. Құпия кеңестер / М. Қазбек, Ғ. Маймақ. – Алматы: Жалын, 1999. - 366 б.

28 Семқұлұлы Б. Қолынан қаламы түспей кеткен қайраткер // Сана. - 2000. - 11 мамыр. - Б. 5.

29 Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001, 404 б.; сонікі: Қасірет хаттары // Ақиқат. – 1995. - №5. – Б. 46-49; сонікі: Голощекиннің төңірегі: ол туралы не білеміз? // Ақиқат. – 1995. - №9. – Б.26-30

30 Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті - Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. - 304 б.

31 Қуандықов Е. Жер тәуелсіздік кепілі // Қазақ тарихы. – 2001. - № 6. – Б.31

32 Елеусізұлы Т. Тұлға және бүгінгі әулеттері // Отан сақшысы. – 2002. - 14 желтоқсан; Жанысбай С. Нығмет Нұрмақов өмірі мен қызметі // Орталық Қазақстан. – 2003. - 14 сәуір; Баязитов Д. Қазақ Автономиясының асатанасын көшірілу тарихының кейбір мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2004. - № 3.

33 Шотбакова Л.К. Формирование национальных кадров в структуре советов в Казахстане в 20-30 гг. XX века // Вестник КазНУ. – Серия история. – 2003. - №3. – С. 67-73.

34 Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық. – Алматы: Қазақ гуманитарлық – заң университетінің баспасы, 2004. - 499 б.

35 Кәкен А. Қазақтың Сәкені. – Астана: «Парасат Әлемі» баспасы, 2004. - 328 б.

36 Қаппасова Р. Қалыптасу жылдары // Орталық Қазақстан. - 2005. - 26 мамыр. – Б.6.; сонікі: Нығмет Нұрмақов өмірі - өшпес мұра // Орталық Қазақстан. - 2015. - 25 сәуір. – Б.3.

37 Шмидт Т. Жағалаудағы үй // Дала мен қала. - 2005. - 27 мамыр. - Б.9.

38 Ашуұлы Ж. Қайраткер // Дала мен қала. - 2005. - 1 сәуір. - (№13). – Б.12.

39 Көлбаев Т. «Қызыл қырғын» қасіреті // Заң. – 2005. -№5. –Б. 19-22.

40 Асауов Д. Нығмет және Өкімет билігі // Орталық Қазақстан. - 2006. - 30 мамыр. – Б.9.

41 Садырбек Ж., Майбас Т. Қауқарсыз қаулы, нәтижесіз шешім // Орталық Қазақстан. - 2008. - 17 мамыр. (№76-77). – Б.4.

42 Сәрсекеев Қ. Әлихан Бөкейханов мен Нығмет Нұрмақов // Егемен Қазақстан. - 2008. - 24 желтоқсан. – Б. 4.

43 Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - 438 б.

44 Тайшыбай З. Сүйер ұлың болса-сен сүй //Орталық Қазақстан. - 2010. - 29 мамыр. - Б.- 5.

45 Ақтаев С. Қаламы қанатты қайраткер // Ақиқат. – 2011. - №4.

46 Асқар Н. Мұндай адам бір ғасырда бір туар // Взгляд на события. - 2011. - 13 апреля.

47 Енисеева-Варшавская Л. Реалии жизни Ныгмета Нурмакова // Мысль. - 2013. - № 12. - С. 60-75.

48 Анаш Д. Әміре Қашаубаевты Парижге жіберген Нығмет Нұрмақов // Қасым журналы. – 2014. - №3. –Б.105-109.

49 Сексенұлы С. Қайраткер тұлға // Орталық Қазақстан. - 2015. - 25 мамыр. – Б. 5.

50 Қасымова С. Ғұмыры тұтас тағылым // Орталық Қазақстан. – 2015. - 28 мамыр; сонікі: Ақырып теңдік сұраған // Орталық Қазақстан. - 2015. - 14 қараша. – Б.5; сонікі: Өнер-білім бар жұрттар... // Орталық Қазақстан. - 2016. - 12 наурыз. – Б.5;

51 Искакбаев К. Тұғыры биік тұлға // Орталық Қазақстан. - 2017. - 16 мамыр. – Б.4.

52 Тұрсынова Ж. Немеркнущее имя // Мысль. – 2020. - № 6. –Б.30-35.

53 Н. Нұрмақовтың 125 жылдығына арналған «Нығмет Нұрмақов және Тәуелсіз Қазақстан» атты обл. ғыл.-практ. конф. материалдары. – Қарағанды, 2020. - 125 б.

Қорытынды

XX ғасырдың басында қазақ қоғамын реформалауға (модернизация) байланысты өзара қарсы келген екі ұстаным болған. Бірі – қазақ қоғамын реформалауды П.А. Столыпин жолымен жалғастыру. Яғни, қазақ жерінің барлық ресурстарын орыс пролетариатының мүдесіне бейімдеу, осы жолда қазақ халқын орыстандыру жолымен большевиктер идеясына бағындыру арқылы Ресей империясының негізінде көпұлтты коммунистік мемлекет құру.

Екіншісі - қазақтың оқыған зиялылары қазақ жерінің бүтіндігін, қазақ ұлтының бірегейлігін сақтап, ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудың жолын ұсынды. Осыған жету үшін білім мен ғылымға сүйеніп күрес жүргізді. Олар жердің ерекшелігіне қарай мал басын асылдандырып, ауылшаруашылығын жетілдіру маңызды деп түсінді, сондықтан қазақтың оқығандары кеңестік биліктің қазақ елін ешқандай да даярлықсыз тез арада отырықшы тұрмысқа көшіру жобасына үзілді-кесілді қарсы шықты. Осындай қарсылық көрсеткендер қатарында Нығмет Нұрмақов та болды. Алайда ұлт зиялыларының пікірлерін кеңес билігі тыңдамады. Большевиктердің қазақ халқын социалистік жолға түсіру жоспарының қателігін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Кеңестік диктатуралық режимнің салдарынан 5 миллион қазақ репрессия мен аштықтың құрбаны болып, 2 миллиондай қазақ шет ел асып кетті. Қазір 4 миллионнан астам қазақ дүние жүзінің 32 мемлекетінде тілі мен діні әртүрлі ортада өмір сүруде. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарының өзінде-ақ қазақ халқы ата мекенінің үштен бірінен айырылды. Сонымен қатар қазақ халқы рухани экспансияны бастан кешіп, өзінің дәстүрлі озық мәдениетінен де айырылды.

Большевиктер 1917-1921 жж. болған Азамат соғысын өз пайдасына дұрыс пайдалана білді. Осы кезде олар ұлттық автономиялар құруды қолдап бірқатар бұрынғы бағынышты халықтардың егемендікке қол жеткізу деген армандарын орындағандай болып қазақ зиялыларын адастырды. Шын мәнінде, бұл большевиктер партиясының саяси ойыны болды, өйткені большевиктер пролетарлық интернационализм деген теорияны пайдаланып, аз халықтармен көпұлтты Кеңес мемлекетін – РСФСР –ді құруды көздеді. Большевиктердің осындай саяси ойынының ішінде жүріп, «жақсы» өмірдің болатынына толықтай сенген Нығмет Нұрмақов қазақ Кеңес үкіметін орнату жолында ерен еңбек атқарды. Қазақ ауылында шаруашылықтың жаңа түрлерінің қалыптасып дамуы және Қазақстандағы ескі өнеркәсіп орындарын реконструкциялау жұмыстары мен жаңа құрлыстар салуда алдыңғы қатарда болды. Олар Риддер, Доссор, Қарсақпай мен Түркістан-Сібір темір жолы құрлыстары еді. Революциялық және патриоттық ұрандарды жақсы пайдаланған, Кеңес үкіметі өзін Отан қорғаушы күш және аз ұлттардың қамқоршысы ретінде көрсете білді. Осы идеологияның болашағына сенген жас қазақ коммунистері Қазақстанда жан аямай оқу-ағарту жұмыстарын

жүргізу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланды. Қазақ тілін барлық мекемелерде енгізу жұмыстарына ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар елдің территориясының тұтастығын сақтап қалу үшін Мәскеудегі билікпен талас тартысқа барды. Нығмет Нұрмақов коммунистік партияның қазақ байларын тәркілеу деген заңының орындалуына қарсы болды. Н. Нұрмақовтың саяси қызметін талдау барысында оның РКП(б)-ның X съезінде қабылданған жаңа экономикалық саясаттың стратегиялық мақсатының маңыздылығын, соның кейбір ұстанымдарының өміршеңдігін дұрыс түсінген саясаткер екені көрінді. Сондықтан Қазақстан сияқты аграрлы елдің болашақ дамуында ауқатты байлардың шаруашылығы маңызды рөл атқаратынын тани білгені анық. Алайда, коммунистердің байларды тап ретінде жоюға бағытталған саясаты іске асып жатты. Осыған байланысты шаруалардың наразылығы күшейді. Осындай экономикалық дағдарыс жағдайына қарамастан Нығмет Нұрмақов өз халқының әлеуметтік жағдайын, мәдениетін көтеруде атқарған істерін Кеңес үкіметі ұлтшылдық, сатқындық деп бағалап, оны Отанының нағыз жауы ретінде жазалады.

Коммунистік билік қазақтың ұлттық интеллигенциясы мен саяси биліктің жоғарғы сатысындағы басқарушы тобына қарсы жазалау шараларын жүргізіп, алғашқы және келесі буын, саяси элитаны, ауқатты топты (қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазияны) әлеуметтік және саяси күш ретінде жойды. Сөйтіп, большевиктер партиясы орнатқан диктатуралық-тоталитарлық билік жүйесі, социалистік идеологиясы қазақ халқын саяси элитасы - тұлғаларынан айырды және сұмдық азап әкелді.

Бүгінде кеңестік биліктің орнауының алғашқы кезеңінде тарих сахнасына шыққан қазақ зиялылары елді неге азаттыққа жеткізе алмады деген сұрақ бар. Біздің пікірімізше оның себебі:

- қазақтың оқыған зиялыларын қазақ халқы қолдауға дайын болмады;
- ақпан буржуазиялық революциясы мен қазан социалистік төңкерісі арасында тұтас ұлттық майдан құрылып үлгермеді;
- қазақ арасында большевиктік идеяны жақтайтын революцияшыл жаңа зиялылар тобы пайда болды;
- жаңа билікке келген большевиктер Ресей империясының отаршылдық саясатын жалған интернационализм деген ұранмен бүркемелеп, түрін өзгертіп, ал мазмұнын өзгертпей жалғастыруы елдің ішінде тапқа бөлінуді туғызды;
- қазақ зиялыларының революцияшыл тұтастай бір тобы 1917 ж. 5-13-желтоқсан күндері Орынбор қаласында болып өткен Жалпықазақ съезінің легитимді шешімдерін дұрыс түсіне алмады. Олар социалистік ұранның, таптық жіктелу саясатының түпкі мақсатын түсіне алмағанымен қатар, тап пен баққа таласу сияқты пендешіліктің де болғанын деректер дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, Нығмет Нұрмақов XX ғ. 20-30 жж. елдегі аласапыран жағдайында саяси басқарушы топтың қатарында болып, Кеңес үкіметін Қазақстанда орнатуда большевиктер ұстанымы дұрыс деп санады. Оны іске асыруда жүргізген әдіс – тәсілдердің көпшілігінің дұрыстығына

берік сенген. Қазақ халқының прогрессивті жолмен дамуы және территориялық тұтастығын сақтау жолында барлық күш жігерін, білімі мен тәжірибесін және қызметтегі мүмкіндігін аямаған.

Жоғарғы саяси элита, тарихи тұлға - Нығмет Нұрмақовтай батыл, білгір азаматтардың жанқиярлық еңбектерінің арқасында Кеңес үкіметі қазақ елінде орнап, салтанат құрды. Сол үкіметтің орнауына және бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің экономикалық, мәдени негізінің қалануына үлкен үлес қосқан қазақтың аяулы батыр ұлының салтанатты шеруі мен қайғы-қасіреттерін оқып білуге, тек Қазақстанның егеменді ел болумен мүмкіндік туды.

1917-1930-жж. тарихтың қайшылықты күрделі оқиғалары жас қазақ коммунистерін мемлекеттік автономия, жер мәселесінде ашық пікірлер айтып, шешуші батыл саяси қадамдар жасағаны анық. Саяси жедел өзгерістер Нығмет Нұрмақовтың көзқарасын эволюциялық тұрғыдан жетілдірді. Соның нәтижесінде ол нағыз патриот, ұлтының болашағы үшін барлық күш жігерін, бағы мен тағын жоғалтудан қорықпаған тарихи тұлғаға айналды. Осы тұжырым дау тудырмайды деп қорытынды жасауға болады. Мұндай тұжырым, әрине, болашақ зерттеулерге бағыт беретіні сөзсіз.

«Тарихты тұлғалар жасайды» деген ұстанымға сүйене отырып, «Тұлғаттану» ғылыми-зерттеу орталығының миссиясына сәйкес, отандық тарихнамадағы тұлғатану бағытын теориялық және методологиялық тұрғыдан, олардың әлемдік өркениеттегі орнын, Қазақстанның дамуына қосқан үлесін, ұлттың рухани жаңғырудағы олардың мұрасын зерделеу жалғасын табады.

Қ О С Ы М Ш А Л А Р

Buketov University

Р/с №	Аты-жөні	Атқарған қызметтері	Уақыты
1	2	3	4
1	Абылай Серғазиев	ХКК төрағасының орынбасарлары	1925 ж. ақпан – 1926 ж. қыркүйек
2	Ұзақбай Құлұмбетов		1926 ж. қыркүйек – 1935 ж. қаңтар
1	Мұхамедхафи Мырзағалиев	ХКК төрағасының орынбасарлары – Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің төрағалары	1920 ж. қазан – 1921 ж. қазан
2	Арон Вайнштейн		1922 ж. наурыз – 1923 ж. қыркүйек
1	Смағұл Сәдуақасов	ХКК төрағасының орынбасарлары – Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының төрағалары	1924 ж. қыркүйек -1925 ж. қаңтар
2	Абылай Серғазиев		1925 ж. ақпан – 1926 ж. қыркүйек
3	Ұзақбай Құлұмбетов		1926 ж. қыркүйек – 1928 ж. қаңтар
4	Александр Поволоцкий		1928 ж. наурыз-1929 ж. қазан
1	Семен Щербаков	Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасының бірінші орынбасарлары	1924 ж. қыркүйек – 1925 ж. наурыз
2	Владимир Кошербаев		наурыз-маусым 1925 ж.
3	Әлімхан Ермаков		1925 ж. тамыз-1926 ж. қаңтар
4	Евгений Полочанский		1926 ж. ақпан - 1926 ж. қараша
5	Қабылбек Сармолдаев		1928 ж. мамыр -1931 ж. қыркүйек
1	Мұхтар Саматов	Халық Шаруашылық Орталық Кеңесінің төрағалары (31.12.1923 ж. РКФСР Халық шаруашылығы жоғарғы Кеңесінің қаулысымен ҚАКСР Кәсіп бюросы негізінде құрылған)	1924 ж. ақпан- 1925 ж. ақпан
2	Ұзақбай Құлұмбетов		1925 ж. ақпан -1926 ж. қыркүйек
3	Әзімбай Лекеров		1926 ж. қыркүйек -1927 ж. мамыр
4	Қабылбек Сармолдаев		1927 ж. мамыр – 1928 ж. сәуір
1	Александр Авдеев	Жұмысшы-шаруа инспекциясы комиссариаты. Халық комиссарлары	1924 ж. ақпан – 1925 ж. қараша

1	2	3	4
2	Иван Морозов		1925 ж. қараша-1928 ж. ақпан
3	Иван Богданов		1928 ж. ақпан-1931 ж. қаңтар
1	Аспандияр Кенжин	Жұмысшы-шаруа инспекциясы комиссариаты. Халық комиссарларының орынбасарлары	1924 ж.наурыз -1924 ж. мамыр
2	Ораз Исаев		1924 ж. мамыр -1925 ж. желтоқсан
3	Төлесін Әлиев		1926 ж. ақпан-1927 ж. сәуір
4	Мұқаш Орынбаев		1927 ж. сәуір – 1929 ж. желтоқсан
1	Мұқаш Орынбаев	Ішкі істер халық комиссариаты. Халық комиссарлары	1924 ж. қаңтар -1924 ж. қараша
2	Закарья Мүкеев		1924 ж. қараша - 1925 ж. мамыр
3	Сүлеймен Есқараев		1925 ж. мамыр – 1927 ж.тамыз
1	Иван Кашерин	Ішкі істер халық комиссариаты. Халық комиссарларының орынбасарлары	1924 ж. ақпан -1924 ж. қазан
2	Василий Клокотин		1924 ж. қазан -1926 ж. сәуір
3	Петр Жолобов		1926 ж. мамыр -1927 ж.тамыз
4	Қасым Аvezов		1929 ж.тамыз – 1930 ж. қазан
1	Мұхамедхафи Мырзағалиев	Қаржы халық комиссариаты. Халық комиссарлары	1926 ж. мамыр -1930 ж. қаңтар
2	Еаенғали Қасаболатов	Қаржы халық комиссариаты. Халық комиссарларының орынбасарлары	1924 ж. ақпан -1925 ж. маусым
3	Жанайдар Сәдуақасов		1925 ж. маусым -1926 ж. желтоқсан
4	Николай Носов		1927 ж. қаңтар -1928 ж. қазан
5	Михаил Гаврилов		1928 ж. қазан -1931 ж. наурыз
1	Август Киндель	Еңбек халық комиссариаты. Халық комиссарлары	1924 ж. ақпан -1 924 ж. қараша
2	Мұхаметғали Тәтімов		1924 ж. қараша - 1928 ж. мамыр

1	2	3	4
3	Тұрсынбек Боранбаев	Еңбек халық комиссариаты. Халық комиссарлары	1928 ж. мамыр - 1931 ж. қыркүйек
1	Август Киндель	Еңбек халық комиссарларының орынбасарлары	1924 ж. қараша - 1925 ж. тамыз
2	Розенцвайг <i>(әкесі мен өзінің есімі анықталмаған)</i>		1925 ж. тамыз – 1926 ж. маусым
3	Яков Камынин		1926 ж. маусым – 1928 ж. қазан
4	Иосиф Дедеко		1928 ж. қазан – 1929 ж. наурыз
5	Иван Берестин		1929 ж. наурыз – 1929 ж. қазан
1	Әліби Жанкелдин	Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаты. Халық комиссарлары	1920 ж. шілде-1925 ж. сәуір
2	Дәрібай Хангереев		1925 ж. мамыр -1925 ж. қазан
	Әліби Жанкелдин		1925 ж. қазан-1928 ж. қыркүйек
3	Евдокия Хлыновская		1928 ж. қыркүйек - 1931 ж. наурыз
1	Нагима Арыкова	Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаты халық комиссарларының орынбасарлары	1925 ж. тамыз -1926 ж. мамыр
1	Алексей Иванчиков	Егін шаруашылығы халық комиссарлары	1926 ж. мамыр -1929 ж. қаңтар
2	Әлиасқар Әлібеков		1924 ж. қаңтар -1926 ж. қыркүйек
3	Жағыпар Султанбеков		1926 ж. қыркүйек - 1927 ж. қазан
4	Кәрім Тоқтабаев		1927 ж. желтоқсан - 1930 ж. қараша
1	Степан Карпенко	Егін шаруашылығы халық комиссариаты халық комиссарларының орынбасарлары	1923 ж. қаңтар -1926 ж. маусым
2	Лисицын <i>(аты-жөні анықталмаған)</i>		1926 ж. мауым -1926 ж. қараша
3	Алексей Кардыш		1926 ж. қараша -1927 ж. желтоқсан

1	2	3	4
4	Василий Скороспешкин		1928 ж. ақпан -1928 ж.қараша
5	Антон Авиллов		1928 ж. қараша -1933 ж. мамыр
1	Аспандияр Кенжин	Сауда халық комиссариаты халық комиссары	1924 ж. маусым -1926 ж. сәуір
1	Иван Королев	Сауда халық комиссариаты халық комиссарының орынбасарлары	1924 ж. маусым -1925 ж. ақпан
2	Пирогов (әкесінің, өзінің аты анықталмаған)		1925 ж. ақпан -1925 ж. маусым
3	Отто Крист		1925 ж. маусым -1926 ж. наурыз
1	Аспандияр Кенжин	Сауда халық комиссариатының екінші құрылуы 1926.03.-1931.01. Халық комиссарлары	1926 ж. сәуір -1928 ж. ақпан
2	Ұзақбай Құлымбетов		1928 ж. қаңтар -1930 ж. сәуір
1	Отто Крист	Сауда халық комиссариатының екінші құрылуы. Халық комиссарларының орынбасарлары	1926 ж. сәуір -1927 ж. сәуір
2	Мирасбек Төлепов		сәуір – шілде 1927 ж.
3	Дмитрий Быков-Карпович		1927 ж. шілде - 1928 ж. сәуір
4	Павел Перепелкин		1928 ж. сәуір - 1929 ж. қаңтар
5	Кәрімбай Қошмәмбетов		ақпан – мамыр 1929 ж.
6	Зайндшнур (аттары жоқ)		мамыр – шілде 1929 ж.
			1929 ж.
1	Нұғман Залиев	Ағарту халық комиссариаты халық комиссарлары	1922 ж. қазан -1924 ж. желтоқсан
2	Ілияс Темірбеков		1924 ж. желтоқсан – 1925 ж. ақпан
3	Смағұл Сәдуақасов		1925 ж. наурыз-1927 ж. наурыз
4	Кәрім Тоқтабаев		наурыз – қараша 1927 ж.
5	Ораз Жандосов		1927 ж. қараша -1929 ж. маусым
6	Нұғман Манаев		1929 ж. шілде -1930 ж. маусым

1	2	3	4
1	Ілияс Темірбеков	Ағарту халық комиссариаты халық комиссарлары орынбасарлары	1924 ж. наурыз -1924 ж. желтоқсан
2	Константин Стародубцев		1925 ж. ақпан -1926 ж. ақпан
3	Федор Кислицин		1926 ж. ақпан -1926 ж. қараша
4	Мәжит Шомбалов		1923 ж. наурыз -1928 ж. маусым
5	Казимир Стацинский		1928 ж. маусым -1931 ж. қыркүйек

Дерек: Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық / Ред. М.С. Нәрікбаев (жауапты), Л.Д. Дегітаева, Е.М. Грибанова. Құраст.: М.Х. Жақыпов, А.С. Зұлқашева, А.Н. Ипмағамбетова /жауапты/, Е.В.Чиликова. – Алматы: Қазақ гуманитарлық-заң университетінің баспасы, 2004. – Б.14-42.

Қосымша Ә

Халық Комиссарлар Кеңесі 1920 ж. 12 қазанда Қазақстан Кеңестерінің І съезі мен Қырғыз (Қазақ) ОАК-нің атқарушы және басқарушы органы ретінде құрылған. 1946 ж. 15 наурызда КазКСР Министрлер Кеңесі болып қайта құрылған.

Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағалары		
	Тегі, аты-жөні	Қызмет атқарған уақыты
1.	Радус-Зенькович Виктор Алексеевич	1920 ж. қазан - 1921 ж. қазан
2	Мырзағалиев Мұхамедхафи	1921 ж. қазан - 1922 ж. қазан
3	Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас)	1922 ж. қазан – 1924 ж. қыркүйек
4	Нұрмақов Нығмет Нұрмақұлы	1924 ж. қыркүйек - 1929 ж. сәуір
5	Исаев Ораз Жанұзақұлы	1929 ж. сәуір - 1938 ж. мамыр
6	Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлы	1938 ж. шілде - 1946 ж. наурыз
Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасарлары		
1	Мырзағалиев Мұхамедхафи	1920 ж. қазан - 1921 ж. қазан
2	Әйтиев Әбдрахман (уақытша атқарған)	1921 ж. қазан (1922 ж. наурыз)
3	Вайнштейн Арон Исакович	1922 ж. наурыз – 1923 ж. қыркүйек
4	Вельман Владимир Иванович	1923 ж. қыркүйек-1924 ж. тамыз
5	Нұрмақов Нығмет Нұрмақұлы	1924 ж. қыркүйек - 1924 ж. қараша
6	Серғазиев Абылай Серғазыұлы	1925 ж. ақпан - 1926 ж. қыркүйек
7	Құлымбетов Ұзақбай Желдербайұлы	1926 ж. қыркүйек – 1935 ж. қаңтар
8	Алиев Теймир Махмұдұлы	1935 ж. маусым - 1936 ж. тамыз
9	Сәдуақасов Жанайдар	1936 ж. тамыз – 1937 ж. сәуір
10	Есқараев Сүлеймен	1937 ж. мамыр - 1937 ж. тамыз
11	Лазерев Василий Никифорович	1937 ж. қыркүйек - 1938 ж. маусым
12	Климентьев Иван Семенович	1938 ж. шілде - 1941 ж. желтоқсан
13	Заговельев Александр Петрович	1942 ж. сәуір - 1946 ж. наурыз

Дерек: Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық / Ред. М.С. Нәрікбаев (жауапты), Л.Д. Дегітаева, Е.М. Грибанова. Құраст.: М.Х. Жақыпов, А.С. Зұлқашева, А.Н. Ипмағамбетова /жауапты/, Е.В.Чиликова. – Алматы: Қазақ гуманитарлық-заң университетінің баспасы, 2004. – Б.14-16.

ӘДІЛЕТ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ

1920 ж. 26 қыркүйектегі БОАК және РКСФР Халық Комиссарлар Декреті негізінде Қазақстан Кеңестері (Құрылтай) I съезінің қарарына сәйкес 1920 ж.қазанда құрылған. 1946 ж. наурызда КазКСР Әділет министрлігі болып қайта құрылған, 1991 ж. желтоқсанына дейін қызмет атқарған.

Халық Комиссарлары		
1	Әлібеков Ғұбайдулла Әлібекұлы	1920 ж.қазан – 1921 ж.қазан
2	Бекмұхамедов Шафкат Мұхамеджанұлы	1921 ж.қазан-1922 ж.қазан
3	Атаниязов Мырзағұл	1922 ж.қазан-1923 ж.мамыр
4	Нұрмақов Нығмет Нұрмақұлы	1923 ж. мамыр - 1924 ж.қыркүйек
5	Ералин Нұртаза Ерәліұлы	1924 ж.қыркүйек-1924 ж.қараша
6	Боранбаев Қанай	1924 ж.қараша - 1925 ж. мамыр
7	Мәмбеев Сәдуақас	1925 ж. мамыр – 1928 ж.қаңтар
8	Сәдуақасов Жанайдар	1928 ж.қаңтар -1929 ж.желтоқсан
9	Айтмағанбетов Боран	1930 ж. наурыз-1933 ж. тамыз
10	Жүсіпбеков Хамза Жүсіпбекұлы	1935 ж. қаңтар-1936 ж.ақпан
11	Ескараев Сүлеймен	1936 ж. ақпан - 1936 ж. тамыз
12	Бураев Оразғали	1936 ж. тамыз - 1937 ж. қазан
13	Шағыров Баймұхамед	1937 ж. қазан - 1939 ж. мамыр
14	Оразбаев Шашан	1939 ж. мамыр – 1943 ж.қаңтар
15	Нұрбаев Мырзақадыр	1943 ж. қаңтар – 1946 ж.наурыз

Дерек: Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық / Ред. М.С. Нәрікбаев (жауапты), Л.Д. Дегітаева, Е.М. Грибанова. Құраст.: М.Х. Жақыпов, А.С. Зұлқашева, А.Н. Ипмағамбетова /жауапты/, Е.В.Чиликова. – Алматы: Қазақ гуманитарлық-заң университетінің баспасы, 2004. – Б.14-16.

Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің
элеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент

БОЛАТ ЖОЛАМАНҰЛЫ ҚАБДӨШЕВТІҢ

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивтен
жинаған жеке қорындағы

Қ Ұ Ж А Т Т А Р

№ 1

л.20

Вып.из.прот.№20

Заседание бюро Крайкома

3 марта 1928 г.

Слушали. 5. Проект декрета об экспроприации (Комиссия тов. Нурмакова)

Постановили. 5. Декрет принять за основу.

Поручить Коммисии окончательно проработать его, на основе обмена мнениями в Бюро.

Предложено членам и кандидатам Бюро предоставить в комиссию в письменном виде свои соображения и предложения по декрету

2. Одновременно предложить в комиссию приступить к разработке инструкции и выделению статей Уголовного Законодательства против сокрытия, порчи имущества и других видов сопротивления со стороны байства проведению декрета в жизнь.

4 марта, 1928 г. Агутин.

ЦГА РК ф.30 с. п. 7, д. 33, л. 45

№ 2

совершенно секретно

Вып.из прот. №21

Засед. Бюро Крайкома ВКП(б)

7 марта 1928 г

Слушали: Проект декр. ЦИК и СНК КАССР об изъятии имущества у лиц, принадлежащих к нетрудовым элементам аула и кишлака (Комиссия тов. Нурмакова)

Постановили: 1. Принять за основу

2. Председателю в 3-х дневный срок дополнительно проработать декрет, положив в основу его следующее:

а) Обязательное выселение лиц, имущества к изъятию, из районов, где находятся их хозяйства

Исключение допускать в отдельных случаях и только в отношении тех лиц, имущества коих подлежат частично изъятию (указ.при примечании)

б) Учитывая особые условия Казахстана при определении срока проведения данного постановления в жизнь стремиться к наибольшему сокращению его.

г) Считать необходимым при культурных хозяйствах, подлежащих изъятию, организовать образцовые государственные совхозы.

Проект внести на утверждение Бюро

10 марта 1928 г.

Агутин.

№ 3

л.71

Выписка из прот. №22.

Заседание Бюро Крайкома ВКП(б)

От 12 марта 1928 г.

2. О декрете об экспроприации (тов. Голощекин)
2. Для окончательной проработки декрета создать комиссию в составе т.т.
- | | |
|-------------------|----------------|
| 1. Голощекина | 5. Каширина |
| 2. Нурмакова | 6. Тогжанова |
| 3. Садвакасова Д. | 7. Кулумбетова |
| 4. Татимова | |

Созыв за тов. Голощекиным Срок работы-один день

ЦГА РК Ф.30, оп.д, д.34, л.202.

№ 4

Окрикам

Имеются сведения зпт что некоторые округа конфискуют платье белье домашнего обихода вещи ткч предлагаем таких случаев не допускать строго руководствоваться инструкцией нр 329 (к.)

Подписал председатель совнаркома Нурмаков

30.IX.1928 года Кызылорда.

ЦГА РК. ф. 135. оп. I. д.л. 42

Отпуск.

№ 5

Барлық округкомдарға

Жергілікті жерлерде тіркелу туралы анық хабар болмағандықтан арзанға малдарын сатып тастауы жайлы мәліметтер түсуде. Сондықтан біріншіден жедел түрде тәркелінетін шаруашылықтардың тізімдерін жариялаңыздар. Екіншіден, тізімдегіден басқа ешқандай шаруашылықтың

тәркелінбейтінін сендіріңіздер. Үшіншіден, тіркелудің барысында, жер аударуда орталық нұсқауын қатаң сақтап, ешбір зорлыққа жол бермеңіздер.

Халком Н. Нурмаков

20 қыркүйек, 1928 Қ-Орда қаласы

№ 6

Письмо-телеграмма

В виду обнаруживающегося в ходе конфискации и выселения баев неправильного толкования некоторых статей декрета ЦИК и Совнаркома и инструкции к нему в целях предупреждения могущих возникнуть на этой почве недоразумений еще раз разъясняем двт кч.

Первое, чтобы определить подпадает или не подпадает данное хозяйство по количеству скота под требование примечание первого к статье первой декрета зпт нужно принять во внимание не то количество скота которое имеется в наличии к моменту конфискации хозяйства зпт а количество скота имеющееся в хозяйстве на первое января 1928 года.

Второе, лица признанные подлежащими выселению согласно примечания второго к статье первой декрета могут быть выселены только постановлением Совнаркома ткч Следовательно если имеются решения Окриков о выселении лиц не имевших в хозяйств на первое января 1928 года количество голов скота установленного примечанием первым к статье первой декрета но признанных социально опасным в силу условий перечисленных в вводной части и статье первой декрета зпт то такие решения Окриков с мотивированных ходатайством немедленно должен быть представлен на утверждение Совнаркому ткч.

Третье в ходе практического проведения выселения и конфискации могут быть обнаружены случаи ошибочного включения в списки выселяемых лиц совершенно не подпадающих под требование соответствующих статей декрета и инструкции ткч такие лица должны немедленно исключаться из списков с заменой лицами вполне их подпадающим под действие декрета зпт и без замены ткч примите все меры немедленному исправлению всех возможных при составлении списков ошибок включения в таковые действительно социально опасных действительно вредных крупных баев зпт потомков ханов султанов ткч всех изменениях в списках сообщайте телеграму ткч содержанием настоящей телеграммы ознакомьте уполномоченного 051.

Председатель СНК Нурмаков

ЦГА РК ф.135,он 1,д.1.с.117

Отпуск 28 сентября 1928 г. Кзыл Орда

Предлагаем организовать срочное выяснение по заявлениям посланным для расследования краевой комиссией местам обеспечив в ходе конфискации возможные исправления отдельных ошибок Нр 33(к

Подписал пред. СНК Нурмаков

30.IX= 28 г Кызылорда. Отпуск.

Там же. л.43.

ЦГА РК копия.135, оп.1, д.1, л.43

№ 11

Всем.....окрику

Поступающих мест материалов усматривается что Окрики комиссии проведению конфискации вопреки смыслу декрета инструкции к нему указанием краевой комиссии искусственно объединяет несколько хозяйств в одно с целью подведения действие декрета по количеству скота ткч имеются случаи когда благодаря такому подходу одной семье объединяются шестьдесят сорок пять человек что в жизни совершенно не встречается ткч считая такой подход недопустимым противоречащим всем ранее данным директивам предлагаем немедленно под личную ответственность предриков уполномоченных проверить реальные меры устраниению указанных случаев

Предсовнаркома Нурмаков

Кзылорда, октября 1928 года.

ЦГА РК Ф.135, оп.1, д.1, л.66.

№ 12

Всем.....окрику

Имеющимся сведениям командированные места лица при конфискации скота используя свое положение прибегают к использованию лучших наездных лошадей, жеребцов иноходцев кобыл доводя их до полного изнурения чем недовольное население и в частности и бедняки коим может быть предоставлен означенный скот ткч считая это недопустимым предлагаю конфискованного скота также пресечению всех действий представителей местной власти могущих вызвать недовольствие населения. НР II(к

Казсовнарком. 24 октября 1928

Кзылорда подписал Нурмаков копия или оттиск.

ЦГА РК Ф.135, оп.1, д.1, л.105.

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

И. НУРМАКОВ.

308. (584.6)

Н 902

Строительство Казакстана.

Доклад и заключительное слово на 3-й сессии
Всероссийского Центрального Исполнительного
Комитета 13-го созыва

24-26 ноября 1928 г.

Циф. часть ЦПК и СНК Каз. АССР.

Кызыл-Орда

1929.

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарканың ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - Б.375

ДОКЛАД.

Товарищи! В мою задачу входит доложить сессии ВЦИК о деятельности правительства Казахстана в области культурного и хозяйственного строительства республики.

Каждый из вас, я думаю, в достаточной мере знаком с положением казахского народа в до-революционное время, тем более, что т. Ерназаров, председатель ЦИК Казахской республики, на этой стороне останавливался особенно подробно. Я не буду отнимать у вас время повторением этой истории. Укажу только на один момент. В жалованной грамоте императрицы Анны Иоанновны о принятии киргизского народа в русское подданство было сказано так: „Служить и платить ясак, пользоваться защитой от обид и разорений как от русских подданных, так и от других неприятелей“. А в действительности казахский народ, вместо обещанной защиты от обид и разорений, терпел от царского правительства исключительно только обиды и разорения. В результате почти 200-летней колониальной политики царского правительства, в результате общей задержки развития производительных сил Казахского края, вызванной его колониальным по-

4
ложеном, — в виду еще сохранившейся старинной формы хозяйства и полуудельной культуры уровень казахского населения. Млн. в течение 8 лет правительству Казахстана пришлось работать в направлении ликвидации этого проклятого наследия, доставляющего нам от царского правительства.

Основные итоги хозяйственного и культурного строительства Казахстана.

В октябре этого года трудящиеся Казахстана отпраздновали 8 лет существования своей республики и подвели итоги хозяйственного и культурного строительства за это время, проведенное под руководством российского правительства. Каковы же эти итоги?

Начну с нашего народного хозяйства. Сельское хозяйство Казахстана — почти исключительно сельскохозяйственный край. Сельское хозяйство является основой всего нашего народного хозяйства, им занято в Казахстане почти 90% всего населения республики. Валовой продукции сельского хозяйства составляет 86% всей народно-хозяйственной продукции КАССР. Основной фонд сельского хозяйства составляет 90%

5
основных фондов всего народного хозяйства республики.

В довоенное время сельское хозяйство нашего края достигло наибольшего расцвета в 1917 году, посевная площадь равнялась 4 млн. гектаров и общее поголовье скота в составе было 22 млн. голов.

Годы империалистической и гражданской войны, в особенности жут — это специфическое стихийное бедствие скотоводческого хозяйства Казахстана, в голод 1920-21 г. разрушили народное хозяйство Казахстана. Сельское хозяйство дошло до 25—30% уровня 1917 г. Напрямер, в Семипалатинской губ., самой богатой губернии Казахстана, в 1917 г. числилось 3.300 тыс. голов скота, а в 1922 г. в этой губернии было 2.100 тыс. голов скота. В Уральской губ. в 1917 году было 3.200 тыс. голов скота, в 1922 г. — 517 тыс. голов скота. В той же Семипалатинской губ. в 1917 году было 783 тыс. гектаров посевной площади, в 1923 г. в этой губернии числилось только 369 тыс. гект. посевной площади. В Уральской губ. в 1917 г. было 470 тыс. гектаров посевной площади, в 1923 г. — 136 тыс. гектаров. Не лучше обстояло дело и в других губерниях

Казахстана. Что касается промышленности, то за это время она свелась почти на-нет.

Такое катастрофическое разрушение нашего народного хозяйства прекратилось, приблизительно, в 1923 г. С 1923-24 г. начинается постепенное восстановление всего народного хозяйства Казахстана, в частности — сельского хозяйства и скотоводства. Мы входим с сельским хозяйством, восстановленным до максимального хозяйственного уровня, и со значительными достижениями в области промышленного строительства.

— Возстановительный процесс сельского хозяйства Казахстана характеризуется следующими цифрами: посевная площадь в 1924-25 году составляла 2,260 тыс. гект., в 1925-26 г. — 3,060 гект., в 1926-27 г. — 3,500 тыс., в 1927-28 г. — 3,780 тыс. и к 1928-29 г. — 3,836 тыс., что составляет 96-97% уровня 1917 года. Гололовье скота составляло: в 1924 г. — 24,880 тыс. голов, в 1925-26 г. — 26,400 тыс., в 1926-27 г. — 29 млн., в 1927-28 г. — 37,300 тыс. и к 1928-29 г. — 41 млн. голов скота, — что составляет 105% уровня 1917 г. В 1925-26 году вся валовая продукция сельского хозяйства равнялась 400 млн. рублей, в 1926-27 г. — 463,300 тыс. рублей, в 1927-28 г. — 457,460 тыс. руб. и в 1925-29 г.

по запрокинутым контрольным цифрам на этот год составят 594 млн. руб.

У нас нет довоенных данных относительно валовой и товарной продукции сельского хозяйства Казахстана, поэтому мы не имеем возможности сопоставить наши достижения в этом отношении с довоенным положением. Валовая продукция отдельных отраслей сельского хозяйства выражается в следующих цифрах: по полководству в 1925-26 г. — 170,000 тыс. руб.; в 1926-27 г. — 212,400 тыс. руб., в 1927-28 г. — 141,700 тыс. руб. Некоторое уменьшение продукции сельского хозяйства за 1927-28 г. объясняется происшедшим в прошлом году в Казахстане неурожая. По предположенным контрольным цифрам на 1928-29 г. вся продукция по полководству выразится в 284 млн. руб. Скотоводство за те же годы: 230,950 тыс. руб., 255,877 тыс. руб., 316,200 тыс. руб. и по предположенным контрольным цифрам на этот год — 340,000 тыс. руб. Товарная продукция за те же годы, по всему сельскому хозяйству: в 1925-26 г. на 133,750 т. рублей, в 1926-27 г. на 160,600 тыс. руб., в 1927-28 г. на 155,000 тыс. р. и в 1928-29 г. по предположению контрольных цифр на 277,000 тыс. рублей. Товарная продукция по скотоводству:

в 1925-26 г. на 60,300 тыс. руб., в 1926-27 г. — 91,100 тыс. руб., в 1927-28 г. — 130,675 тыс. р. и по преобразованию контрольных цифр в 1928-29 г. — 154,150 тыс. руб. По производству в 1925-26 г. — 67,400 тыс. руб., в 1926-27 г. — 69 млн. р., в 1927-28 г. — 51,500 тыс. руб. и по предположенной контрольной цифре в 1928-29 г. — 123,660 т. рублей.

Одним изворот эти данные? Они говорят, во-первых, о том, что основная отрасль нашего хозяйства — сельское хозяйство, восстановилось довольно быстро темпами, сопоставимым к настоящему году максимального дореволюционного уровня — уровня 1917 г.


Во-вторых, эти данные говорят о том, что товарная продукция сельского хозяйства росла за эти годы быстрее валовой продукции сельского хозяйства, что свидетельствует об ускоряющемся росте товарности сельского хозяйства Казахстана. Это обстоятельство подтверждается и процентным отношением товарной продукции к валовой продукции. По всему сельскому хозяйству: в 1925-26 г. — 34,2%; в 1927-28 г. — 40% и на этот год она составит 45,6%. По производству в 1925-26 г. товарная продукция составила

на 40,4%, в 1926-27 г. — 32,5%, в 1927-28 г. — 36,2% и в 1928-29 г. — 48%. По скотоводству в 1925-26 году — 33%, в 1926-27 году — 35,6%, в 1927-28 г. — 42,9% и в 1928-29 г. — 43,7%.

В третьих, приведенные данные говорят о том, что в сельском хозяйстве Казахстана преобладающее значение имеет скотоводство. Кроме означенных мною данных, на это обстоятельство указывают и подтверждают его следующие данные: удельный вес производства и скотоводства в валовой продукции по годам выражается в следующих цифрах: — полеводство: в 1925-26 г. — 49,4%, в 1926-27 году — 45,3%, в 1927-28 году — 33%, в 1928-29 г. — 44%. Скотоводство: в 1925-26 г. — 50,6%, в 1926-27 г. — 54,7%, в 1927-28 г. — 67%, в 1928-29 г. — 56%.

Удельный вес полеводства и скотоводства в товарной продукции всего сельского хозяйства выражается в следующих цифрах: полеводство: в 1925-26 г. — 54,5%, в 1926-27 г. — 43,1%, в 1927-28 г. — 29,5%, в 1928-29 г. — 46,5%; скотоводство: в 1925-26 г. — 45,5%, в 1926-27 г. — 56,9%, в 1927-28 г. — 70,5%, в 1928-29 году — 53,5%.

Таким образом, и в валовой, и в товарной продукции сельского хозяйства первое место занимают




Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбақова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – Б.382

ЛУЧШИЕ СЕЛЬСОВЕТЫ РСФСР

ИТОГИ КОНКУРСА НА ЛУЧШЕГО
ПРЕДСЕДАТЕЛЯ СЕЛЬСОВЕТА
В КОНЦЕ 1932 г.

Под редакцией Н. НУРМАКОВА



ИЗД-ВО «ВЛАСТЬ СОВЕТОВ» ПРИ ПРЕЗИДИУМЕ ВЦИК
МОСКВА 1933

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарканың ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – Б.383

Пролетария всех стран, соединяйтесь!

Учетно-информационный отдел Президиума ВЦИК

R 110.
710.

ИЗ ПРАКТИКИ РАБОТЫ
ГОРСОВЕТОВ В ОБЛАСТИ
ПРОМЫШЛЕННОГО
ПРОИЗВОДСТВА

Под редакцией

Н. Нурмакова

Издательство „Власть Советов“ при Президиуме ВЦИК
МОСКВА 1934

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сактағанова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – Б.384

Пролетарии всех стран, соединитесь!
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ НОВОГО АЛФАВИТА ПРИ ПРЕЗИДИУМЕ ВЦИК

34-4

640

АЛФАВИТ ОКТЯБРЯ

ИТОГИ ВВЕДЕНИЯ НОВОГО
АЛФАВИТА СРЕДИ НАРОДОВ
РСФСР

СБОРНИК СТАТЕЙ

ПОД ОБЩЕЙ РЕДАКЦИЕЙ
Н. НУРМАКОВА

Г.П.Б. в Ленинг.
11, 1934 г.
Лит. № 140

МОСКВА 1934 ЛЕНИНГРАД

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – Б.385

г. Курмакова 34 КОПИЯ
Москва 90
Ч. Успенская д. 10-47

ИНСТИТУТ
МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА
при ЦК КПСС
Центральный партийный
Архив
103821 г. Москва Пушкинская ул. д. 15
тел. 292-47-91
27.11.87г. В 2654

АРХИВНАЯ СПРАВКА

По данным учетно-партийных документов Курмаков Никит Сергеевич, 1895 г. рождения, член КПСС с марта 1949 г. в 1929-1931 гг. был слушателем Курсов марксизма-ленинизма при ЦК КПСС.

ВСТАВЬ
В АРХИВ
ИЗДАНИЕ
1987

зам. зав. Центральным
архивом Института
марксизма-ленинизма
при ЦК КПСС

ПОДПИСЬ

В.В. Анисеев

Научный сотрудник

ПОДПИСЬ

Н.А. Матвеева

304187

Мусоцкова И. С.

... года Я, ... Московской
государственной нотариальной конторы, свидетелем
... достоверность его ... копии подлинных документов,
... подлинности, полноты, самостоятельности
... вносимых исправлений или каких-либо
... по существу.

2-5274

Handwritten signatures and notes, including "Мусоцкова И. С.", "Курмаков Никит Сергеевич", and "Москва 90".



Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.11, л.1

Письмо брата Ныгмета Нурмакова Курмангали
(обнаружено в архиве РК)

АПКР ф. 141, ОП. 1, Д 1129, Л. 36 (перевод)

Уважаемые Ныгмет и Зуффун

Многочисленный привет от отца, мамы, братьев и сестер и от всех бедняков поселка. Как здравствуете? Каково здоровье детей? Мы сами здоровы, в хозяйстве тоже благополучно, никакого шыгына нет. Народ тоже здравствует.

Это наше четвертое письмо, но от Вас ни одного письма не получили: не знаем благополучно ли у вас или нет.

Положение с зимой в этих краях таково: в октябре месяце были большие дожди и образовалась гололедица, в настоящее время положение неопределенное, сказать джут или не джут трудно. Пока нет сильных морозов, падежа скота тоже нет. Но у населения сена нет совсем, земля покрыта льдом, так что достаточно одного бурана, чтобы создалось для скота критическое положение; хлеба у населения также нет. Кроме этих других новостей пока нет.

Написать о Ваших **друзьях и врагах** в Каркаралинске без Вашего разрешения боюсь, не осмеливаюсь. Имеются люди, которые собирают против Вас материалы. Если разрешите потом напишем их имена. Не получая от Вас писем опасаемся, что наши письма **не попадают в Ваши руки и предполагая, что злые люди, чтобы узнать о чем переписываемся задерживают письма**, поэтому адресуем это письмо на имя Нояна.

Думаете ли приезжать в эту зиму в Семипалатинск или Каркаралинск? Если думаете сообщите когда?

В одном из давних писем Вы просили прислать Жамеля, но из-за отсутствия средств на дорогу, выполнить не можем. Будет учиться в семилетке, которая открывается в нашем поселке. Занятия начнутся 15 декабря.

Отец на охоту с беркутом уезжает на днях в «Буглы-Таглы» и в Кызыл-Тау. Я сам убил одного волка, одну лису и двух филинов. Служу в волостном кооперативе.

Больше писать не о чем. Привет всем.

Писал Курмангали 13.XII. 27 г.

Перевод с подлинника Н.Нурмаков.

Т.Голощекин!

Посылаю Вам точный перевод письма полученного мною от брата. Прошу обратить внимание на подчеркнутые места.

Н.Нурмаков (подпись)

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.38, л.1

Центральный архив ФСБ РФ

С. С. С. Р.

НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

ОРДЕР № 2158

Июня 3 дня 1937 г.

Выдан *С. С. С. Р.*
..... Главного
Управления Государственной Безопасности НКВД
в *С. Джамбул* на производство


Ареста и обыска
Нурмакова
Ильмита Нурмаковича
Ул. Серафимовича д. 2 кв. 243.

Зам. Народного Комиссара Внутренних Дел СССР
Комиссар
Государственной Безопасности 1-го ранга
Начальник Второго Отдела ГУГБ
Комиссар
Государственной Безопасности 3-го ранга

Правка: *31*
Шаров

Документ из архива ФСБ РФ
(*Лев Нурмаков*)

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.11, л.1



Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.5, л.1

- 3 -

С 1920 г., будучи в рядах ВШ(б), продолжал оставаться на позициях Алаш-Ордынской националистической организации и вел антисоветскую работу, заключающуюся в сохранении кадров антисоветской националистической организации.

В 1930 г. НУРМАКОВ стал на путь активной антисоветской организованной работы, направленной против мероприятий партии и правительства, проводимых в Казахстане.

В 1931 г. НУРМАКОВ, РЫСКУЛОВЫМ был вовлечен в руководящий состав пантюркистского центра антисоветской националистической повстанческо-террористической организации, которая вела борьбу за отторжение национальных республик от Советского Союза и создания буржуазно-националистических государств.

Являясь участником руководящего состава пантюркистского центра, НУРМАКОВ одновременно возглавлял антисоветскую организацию Казахстана, которая под его руководством осуществляла повстанческую, вредительско-диверсионную террористическую работу в Казахстане.

Под руководством НУРМАКОВА в 1931 г. в Сарисурском, Сайрамском, Каракалиновском районах и в Каракумах было организовано несколько повстанческих выступлений.

В совхозовских совхозах Казахстана по указанию НУРМАКОВА - антисоветской организацией проводилась вредительская деятельность, чем был вызван значительный падеж овец.

Кроме того на Карагандинской ж.д. и на предприятиях "Карагандауголь" проводилась диверсионно-вредительская работа.

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.5, л.2

- 3 -

Являясь участником руководящего состава пантюркистского центра, НУРМАКОВ совместно с РЫСКУЛОВЫМ и др. возглавлял террористическую деятельность антисоветской организации. Кроме того, под непосредственным руководством НУРМАКОВА в Казахстане была создана террористическая группа для подготовки совершения террористических актов над руководителями партии и правительства.

В пред"явленном ему обвинении, НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович виновным себя признал полностью. Кроме того, упоминается показаниями РЫСКУЛОВА, ГАВИДУЛИНА, ХАЛИКОВА, МУШАЕВА, ТАГИРОВА и др.

На основании изложенного, НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович, 1895 г. рожд., урож. Куусского района, Казахской ССР, казах, гр. СССР, бывш. член ВКП(б) с 1920 г., бывш. пред. СНК-Казахстана. В момент ареста работал зав. отделом национальностей ВЦИК"а - обвиняется в том, что:

1. До 1920 г. был активным участником антисоветской националистической партии Алаш-Орда.
2. С 1920 г., будучи формально в рядах ВКП(б), продолжал вести антисоветскую работу, направленную к сохранению Алаш-Ординских кадров и созданию повстанческих кадров.
3. В 1921 г. НУРМАКОВ РЫСКУЛОВЫМ был вовлечен в руководящий состав пантюркистского центра антисоветской повстанческой террористической организации в Москве.
4. Будучи активным участником пантюркистского центра, одновременно возглавлял антисоветскую националистическую организацию Казахстана, которая под его руководством осуществляла повстанческую диверсионно-вредительскую работу в Казахстане.

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.5, л.3

- 4 -

664
69
Центральный архив ФСБ РФ

5. Совместно с РЫСКУЛОВЫМ возглавлял террористическую деятельность пантюркистского центра.

6. Под руководством НУРМАКОВА в Казахстане была создана террористическая группа для подготовки убийства руководителей Партии и Правительства, т.е. в преступлениях, предусмотренных ст.58 п.п. 4, 8 и 11 УК РСФСР.

На основании вышеизложенного, НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович подлежит преданию суду Военной Коллегии Верховного Суда СССР с применением закона от 1 декабря 1934 г.

Опер.уполн. 4 отд. 3 отдела ГУГБ НКВД - *А.А. Калмаев*
Лейтенант Госуд. Безопасности - (ГАГКАБВ).

Нач. 4 отд. 3 отдела ГУГБ НКВД - *А.А. Калмаев*
Капитан Госуд. Безопасности - (ДЭМОВ).

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.5, л.4

№ 12103
уч. кр.
наж.

Лист № _____
к делу № _____

АНКЕТА АРЕСТОВАННОГО

Центральный архив ФСБ РФ

1. Фамилия Курмаков

2. Имя и отчество Михаил Курмакович

3. Дата рождения: число . XI - месяц 1895 год

4. Место рождения Казахская ССР, Кузуский район Карагандинская обл.

5. Место жительства (адрес) Москва, Серафимовича 2 подвезд 13; кв 243

6. Профессия и специальность до 1918г Народной учебная комиссия сов. уч.

7. Место службы и должность или род занятий ВУЦИК; Имен Крест-Друма зам. Секретаря ВУЦИК.
(указать без сокращений, название предприятия или учреждения и характер производства)

8. Паспорт _____
(когда и каким органом выдан, номер и категория, где прописан)

9. Социальное происхождение из крестьян бедняков
(род занятий родителей и их имущественное положение)

10. Социальное положение Самостоятельный?
(род занятий и имущественное положение)

а) до революции народной учебной комиссии

б) после революции сов. самостоятельный

Получено в _____
Сведения нет
Нач. 2-го Отд. лич. 8-го Отд. 1-го Отд. 1-го Отд.
1930

11. Образование (общее и специальное) Среднее; политех. высшего (классы Курсы Марксизма и Ленинизма при ЦК ВКП(б))

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.2, л.1

12. Образование (общее, специальное) *общее - среднее*
политическое - окончил курсы мар-
ксизма и Ленинизма при ЦК ВКП(б)

13. Партийность (в прошлом и в настоящем) *член ВКП(б)*
с 1920г.

14. Каким репрессиям подвергался: судимость, арест и др. (когда, каким органом
и за что)
а) до революции *не подвергался*

б) после революции *не подвергался*

15. Какие имеет награды (ордена, грамоты, оружие и др.) при сов. власти

16. Категория воинского учета запаса и где состоит на учете *запас-*
ной очереди, Высший полугодовой

17. Служба в Красной армии (красн. гвардии, в партизан. отрядах), когда и в ка-
честве кого

18. Служба в белых и др. к-р. армиях (когда и в качестве кого) *не служил*

19. Участие в бандах, к-р. организациях и восстаниях *не участвовал*

20. Сведения об общественно-политической деятельности

Примечание. Каждая страница протокола должна быть заверена подписью допрашиваемого, а по-
сле допрашивающего.

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.2, л.2

СССР
НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
Главное Управление Государственной Безопасности

16
Центральный архив ФСБ РФ

К ДЕЛУ № _____

1937 г. Июль мес. 4 дня, Я. Пол. Нач. Част. Управления
Рябенко допросил в качестве _____
(должн., наимен. органа, фамилия)

1. Фамилия Нурмаков

2. Имя и отчество Мигмет Нурмакович

3. Дата рождения 1895

4. Место рождения Кузнецкий район КазССР

5. Местожительство г. Москва

6. Нац. и гражд. (подданство) казах, гражданин СССР

7. Паспорт _____
(когда и каким органом выдан, номер, категор. и место приписки)

8. Род занятий член президиума ВУНК и зав. отделом национальностей ВУНК
(место службы и должность)

9. Социальное происхождение из крестьян в г. Столице ВРМ
(род занятий родителей и их имущественное положение)

10. Социальное положение (род за ятий и имущественное положение)

а) до революции Народный учитель

б) после революции Отверженный Советский работник

11. Состав семьи жена - Зурфун Ибраевна Нурмакова - служит в звонном институте Народной инспекции, сын - Нодн Нурмаков, дочь - Тасара - учится в Ташкенте, проживают ул. Серафимовна 9-12 к. 243
(близкие родственники, их имена, фамилии, адреса и род занятий)

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.4, л.1

12. Партийность (в прошлом и в настоящем) до 1920г. беспартийный
с 1920г. член РКП(б)

13. Национальность и гражданство (подданство) Казах
СССР

14. Категория воинского учета-запаса и где состоит на учете забастовки!
осередки, Военный комисс. состав, в Ленинском р-не
г. Москва

15. Служба в белых и др. к.-р. армиях, участие в бандах и восстаниях против Сов-
власти (когда и в качестве кого) нет.

16. Каким репрессиям подвергался при Соввласти: судимость, арест и др. (когда,
каким органом и за что) нет.

17. Состав семьи жена - Зухра Курманова работ.
заочник Института НКБлизкие родственники, их имена, фамилия, адреса и род занятий)
сын Мован Курманов - друг; дочь - Мамара Курманова - друг; дочь - Маскен Курманова - уч.

Подпись арестованного М. Минин

1. Особые внешние приметы _____

2. Кем и когда арестован З/И - 37.

3. Где содержится под стражей _____

4. Особые замечания _____

Подпись сотрудника, заполнившего анкету де
З/И 1937 г. Минин

Примечание. Анкета заполняется четко и разборчиво со слов арестованного
и проверяется по документам.

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.4, л.2

Дело №

Центральный архив ФСБ РФ

ПРИГОВОР

Именем Союза Советских Социалистических Республик
Военная Коллегия Верховного Суда Союза ССР

в составе:

Председательствующего Диввоенюриста т. ГОЛЯКОВА

Членов: Бригвоенюриста т. ЖДАН и
Военного юриста 1 ранга т. КАНДЫВИНА

При секретаре военном юристе 2 ранга т. КУДРЯВЦЕВЕ

В закрытом судебном заседании, в городе Москве


„27“ сентября 1937 года

....., рассмотрела дело
по обвинению: НУРМАКОВА Нигмета Нурмаковича, 1895г.р., служащего, -

в преступлениях, предусмотренных ст.ст. 58-8 и 58-11 УК РСФСР

Предварительным и судебным следствием установлено, что
подсудимый Нурмаков в прошлом а/с и сотрудничал
в 1931 году был вовлечен в сеть руководимой а/с
Б.М. Намтаркисежанов центра в СССР и выехал
вместе с супругой в националистическую и подпольную
организацию в Казахстане, подготавливая
вооруженные восстания против советской власти.

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.6, л.1



Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.6, л.2

Центральный архив СССР

Вам мерзена чужбинна дин по ~~поборити~~ пала
 лева, Шореговина, чужина, Ренкулова,
 лина, Кушава, Тоббаса и Халикова, чужина
 лева, че Курмаков Вам приваген к чужинской
 ответственности и ответственности неовоснованно.

Исход из того, Высшей Российской Федерации
 приваген в отношении Курмакова ответственности и
 ответственности за ответственности мерзена ответственности
 ответственности ответственности.

рассмотрел мерзена дин и законности
 ответственности по делу и законности ответственности
 ответственности, Высшая Коллегия Верховного суда
 ответственности:

Приговор Высшей Коллегии Верховного суда
 от 27 сентября 1937 года в отношении Курмакова
 Николая Курмаковича по делу ответственности
 ответственности ответственности и дело о нем по
 ответственности от 27 9 1937 году ответственности
 ответственности.

Заключение: «ответственности» - по делу.

Председательствующий Лебедев
 ответственный
 ответственный

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.7, л.2

18 ОКТ 1956

ҚАЗ. ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИ
ЖАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ХАУПСІЗДІГІ
КОМИТЕТІ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҢ
МХК БАСҚАРМАСЫ



КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ СОВЕТЕ
МИНИСТРОВ КАЗ. ССР
УПРАВЛЕНИЕ КГБ
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

г. Караганда

Отдел _____
какой вх. исп. 3953.

№ 25/6295

8 октября 1956

НАЧАЛЬНИКУ УЧЕТНО-АРХИВНОГО ОТДЕЛА КГБ при
СОВЕТЕ МИНИСТРОВ СССР-полковнику
товарищу ЧИЕТНЕВУ.

г. Москва.

К о п и я : в ВОЕННУЮ КОЛЛЕГИЮ ВЕРХОВНОГО СУДА СССР
г. Москва.

На №-4н-ОП1723/56/024839 от 15 сентября 1956 года.

в ГЛАВНУЮ ВОЕННУЮ ПРОКУРАТУРУ СССР
г. Москва.

На №-8к-51360-39

При этом направляется расписка гражданки НУРМАКОВОЙ Зуфаун
Ибраевны, о том что ей 8 октября 1956 года объявлено решение Военной
Коллегии Верховного Суда СССР за №-4н-ОП1723 от 11 августа 1956 г.
о прекращении дела на ее мужа НУРМАКОВА Нигмета Нурмаковича, 1895
года рождения, одновременно вручена справка о его реабилитации.

ПРИЛОЖЕНИЕ: Расписка.

ЗАМ. НАЧАЛЬНИКА УПРАВЛЕНИЯ КГБ
М а й о р *Камсаев* /РАЗЖИВИН./
НАЧ. УЧЕТНО-АРХИВНОГО ОТД. У КГБ
Старший лейтенант *Григорьевский* /

4-х экз.
2-е адрес.
дело №-12.
Петрова.

22 Окт 1956
516573

Каз.ССР МВД
 Центральный Государственный
 АРХИВ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ
 и Социалистического Строительства

№ Н-19
 7 июня 1957 г.

Гр-ке НУРМАКОВОЙ З.И.
 г. Москва, Ярославское шоссе,
 д. 52, кв. 327.

АРХИВНАЯ СПРАВКА

Центральный госархив Октябрьской революции и соцстроительства сообщает, что в документальных материалах ЦИК КазАССР и СНК КазАССР значится Нурмаков Нигмет Нурмакович:

В 1921 г. — член КЦИК 2-го и 3-го созывов.

В 1922 г. — в течение года, — член КЦИК и председатель Верховного Трибунала.

В 1923 г., в течение года, — председатель Верховного суда, зам. и и.о. Наркома юстиции, и.о. председателя и член президиума КЦИК.

В 1924 г., в течение года, — член КЦИК, председатель Верховного суда, Нарком юстиции, прокурор республики, председатель СНК КазАССР /с декабря/.

В 1925 г., в течение года, — председатель СНК КазАССР, член президиума ВЦИК СССР и КЦИК, член КЦИК 5-го и 6-го созывов.

С 1926 г. по апрель 1929 г. — председатель СНК КазАССР.

ОСНОВАНИЕ: ф. 5, оп. 2, д. 37, л. 2;

оп. 5, д. 81, лл. 353, 354, 359;

оп. 5, д. 58, лл. 39, 49, 84;

д. 108, лл. 306, 2306, 29;

д. 126, л. 174.

оп. 6, д. 24, л. II, д. 26, лл. 2, 22;

д. 50, лл. 14, 19, 28

оп. 7, д. 60, лл. 12, 16, 89, 92, 94, 149, 171,

211;

оп. 19, д. 12, л. 106, 306; д. 37, лл. 06, 8, 88,

л. 60.

ф. 30, оп. 1, д. 127, лл. 60, 67, 72; д. 230, лл. 19, 23,

24;

д. 242, лл. 1, 32, 75, 105; д. 301, лл. 14,

48, 113;

д. 594, лл. 5, 151; д. 852, лл. 10, 157, 212;

д. 949, лл. 90, 117, 155; д. 952, л. 8;


д. 1031, лл. 43, 88, 108.

НАЧАЛЬНИК ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСАРХИВА ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ

И СОЦСТРОИТЕЛЬСТВА КАЗССР

/ ГОЛУБЯТНИКОВ/

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.10, л.1



Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.26, л.1



Тарихи тұлғаны тұлғалық қасиеті бар ғана тани алады
(з.ғ.д., профессор Н.О. Дулатбеков өзі қойған ескерткіш тақтаның қасында)

Дерек: <https://www.google.com/search?q>

Қазақстан Республикасының
ІІМ
Қарағанды облысының ІІД

АҚПАРАТТЫҚ -
АНАЛИТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

100000, Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 37
Тел: (7212) 42-92-25
Факс: (7212) 41-26-46

МВД Республики Казахстан
Департамент внутренних дел
Қарағандинской области

ИНФОРМАЦИОННО –
АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР

100000, г. Караганда, улица Ерубаева, 37
Тел: (7212) 42-92-25
Факс: (7212) 41-26-46

« 23 » ноября 2015г
№19-11-41/756

гр.Нурмакову Мукану Жамеловичу
г.Караганда, 18 мкр. д.8, кв.148

По материалам архивного следственного дела №0638, находящегося на хранении в специальном государственном архиве ИАЦ ДВД Карагандинской области, проходит Таукебаев Нурмак, 1867 года рождения, по национальности - казах, уроженец аула №1 Кувского района, по социальному происхождению из семьи крупного бая, грамотный, семейный, до ареста проживал и работал в ТОО «Саумалкуль» Кувского района Карагандинской области.

Арестован 28 октября 1937 года РО НКВД Кувского района Карагандинской области как «... отец разоблаченного врага народа» по статье 58 п.10 ч.1,11 УК РСФСР. Содержался под стражей в тюрьме РО НКВД.

Решением Особой Тройки при УНКВД по Карагандинской области от 08 ноября 1937 года осужден к ВМН – расстрелу, который приведен в исполнение 18 ноября 1937 года.

Исходя из того, что решение принято несудебным органом, Постановлением Президиума Карагандинского Областного суда от 18 июля 1957 года постановление Особой Тройки при УНКВД по Карагандинской области от 08 ноября 1937 года в отношении Таукебаева Н. отменено и дело прекращено за отсутствием состава преступления.

Заключением Генеральной прокуратуры Республики Казахстан от 26 октября 1995 года признано, что на Таукебаева Нурмака распространяется действие Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года, т.е. Таукебаев Нурмак – реабилитирован.

На момент ареста Таукебаев Н. имел семью: жена – Шида (70 лет); сын – Жамил (23 года); дочь – Камила (16 лет); сноха – Асия (24 года); сын – Нугмет (арестован в Москве); внук – Моймы (3 года), сирота, сын Нугмета; дочь – Шокен, студентка педтехникума в г.Алма-Ате; сын – Курмангали, служил в Красной Армии в г.Алма-Ате.

Других сведений о семье, документов личного характера, фотографий в материалах дела нет.

Основание – архивное следственное дело №0638.

И.о. начальника
Главный специалист

(8-7212) 42-92-70

Тимофеева



Е.Б.Рахимбергенов
И.Л.Тимофеева

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.42, л.1

6

XVI Всероссийский Съезд Советов	
Выдать решающий	Выдать совещательный
Чл. Мандатн. Комисс.	АНКЕТА № 173/1004 (мандат) 375/1635
1. Фамилия, имя, отчество	Куршаков, Кшимет Куршакович
2. Откуда делегирован	чл. ВЦИК's
3. Пол	мужс.
4. Год рождения	1895
5. Национальность	Казах
6. Образование: высшее, среднее, низшее, грамотный, неграмотный	среднее
7. Политичность, партстаж	чл. ВКП(б) с 1920 г.
8. Социальное положение: рабочий, колхозник, служащий	служащий
9. Если ударник, то указать	
10. Занятие или занимаемая должность в настоящее время и место постоянной работы	чл. През. ВЦИК's Москва
11. На каких Всесоюзных съездах Советов участвовал	XII, XIV, XV
12. Адрес в Москве	Дом Правительства кв. 243
Подпись	15. [подпись]
Подпись проверявшего анкету	Галашикова [подпись]

Дерек: ГАКО, Ф.1694, оп.1, д.5, л.1

Решение Президиума ВЦИК о назначении Н. Нурмакова заведующим отделом, 1935 г.

Кому _____

Заседания от 13 февраля 1935.

ВЫПИСКА из протокола № 1

ПРЕЗИДИУМА
ВСЕРОССИЙСКОГО ЦЕНТРАЛЬНОГО ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО КОМИТЕТА
СОВЕТОВ

СЛУШАЛИ: Об утверждении Заведующих Отделами Президиума ВЦИК
/Вн. Секретарь Президиума ВЦИК Д. Я. Сидоров /

ПОСТАНОВИЛИ: Заведующим Отделом Национальностей при Президиуме
ВЦИК и Заведующим Учетно-Информационным Отделом
при Президиуме ВЦИК утвердить тов. НУРМАКОВА Н. Н.

Секретарь ВЦИК
В. М. Нурмаков
16 II - 1935

/Киселев/
Распоряж. по Секретар. Презид. ВЦИК
№ 28 / 1935 г.

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.К. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - Б.386

Мнение К. Сатпаева о Н. Нурмакове, 1956 г.

Нурмакова Н. я два-три раза встречал в 1926-28 гг.
в связи с деловыми разговорами. У меня сложилось
тогда о нем такое впечатление об умном и деловом человеке.
Никаких националистических или иных антигосударственных
идеологий он не высказывал при разговорах.

Член КПСС с 1943 г., академик К.Н. Сатпаев
Президент Академии Наук КазССР (Секретарь)
Депутат Верховного Совета КазССР
10/IV - 1956 г.
г. Москва

НУРМАКОВА Н. я два-три раза встречал в 1926-28 гг в связи
с деловыми разговорами. У меня сложилось тогда о нем мнение, как
об умном и деловом человеке.

Никаких националистических или иных антигосударственных
идеологий он не высказывал при разговорах.

Член КПСС с 1943 г.
академик, Президент Академии Наук
КазССР, Депутат Верховного Совета
КазССР

/К.Н. Сатпаев/

10. IV. 1956 г.
г. Москва

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - Б.395

Письмо М. Сабитова с просьбой о присвоении имени Н. Нурмакова совхозу

ПЕРВОМУ СЕКРЕТАРЮ ЦК КП КАЗАХСТАНА

ТОВАРИЩУ КОМАЕВУ Д. А.

От члена КПСС, проживающего в с. Егиндибулак,
Карагандинской Области САБИТОВА МУКАМА.

З А Я В Л Е Н И Е

В настоящем пишу Вас в следующем : 25 апреля 1965 года исполнилось 70 лет со дня рождения одному из основателей Советской власти в Казахстане - Нурмагу Нурмакову.

В связи с этим в данное время поступают многие ходатайства от его соратников и близких об увековечении его памяти. Такие ходатайства должны быть и в ЦК КП Казахстана.

Вместе с тем, летом 1964 года в г. Каркаралинск приехал один из его соратников, первый председатель Акмолинского Совета товарищ Качченко З.Н., который просил партию увековечить именем Н.Нурмакова, приложить его имени совхозу и району, где родился. Эти начинания нашли горячую поддержку со стороны местного населения Егиндибулакского района.

Однако на некоторой степени это начинание встретило преграду. Секретарь Карагандинского ОК КП Казахстана тов. Досмагамбетовым дано указание Егиндибулакскому району партии провести только собрание, посвященное его памяти и присвоить его имени одной школе и этим ограничиться.

Я, как земляк Нурмагу Нурмакову обращаюсь к Вам, хочу выяснить возможности этого дела, или же Нурмагу Нурмакову не достоин широко отметить, не заслуживает, или же есть сомнения его реабилитации, может быть общественные организации ищут указание от ЦК КПК. Трудовой совхоз "Каратауский" Егиндибулакского района, где родился Н.Нурмаков ставил вопрос на их средства соорудить его бюст, присвоить его имени совхозу Каратауский. Однако это начинание пока не нашло поддержки в виду того, что еще отсутствует указание от ОК КПК.

Я еще раз пишу Вас, через соответствующие каналы дать разъяснение и осуществлять широко отметить памяти Нурмакова.

М. САБИТОВ.

ПОЧ. АДРЕС:

С.Егиндибулак, улица Нурмакова 48, Егиндибулакский район,
Карагандинская Область.

25 августа 1965 г.

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - Б.398

ГЛАВНОЕ АРХИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ
при СОВЕТЕ МИНИСТРОВ СССР

129090 Москва
ул. Щепкина 10-47
гр. Нурмаковой Э.И.

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АРХИВ
ОКтябрьской РЕВОЛЮЦИИ,
ВЫСШИХ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ
ВЛАСТИ И ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО
УПРАВЛЕНИЯ С С С Р

/ЦГАСР СССР/

П19435, Москва, Б. Пироговская, 17
Тел. 245-81-41

АРХИВНАЯ ВЫПИСКА

29.10.87 г. № Н-573

В хранящихся в архиве протоколе Всероссийского Центрального
Исполнительного Комитета Советов от 13 марта 1931 г. указано:
"СЛУШАЛИ: 7. Об утверждении заведующих отделами Президиума ВЦИК
ПОСТАНОВИЛИ: Утвердить:

... 6/ заведующим отделом национальностей при Президиуме ВЦИК
- т.Нурмакова Н.Н."

В протоколе Президиума ВЦИК от 10 февраля 1935 г. сообщается,
"СЛУШАЛИ: Об утверждении заведующих отделами Президиума ВЦИК.
ПОСТАНОВИЛИ: Заведующим отделом национальностей при Президиуме
ВЦИК и заведующим Учетно-Информационным отделом при Президиуме
ВЦИК утвердить тов.Нурмакова Н.Н."

Основание: ф.1235, оп.138, д.3460, лл.7,28.

Зам. директора архива


Т.Ф.Павлова

Ст. архивист

О.С.Ракивиненко

Дерек: Бейсенбекова Н.А. Сарыарканың ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сактаганова, Л.Қ. Шотбакова, Қ.С. Өскенбаев, Ю.В. Баер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - Б.400

Нығмет Нұрмақовтың 125 жылдығына орай жазылған еңбектер



МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1 Отандық тарихтағы Нығмет Нұрмақовтың тарихи тұлға ретіндегі орны	7
1.1 Тарихи тұлға: теория және методология.....	7
1.2 Нығмет Нұрмақовтың тарихи тұлға болып қалыптасуы.....	35
1.3 Тәуелсіз Қазақстан және Нығмет Нұрмақов.....	75
2 Нығмет Нұрмақовтың еңбектері және өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар тарихи дерек ретінде: жүйелеу және талдау.....	89
3 Нығмет Нұрмақов туралы публицистикалық еңбектерге және тарихи зерттеулерге тарихнамалық талдау.....	132
Қорытынды.....	162
Қосымшалар.....	165

Ғылыми басылым

**Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы,
Смағұлова Гүлнара Мұратбекқызы,
Шотбакова Ләзат Қасымқызы**

**Н. НҰРМАҚОВ — ТАРИХИ ТҰЛҒА:
ДЕРЕКТІК ЖӘНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Монография